Никогда ранее в мировой истории эта проблема не стояла столь судьбоносно, даже фатально. И никогда ранее она не охватывала практически все государства и народы мира. Кризис национальной идентичности приобрел такие формы и масштабы, что его преодоление для многих из них означает уже не только выбор адекватной конкурентоспособной стратегии развития, но и превратился в вопрос национального выживания.

Термин «глобализация» появился сравнительно недавно, но уже очевидно, что обозначаемый этим термином процесс будет играть определяющую роль в дальнейшей истории развития человечества. Этот сложный и неоднозначный процесс оказывает серьезнейшее влияние не только на международные отношения, но и на отношение народов к самим себе. Процессы глобализации вносят принципиально новые моменты не только в политику, экономику, культуру стран и народов, но и в их идентичность, как на уровне отдельной личности, так и целого народа [7].

Глобализацию можно представить и как тенденцию универсализма и как взаимодействие двух противоположных тенденций: универсализма и партикуляризма, усиления культурного единства и увеличение культурного, этнического, религиозного многообразия. Проблема взаимодействия между универсальными и региональными факторами становится одной из важнейших в эпоху глобализации. С одной стороны, происходит быстрая экспансия глобального рынка, сопровождаемая ростом пересекающих границы коммуникационных и информационных систем. С другой стороны, обостряется ценностная чувствительность локальных и групповых структур. Явное противоречие между этими двумя аспектами становится наиболее характерной чертой современного культурно-политического ландшафта.

Процессы глобализации и трансформации, наблюдающиеся в современном мире, нарушают традиционные формы идентичности, ставят под сомнение субъективные ощущения самоидентичности человека и этносов, сформированные в рамках прежних традиций.

Целый ряд процессов глобализации непосредственно влияют на обострение кризиса идентичности.

Глобализация выступает с одной стороны как справедливый процесс интегрирования человечества во всех сферах деятельности, ориентация становления единого мира. Некоторые исследователи наоборот утверждают, что процессы глобализации вызывают рост националистических устремлении, тем самым сохраняя самобытность и заново возрождая их.

Наступление информационного общества меняет не только привычные ориентиры, но и социальные и культурные механизмы поддержания идентичности. Границы для формирования социальной и личностной идентичности расширяются. Глобальная экономика, развитие и расширение коммуникаций, власть массовой культуры приводят к тому, что западный человек впитывает в себя множество моделей поведения, расширяя тем самым диапазон оценок и идей, и создавая почву для вариативности идентификаций. Отсюда, отличительными чертами индивидуальной идентичности эпохи глобализации становятся динамизм, аморфность и неустойчивость. В результате воспроизводится состояние атомизированного общества [2].

Как еще одно явление эпохи глобализации, угрожающее этнической идентичности, можно назвать проблему массовой миграции. Еще в конце истекшего столетия широко бытовала уверенность в грядущем качественном изменении политической реальности и в возможности эффективно использовать для преодоления ксенофобии, расизма и сепаратизма политический, экономический и культурный потенциал глобализирующегося мира. Но нелимитированная миграция в страны запада породила во многом непредсказуемые по своим масштабам вызовы. Эти вызовы встали как перед мигрантами, так и перед принимающими их обществами. Вопрос о перспективах интеграции в западные общества людей, принадлежащих иной цивилизационной традиции, превратился сегодня в один из ключевых в политической повестке дня. Глобализация является предельной формой продуцирования пассивности человека во всемирном масштабе. В этом, по-нашему мнению, и заключается основной ее негативный смысл. Она посягает на сущность человека – быть ответственным творцом своей жизни. Те горизонты развития, которые процессы современности (синтезируемые глобализацией) оставляют человеку, примитивны. Человек на сегодняшний день унифицируется, утрачивает личностную специфику, предает себя, выступает противником глубоко бытийственного многообразия, которое является условием обретения человеком своей сущности.

Теоретики глобализации отмечают бурное возрождение этнических движений и настроений. Глобализация, как оказывается, не только унифицирует и гомогенизирует культуры, сколько пробуждает и стимулирует локальное и этническое самосознание людей. С другой стороны целый ряд процессов глобализации как внутренних, так и внешних непосредственно влияют на обострение кризиса идентичности.

Рост объективных интеграционных тенденций в мире, которые ведут к взаимосвязи и взаимодействию во всех сферах жизни современного общества, сопровождается параллельным, не менее устойчивым процессом противодействия проявлениям глобализации экономики и духовной сферы в форме протестов отдельных этнических и культурных общностей в разных регионах и странах. Более того, боязнь утратить свою культуру, самобытность, уникальность в этих условиях, характерная практически для всех народов, проявляется и на уровне государств, отстаивающих свою национальную идентичность, свои национально-государственные интересы. Тем самым человечество сталкивается с двойным вызовом. С одной стороны, возросли личное самосознание, чувство культурной идентичности. С другой стороны, значительно расширился взаимный обмен между людьми, народами и цивилизациями.

В данном случае в ряде стран осуществляется поиск национальной идентичности, куда входили бы новые консолидирующие ценности. Что можно отнести к данным качествам патриотизм, народность, мораль? Главным вызовом в данном случае выступает – глобализация, которая стирает традиционные формы идентичности, ставит под сомнение субъективные ощущения самоидентичности человека и этносов, сформированные в рамках прежних традиций, структурных элементов идентичности т.к. ментальность, историческая коллективная память, духовное наследие, язык и др. Идентичность следует рассматривать не как свойство, изначально присущее индивиду, а как отношение, формирующееся в

процессе социального взаимодействия. Как считают многие исследователи, идентичность в строгом смысле слова может быть атрибутирована только индивидами, поскольку только индивиды и обладают качеством субъектности и, соответственно, способны относить или не относить к себе определенные характеристики [1].

Проблемы государственной, национальной, гражданской идентичности, ее сохранения и дальнейшее развитие, не разрушая её целостность – один из основных вопросов, анализ которых необходим для выработки наиболее эффективного вхождения Казахстана в мировое сообщество и на вызовы глобализации.

Говоря об отрицательных воздействиях глобализации на национальную идентичность Казахстана, можно перечислить следующие отрицательные процессы.

Информатизация, имея новые возможности манипуляции на массовое сознание, воздействует на национальные сообщества и создает угрозу национальной идентичности, где глобальные информационные потоки объективно ведут к размыванию национальной идентичности. В числе последних оказывается и национальное государство, культурное ядро которого размывается. Его подменяют глобально узнаваемые символы, которые рождает общее пространство информации и коммуникаций. Благодаря информационной гласности происходит конкретная культурная стандартизация, унифицирование, в связи с чем население всего мира ориентировано на ценности западного общества, безвозвратно теряя свою культурную уникальность и национальную идентичность, все это может привести к исчезновению социокультурной самоидентификации народа [9].

Стандартизация, информационная открытость даёт возможность вскрыть закрытые или полузакрытые культурные идентичности, вследствие чего глобализация вовлекает и размывает их. Не многие могут адаптироваться и сохранить в полной мере свою самобытность, сложно устоять перед массовой культурой глобализации, которая превносит чужие стандарты. Перед Казахстаном стоит задача постепенной адаптации и вбирание новейших достижении в стремительно меняющемся мире, и при этом модернизироваться и сохранить свою уникальную самобытность имеющей глубокие корни.

Глобализация настаивает на универсализации ценностных ориентиров. При помощи тех же массовых информационных технологий (в первую очередь телевидения и Интернета) она наглядно демонстрирует преимущества в первую очередь западной модели развития и, соответственно, западных ценностей: индивидуальная свобода, права человека, демократические механизмы, рыночная экономика, правовое государство, гражданское общество, нанимающее это государство. Что бы то ни было, но именно те страны, которые следовали этим ценностям, добились успеха, а те, кто этому не следовали, стали неудачниками. С другой стороны, пока остается далеко не ясным, будут ли традиционные западные ценности «работать» в условиях быстро наступающей постэкономической эпохи. Вполне возможно, что в этой эпохе будут более востребованы ценности не западного типа [11].

Таким образом, глобализация стремится перемолоть национальную идентичность, она хочет ее растворить в глобальных процессах экономизации, демократизации, информатизации, культурной стандартизации и ценностной универсализации. Национальная идентичность отвечает на этот вызов глобализации подъемом национализма в рамках национальных сообществ, а также дроблением этих сообществ на более мелкие, т.е. субнациональные. По мысли Р.Робертсона и Х.Хондкера, современная глобализация задает глобальную рамку, в которой цивилизации, регионы, национальные государства, этнические сообщества получают возможность реконструировать свою историю и идентичность [10].

Основной вызов, идущий от глобализации, – потеря человеком содержания своей личности, утрата им смысла жизни, именно эту цель – лишение человека человеческих качеств, обезличивание и обессмысливание как конечной инстанции ставит она перед собой.

Национальная самобытность находится сегодня под угрозой, человечеству стремятся навязать какую-то одну модель как единственно верную, подвести все его многообразие под один трафарет. Отсюда естественная реакция народов – защитить себя, свою уникальность. Нарастающие антиглобалистские тенденции связаны с тем, что люди хотят быть не представителями некоего общего безликого мира, а носителями конкретного этнокультурного, национального сообщества.

В заключении, хотелось бы отметить, что сохранение своей национальной идентичности, в том числе, гражданской, личностной, религиозной является на сегодняшний день важнейшим приоритетом в развитии Казахстана в условиях глобализации.

Литература

1 Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. Институт философии и политологии КН МОН РК. – Алматы, 2011.

2 Заковоротная М.В. Идентичность Человека. Социально-философские аспекты. – Ростов на Дону, 1999.

3 Нысанбаев А., Малинин Г. Нурсултан Назарбаев: Казахстан – территория мира и согласия. – Алматы, 2005.

4 Черных И.А. Казахстан в 2013 году: актуальные вопросы развития страны через призму общественного мнения. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. – С. 134-135.

5 Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект // – Вопросы философии. – 2011. – №10.

6 Кортунов С.В. Глобализация и национальная идентичность. – М., 2009.

7 Кессиди Ф.Х. Глобализация и культурная идентичность // Вопросы философии. – 2003. – №1.

8 Нуржанов Б.Г. Глобализация: закат национности или расцвет этничности? // Устойчивость этнокультурных систем в контексте динамики глобализации: материалы городской научно-практической конференции. – Алматы, 2012.

9 Иванов В.Н. Влияние глобализационных процессов на национальную идентичность на современном этапе // Фундаментальные исследования. – №8. – 2014.

10 Robertson R., Knondker H. Discourses of globalization Preliminary considerations//International Sociaology. – L., 1999. – Vol. 13. – №1.

11 Хюбнер К. Нация: от забвения к возрождению. – М., 2001.

References

1 Kazahstan v global'nom mire: vyzovy i sohranenie identichnosti. Institut filosofii i politologii KN MON RK. Almaty, 2011.

2 Zakovorotnaja M.V. Identichnost' Cheloveka Social'no – Filosofskie aspekty. Rostov na Donu, 1999

3 Nysanbaev A., Malinin G. Nursultan Nazarbaev: Kazahstan – territorija mira i soglasija. Almaty, 2005.

4 Chernyh I.A. Kazahstan v 2013 godu: aktual'nye voprosy razvitija strany cherez prizmu obshhestvennogo mnenija. Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2014 g. str.134-135

5 Gadzhiev K.S. Nacional'naja identichnost': konceptual'nyj aspekt// Voprosy filosofii 2011№10

6 S.V.Kortunov Globalizacija i nacional'naja identichnost'. Moskva 2009.

7 Kessidi F.H. Globalizacija i kul'turnaja identichnost'//Voprosy filosofii. 2003.№1.

8 Nurzhanov B.G. Globalizacija: zakat nacionnosti ili rascvet jetnichnosti?//Ustojchivost' jetnokul'turnyh sistem v kontekste dinamiki globalizacii. Materialy gorodskoj nauchno-prakticheskoj konferencii. Almaty,2012.

9 Ivanov V.N. Vlijanie globalizacionnyh processov na nacional'nuju identichnost' na sovremennom jetape//Fundamental'nye issledovanija №8, 2014.

10 Robertson R., Knondker H. Discourses of globalization Preliminary considerations//International Sociaology. – L., 1999, vol.13, №1

11 Hjubner K. Nacija: ot zabvenija k vozrozhdeniju. M., 2001.

Тұрғанбеков С., Құранбек Ә., Әлиев Ш.

Интеллектуалды мәдениеттің философиялық мәселелері

Мақалада интеллектуалды мәдениетті қалыптастырудың философиялық мәселелері сараланған. Интеллектуалды мәдениетті қалыптастырудағы әлемдік тәжірибелер мен дәстүр сабақтастығы мәселелері, жаңғыру үдерісіндегі маңызына ерекше назар аударылды, философиялық, мәдениеттанулық, тарихи, әлеуметтік, саяси аспектілері зерделенді. Интеллектуалды әлеуетті көтерудегі ұлттық рухани-мәдени қайнарларды еңсеру, мәдени сұхбаттастық пен өзара әрекеттестік, интеллектуалды мәдениетті қалыптастырудағы бірегей бағыт интеллектуалды мәдениет тарихының формалары мен мазмұны қарастырылды. Ондағы нтеллектуалды дәстүр – интеллектуалды тарихтың негізгі міндеттерінің бірі және интеллектуалды іс-әрекеттің қажетті жағдайы ретінде оның туындысы, интеллектуалды мұраны сақтаудың формасы мен тәсілі екені байыпталды. Интеллектуалды дәстүрдің тек идеялар мен ойлау тәсілдерінің сабақтастығы, интеллектуалды саладағы тарихи мұраның үздіксіздігі ғана емес, қайта туындату, белсенді қабылдау, қайта пішімдеу, шығармашылық ұстын, қайта еңсеру немесе қайта өрлеу сынды сипаттарының маңыздылығына ден қойылды. Білім беру мен ғылым саласындағы әлеуметтік мәселелерге қатысты ой түйінделді.

Түйін сөздер: тарих, философия, әлеуметтану, жаңғыру, интеллектуалды мәдениет, интеллектуалды ұлт, Қазақстан.

Turganbekov S., Kuranbek A., Aliev Sh.

Philosophical problems of intellectual culture

The paper analyzes the philosophical problems of formation of intellectual culture. Particular attention is paid to the value problem of the relationship of the world practices and traditions in the formation of intellectual culture, studied cultural, historical, social and political aspects. Formation of intellectual culture is considered in a coherent manner the history and content of intellectual culture, most paid to the national spiritual and cultural sources for the growth of intellectual potential, cultural dialogue and interaction. Intellectual traditions are understood as deriving from the basic function of intelligent historical baggage and necessary function of intellectual culture, form and method of preserving the intellectual heritage. Focuses not only on the relationship of ideas and methods of intellectual tradition, continuity and historical heritage, but also an active perception, a new modeling, creative intent, and the introduction of new criticism of their performance. A review on the social problems of education and science.

Key words: history, philosophy, sociology, modernization, intellectual culture, intelligent Nation, Kazakhstan.

Турганбеков С., Куранбек А., Алиев Ш.

Философские проблемы интеллектуальной культуры

В статье проанализированы философские проблемы формирования интеллектуальной культуры. Особое внимание уделено проблемам взаимосвязи мировой практики и традиций в формировании интеллектуальной культуры, исследованы культурологические, исторические, социальные, политические аспекты. Формирование интеллектуальной культуры рассмотрено в одном ключе истории и содержания интеллектуальной культуры, большая часть уделена рассмотрению национальных духовно-культурных источников для роста интеллектуального потенциала, культурные диалог и взаимодействие. Интеллектуальные традиции понимаются как производное от основной функции интеллектуального исторического багажа и необходимая функция интеллектуальной культуры, форма и метод сохранения интеллектуального наследия. Акцентируется внимание не только на взаимосвязь идей и методов интеллектуальных традиций, непрерывность исторического наследия, но и на активном восприятии, новом моделировании, творческом намерении, новом внедрении и критике их характеристик. Сделан обзор на социальные проблемы образования и науки.

Ключевые слова: история, философия, социология, модернизация, интеллектуальная культура, интеллектуальная нация, Казахстан.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 101.8

*Тұрғанбеков С., Құранбек Ә., Әлиев Ш.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: turganbekov.samat@mail.ru

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан қоғамының интеллектуалды мәдениеті мен ұлт ретінде қалыптасуының өлшемдері мен бағыт-бағдары, мемлекеттік стратегиялық саясаты жан-жақты құбылмалы әлемде қалыптасып келеді. Мемлекеттік «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасы қабылданып, оның: 1) Қазақстанның білім беру жүйесіндегі серпілісі; 2) ғылымды дамыту және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру; 3) инновация жүйесін дамыту сияқты аспектілері айқындалды [1].

Қазақстан Республикасы жаңғырудың ұзақ уақыттық мерзімін таңдап алды, ол билік элитасының ғана емес, жалпы дүйім жұрттың да таңдауы деп байыптасақ та болады. Мемлекет заманауи дамыған экономикаға секіріс жасап, жаңа технологияға ден қоюда, әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени қатынастарды түлетуді жолға қоюда. Дегенмен, мемлекеттік ресурстар мен игіліктердің көп пайыздық мөлшері шетелдік инвесторлардың еншісінде деген қоғамдық сараптамада алаңдаушылық басым болса, құбылмалы әлемде ұлттық мәдениетімізді қайтсек жаңғыртамыз, интеллектуалды әлеуетімізді қалайша нығайтамыз деген сауалдардың шешімі көңілді көншітпей келеді. Мұны еліміздің капитализм мен индустриалды дәуірге енді ғана қадам басып келе жатқандығымен де түсіндіруге болады. «Өткен бес жыл ішіндегі индустрияландырудың сипаты бәрімізге айқын. Біз әруақытта Қазақстан бай, жер қойнауында темір де, көмір де, мұнай да, газ да, алтын, күміс, мырыш та бар деп жүрдік. Алайда, сол байлықтың барлығын шикізат ретінде басқа елдерге тасымалдап, қызығын сол елдер көріп жатты. Неше жылдардан бері мен осыны айтып келдім, ал қазір біз сыртта жасап жатқан байлықты елімізге әкелуге бет бұрдық. Бұл – Тәуелсіздікті жариялап қана қоймай, оны ұстап қалумен бірдей қиын шаруа. Себебі, бізде өндіріс болған жоқ. Басқа мемлекеттерде болды. Кеңес Одағының басқа республикаларында болды. Бүгінде біз осының орнын толтырып жатырмыз», – деген болатын осы тұрғыда Президент Нұрсұлтан Назарбаев [2].

Жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдары әлемнің 50-ден астам мемлекеті жаңғыру жолына түскендігін мәлімдеген болса, олардың арасынан санаулысы ғана табысты және тұрақты нәтижелерге қол жеткізіп, рационалды сипаттамалар мен объективті өлшемдерге ие болды. Мұндай жетістіктерге жет-

кізген жаңғыру жолының сараптамасы көрсетіп отырғандай, жаңғыру экономика мен заң, жаңа технология аясында жүргізілумен бірге, кешенді әлеуметтік-мәдени үдерістің қарқынды түрде жүзеге асуын талап етеді. Мәдениет – барлық формалды және формалды емес институттарды қамтып, құндылықтардың өндірілуіне, жойылуына, тасымалдануы мен таралуына жауапты. Мәдениеттің жаңғыру потенциалынан, әлемнің ұлттық көрінісінен бас тарту, жаңғыру теоретиктерін тығырыққа тірері сөзсіз [3, 3-4 б.].

Заманауи мәдениеттің күйі тарихи динамиканың үдеуімен, жекелеген мәдениет көріністерінің жаһандық өнімділігімен, әлеуметтік престиж (бедел) ережелерімен, топтық және тұлғалық өзіндік идентификация үдерісінің өзектілігімен анықталады. Әлеуметтік-мәдени динамиканың ұлғаюы және мәдени кеңістіктегі адам болмысының жаңа формалары мен тәсілдерінің қалыптасуы, батыстық қалыптасқан түсінікпен айтқанда кейінгі модерн қоғамына көшу мәнмәтінінде, әлеуметтік және жағырапиялық ұтқырлық үдерісінің интенсификациясында жүзеге асты. Дегенмен, мәдениеттің біртектену, біріздену үрдістеріне қарамастан әлемнің көптүрлі мәдени көріністерінің рәсімделуі аңғарылуда. Заманауи ғылым өзектілігін арттыра түскен плюрализм, мәдениеттің көптүрлігі идеялары өз кезегінде мәдениетаралық өзараәрекеттестік пен байланысқа ерекше ықпал етті. «Мәдениеттер әлдеқашан гермевтикалық жабық кеңістік болудан қалды. Жер тұрғындарының көші-қон тасқыны нәтижесінде жер шарында экзотикалық руханилық белбеуі оралды. Жойқын кросс-мәдени байланыстар. Ұлтаралық некелер. Экуменикалық толқындар. Көгілдір экраннан шығып жатқан құдіретті сөздер. Ғаламдық дінаралық сұхбатты іздеу. Мүмкін, бұл үрдістерге қарсы тұру қажет шығар? Дәл осылай фундаменталистер пайымдайды. Ұлы өсиеттер бұзылмайды ма екен? Мәдени ағымның мағынасыз мозайкасы туындамай ма екен?» деген сауалдар мазмұнын ескерген де жөн болар [4, 17 б.].

Қазақстан қоғамында интеллектуалды мәдениетті зерттеу мен зерделеудің, қалыптастырудағы оңтайлы тетіктерін табудың және бір себебі, отандық философ Аманжол Қасабектің мына бір пікіріне сайып келеді: «Ғасырлар бойы қазақ халқының салт-дәстүрі көшпенді өмір салты нәтижесінде қалыптасып, XX ғасырдың басында отырықшы мәдениет үлгісіне көшті. Егер отырықшылыққа көшуде өмірдің экономикалық жағдайы өзгерсе, халықтың психологиясы осы күнге дейін әдетінше даланың шексіз жазирасын өзінің меншігі ретінде елеңдеткізеді, кеңістікті түсінудің бұл түрі қазақ рухының мәні мен мағынасы болып табылады» − дейді [5, 16 б.]. Интеллектуалды мәдениеттің ұлттық үлгісін іздеудің маңызы мен өзектілігі этномәдениеттің рухани ілкі негіздерін, қадым дәстүрді зерделеуден, өзіндік бітім-болмысымызбен сабақтастыра отырып кешенді түрде зерттеуіміз де маңызды деп ойлаймыз. Қазіргі заманда елімізде қоғамның әртүрлі салаларындағы реформалар, өркениетті, дамыған елдердің қатарына қосылу жолындағы қадамдарымыз мәдени тарихымыздағы іргелі, болмыстық мағынадағы құндылықтарымызды жан-жақты сараптаудан өткізуді жалғастырумен бірге, оны зерделі ғылыми-методологиялық деңгейге көтеруді талап етеді.

Қазіргі құбылмалы әлемнің жаңғыру жағдайында ұлттық мәдениеттің қалыптасуы мен даму жолы зерттеушілердің ерекше назарын аударып отыр. Әсіресе жаңғыру үдерісі мен ұлттық мәдени дәстүр мен құндылықтардың, идентификацияның қатынасын қоса зерделеу өзекті. Елімізде түрлі шиеленістер туғызуға әкелетін қоғамға жат құндылықтар мен жүріс-тұрыс үлгілері қоғам өмірін елеулі өзгерістерге әкеліп, күнделікті тұрмыс-тіршілікке оңтайлы баға беруді талап етуде. Жаңа үшмыңжылдықтың басында біз өмірімізге қатысты жағымсыз мәселелермен ғана емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктермен де бетпе-бет келіп отырмыз. Сөз бостандығының позитивті тұрғыда арта түсуі, әлеуметтік-мәдени кеңістіктің ашықтығы, тұлғаның еркін әлеуметтену мүмкіндігі елімізде баяу болса да нығайып келеді, сонымен бірге жаңа құндылықтар мен өмір сүру салтының, жүріс-тұрыс үлгілерінің тасымалдануы да күннен-күнге арта түсуде. Қазақстан қоғамына соңғы онжылдықта әлеуметтік теңсіздіктің күшейуімен қатар орта таптың қалыптасуы, стратификациядағы өзгерістер де тән болса, құндылықтар жүйесі де айтарлықтай трансформацияны басынан өткеруде. Әрине, бұл еліміздегі посткеңестік кеңістіктің белгілі деңгейдегі әлеуметтік-мәдени құндылықтардың өзге жағдайларға бейімделу үдерісімен байланысты. Тұлғаның бейімделу мүмкіндіктері мәдени, экономикалық, әлеуметтік және рәміздік сынды оның абыройы мен беделін қамтитын капиталға тәуелді күйде [6, 3-5 б].

Ұлттық мәдениет – үздіксіз өзгерістердегі ұзақ тарихи тұрақтылық пен әлеуметтік-тарихи бірегейлік, өзіндік болмысты сақтайтын өзіндік өзін-өзі реттеу механизмдер ерекшеліктеріне ие тұтас білімдер жүйесі. Ұлттық мәдениет ұзақ әлеуметтік-тарихи тәжірибе мен білімдердің жиынтығы, қайта құрылуы, сақталуы ретінде

(дәстүр, құндылықтар, ережелер, рәміздер, өмір сүру салтының стандарттары мен модельдері арқылы) жүзеге асады. Ұлттық мәдениет динамикасын реттеуші тетіктер ішіндегі ең маңыздысы ғылыми, әлеуметтік, гуманитарлық қалыптар көмегімен мәдениетті стандарттайтын және біртектендіретін білім беру жүйесі мен ағартушылық. Сонымен қатар, ұлт пен қоғамдық пікірді, ұжымдық талғамды, жүріс-тұрыс, сән стереотиптерін, құндылықтарын, саяси мәдениетін қалыптастырушы бұқаралық ақпарат құралдары да өте маңызды. Ұлттық мәдениет әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихилықтан бастап, эстетикалық, рухани және адамгершілік идеалдар мен құндылықтарды да құрайды [6, 29-30 б.].

Ұлттық мәдениеттің гетерогендік шарты бірнеше факторлардан тұрады: оның қалыптасуына ереже бойынша бірнеше этнос қатысады. Ол өзімен мәдениеттің арнайы салалары: саяси, құқықтық, діни және архаикалық элементтер сақталатын тұрмыстық – рәсімдер, халықтық сенімдер, фольклорды қамтиды. Этникалықпен салыстырғанда ұлттық мәдениет айтарлықтай стандартты, өйткені, ондағы унификация институционалды тәсілдермен жүзеге асырылады [6, 33-34 б.]. Жаһандану да әлемдік ауқымдағы әлеуметтік-мәдени динамиканың өнімі болып табылады, ол жағырапиялық, әлеуметтік, мәдени локальдылықтарды тұтас кеңістіктік-уақыттық үздіксіздікке, себеп-салдарлық байланыстар кеңістігіне әкеледі [6, 108 б.].

Мәдениет пен қоғамдағы динамикалық үдерістерді зерделеу көрсетіп отырғандай, динамикалық үдерістердің үдемелігі мәдениетті репрессиялаудың баяулануымен, мәдениетаралық байланыстардың интенсификациясымен тығыз байланысты. Мәдениетаралық коммуникация интенсивтілігінің өсімі әлеуметтік-мәдени жүйенің тепе-теңсіздігіне әкеліп, жаңа институционалды ортаның қалыптасуына мүмкіндіктер береді. Сыртқы ықпалдар мен мәдениетаралық өзараәрекеттестіктердің кеңейуі әлеуметтік-мәдени динамиканың ішкі қайнарларына өз ықпалын тигізіп қана қоймайды, оның кері толқындары мен қайтарымы да болады. Мәдениеттің өзараәрекеттестігі – кем дегенде екі мәдениеттің бұлжымас қатынастары мен байланыстары, оның нәтижесіндегі ықпалдастықтар мен өзара өзгерістер. Мәдени өзараәрекеттестік үдерісінің шешуші сәтін сол және өзге мәдениеттің күйі мен сапасының, іс-әрекеттері мен құндылықтар өрісінің өзгеруі, мәдени белсенділіктің жаңа формаларының, сырттан келуші импульстер ықпалымен адамдардың өмір сүру салтының белгілері мен рухани бағдарларының жемісін құрайды. Мәдени өзараәрекеттестіктің ең жоғарғы типіне саяси институттармен демелетін және мемлекеттік маңызы бар ұлттық деңгей жатады. Ұлттық мемлекеттің негізі моноэтникалық та, полиэтникалық та болып, олардың қалыптасуы ұлттық тәуелсіздік үшін күрес пен өзін-өзі анықтаумен айшықталады. Мәдени өзараәрекеттестіктің этникалық және ұлттық деңгейлерінен бөлек, өркениеттік және ұлтаралық деңгейлері де бар. Оның типологиясын: 1) бір мәдениеттің өзге мәдениетке тұтастай ассмиляциясы (қуатты мәдениеттің әлсізді күштеуімен ғана жүзеге асады); 2) нәтижесі өзгерістерге алып келетін мәдениет элементтерінің өзара алмасуы мен интеграциясы, синтезі; 3) тараптардың сапалық емес, жекелей өзгерістері. Мәдениеттің трансформациясы стихиялы немесе стимулдық түрде жүзеге асады; 4) нәтижесінде ешбір өзгерістер болмайтын, әрбір мәдениеттің өз мәдени моделімен дамуы құрайды.

Мәдениетаралық өзараәрекеттестік мәдениет дамуының бір тәсілі ретінде коммуникациялық байланыстарды жүзеге асырудың әдісі болып табылады. Коммуникация мен сұхбат адамзат өмірі мен мәдениеттің ең маңызды бөлігі және көптеген зерттеушілер мәдениетті сұхбатпен де теңестіреді. Мәдениетаралық байланыстар тең құқықтық ынтымақтастыққа негізделген еркін және бейбіт сипаттамаларға ғана ие емес, оны колониалдық жаулап алу көрсеткендей мәжбүрлеу мен күштеу де құрайды. Мәселен, әлемнің батыстық емес бөліктеріне жаңғыру үдерістері дәлірек айтқанда колониалдық үдеріс барысында көбіне-көп сырттан таңылды. Дәстүрлі қоғам топырағына батыстық институттар мен құндылықтық-нормативтік жүйелерін, жүріс-тұрыс үлгілерін күшпен енгізу жай мәселе болып қана қоймай, тұтас өркениеттердің жойылуына әкеліп соқтырды [7, 3-35 б.]. Осы орайда ұстаз Ағын Қасымжанов дала, көшпенділер өркениетіне бағзы дәуірден қазіргі кезеңге дейін ат басын бұрған саяхатшылар мен зерттеушілер жергілікті дәстүр мен мәдениетке қаншалықты таңданысы болғанымен, өз мәдениетінің биігінен, колониалдық пен бөгделік, сырттай көзқараста болғанын егжей-тегжейлі зерделеп берсе [8], ирандық философ Ризо Довари Ардакани: «Батыс мәдениетінің дәстүрлі қоғамға деген ықпалы үнемі күшейіп келеді, қазіргі таңда біз өзіндік дүниетанымымызды жаңа идеялармен түлете алмайтындай күйінде тұрмыз, ислам мәдени құндылықтарының әлдебір дағдарысты кезеңіндеміз. Біз, мұсылмандар, ойлануға қабілетсіз заманға жет-

тік», − деп, батыстық ықпалдан кейінгі қалыптасқан ахуалды орынды бағамдайды [9, 44 б.].

Ұлттық интеллектуалды мәдениетті қалыптастырудағы бірегей бағытқа интеллектуалды мәдениет тарихының формалары мен мазмұнын зерделеу жатады. Біздің ойымызша оларды: 1) ұлттық интеллектуалды мәдениет тарихының әлеуметтік мәнмәтіні мен мәдени бағдарларын айқындау; 2) түрлі мәдени кеңістіктегі интеллектуалды қауымдастық қызметтерінің тетіктерін сараптау; 3) тарихи мәдени-ағартушылық ортаның қалыптасу үдерісін пән ретінде қарастыру құрайды. Мұндай мәселелерді зерттеу интеллектуалды саланың қызметі мен динамикасының ерекшеліктерін, тарихи үдерістің маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі рөлін түсінуге мүмкіндіктер береді. Оның көпдеңгейлі перспективалары макро және микро тарихи сараптамалардың тоғысуындағы пішінді табуға жол ашып, нақтылы-тарихи зерттеулердің пәні мен мәселелерін жаңаша зерделеуге бағыттайды. Ал оның мазмұны түптеп келгенде пәнаралық және әлеуметтік-тарихи, тарихи-мәдени мәселелер мен методологияларды, интеллектуалдық желіні құрайтындығын байыптаймыз.

Интеллектуалды дәстүрді зерделеу – интеллектуалды тарихтың негізгі міндеттерінің бірі, өйткені дәстүр бір мезетте интеллектуалды іс-әрекеттің қажетті жағдайы ретінде оның туындысы, сондай-ақ, интеллектуалды мұраны сақтаудың формасы мен тәсілі болады. Интеллектуалды дәстүр тек идеялар мен ойлау тәсілдерінің сабақтастығы, интеллектуалды саладағы тарихи мұраның үздіксіздігімен қатар, қайта туындату, белсенді қабылдау, қайта пішімдеу, шығармашылық тұғыр, қайта игеру немесе қайта өрлеу ретінде қарастырылады. Интеллектуалды дәстүрді зерделеу – оның таралуындағы қалыптасқан «ядросы» мен негізгі идеяларын шолумен шектелмейді, ол кешенді сипаттамалар мен ұстындарға да ие. Қазіргі кезде интеллектуалды дәстүрді зерттеу оның идеялары мен теориялары, тұжырымдамалары мен жүйелері шектерінен, оларды қалыптастырудағы нақты әдістері мен тәсілдері сараптамасынан, кең мағынада әлеуметтік-мәдени мәнмәтінінен аясынан шығып кетсе, бұл саладағы еліміздегі жүйелі және кешенді зерттеулер кемшін деп айтуға толық негіз бар екендігін аңғаруға болады [10].

Германиялық философ Иоганн Раудың пікірінше өткеннің тарихи фактісіне қатысты қайшылықтарының бірі «констеллятивті ойлауда» айшықтала түседі. Ешбір тарихи факті мүлдем өзгеріссіз тіршілік ете алмайды, мәселен, істе тарихи факті біз, заманауи адам өкілдері оның жаңа шектерін тапқанда ғана тіршілік етеді, бірақ біз оның соңғы нәтижесіне қол жеткізе алмаймыз. Сонымен қатар, бұл фактілерге деген заманауи ұрпақ өкілдерінің қарымды ұмтылысы мен назары фактінің замандастары да, оларды тудырушылар да білмеген жаңа мағыналарды ашады. Кез келген тарихи факті комментарийлер мен интерпретациялар тірі, қазіргі таңда өмір сүруші, дамушы етеді. Өйткені констеллятивті ойлауда өткен мен қазіргі бір, сондай-ақ, қазіргі өткеннің жүзеге асуына көмек көрсетеді. Олар өзара әрекет етіп, қазіргі өткенге арқа сүйейді, ал өткен қазіргімен өмір сүреді. Өткен қазіргі мен болашақтың құрамында болып, оларды қалыптастырады және ол жай ғана «өткен уақыт» емес. Біз өзіміздің өткенге және оның маңызды деген фактісінің жүзеге асуына, жайылуына өте жауапкершілікпен қараймыз. Әрбір мәдениеттің өткені индивидуалды және әрбір ұрпақ оған қосымша бұрылыстар мен қосымшалар береді. Ұлттық бастамалар ғана адамзат тарихын оны насихаттаушыларынан басқасының барлығына бірдей, техникалық-технологиялық прогрестің құрғақ логикалық кестесі ретінде емес, түрлітүсті көркемсурет кенебіне айналдырады. «Мәдениетаралық сұхбат үшін тарих пен қазіргіні қарастыру тілі өте маңызды. Өткен дәуірлер оқиғалары жайлы көптеген сұхбаттасушыларға түсінікті, заманауи тілмен жеткізе білу қажет. Бірақ ол тілдің мүмкіндігінше идеологиялық, ұлттық, нәсілдік бейтараптылықты сақтауы, яғни осы оқиғаларға деген автордың ұстанымының әртүрлі дүниетанымдық әлде болмаса эмоционалдық-бағалау рәміздерінен аулақ болуы шартты. Оқиғаларға қатысты арақашықтықты сақтау қажет. Әрине, ол өте қиын, бұл толығымен ешқашан орындалмайды да, бірақ оған ұмтылыс жасауға міндеттіміз» [11].

Қазіргі отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар салаларында интеллектуалдық түсінігі жайлы зерттеулердің дені бір арнадан шыға бермейді. Мәселен: ««Интеллектуалдық» терминінің өзі батыстық академиялық ғылымдардың өнімі. Жоғарыда атап өткендей, ол тек ақылдың ұшқырлығына, тапқырлығына, тиімділік пен пайдалы ойлауға негізделген құбылыс. Бірақ бір өкініштісі бұл жерде тұлғаның руханилық пен адамгершілік жақтары мүлде ескерілмеген. Сондықтан ол екінші бір нұсқада және қазақ тілінің төл сөзі бойынша – «парасатты ұлт» болып айтылуы қажет. «Парасат» сөзі жалпылама кең ұғым (концепт). Ол ақылдылықты, интеллектіні, руханилықты, кең адамгершілікті, өмірлік дана-

лықты, білімділікті, зиялылықты тұтас қамтиды» деген пікірлер де бар [12, 124-125 б.].

Ұлттың интеллектуалды мәдениетінің қалыптасуында 1) білім беру жүйесінің сапасын арттыру, заманауи жаңа технологияларды игеру, инновациялық бәсекеге қабілетті болу, халықаралық үлгілерді назарға алу, азаматтардың бойында креативті ойлау мәдениетін қалыптастыру, ғылым саласын дамытуға қатысты барлық факторларға мемлекеттік қолдау көрсету; 2) рухани тәрбие, қазіргі ақпараттық дәуірдегі көпқырлы құндылықтар мен мәдениеттердің өмір сүрулерін ескеріп, азаматтардың наным-сенімдеріне, ұлты мен жынысына бөлместен шығармашылықтарына тең құқық пен еркіндік беру арқылы ұлттық-мәдени құндылықтар мен рухани қайнарларды жаңғырту; 3) халық шығармашылығы іргетасы – тілі мен наным-сенімі, салт-дәстүрі, тұтас алғанда өзіне тән мәдениеті; 4) демография және азаматтардың денсаулығы, қоршаған орта мен экологиялық тазалық мәселелерін оңтайлы шешу; 5) шалғай аймақтарда (Қазақстан қоғамына қатысты) тұратын азаматтардың ақпаратты алудағы қолжетімділігін, медициналық көмек пен заңгерлік кеңес және тағы басқа да әлеуметтік көмектермен қамтамасыз ету сияқты әлеуметтік-мәдени алғышарттар мен құрамдас бөліктерінің маңызы зор.

Ұлттың интеллектуалды мәдениетін қалыптастыруда «адам капиталы» мәселесіне де назар аудару өте маңызды. «Адам капиталын» арттыру арқылы ұлттың да «интеллектуалды мәдениетін» қалыптастыруға жол ашылары сөзсіз. Бірақ «адам капиталы» түсінігінен «ұлттың интеллектуалды мәдениеті» түсінігінің аясы кең және ауқымды. Мұндай амал-шарттарды елімізде қалыптастыру қоғамның тұтас жаңашылдыққа бет бұруымен ғана жүзеге асуы сөзсіз. Қазақстан қоғамындағы жаңашылдықтың желісі мемлекеттік әлеуметтік-мәдени реформалар мен көп жағдайда жаңғыруға қатысты мемлекеттік түрлі бағдарламалармен ғана айқындалып келеді. Осы тұрғыда әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің жетістіктері мен тәжірибелері ескерілсе, оларды жергілікті дәстүрлерге бейімдеу маңызды екенін отандық ғалымдар үсті-үстіне жазып келеді. Мәселен, мәдениеттанушы Ақтолқын Құлсариеваның пайымдауынша батыс еуропалық мәдениеттің негізгі құндылықтарына келесілер жатады: 1) мемлекеттің алдында адамның артықшылығы; 2) жеке меншік құқығына деген кепілдеме; мемлекеттік заңға деген бойсұну; 3) жоғарғы құқықтық және саяси мәдениет; 4) өзін-өзі басқара алу және оның нәтижесі іспетті – дамыған азаматтық мәдениет; 5) жоғарғы жүріс-тұрыс мәдениеті; 6) жеке және ұжымдық қызығушылықтардың үйлесімділігі; 7) өзгенің қабылдаған өзге пікіріне құрметпен қарау, қоғамдағы толеранттылықтың жоғарғы деңгейі; 8) өз-өзіне жауапкершілікпен қарау; 9) өзінің қабілетіне жүгінген әлеуметтік жетістіктерге деген мақсаттылық; 10) жеке тұлғаға деген құрметтілікпен тең өзін-өзі құрметтеудің жоғарғы деңгейі; 11) іскерлік қатынастар мен технологиялар мәдениетінің жоғарғы деңгейі [13, 8-9 б.]. Ғалым бұл құндылықтарды әлеуметтік жаңғыру мен азаматтардың экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық және қоғамның тағы басқа да іс-әрекеттерін инновациялық белсенділік саясатымен байланыстырады. Дегенмен, мемлекеттегі өзгерістер адам және оның құндылықтар жүйесі мен ойлау мәдениетін, адамгершілік, азаматтық, эстетикалық, интеллектуалды, әлеуметтік жаңғыруға, ғұмырлық және қоршаған орта мен қоғамдық қатынастарға деген көзқарастарын, қоғамдық келісімдегі руханилыққа, ұлттық ерекшеліктер мен конфесияаралық қатынастарын жағымды, икемді, озық бағдарларға қарай өзгертпей дамымайтынын атап көрсетеді.

Ұлттың интеллектуалды мәдениетін қалыптастыруда білім беру мен ғылым факторлары да маңызды екенін жоғарыда атап өттік. Білім беру мен ғылыми факторлар қазіргі интеллектуалдылықты қалыптастырудағы жетекші тұжырымдамаға айналуда. Көптеген зерттеушілердің заманауи қоғамды білім қоғамы деп атауларында шындық бар. Өйткені, білім мен ғылымға мемлекеттік тұрғыда айрықша мән беріп отырған әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттері өз экономикасының ішкі жалпы өнімінің 2-3% мөлшерін бөледі, ол білім беру мен ғылымның өркендеп дамуына барынша жеткілікті мүмкіндік болып табылады. Оның қайтарымы да ұшан-теңіз, аталмыш мемлекеттер өздерінің экономикалық тұрақтылығы мен өрлеуін ғылыми технологиялық өндірістер арқылы толықтырып келеді. Ал заманауи қоғамда білім мен ақпарат ең маңызды және қажетті ресурсқа айналып, әлеуметтік деңгейдің икемді және маңызды критерилерін айқындаушының бірі деп қабылданса, батыстық әлеуметтануда қоғамның стратификациялық сараптамасына енбейтін интеллигенция түсінігі түрлі әлеуметтік топтардың ішіндегі айрықша топ ретінде маңызды орынға ие болып, «knowlege-class» немесе «интеллектуалдар табы» деп аталып та үлгерді. Жиырмасынша ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасынан бастау алған бұл үдерістің негізгі белгілері

мен нышандары білім мен ақпарат, білім берудің жоғарғы стандарттары мен ғылыми шығармашылық, өндіріс тәсілдерінің жеке меншігінен тәуелсіздігімен айқындалған «knowlege-worker» немесе «интеллектуалды еңбек жұмысшысы» түсінігі де ғылыми айналымға енді. Интеллектуалдар табының ерекшеліктеріне үнемі өзін-өзі жетілдіру, дербес шығармашылықты арттыру, «постматериалистік» құндылықтар жатса, мұндай түсінікке қарсылардың ұстанымын утилитаристік мотивацияны, жеке материалдық қажеттіліктерді барынша көбейтуге деген талпыныс құрайды. «Интеллектуалды таптың қалыптасуымен әлеуметтік қайшылықтардың жаңа түрі де туындап үлгерді. Әйткенмен, материалдық иеліктеріне байланысты қоғам тең емес екі бөлікке бөлінді, бірі әлеуметтік әділдік ұстындарын бұзбай және өзге адамдардың еңбектерін қолданбайақ қоғамның материалды жетістіктерін иемденіп алды. Жиырмасыншы ғасырдың 90 жылдары колледж дипломы бар ақ нәсілді американдықтардың арасында кедейлік – 2% құраса, афроамерикандықтар арасында – 4%, ал қалған орта білімі бар азаматтар арасында бұл көрсеткіш сәйкесінше 31% және 51% құраған» [14]. Білім берудің болашақ перспективалары мен үрдістері де қазірден ойландыратын мәселелерге ие екенін аңғартады.

Батыстық білім беру саласындағы орын алып отырған үрдістерден шығатын қорытынды: «Заманауи таптық қақтығыс енді өндіріс тәсіліне деген жекеменшік төңірегінде емес, адамның өзіне тән мүмкіндіктерінің тең емес нәтижесінде өрбуін қалыптастыруда және ол алғы таптық қақтығыстар формасына қарағанда күрделі сипаттамаларға ие. Интеллектуалдар табы заманауи қоғамның ең жоғарғы қабатына айналып, қоғамдық өндіріс үдерісін өз бақылауына алды, қоғамдық игіліктің үлкен бөлігін өз меншігіне иемденуде» [14]. Дегенмен, мұндай үрдіс біздің қоғамымызда әзірге аңғарылмайды және мемлекеттің ғылым жайлы саясаты (өнер, мәдениет, білім беру) келесі үш негізгі модель мен концепциялардан тұруы мүмкін: 1) ғылыми зерттеулердің «рөлдік майданын» қамтамасыз ету тұжырымдамасы; 2) «басым ғылыми бағыттарды» демеу тұжырымдамасы; 3) «ғылымның нарықтық бағдары» тұжырымдамасы [14].

Осы ретте белгілі философ Бекет Нұржановтың интеллектуалды ұлт пен мәдениетті қалыптастыру мәселелері жөніндегі мына тұжырымдамаларымен толық келісуге болады: «Постиндустриалды» немесе «ақпараттық» қоғамда, олардың теоретиктері (Д. Белл, А. Турен, Ж.-Ф. Лиотар) атап өткендей білім мен ғылымның ахуалы радикалды түрде өзгереді, сонымен қатар экономикалық және мәдени институттардың да қатынастары өзгереді. Экономика қоғамның «базисі» болудан қалады, мәдениет өндіріс кеңістігінің негізіне айналады, «мәдени өндіріс» − идеялар, бейнелер, таңбалар мен рәміздер өндірісі, тауарлар өндірісі шеңберінде олар «өндірістің жеке түріне» айналады. Капитализм қалыптасқанға дейін, − деп жазады Лиотар, − территориялар үшін соғысты, капитализм дәуірінде – өтім рыногы үшін, қазіргі таңда соғыстар ақпарат үшін жүргізілуде: кімде-кім ақпаратқа ие болса, сол әлемге де ие. …Бұл үдерістердің барлығы алдыңғы лекке басты мәдени фигура сапасы ретінде ғалымды, маманды, экспертті шығарады. Постиндустриалды қоғам теориясының авторы Даниэл Белл мұндай өзгерістерді аталмыш қоғам құрылымдарындағы өнеркәсіп өндірісінен ақпараттық технологияларға негізделген сервис-индустрияға жылжуымен түсіндіреді. Мұнда ең басты рөлді білім мен жоспарлау ойнай бастайды. …Дамыған қоғамдағы прогресс пен гүлденуді енді жұмысшы класы емес, тіпті бизнесмендер мен кәсіпкерлер де емес, «интеллектуалдар класы» қамтамасыз етеді» [15]. Индустриалды дәуірін енді бастап келе жатқан еліміз үшін бұл маңызды мәселе деп ойлаймыз.

Ұлт тұжырымдамасының батыстық теоретиктерінің пікірінше білім беру капитализм мен индустриалды қоғамның қалыптасуына, оны демократияландырған, әлеуметтік тұрғыда ұтқыр және дамушы еткен басты себеп, басты әлеуметтік институт. Сондықтан да интеллектуалдар класын қалыптастыруда білім беру институтының орны маңызды. «Білім беру интеллектуалды элитаны өндіруші негізгі институтқа айналады (капитализм мен индустриалды қоғамда) – ұлт пен қоғамның мәдени, саяси және рухани лидерлерін даярлайды. …Ғылым мен білім беру әлеуметтік институт ретінде қарапайым атомдық бірліктер емес, жеке өзінің құрылымына, элементтер иерархиясына ие күрделі жүйе. Және бұл құрылымда негізгі рөлді интеллектуалдар ойнайды. Білім беру жай «ғалымдардың орташаландырылған корпусын» ғана емес, шыңында ғалым-интеллектуал тұратын ғылыми иерархияны, пирамиданы қалыптастырады. Тек ғалым-интеллектуал ғана идеялардың негізгі генераторы, ғылыми тыныштық пен жайбарақаттықты тітіркендіретін, ғылыми, онымен бірге қоғамдық прогрестің ынталандырушысы болады. Томас Кун өзінің әйгілі «ғылыми революциялар теориясында» сендіре көрсеткеніндей, ғылым өз қызметінде екі түрлі деңгейді басынан өтке-

реді – қатынасты қалыпты, бір сарынды, эволюциялық даму деңгейі және дауылды, революциялық, ғылыми парадигманың ауысуына әкелетін жарылыс түріндегі деңгей. Тек екінші деңгей ғана ғылыми прогрестің шынайы қозғаушы күші және ғылыми революцияларды жаратушы, ғылымдағы парадигмалық жылжытушы интеллектуалдар ғана» [15].

Сонымен, интеллектуалдар деген кімдер және интеллектуалды элитаны қалыптастырудағы негізгі жағдайлар қандай деген сауалдарға тоқталсақ: «Интеллектуал – кең ауқымда немесе өз ғылымының саласында әлемге деген көзқарасы ерекше дарынға ие, үйреншікті заттарды үйреншіксіз жағдайларда қоя білу, ойлау қозғалысын тудыратын сұрақтар қоя алатын қабілеті бар ғалым. Интеллектуал мүмкін (немесе міндетті) түрде өзі жаңалық ашуға міндетті емес, оның негізгі ғылыми және мәдени қызметі – өзгелердің ойын ояту, шығармашылық ізденісті ынталандыру, ғылыми дискуссияны туғызу, креативті ойлауды қалыптастыру. Интеллектуалды кеңістіктің өзінің иерархиясы бар: теоретиктер көп жағдайда практиктерге қарағанда, іргелі пәндер өкілдері қолданбалы және техникалыққа қарағанда, гуманитарлық пәндер жаратылыстанушыларға қарағанда, философиялық пәндер өзге әлеуметтік-гуманитарлыққа қарағанда интеллектуалды болады. Көп жағдайда интеллектуализмге философтар бейім келеді, бірақ «мектептегі философия пәнінің оқытушысы» емес, «нағызы» ғана. Бұл философтың ерекше дарындылығы немесе ақыл-ой қоймасымен ғана емес, оның «таза ойлау» үдерісімен сабақтас мамандығының сипатымен де түсіндіріледі. Батыс философиясының сындарлы метафизигі Мартин Хайдеггер философияны «ешбір ықтималдықсыз оларға жауап табатын сұрақ қою өнері» деп анықтаған болатын. Прагматикалық ойлаушы ғалым үшін бұл абсурдты ғылым: жауабы табылмайтынын біле тұра ондай сұрақтарды қоюдың қажеті қанша деуі мүмкін. Бірақ философияның күші – оның міндеті позитивті, ақырғы жауаптар мен білімді берумен шектелмейді, философия – ойды ояту, оны жұмыс жасауға мәжбүрлеу сияқтылардан да тұрады, өйткені тірі (қатып қалған емес) ойлау ақылға сыймайтыннан, шешуге болмайтыннан, мүмкін еместен туындайды» [15].

Интеллектуалды мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі – рухани тәрбие мен құндылықтар жүйесі екендігі айқын дүние. Саналы жан қоғамнан өзінің еркіндігі пен бостандығы мәселелерін шешуді талап етсе, қоғам да адамға өзінің талаптары мен міндеттерін қояды. Әрине, әлеуметтік тепе-теңдікті сақтағанда ғана қоғамдық келісім мен үйлесім орнайды. Әйтсе де ұлттың интеллектуалды мәдениеті жекелеген адамның капиталымен, оның мүмкіндігі мен шығармашылық іс-әрекетінің радиусымен айқындалатыны да сөзсіз. Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, ізгілік пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, ізгіліктің, этикалық және интеллектуалдық, бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сыймайды, ол мүмкін емес. Көбінесе әрбір ізгілік іске немесе бірнеше ізгілерге, не болмаса белгілі бір өнерге немесе бірнеше өнерге бейім болады, сөйтіп, біреу бір ізгі іске немесе өнерге, екінші біреу екіншісіне, үшінші біреу үшіншісіне бейім келеді» – деп әлеуметтік кепілдік пен тұрақтылық, адамның мүмкіндіктері жайлы әділ бағамдайды [16, 149 б.].

Қазақстанның әлемдегі дамыған мемлекеттердің алдыңғы қатарынан орын алуы үшін және қоғамның интеллектуалды мәдениеті мен капиталын жетілдіруде ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-рухани болмысы мен қуатының маңызы зор. Жаһандық бәсекеде адамдар сапалы тауар өндірумен ғана шектелмейді, осы жолда ең алдымен интеллектуалды және мәдени тұрғыдағы жарысқа түседі. Интеллектуалды капитал қаншалықты экономикалық, сапалы өнім сынды капиталистік прагматикалық көзқарастармен өлшенгенімен, рухани қажеттіліктің орны ойсырап бос қалмауы тиіс. Осы орайда Әбу Насыр әл-Фарабидің «тән сияқты жан да өзіне тиесілі денсаулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады» − деген тұжырымын қуаттаймыз [16, 144 б.]. Тән азығы секілді, жан азығы болатынын және олардың мәндік болмысын көрсетті. Қайырымды қаланы пайымдай отырып, кемел қоғам үлгісін жасап берді. Дегенмен, мұның бүгінгі қоғамда жүзеге асырудың негіздерін зерделеу және оларды қолдана білу маңызды.

Ұлттың интеллектуалды мәдениеті – жеке бір адамның жан-жақтылық сапасымен ғана емес, қоғамдық деңгейде де өз жемісі мен нәтижесін

беретінін атап өттік. Ұлттың интеллектуалды мәдениетін арттыруда адам бойындағы білім мен рухани құндылықтардың сапалық үйлесімі маңызды. Кемел қоғамды аңсаған ойшыл Жүсіп Баласағұнның сөзімен айтқанда «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, Білім кімде, сол білікті болады. Ақыл керек, білім таңдап аларға, Білім керек, іске жақсы қарарға» [17, 4-12 б.]. Білім адамзат тарихының шешуі сәттерін үнемі анықтап отыратынын адамзат мәдениеті тарихынан білеміз. Руханият пен білім тоғысса, адам болмысының үйлесім тапқаны. Заманауи тілмен айтқанда руханият пен білімнің адам бойында тоғысуы интеллектуалды мәдениеттің ажырамас сапалы өлшемдерінің бірі. Азаматтардың сауаттылығы – білім беру жүйесі мен жалпылай алғанда қоғамды гуманизациялаудан туындаса, түпкі мақсаты – ұлттың интеллектуалды мәдениет капиталын дамытуды құрайды. Адам ресурсының сапалық деңгейін көтерудің бір көрінісін мемлекеттік саясаттың ғылымға деген жаппай бетбұрысынан аңғара аламыз.

Отанымыз тәуелсіздік алған жылдардан бастап әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ғалымдарымыздың көпшілігі қазақ даласы мен халқының төл тарихы мен рухани бастауларына, қайнарларына деген бетбұрысы қарқын алды. Мұның айқын көріністерін ғалымдарымыздың іргелі еңбектерінен аңғарсақ, мұндай үрдістердің мәнін философ-ғалым Жақан Молдабековтың мына бір тұжырымдары айқындай түседі: «Өзін түсіну. Өзін-өзі тану. Өзін таныту – әр адам өмірінің күретамыры. Адамның өзіне жол салуы осы үш кезеңнен, сатыдан, яки адамның өзін адамгершілік тұрғысынан түсінуінен, жан дүниесін түсіндіруден, тұлғаның әлеуметтенуінен құралатыны хақ. Еріктілер, естілер, ептілер өзімен өмір бойы сұхбаттасады, сырласады, өзінің ойындағы бейнесін жасайды. Өзімен сырласа білген өмірдің төте жолын табады, өзіндік әлемді саралайды, жақындықтың жайлауын жаңғыртады» [18]. Интеллектуалды мәдениетті қалыптастыру ұлтымыздың интеллектуалды дәстүрін тану, заманауи қалыптарға бейімдеу мен жаңғыртуды құрайды. Әлемдік интеллектуалды бәсекеге қабілеттілігін сынайды. Оның бағдарлары мен өлшемдеріне констелляциялық ұстын орайынан қарайтын болсақ, оның құрылымы өте күрделі және кешенді зерттеу мен зерделеуді қажет етеді.

Ұлттық мәселелерді тек жоғарғы биліктің күшімен шешу мүмкін емес. Кең көлемдегі қоғамдық бастамаларсыз этносаралық келісімнің қазақстандық моделы 100 пайыз көрсеткішпен жүзеге аса алмас еді [6].

Мемлекет дамудың бағыттарын құрады, схемасын жасайды, жүзеге асыру механизмін құрады, бірақ күнделікт жұмыстағы орында ағымдағы маңызды мәселелерді азаматтық қоғамның қатысуынсыз жасай алмайды. Этносаралық келісім моделінің осы пікірлеріне қарайтын болсақ, бұнда Қазақстан халқы Ассамблеясының орны ерекше екенін көреміз: бұл қоғам мен билікті біріктіретін коммуникатор. Қазақстан халқы Ассамблеясында этно-мәдени орталық деп аталатын аймақтық бөлімшелердің қызметі айрықша орынға ие. Олардың қатынасынсыз Қазақстан халқы Ассамблеясы шынайы өмірде болмаушы еді. Тағы да айта кетерлік жайт, Қазақстан халқы Ассамблеясынан 9 депутаттың Мәжіліске таңдалып алынуы билік құрылымының этникалық азшылық өкілдерінің сауалдарын сәтті шешіп жатқандығын көрсетеді.

Осылайша, Республиканың кең көлемінің шартында және де жекелеген этностардың ерекшелігінің спецификасының қатары аймақтарды қолайлы өмір кешуде, мұндай модель екіжақты байланысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, со-

нымен қатар билік этносаралық қатынаста болып жатқан ақпараттар процесін біліп отыратын болады.

Тағы да айта кетерлік жайт, этносаралық келісім үлкен әлеуметтік топтардың өзара әрекеті, сондай-ақ ол аудандардағы әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени әрекеттерге басымдық беріп бейімделеді. Қазақстандағы этносаралық қатынас эксперттердің басым бөлігінің ойынша «толықтай тыныш» 56%, респонденттердің екінші бөлігі «біршама тыныш» 38%, ал 4% респонденттердің ойынша Қазақстандағы этникалық топтар арасындағы қатынас «шиеленіскен» деп жауап берді. Ал 2%-ы «толықтай шиеленіскен» деген жауапты алға тартты.

1-диаграмма еліміздегі этносаралық қатынасты толықтай көрсетеді.



1-диаграмма – Сіз еліміздегі этносаралық қатынас жағдайын қалай бағалайсыз?

Бұл байланыста респонденттердің басым бөлігі Қазақстандағы этносаралық қатынасты тыныш және этносаралық қатынас тұрақтылығының анықталған деңгейі бар деп белгіледі. Осыған сәйкес, Қазақстандағы этносаралық тұрақтылықта республика аумағындағы этникалық топтардың мүдде балансын сақтау аса маңызды фактор болып отыр.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық институтының әлеуметтік зерттеу нәтижесіне сәйкес: «Қазіргі таңда этносаралық қатынас саласындағы жағдайды қалай бағалайсыз?»-деген сауалға «жақсы» және «жақсы деуге болады» деген жауаптар келіп түсті: қазақтар – 96,5%; орыстар – 80,7%; «азиаттықтар» – 87,3%; «еуропалықтар» -85,5%.

Аталған саладағы процестерге респонденттер мынандай жауапты ұсынғысы келді: «Сіздің көзқарасыңыз бойынша соңғы жылдары этносаралық қатынас төңірегінде қандай өзгерістер орын алды?». Көп бөлігі «өзгермеді» деген жауапты ұсынды-66,8% [7]. Осыдан келе этносаралық қатынаста қолайлы жағдай орын алған деуге негіз бар, бір жағынан қарағанда этноконфликттілік потенциал көрінеді, өмір сүріп жатқан аймақтарда этносаралық қақтығыстар болып қалуы ықтимал деген қауіп жоғары деңгейде болып отыр. Екінші жағынан, этносаралық қатынаста тұрақсыздық орын алар болса оны шешуге тұрақтылықтың үлкен қоры айтарлықтай жеткілікті. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай этносаралық жанжалға қатысуын әрқашан нығайтып отыру қажет.

Сәйкесінше, көпэтносты және көпконфессиялы құрылымға ие заманауи мемлекет этникалық топтардың саяси одағынсыз болмайды. Бұндай шоғырландыру халықаралық аренада бірлескен ортақ мүддені қорғау үшін және құқықтық-экономикалық кеңістікті қорғауға бағытталған. Осыған сәйкес, ұйымдасқан, интеграциялық, серіктестік күштерді аямай төгу қажет. Мұнда жалпы адамзаттық идеологияның қырларын араластыру да бар, яғни адам құқығы, құндылығы, ұжымдық баланс мүддесі бар.

Қазақстанда анықталған этносаралық шиеленістің табиғатынан болмауын мойындау қажет және де Республикада өмір сүріп жатқан ірі этникалық топтардың жаһандық жанжал тудырмағандығын айта кету қажет. Бұның барлығы Қазақстандағы әлеуметтік, саясаттанулық, әлеуметтік-психологиялық және конфликтологиялық сипаттағы жүргізілген зерттеулердің нәтижесі.

Этносаралық шиеленіс дегенде этникалық топтар немесе оның өкілдерінің оқиғаны шешуге деген жағымсыз әрекеттерінің жағдайы түсіндіріледі. Бұл жағдайлар өзара әрекет етуші ортақ этностардың дискомфорттылығының салдарынан және де айқын әрекетінің бар болуы, сондай-ақ жағдайды назарында ұстағысы келетіндігінің салдарынан туындайды. Аталған жағдайлар құпия формада болады, сонымен қатар өзара әрекет етуші этностарға қарсы дайындық фазасы ретінде түсіндіріледі. Ал егер шынайы қауіп болмаса онда оның қаупі сезіле бастайды.

Қазақстандағы этносаралық шиеленістердің тууына ықпал етуші факторларды атау -эксперттерге ұсылған болатын.



2-диаграмма – Сіздің ойыңызша қандай факторлар Қазақстандағы ұлтаралық қақтығыстың туындауына әкеледі?

Эксперттердің пікірі бойынша, ұлтаралық шиеленістің туындауына теріс әсер етуші бұл ең алдымен тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуі, яғни бұл көрсеткіш 50%-ды көрсетіп отыр, одан кейінгі орында жекелеген қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстардың қызметі – 11%, тіл саясаты – 14%, жекелеген саяси лидерлердің араласуы – 8%, ал ең соңғы көрсеткіш иесі жұмыс орнындағы бәсекелестік – 5%-ды құрады.

Эксперттер бұл байланыстағы қауіптерді бағалай келе, ең алдымен осы ұлтаралық шиеленіс факторларының туындауына ықпал етуші экономикалық категория деп түсіндіреді, яғни әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендеуі мен жұмыс орнындағы бәсекелестік. Ал қалғандары, яғни жекелеген саяси ұйымдардың қызметімен қоса, тіл мәселесі, миграциялық саясат, мектептер мен ЖОО-дағы білім жүйесінің өзгерісі – аталған факторлар саяси, әлеуметтік, мәдени және т.б. (2-диаграмма).

Осылайша, жанжалдағы «ағытқыш ілгек» көбіне әлеуметтік-экономикалық фактор болып табылғандықтан, оны тоқтату және оның қоғамдағы ұлтаралық қатынасының үйлесімдігі үшін өзіндік уақытылы өлшемдерін жасау керек. Заманауи мемлекетті этникалық топтардың саяси одағынсыз елестету мүмкін емес, сонымен қатар заманауи мемлекетке тән белгілер халқы көп этникалы және де көп конфессиялы құрылымға ие болып табылады. Мұндай шоғырлану халықаралық аренада бірлескен ортақ мүдделерді қорғау мақсатында, сонымен қатар ортақ құқықтық және экономикалық кеңістікті қолдау мақсатында түсіндірілуі қажет.

Діни қарама-қайшылық жағдайында әлем елдерінінің көптеген аймағында біраз жиі және қолайсыздыққа ұшырататын күйзелістердің көбі ұлтаралық тұрақтылыққа байланысты болып отыр,бұндай сипат тәуелсіздік алған жылдардағы кезеңдердегі Қазақстанға да тән болып келеді. Осы кезеңдерде Қазақстан әлемдік қауымдастықтағы әлемдік діни басшылардың және де саясаткерлер мен саясаттанушылардың жетік бақылауында болды. Дінаралық келісімнің Қазақстандық моделы өз алдына күрделі дінаралық конфигурацияны ұсынады. Сонымен қатар ол Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси контекстіндегі мемлекеттік-қоғамдық дамуына негізделген.

Дін аралық конфигурциядағы күрделі модель орталығына «Қазақстандағы ірі діндер болып табылатын ислам және православие діндері өз алдына мемлекеттің тұрақтылығында дінаралық өзара байланысты қамтамасыз етеді» [8].

Бұл тұрақтылықтың негізінде Қазақстандағы барлық конфессия арасындағы қатынастағы әртүрлі конфессия өкілінің өзара түсіністік пен толеранттылыққа талпынуы жатады. Қазақстандағы дінаралық қатынас жүйесіндегі конфессиялардың көп қырлылығы бұл – олардың функциясының ерекшелігіне байланысты, сонымен қатар жас өлшемдік және діндарлардың танымдық деңгейіне байланысты.

Діни келісім саласындағы Қазақстандық тәжірибе көбінесе бірегей сипатқа ие. Осы әлеуметтік сауалнама Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжау институтының (КИСЭИП) Қазақстандағы 7 аймағында өткізілді: Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс-

Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында, сонымен қатар Алматы және Астана қалаларында 2012 жылдың шілде-тамыз айларында өткізілген болатын.

Қазақстандағы халықтың басым бөлігі діни жағдайды салмақты қабылдады (58,1%), үштен бір бөлігі қиын (32%) қабылдады, ал 10%-ы болса бұны білмей, қалай анықтама берерлерін де түсінбеді (3 Диаграмма) [9].

Толеранттылық Қазақстанның сәтті және сенімді дамуындағы маңызды фактор болып табылды. Қазақстан халқы діни көпқырлылыққа дәстүрлі түрде шыдамдылықпен қарайды. Бұл дәстүрлі толеранттылық сақталып келеді және де оның жаңа формалары пайда болуда. Қазақстандық институттың жүргізген әлеуметтік зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорындағы әлемдік экономика мен саясаттағы діни толеранттылық ең жоғарғы деңгей ретінде тіркелді. 5-ші диаграмма бұны біраз нақты көрсетеді.

Еліміздің көптеген азаматтары (71.7%) діни салада шыдамды болып табылады. Ал 22%-ы бұған қызығушылықтарын білдірмеді. 2011 жылғы «толеранттылықтың тұрақты өзегі»-деп аталатын сауалнамамен (28.8%) салыстыра келе бұл көрсеткіш 6.2%-ға қысқартылды (2011 жылы 34.8%) (4 Диаграмма) [9.9].

3-диаграмма

4-диаграмма

«Шыдамсыздықты» құрайтын жас ерекшелік тобының 18-44 жастағылары басқа жастағыларға қарағанда мұнда екі есе көтеріңкі баға береді. Ал Ақтөбе облысы өзге аймақтармен салыстырғанда «шыдамсыздықтың» айтарлықтай көрсеткішін беріп отыр, яғни – 15,1%. Салыстырма үшін: Астана – 8,1%, Алматы – 9,1%, ШҚО – 1,7%.

Еліміздегі діни жағдайдың бірден бір ерекшелігі ұлттық және конфессионалдық қатыстылықтың ұқсастығы болып отыр. Яғни, Қазақстандық тұрғындардың басым бөлігінің қарастыруынша дін дегеніміз-этникалық мәдениет пен ұлттық дәстүрдің элементі ретінде саналады. Анығында, қазақтар – мұсылман дінінің өкілі ретінде саналса, орыстар-православие дінінің өкілі ретінде саналады. Мұндай ұқсастықтың логикасына тоқталар болсақ, Республикадағы ұлтаралық және конфессияаралық қатынас бір-бірімен өзара байланысты және де конфессияаралық қатынастың қиындауы ұлтаралық қатынастың бұзылуына әкеледі.

2009 жылғы өткізілген ұлттық көшірмедегі ресми тіркеудегі діни қатыстылық мынандай көрсеткіштерге ие болған еді. Қазақстан халқының басым бөлігі (97%) өздерінің нақты бір діннің өкілі ретінде түсірдірген болатын. Яғни, ислам – 70,1%, христиан – 26,1%, өз дінін айтудан бастартқандар – 0,5% [10].

Өзге діндер анығында «жаңа» діни қозғалыс ретінде ұсынылады, яғни олар табиғатынан шетелдік дін, сонымен қатар олардың «дәстүрлі» діннен айырмашылығы «дәстүрлі емес» деген атауға ие болып табылады.

Этникалық қатыстылықтың дінмен сәскестігі ислам және православие діндерінің басымдылығына әкелді. Бұл екі ірі діни топтар-қазақтар мен орыстар, яғни еліміздің тұрғындарының 86,9%-н құрайды. Сәйкесінше, мұсылман мерекесі Құрбан айт және де Рождество 2005 жылы Қазақстанда демалыс күні деп жарияланған болатын. Қалған 13,1% этникалық азшылықтың дәстүрлері ислам және христиан діндерінде белгіленді. Осыған сәйкес, этникалық мұсылмандар саны өсті (мысалға, өзбектер – 2,0%-ға, ұйғырлар – 1,4%-ға дейін), ал христиандық этностар болса азайды (немістер – 1,1%-ға, украиндер – 2,0%-ға дейін). Бұған қарамастан, Қазақстан халқының басым бөлігі өздерін мұсылман деп есептейді. Бұл басқа діндердің бірігуіне кедергі келтірмейді. Осыған дәлел ретінде мұсылмандық емес бағыттағы діни ұйымдардың көбеюін айтуға болады. Елімізде қабылданған діни бірігулердің регистрациясы бойынша олардың жалпы саны 1990 жылдардағы 670 тен 3088 дейін (2012 жылдың қазан айының соңы) өсті және де 17 конфессияны көрсетті [11].

5-диаграмма

Бұл байланыста Қазақстан әлем елдерінің ішіндегі көпконфессиялы елдердің бірі ретінде саналады. Еліміздегі барлық этникалық топтар жоғары деңгейдегі толеранттылықтарын көрсетіп отыр, сонымен қатар ұлтаралық өзара әрекетке дайын екендіктерін де көрсетуде. Мысалға, көпұлтты ұжымдық жұмыстарда, көршілік өзара қатынаста, өзге ұлттың өкілдерімен достықта. Екі ірі энос ретінде саналатын топтың арасының қазіргі таңдағы сипаты тыныш, бірақ та күрделі және көпдеңгейлі, қарама-қайшы сипатқа ие болып отыр [12].

Қазақстан халқының бірігуінің иерархиясы өзгерген жоқ (5-ші диаграммада). Бұл бойына: «азаматтық» (48. 2%), «ұлттық қатыстылық» (34,6%), «діни қатыстылық» (10,6%) [8,16].

Ұлттық және діни қатыстылық қазақтар үшін маңызды, ал азаматтық-орыс және өзге этностар үшін маңызды. Ал мұсылмандар үшін маңыздысы ұлттық және діни қатыстылық, өзге дін өкілдері үшін азаматтық маңыздырақ болып отыр.

Толықтай алғанда діни жағдай тұрақты болып табылады. Тұрғындардың діндарлығы этномәдени дәстүрмен тікелей байланысты. Өзге дін өкілдері достық қатынасқа ие болып табылады. Кім діни жағдайды шиеленіс деп қарастырса, соған біртіндеп «толеранттылықтың тұрақты өзегін» таратады [9,35].

Қорытындылай келе, Қазақстандағы конфессияаралыққатынастыңнегізгіпринциптерінбөліп көрсетуге болады: мемлекеттің Конституциясы мен заңдары ар-ождан бостандығы мен діни бостандықты қорғап, оған кепіл береді. Конституция кез келген конфессионалдық және этникалық дискриминацияға тыйым салады. «Қазақстан Республикасының ар-ождан және дін бостандығы» туралы Заңы діни бірігулерді функциялаудың құқықтық негізін құрған болатын. Еліміз адам құқығы жөніндегі халықаралық келісімдер мен шарттарға кірді. Оның ішінде БҰҰ-ның осы сала бойынша фундаменталды шартына; мемлекет конфессияның өзіндік функциясын тең және қолайлы шартпен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің принциптері саясатта және әрбір аймақта орталық орган ретінде жүзеге асады. Конфессияаралық келісімде кең көлемде қолдауға ие болып табылатыны ұлттық-мәдени орталықтар, діни бірігулер болып табылады [13].

Мемлекеттік-конфессионалды қатынастағы барлық көшірілген элеметтердің өзара әрекеті және де Қазақстан Республикасындағы жалпы діни кеңістікке әсер етеді. Сонымен қатар, дінаралық келіссөздер құрылады және оларға қолдау көрсетіліп, конфессиялардың Қазақстанда бейбіт келісімде болуына әкеледі. Қазіргі таңда еліміздегі этносаралық жағдай тұрақты деуге болады. Эксперттік сауалнама бойынша, қазақстандықтардың ойынша қоғамдық тұрақсыздыққа әкелетін факторлардың ішіндегі ең бастысы бұл-этносаралық қатынас болып отыр. Өткен жылы Қазақстанда толықтай алғанда этносаралық қақтығыс орын алмады. Бұл мемлекетіміздің ұлтаралық келісімді бекітуіндегі дұрыс қадамдарымен байланысты болып табылады. Яғни, тарихи формалар мен ортодоксальді исламның қазақтардың түсінігінде болмауы, сонымен қатар қазақстан қоғамындағы православиелік ортада діни радикалды дәстүрдің болмауы өзіндік рөлін ойнады. Ұлттық саясат әртүрлі этникалық қауымдастықтың бағытын және өзара байланыстарын реттеп, қызметтерін айқындап отырады. Демократиялық мемлекетте ол былайша түсіндірілмек: құралдар мен әдістер көмегімен этникалық бірлікке негізделген экономикалық, саяси және әлеуметтік тетік, мәдениет пен тіл болып табылады [14].

Осылайша, Қазақстандағы қазіргі жағдайда ортақ ұлттық келісім моделы қалыптасты, оған бірегей деген сипат беруге толық негіз бар. Мұның негізінде танымдық жүйелік құрауыштар бар болып табылады: этникалық, конфессионалдық, мәдени және тілдік көпқұрылымдық түсініктері мемлекеттің даусыз басымдылығы болып есептеледі; Республика территориясында өмір сүретін этностардың тілі мен мәдениетін қолайлы шартпен құру; қазақ этносының шоғырландырушы рөлі; қазақ ұлтының бірлігі.

Әдебиеттер

1 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства».www.akorda.kz.

2 Роль и значение этносов Казахстана при вхождении в число 50-ти конкурентоспособных государств: задачи государства и общества – Алматы: Дом дружбы – центр по исследованию проблем межэтнических отношений. –2008. – С. 89 – 93.

3 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамура, 2003. – С. 125.

4 Официальный сайт Ассамблеи народа Республики Казахстан //http: //assembly.kz/index.php.

5 Лундские рекомендации об эффективном участии национальных меньшинств в общественно-политической жизни с пояснительными примечаниями // Фонд по межэтническим отношениям. – Гаага, 1999.

6 Власов А. Модель построения межэтнического согласия в Казахстане. Астана. 19.05.2009 / http://www.ia-centr.ru/expert/4648/.

7 Межнациональные и межконфессиональные отношения в Республике Казахстан (по результатам социологического исследования): Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК. 2010. – С. 20.

8 Н.А. Назарбаев – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия / сост.: А.Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко. – Алматы, 2010. – С. 268.

9 Религия в современном Казахстане – оценки населения. Результаты социологического опроса. – Алматы: Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан, 2013 г. –С. 5-7.

10 Итоги национальной переписи населения 2009 года. 12.11.2010. http://www.stat.kz/news/Pages/n 2_12_11_10) aspx.

11 Агентство по делам религий Республики Казахстан: http://www.din.gov.kz/rus/dejatelnost_. agentstva/religioznye_obedinenija/?cid=0&rid=451 /).

12 Купагулова Л.Ж. Место этнической толерантности в современном Казахстане. http://www.group-global.org/ru/publication/view/.

13 Международный центр культур и религий: http://www.mckr.kz/ru/religions-in-kz/religions-situation

14 Абдуллина З. Этнодемографическая структура Казахстана и особенности национальной политики в Республике Казахстан // Национальная консолидация Казахстана: проблемы и перспективы: сборник материалов круглого стола (г. Алматы, 28 марта 2013 г.) / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 97.

References

1 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva «Strategija «Kazahstan-2050»: Novyj politicheskij kurs sostojavshegosja gosudarstva».www.akorda.kz.

2 Rol' i znachenie jetnosov Kazahstana pri vhozhdenii v chislo 50-ti konkurentosposobnyh gosudarstv: zadachi gosudarstva i obshhestva – Almaty: Dom druzhby – centr po issledovaniju problem mezhjetnicheskih otnoshenij. –2008. – S. 89 – 93.

3 Nazarbaev N.A. V potoke istorii. – Almaty: Atamura, 2003. – S. 125.

4 Oficial'nyj sajt Assamblei naroda Respubliki Kazahstan //http: //assembly.kz/index.php.

5 Lundskie rekomendacii ob jeffektivnom uchastii nacional'nyh men'shinstv v obshhestvenno-politicheskoj zhizni s pojasnitel'nymi primechanijami // Fond po mezhjetnicheskim otnoshenijam. – Gaaga, 1999.

6 Vlasov A. Model' postroenija mezhjetnicheskogo soglasija v Kazahstane. Astana. 19.05.2009 / http://www.ia-centr.ru/expert/4648/.

7 Mezhnacional'nye i mezhkonfessional'nye otnoshenija v Res-publike Kazahstan (po rezul'tatam sociologicheskogo issledovanija): Nauchnoe izdanie. – Almaty: KISI pri Prezidente RK. 2010. – S. 20.

8 N.A. Nazarbaev – osnovopolozhnik kazahstanskoj modeli mezhjetnicheskogo i mezhkonfessional'nogo soglasija / sost.: A.N. Nysanbaev, A.G. Kosichenko. – Almaty, 2010. – S. 268.

9 Religija v sovremennom Kazahstane – ocenki naselenija. Rezul'taty sociologicheskogo oprosa. – Almaty: Institut mirovoj jekonomiki i politiki pri Fonde Pervogo Prezidenta Respubliki Kazahstan, 2013 g. –S. 5-7.

10 Itogi nacional'noj perepisi naselenija 2009 goda. 12.11.2010. http://www.stat.kz/news/Pages/n 2_12_11_10) aspx.

11 Agentstvo po delam religij Respubliki Kazahstan: http://www.din.gov.kz/rus/dejatelnost_. agentstva/religioznye_obedinenija/?cid=0&rid=451 /).

12 Kupagulova L.Zh. Mesto jetnicheskoj tolerantnosti v sovremennom Kazahstane. http://www.group-global.org/ru/publication/view/.

13 Mezhdunarodnyj centr kul'tur i religij: http://www.mckr.kz/ru/religions-in-kz/religions-situation

14 Abdullina Z. Jetnodemograficheskaja struktura Kazahstana i osobennosti nacional'noj politiki v Respublike Kazahstan // Nacional'naja konsolidacija Kazahstana: problemy i perspektivy: sbornik materialov kruglogo stola (g. Almaty, 28 marta 2013 g.) / pod obshh. red. Z.K. Shaukenovoj. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2013. – S. 97.

Кеңесов А.А.

Халықаралық келіссөздерді зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері

Халықаралық келіссөздердің ғылым және пән ретінде қалыптасып дамуындағы теориялық-әдістемелік негіздер және халықаралық келіссөздерді ғылымның нысаны ретінде зерттеу амалдары аталған ғылымның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мақалада әлемдік саясат теориясындағы халықаралық келіссөздердің алатын орны анықталды. Халықаралық келіссөздер әдістемесінің қалыптасып дамуы бірнеше кезеңдерден тұрады. Халықаралық келіссөздердің теоретикалық-әдістемелік негіздерін зерттеу барысында осы мәселемен айналысатын немесе айналысқан ғалымдардың ой-тұжырымдамалары маңызды болып келеді. Солардың ішінде американдық, еуропалық және ресейлік ғалымдардың теоретикалық-әдістемелік амалдары халықаралық келіссөздердегі саяси шынайылықты түсініп ұғынуға үлкен ықпалын тигізді. Халықаралық келіссөздердің теоретикалық-әдістемелік негіздерінің зерттелуі келіссөздердегі концепциялық мәселелерді түсінуге мүмкіндік берді. Халықаралық келіссөздерде жалпыға ортақ теоретикалық-әдістемелік негіздердің жоқ екендігі анықталды. Халықаралық келіссөздердің теоретикалық-әдістемелік өлшемдері көптеген мәселелерді анықтауда маңызды орын алады. Қазақстандық ғылымда халықаралық келіссөздерді зерттеу барысында оның теоретикалық-әдістемелік негіздеріне өте аз көңіл бөлетіндігі айқындалды.

Түйін сөздер: халықаралық келіссөз, теоретикалық-әдістемелік, қызмет, әдіс, жіктелу, теория.

Kenesov A.A.

Theoretical-methodological bases of international negotiation

This article dedicated to the analyses of theoretical and methodological bases of international negotiation. World outlook and methodological bases of international negotiation consists the complex of philosophic and general theoretical ideas about negotiation. Ideas of politics accumulates in the analyses, approaches and orientations of international political cognition. In modern international negotiation exists various methodological concepts of analyses of international negotiation process. One of the branches of aforementioned science are theoretical and methodological basis which helps to form international negotiations as a study or subject and methods of searching which view international negotiations as a goal of science. This article says about the important and urgent role of international negotiations in the field of world politics. The methodology of international negotiations consists of several stages of formation. Thoughts and hypotheses of scholars concerning the theoretical and methodological basis of international negotiations are significant. Methods of understanding of American, European and Russian scholars helped to find out political reality through the international negotiations. They also helped to make clear conceptual issues in the field of negotiations. At long last the common theoretical and methodological basis of international negotiations was not found. Scholars from Kazakhstan do not pay appropriate attention to the theoretical and methodological basis, says result of searching.

Key words: international negotiation, function, method, theory, classification.

Кенесов А.А.

Теоретико-методологические основы международных переговоров

В данной статье анализируются теоретико-методологические основы международных переговоров. Мировоззренческую и методологическую основу международных переговоров составляет комплекс общетеоретических и прикладных идей о переговорах, аккумулируемых в ее анализе, подходах и ориентациях международной политики. В науке о современных международных переговорах существуют различные методологические концепции анализа переговорных процессов. В статье определено место международных переговоров в системе мировой политики Формирование методологии международных переговоров состоит из несколько этапов. При этом мысли американских, европейских и российских ученых дают возможность понять концепции теоретико-методологических основ международных переговоров.

Ключевые слова: международные переговоры, функция, метод, классификация, теория.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 327:341.24

Кеңесов А.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: askhat-kenesov@mail.ru

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Келіссөз-адам қызметінің ескі түрлерінің бірі. Ол серіктестікті орнату мен қақтығысты шешуге бағытталған әрекет. Келіссөздің түп тамыры құқықтық үрдістердің пайда болғанына дейін өмір сүрген адам қызметі. Дегенмен, қазіргі таңда халықаралық келіссөз тәжірибесі үлкен өзгерістерге ұшырады және өзінің мәселелерін кеңейтті.

Халықаралық келіссөздер көптеген ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Олар: Әлемдік саясат, Халықаралық қатынастар тарихы, Халықаралық қатынастар теориясы, Халықаралық құқық, Психология, Саясаттану және т.б. демек, аталған ғылымдар халықаралық келіссөздерді зерттеуде әртүрлі міндеттер мен мақсаттар қояды және халықаралық келіссөздердің әр алуан аспектілерін зерттейді. Саясаттану ғылымының шеңберінде халықаралық саясатта, мемлекеттік және мемлекеттік емес авторлардың қызметтері және олардың әрекеттері нәтижесінде пайда болатын саяси процестер зерттеледі. Сондықтан, келіссөз жоғарыда аталған процесстердің маңызды қызметтерінің немесе түрлерінің бірі болып табылады. Демек, халықаралық келіссөздердің теоретикалық-әдістемелік негіздерін зерттеу мазмұнды аспектілерін (келіссөз не туралы жүруде), процессуалды жағын (келіссөз қалай жүруде) және процедуралық сұрақтар (келіссөз қандай тәртіптермен жүруде) деген сияқты негіздерді меңзейді. АҚШ мемлекеттік хатшысы болған Г. Киссинджер бойынша «келіссөздің жүру барысында, оның тақырыбы маңызды болып табылады» [1]. Дегенмен, келіссөздерді зерттеуде оның мазмұндық негіздері зерттеушілердің назарында аса көп болады. Сондықтан, халықаралық келіссөздердің процессуалды аспектісі назардан тыс қалуда. Өйткені, аталған аспекті халықаралық келіссөздердің тәжірибелік негізін құрайды. Біздің мақаламыз осы мәселелерге арналған. Дегенмен, келіссөздердің технологиясын барлық келіссөз қызметінен бөліп қарастыру мүмкін емес.

Халықаралық, келіссөздердің келесі аспектілерін көрсетуге болады:

Мазмұндық (келіссөз не туралы);

Процессуалды немесе технологиялық (келіссөз қалай жүруде);

Процедуралық (келіссөз қандай тәртіпте жүруде).

Енді халықаралық келіссөздер ғылыми зерттеудің негізіне қалай айналды және оған ықпал еткен факторларды талқылап көрелік. Халықаралық келіссөз процесін бірінші болып сипаттаған оған баға берген фанцуз ғалымы, XYIII ғасырдың дипломаты Франсуа де Кальера болды. Оның еңбегі 1714 жылы жарық көрді және ол «Мемлекеттермен келіссөз жүргізудің амалдары» деп аталды. Осыдан кейін 200 жыл бойы келіссөз ғылым, пән және мәселе ретінде қарастырылмады, яғни кітаптар, мақалалар жазылмады. Тек қана XX ғасырда халықаралық келіссөздер мәселесі зерттеушілердің назарын аудартады. Бұл орайда классикалық еңбекті Г. Никольсон жазды ол, «Дипломатия» деп аталды және 1941 жылы жарық көрді. Г. Никольсон Оксфорд сөздігіне сілтеме жасап дипломатияға келіссөздер негізінде классикалық анықтама береді, яғни «Дипломатия-бұл халықаралық қатынастарды келіссөз арқылы жүргізу; елшілер мен уәкілдер арқылы қатынастарды реттейтін әдіс; дипломаттың жұмысы немесе өнері» [2]. Жалпы келіссөздер процесін зерттеудің ғылыми бағыттары XX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл процеске ықпал еткен басты факторларға екі дүниежүзілік соғысты, ядролық қарудың пайда болуын, қырғи-қабақ соғысының жүруін жатқызуға болады. Дегенмен, XX ғасырдың 50-60 жылдары тек ғана халықаралық келіссөздер емес, сонымен қатар сауда, кәсіпкерлер, кәсіподақтар және т.б. келіссөздер зерттеле бастайды. Осы кезде халықаралық келіссөздерді зерттеуде негізгі әдіс ретінде салыстырмалы әдісі қолданылды. Бұл әдіс сол кезде халықаралық келіссөздердің жүру барысындағы ортақ заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл халықаралық келіссөздерді зерттеудің алтын ғасыры деп атасақ та болады. Осы кездің көрнекті өкілдері ретінде С. Сиджел, Л. Фурекер, Ч. Осгуд, А. Лол секілді ғалымдарды көрсетеміз. Алғашқы кезде келіссөздерді зерттеуде бихевиористік парадигма үстемдік етті. Негізінде, ұтыс максималды болу үшін келіссөздерді жүргізуде адамдардың мінез-құлқы қалай болу керек деген мәселелер қарастырылды. Аталған уақытта келіссөздерді жүргізуде мінез-құлықтық заңдылықтарды анықтау мақсатында эксперименталды ойын модельдеріне байланысты көптеген жұмыстар пайда болды. XX ғасырдың 70-80 жылдарында халықаралық келіссөздер процесін зерттеуде жаңа тенденциялар дүниеге келеді. Көп жағдайда бұл әлемдік аренадағы өзгерістерге байланысты болды. Соның ішіндегі негізгі фактор, халықаралық шиеленіс және европалық интеграцияның күшеюі болатын. Ғылыми жұмыстарда келіссөз жүргізу барысында мәселені бірігіп серігімен талдау (joint problemsolving) түрлері көбірек қарастырылады. Келіссөздегі ұтыс, бұл жағдайда мүдделердің өзара қанағаттануымен есептелді. Алғашқылардың бірі болып аталған амалды Гарвард университеті экономика факультетінің профессоры Г. Райфф ұсында. Ол өзінің ойларын 1972 жылы жарық көрген «Келіссөздер: өнер және ғылым» кітабында тұжырымдады.

1972 жылы Лаксенбургте Қолданбалы жүйелі талдаудың халықаралық институты ашылады (International Institute of Applied System Analysis). Бұл институттың негізгі идеясы, әртүрлі елдердің ғалымдары соның ішінде КСРО мен АҚШ, ғаламдық мәселелерді зерттеу бойынша серіктес болу еді. Бірінші директор болып Говард Райфф сайланды. Ол келіссөз мәселесінің әрі қарай зерттелуіне жаңа жолдар мен мәселелер ашып берді. Институт жанынан халықаралық келіссөз процесін зерттеудің жобасы ашылады (Processes of International Negotiation, PIN). Гарвард университетінің профессоры Р. Фишер мен У. Юри, Г. Райффдың идеясын негізге алып, ортақ мәселені шешуге бағытталғанда келіссөздерде қатысушылар мүддеге басты назар аударады, ал олардың қалыптасқан бағыты маңызды емес, деп есептейді. Олардың кітабы «Getting to Yes» («Келісімге жол, немесе Жеңіліссіз келіссөз») 30-дан астам тілдерге аударылды. Олардың еңбегіндегі принципиалды келіссөз идеясы көптеген ғалымдардың арасынан қолдау тапты және бірқатар елдерге танымал болды [3]. Әрі қарай Р. Аксельродтың зерттеуі көрсеткендей қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланысында бір реттік ұтыс мағынасыз болып табылады. Аталған жылдары, зерттеушілердің назары келіссөз процесінің құрылымына аударыла бастайды. Онда әртүрлі құрамдас бөліктер анықталды: кезеңдер, тактикалық амалдар, қызметтің жүру жағдайы және т.б.. Осыған қарамастан зерттеушілер назарларын шынайы келіссөздердің тәжірибесіне аударады [4]. Толықтай алғанда келіссөздерге байланысты жобалар бірқатар елдерде соның ішінде АҚШ мен КСРО-да дами бастады. 1980 жылдары келіссөздерді зерттеудің өркендеу кезеңі болатын. Себебі, осы уақытта келіссөздерді жүргізу технологиялары нәтиже бере бастаған болатын. Сонымен қатар аталған кезең келіссөз тарихында «келіссөз дәуірі» деген атпен

белгілі. 1990 жылдары келіссөздерді зерттеудің қайшылықты кезеңі болды. Біріншіден, «Қырғи-қабақ» соғысының аяқталуы, халықаралық қатынастардың кеңеюі екіншіден, бейбіт жолмен реттеуді қажет ететін көптеген этникалық қатығыстардың пайда болуы келіссөз жүргізуде ұлттық стильге назар аударта бастады. Келіссөз жүргізу тақырыбының өсуі сол кездегі пайда болған халықаралық және әлемдік мәселелерге негізделіп отырды. Олардың қатарында: экологиялық, экономикалық, қауіпсіздік және т.б. мәселелер болды. Әлемдік арена мен халықаралық қатынастарда мемлекеттік емес акторлар пайда болды. Олар өз кезегінде кәсіби дипломат немесе саясаткер болып табылмады. Жаңадан пайда болған мемлекеттік емес акторлардың халықаралық мәселелерді шешудегі әрекеттері ресми емес дипломатияның немесе «дипломатияның екінші бағытының» (track two diplomacy) дүниеге келуіне ықпал етті. Оның дәстүлі дипломатиядан ерекшелігі, келіссөз процедурасы ресми емес тұлғалар арасында жүрді. Бұрынғы АҚШ елшісі, мемлекеттік департаментте 40 жыл еңбек еткен Дж. Макдоналд, кейін педагогикалық және зерттеу жұмысымен айналысады. Ол «дипломатияның екінші бағытын», «коммуникация мен түсіністікті жақсарту арқылы қақтығысты шешу мен шиеленісті төмендетуге бағытталған үкіметтік емес, формалды емес, ресми емес жеке тұлғалардың өзара әрекеттесуі» деп анықтайды [5]. Аталған автордың ойын «екінші бағыттағы дипломатияны» жақтаушылардың бірі Дж. Монтвилль былай деп толықтырады: «бір біріне жау қауым немесе ұлт мүшелері арасындағы ресми емес, формалды емес өзара әрекеттердің мақсаты стратегия жасау, қоғамдық пікірге ықпал ету және қақтығысты шешуге мүмкіндік беретін адами және материалдық қорларды ұйымдастыру болып табылады» [6].

Ғаламдық процестің екпінді жүруімен және жаһандық мәселелерді шешу қажеттілігінің туындауына орай көпжақты келіссөздер мен жоғарғы деңгейдегі келіссөздер дами бастайды және зерттеушілердің назарына түседі. XX ғасырдың 90 жылдарының ортасына орай зерттеушілер тарапынан келіссөздерге деген қызығушылық төмендейді, оған басты себеп, көптеген басқаруға келмейтін қақтығыстардың пайда болуы. Бұл процесс көптеген ғалымдардың назарын келіссөз мәселесінен қақтығысты реттеу мен шешу мәселесіне аударды. 2000 жылдардың басында әлемдік және халықаралық аренада АҚШ үстемдігінің өсуіне орай халықаралық деңгейдегі қақтығыстарды шешу мәселесі өзектіленіп келіссөз сұрақтары екінші рөлде қалды. Соныен қатар, аталған кезеңдегі қақтығыстарды шешуде келіссөз тиімсіз болды.

КСРО-да келіссөзді зерттеу сыртқы саяси саламен щектеліп отырды. Ішкі жағдайда нарықтың экономиканың болмауы, бірпартиялық саяси жүйенің үстемдігі және т.с.с. келіссөздерді қажет етпеді. Келіссөздерге қатысты алғашқы жұмыстар кеңестік әдебиетте келіссөз мәселесінің ғылыми негізделуіне дейін пайда болды. Онда, жалпылама түрде келіссөздің жүру процестері, қатысушылардың позициялары мен келіссөздің нәтижелері тарих ғылымының шеңберінде қарастырылды. Шын мәнінде, бұл жұмыстар дипломатияға арналған аударылған еңбектер болды. Аталған жұмыстарда халықаралық келіссөздер мемлекет аралық істерді жүргізудің негізгі әдісі ретінде қарастырылды. Кеңес Одағында келіссөздерді зерттеудің өзіндік ерекшеліктері болды. Солардың бірі зерттеудің тек қана халықаралық салаға бағытталуы және тек қана Мәскеу төңірегінде шоғыралнуы. Бұл зерттеулер келіссөздерді тереңірек және кеңірек зерттеудің негіздеріне айналды. Екінші дүниежүзілік соғысы аяқталғанан кейін БҰҰ қызметінің басталуына байланысты КСРО-да зерттеулер жүрргізіле бастайды. Олар көпжақты және халықаралық ұйымдар келіссөздері негізінде жүріп отырлы. Бұл зерттеулер келіссөздердің құрылу қызметіне емес, ал көпжақты келіссөздер мен конференциялардың жүру тәртібіне бағытталды [7]. Уақыт өте келе келіссөздердегі процедуралық мәселелер құқық пәнінің негізінде қарастырыла бастайды. 1970 жылдардағы халықаралық аренадаға саяси оқиғалар халықаралық келіссөздерді зерттеуге итермелейді. Кеңес Одағында халықаралық қатынастыр мен келіссөздер мәселесіне байланысты шетелдік авторлардың еңбектерін аударып зерттей бастайды. Келесі қадамдардың бірі елдегі ЖОО мен Сыртқы істер министрлігі жанынан зерттеу институттарының ашылуы жүрді. Сонымен КСРО-да келіссөздерді зерттеу келесі бағыттар бойынша жүгізілді: келіссөздердегі қатысушылардың ұстанған бағыттары, оларды бағалаудың компьютерлік модельдері жасалды, келсі, келіссөз тактикаларын талдау бағыты және т.б.. Кеңес Одағының келіссөздерді зерттеуде басқа елдерден ерекшелігі, келіссөз жүргізу барысындағы тактикаға аса назар аударуы. Ол туралы американдық зерттеуші П. Бенетт былай деп жазады: «тактикалық амалдарды зерттеуде кеңестік зерттеушілер

американдықтарға қарағанда дамып кетті» [8]. АҚШ мен Канада институтында В. А. Кременюк халықаралық келіссөздерді қалыптастыру идеясын ұсынады, ол бойынша конфликтілерді шешуде формалды және формалды емес процедураларды біріктіру керек. Бұл серіктестікке, күш қолданбауға және мәселені шешуде ортақ шешім қабылдауға шақырады. Кеңес Одағында 80 жылдардың аяғы мен 90 жылдардың басында көптеген шектеулер шешіліп қатал марксистік идеядан арылу жүреді. Гуманитарлы ғылымдар батыстық ғалымдардың еңбектеріне назар аудара бастайды. Сонымен қатар, елдегі кәсіпкерліктің дамуы, көптеген келіссөздердің жүруі және әлеуметтік негіздегі этникалық конфликтілердің пайда болуы келіссөздің маңыздылығын арттыра түсті. Конфликтілерді бейбіт жолмен шешу, халықаралық аренадағы саяси өзгерістер келіссөздердің ғылыми нысана ретінде зерттелуіне жол ашады. Осы орайда келіссөз мәселесімен бірінші болып халықаралық қатынастар жүйесінде қызмет еткен адамдар ғылыми зерттеулермен айналыса бастады. Сол кезде халықаралық қатынастарға негізделген ғылыми журналдар «Халықаралық өмір», «Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар», «АҚШ: экономика, саясат, идеология» келіссөздер бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелерін шығара бастады. Көптеген авторлар өздерінің мақалаларында халықаралық келіссөздерге қатысты еңбектердің нәтижелерін келіссөз жүргізудің тәжірибесіне енгізгісі келді. Сонымен қатар шетелдік ғалымдардың мақалалары жарық көре бастайды және келіссөздер бойынша бірқатар шетелдік авторлардың еңбектері аударылады. Бұл уақытта халықаралық келіссөздерді халықаралық қатынастар шеңберінен тыс қарастырады және келіссөз позициясын таңдауда технологиялық тұрғыдан шығып стратегия мен тактиканы да аз зерттейді. Басты назарды әлемнің даму тенденциясына аударады және осының негізінде келіссөздердің ерекшеліктерін қарастырады. Нәтижесінде оқулықтар мен монографиялар жазылады. Солардың бірі ретінде В.А. Кременюктің редакциясымен шыққан «Халықаралық келіссөздер: талдау, амалдар, мәселелер» монографиясын атауға болады.

Қазіргі таңда келіссөздер бойынша кеңес беру орталықтары, зерттеу жобалары көп. Солардың ішіндегі ең ірілерін атап өтуге болады.

Гарвард университеті Құқық мектебінің келіссөздер бойынша жобасы;

Келіссөздер бағдарламалары бойынша Қолданбалы зерттеудің халықаралық институты, Лаксенбург;

Нидерланд Клингендаел халықаралық қатынастар институты;

Қазақстанда келіссөздер мәселесі әлі де болса аз зерттеліп отырған салалардың бірі болып табылады. Біздің елде келіссөз мәселелерімен тек қана бірқатар зерттеушілер айналысады.

«Келіссөз» түсінігі еуропалық мәдениетте ағылшынның «negotiation» және француздың «negociation» сөздерінің баламасы, ол латын тілінде «negotium: nec, ni – «жоқ» и otium – «демалыс») дегенді білдіреді. Бұл ұғымның ерте қолданылуы саудамен және саудагерлердің қызметімен байланысты. Фрнацузша «negociant», ағылшынша «negotiant» – саудагер, негоциант мағынасын береді.

Жалпы келіссөз процесін зерттеу барысында осы міселелерге байланысты шығарылған әдебиеттерді төрт ірі топқа бөлуге болады.

Бірінші топ, жалпы теоретикалық-әдістемелік. Бұл жерде басты назар келіссөздің теоретикалық және әдістемелік заңдылықтарын зерттеумен шектеледі.

Екінші топ, «әрекетке жетекшілік» деп атауға болады. Себебі, екінші топта нақты кеңестер, келіссөз жүргізу барысындағы амалдар және т.б. технологиялық әдістер зерттеледі.

Үшінші топ, ойын теориясы саласындағы зерттеулер, яғни математиктер мен экономистер тобы. Олардың басты мақсаты келіссөздің математикалық моделін жасау және сол арқылы келіссөздің нәтижесін анықтау.

Төртінші топ, психологиялық еңбектердің жиынтығы. Олар келіссөз қатысушыларының қағидаларын және психологиялық аспектілерін зерттейді. Сонымен қатар бұл топтың негізгі бағыттары төмендегідей:

Нақты жағдайды талдау, келіссөзге қатысушыларға мінездеме беру;

Құрылым, келіссөз кезеңдері;

Келіссөздерде қолданылатын тактикалық амалдар;

Келіссөз жүргізудің процедурасы және ұйымдастыру;

Келіссөздегі делдалдық институты;

Келіссөз жүргізудің ұлттық ерекшеліктері;

Келіссөзге қатысушылардың талқыланатын мәселені қабылдаудағы психологиялық ерекшеліктері және мінез-құлықтары [9]. Жалпы келіссөздерді зерттеудің әдістеріне орай қазіргі таңда екі үлкен топқп бөлуге болады.

Бірінші, дәстүрлі бағыт немесе тарихи-сипаттау. Бұл бағытқа кәсіби саясаткерлер мен дипломаттардың еңбектері жатады. Аталған адамдар өз қызметтерінде келіссөз жүргізді немесе олардың жүру барысында бақылады. Сонымен қатар, тарихшылар мен халықаралық қатынас мамандарын енгізуге болады.

Екінші модернистік немесе операционалды-қолданбалы. Бағыт әлеуметтану, математика, психология, экономика, саясаттану ғылымдардың тоғысында пайда болды. Әрбір ғылым келіссөз жүргізуде өзіндік әдістерді пайдаланады. Келіссөзді зерттеудің негізгі әдістері келесідей: бақылау, құжаттарды зерттеу, сауалнама және сұхбаттасу, естеліктерді талдау, контент талдау, ивент талдау, когнитивті карта жасау, ойындық модельдеу.

Бақылау, зерттеу әдісі ретінде бақылау субъекісі болады ол, келіссөзге қатысушы және бақылау объектісі, ол келіссөз процесі және бақылау құралдары. Бақылау тіке болуы мүмкін, яғни бақылаушы келіссөзде делдал болып табылады және сыртқы теледидар, радио, интернет және т.б. арқылы бақылау және қосылған, яғни бақылаушы келіссөзге қатысушы адам.

Келіссөзді зерттеуде кең тараған және көп қолданылатын әдістердің бірі ретінде әлі күнге дейін құжаттарды зерттеу болып табылады. Біріншіден зерттеушілерді қызықтыратын келіссөздің стенограммасы және қорытынды құжаттар.

Сауалнама және сұхбаттасу жанама бақылаудың бір түрі болуы мүмкін, өйткені ақпарат сауалнама мен сұхбат арқылы алынуы мүмкін. Көп жағдайда зерттеу барысында ақпаратты естеліктерден соның ішінде дипломаттардың естеліктерін көбірек алуға болады. Бұл деректің маңыздылығын естеліктердегі ақпараттардан анықтауға болады, өйткені оларды басқа дерек көдерінде жоқ ақпараттар кездесуі мүмкін. Айталық, тактикалық амалдар, келіссөз жүргізудегі технологиялар және т.б.. Дегенмен, ондай ақпараттардың субъективтілігі басым болғандықтан аса сақ болу қажет.

Контент талдау әдісін бірінші рет 1949 жылы американдық зерттеуші Г. Лассуэл қолданып сипаттаған болатын. Бұл әдіс жазба немесе текстік құжаттарды талдауда көп кездесетін және қайталанатын сөздерге аса мән беріп нәтиже шығаруға негізделген.

Ивент талдау ақпаратты өңдеудің әдісі. Бұл әдісте мәліметтерді жүйелеумен өңдеу келесі белгілер бойынша жүргізіледі.

1. субъект-инициатор (кім?);
2. сюжет немесе сұрақ (не?);
3. субъект-нысана (кімге қатысты);
4. уақыт, күн, оқиға (қашан?).

Жоғарыда көрсетілгендей етіп жүйеленген мәліметтер матрицалық кестеге салынады және ЭВМ арқылы есептелінеді [10].

Когнитивті карта жасау. Бұл әдісті американдық зерттеуші Р. Аксельрод ұсынған болатын, яғни әдіс бойынша келіссөзде талқыланып отырған мәселені қай қатысушы қалай қабылдайды деген негізде талдау жасау. Келіссөзге қатысушылардың негізгі ұғымдарды қалай түсініп отырғанын айқындап олардың арасындағы байланыстарды анықтау арқылы карта жасау. Карта өз кезегінде талқыланып отырған мәселені қатысушылардың қалай қабылдап отырғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Модельдеу келіссөзді зерттеудің әдісі ретінде жасанды, идеалды және ойдағы жағдайларды құру және келіссөз жүргізудің идеалды моделін жасау.

Келіссөз бірінші кезекті адам қызметі. Ол дипломатиямен тығыз байланысты. Дипломатия келіссөз жүргізудің өнері болса, келіссөз тиімді қарым-қатынас өнері. Халықаралық құқық сөздігінде халықаралық келіссөзге төмендегідей анықтама беріледі: «Пікір алмасу, сұрақтарды шешу, түсініспеушілкті реттеу, әртүрлі салада серіктестікті орнату және дамыту, халықаралық келісімге қол қою және т.б. мақсаттағы мемлекеттер арасындағы қатынастың негізгі түрлерінің бірі» [11].

Келіссөздің сипаттамасы төмендегідей:

1. Мәселенің болуы. Мәселенің болуы кез келген келіссөздің алғышарты болып табылады.

2. Келіссөзге қатысушылар мүдделерінің ұқсастығы мен қарама-қарсылығы. Бұл келіссөздің ең негізгі ерекшеліктерінің бірі. Қатысушылар мүдделерінің ортақ болуы бейтараптыққа алып келеді, ал қарама-қайшы келуі конфрантацияны тудырады. Келіссөз процесін зерттеуші Ф.Ч. Икле айтқандай келіссөзге қатысушыларда бірінші кезекте мүдделері ортақ және бір-біріне қарама-қарсы болу керек [12]. Бұл мәселеге американдық ғалымдар Р. Фишер мен У. Юри назар аударады. Олардың айтуы бойынша келіссөздер келісімділікке бағытталады, яғни сіздің мүддеңіз және қарсыластың мүддесі жартылай ортақ және жартылай қарсы келгенде ғана келіссөз болады. Ал мүдделердің әртүрлі болуы екі жақтың бір-біріне деген қарама-қайшылығын көрсетпейді. Ресейлік зерттеуші В.В. Удалов атап өткендей мүдделердің арасында бірін-бірі жоққа шығару және қиылыспайтын

мүдделер маңызды. Егер бірін-бірі жоққа шығаратын мүдделер болса, онда келіссөзге қатысушылар бір нәрсені қалайды. Кең тараған мысалдардың бірі белгілі бір жерге талас-су. Қиылыспайтын мүдделер басқа жақтың мүдделеріне еш қайшы келмейді.

3. Келіссөзге қатысушылардың бір-біріне тәуелділігі. Келіссөзге қатысушыларды бір-біріне тәуелді ететін жағдай, ол өз мүдделерін жалғыз жүзеге асыра алмауы. Демек, бір-біріне тәуелділік жоғары болған сайын, келіссөздің сәтті аяқталу мүмкіндігі де жоғары немесе керісінше.

4. Қиын құрылым. Көптеген ғалымдар келіссөз процесін үш кезеңге бөліп қарастырады: дайындық, өзара әрекеттесу немесе келіссөз және имплементация.

5. Келіссөзге қатысушылардың сөйлесуі. Кез келген келіссөз белгілі бір мәселені талқылау, сондықтан сөйлесу келіссөздің ажырамас, әрі негізгі бөлігі болып табылады. Басқаша айтқанда, сөйлесусіз ешқандай келіссөз болмайды.

6. Мәселені бірігіп шешу. Бұл келіссөздің маңызды беліглерінің бірі және өзара әрекет етудің басқа амалдарынан осы арқылы ерекшеленеді. Сонымен, келіссөз-бұл екі жақтың диалогы, өзара тиімді шешімге қол жеткізу үшін идеяны, ақпаратты және баламаны талқылау.

Келіссөздерді жіктеу түрлерге бөлудің өлшемдеріне байланысты. Ол белгілі бір жүйеге негізделіп анықтау. Бұл жағдай логикада бөлудің негіздері деп аталады. Келіссөздерді бөлудің негіздеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

Қатысушылардың келіссзге деген мүдделігі;

Келіссөздегі уәкілдердің деңгейі;

Келіссөзге қатысушылардың қажеттіліктері;

Талқыланатын мәселелер;

Келіссөзге қатысушылардың саны;

Келіссөздің жүру жүйелігі;

Келіссөздің түрі.

Американдық ғалым Дж. Дин келіссөзге қатысушылардың қызығушылығына орай келіссөзді үшке бөліп қарастырады:

Қатысушылар немесе қатысушылардың бірі келіссөздің жағымды нәтижесіне қызықпайды.

Қатысушылардың келіссөздің нәтижесіне бірқалыпты қызығушылық тудыруы.

Қатысушылар мәселенің шынайы шешілуіне мүдделі [13]. Келіссөздегі уәкілдердің деңгейіне байланысты келесідей бөліп қарастыруға болады:

Саяси келіссөздер;

Дипломатиялық келіссөздер;

Саяси келіссөздер жоғарғы деңгейде, яғни саммиттер, мемлекет пен үкімет басшылары қатысады және жоғары деңгей, бұнда сыртқы істер министрлігі арасында жүреді. Саяси келіссөздерде халықаралық және мемлекетаралық қатынастардағы маңызды мәселелер қарастырылады. Бұл келіссөзге қатысушылар арнайы құзіреттерді қажет етпейді, себебі олар өз елдерінің ұлттық мүдделеріне орай дербес шешім қабылдай алады. Дипломатиялық келіссөздер дипломатиялық өкілдер негізінде жүргізіледі. Олардың ерекшелігі, келіссөзге қатысушылар нақты нұсқа негізінде әрекет етеді және дербес шешім қабылдай алмайды. Француздық ғалым Ж.-И. Нирамбер келіссөзге қатысушылардың қажеттіліктеріне байланысты оны бес түрге бөліп қарастыруды ұсынады. Олар төмендегідей:

1. Келіссөзге қатысушы қарсыластың қажеттілігін қанағаттандыратын келіссөздер;

2. Келіссөзге қатысушы, қарсыласқа өзінің қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді;

3. Қатысушы өзінің және қарсыластың қажеттілігін қанағаттандыруға тырысатын келіссөз;

4. Қатысушы қарсыластың қажеттілігін қабылдайтын келіссөздер;

5. Қатысушы қарсыластың және өзінің қажеттіліктерін қабылдайтын келіссөздер.

Жалпы келіссөзде талқыланатын мәселеге байланысты оларды төмендегідей жіктеуге болады:

Экономикалық мәселелер бойынша жүретін келіссөз;

Әскери мәселе бойынша жүретін келіссөдер;

Экологиялық мәселелер бойынша жүретін келіссөздер;

Гуманитарлық мәселелер бойынша жүретін келіссөздер;

Саяси мәселелер бойынша жүретін мәселелер және т.б.. [14].

Келіссөзге қатысушылардың санына байланысты, екі жақты және көпжақты деп бөлінеді. Мысалы, БҰҰ Бас Ассамблеясының келіссөдері, конференция және сессиялар.

Келіссөздердің жүру түрлері:

1. Конгресстер;

2. Саммиттер;

3. Конференциялар;

4. Кездесулер;

5. Сессиялар;

6. Отырыстар және т.с.с.. Дегенмен, жоғарыда көрсетілген жіктеулер шартты болып табылады. Өйткені, бір келіссөзді бірнеше өлшемдер бойынша жіктеуге болады. Сонымен қатар келіссөзді жіктеу барысында оларға қатысты өлшемдерде көптеп кездеседі.

Келесі мәселе келіссөздердің қызметтері және олар не үшін жүргізіледі? Кез келген келіссөздің басты қызметі болады, ол ортақ талқылау және келісім арқылы ортақ шешім шығару. Дегенме, кез келген келіссөз басты қызметтерден басқа да қызметтерді атқарады. Жалпы келіссөзде қызметтерді таңдау барысы олардың мақсаты мен міндеттеріне және сипатына байланысты анықталады. Бірқатар зерттеушілер, келіссөздің келесі қызметтерін көрсетеді:

Ақпараттық-коммуникативті;

Реттеушілік;

Насихаттық;

Сыртқы және ішкі міндеттерді шешу қызметі;

Координациялық.

Ақпараттық қызмет келіссөзде қарастырылатын мәселеге байланысты қатысушылардың көзқарастарын анықтау және өз мүдделері мен мәселелері туралы ақпарат беру. Коммуникативті қызметте көзқарастарды талықалуда байланыс каналдарын орнату маңызды. Шын мәнінде ақпараттық-коммуникативті қызметтер бірбірімен жиі араласып отырады және бірдей жүзеге асырылады.

Сондықтан, оларды бірге қарастырамыз. Американдық ғалым Г. Уинхем, аталған қызметтердің ерекшелігін және маңыздылығын айта келе былай дейді, «келіссөз ақпараттық екі жақтың позицияларын анықтау арқылы түсініксіздікті жоюшы процесс, нәтижесінде келіссөздің басты қызметін жүзеге асырады-мәселені бірігіп шешеді» [15].

Реттеушілік қызметтің мәні, келіссөздегі қатысушылардың әрекеттерін реттеу және бақылау болып табылады. Бұл қызмет көп жағдайда келісімнің жүзеге асуын тексеру барысында пайдаланылады. Насихаттық қызмет, қоғамдық пікірге ықпал ету, қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағытталады. Қызметтің басты мақсаты өздерінің келіссөздегі ұстанған немесе ұстанатын бағыттарын түсіндіру және әрекеттерін ақтау болып табылады. Аталған қызмет көп жағдайда БАҚ, пресс-конференциялар, прессрелиздер, теледидар, радио арқылы жүзеге асырылады. Жалпы кез келген келіссөздің жүру барысында үш негізгі кезеңді бөліп көрсетуге болады. Олар:

Қатысушылар бір-бірінің мүдделерін, көзқарастарын, концепцияларын және позицияларын бірігіп зерттейді;

Қатысушылардың позициялары мен көзқарастарын бірігіп талқылау;

Ортақ және әртүрлі мүдделерді анықтау. Бұл кезең екі фазадан тұрады: бірініші, ортақ формуланы шығару және екінші, келісімнің толық нұсқасын жасау [16]. Келіссөз саласының беделді зерттеушілерінің бірі американдық ғалым Б. Спектор келіссөзді зерттеудің нәтижелерін ескере келе төмендегідей тұжырымға келеді. «Келіссөз жүру барысында позицияның қаюы жүреді, өз «беделдерін» сақтауға ынта жоғары болады. Нәтижесінде келісімге келу өте қиынға соғады. Айталық, келіссөзге қатысушы басқа жақтың, өзіне қарағанда үлкен билік қоры бар екендігін ескерсе, онда ұстанған және ұстанатын позицияның қатаюы одан әрі күшейе түседі. Сонымен қатар, екі жақтың арасындағы коалиция барысында өзінде билік қоры аз деп санайтын қатысушы аталған динамикаға барынша қарсы келуге тырысады және мүмкіндігінше қарсы келеді де» [17].

Толықтай алғанда халықаралық келіссөздерді зерттеудің теоретикалық-әдістемелік негіздерін зерттеу барысында анықтағанымыз, бұл мәселенің теориялық, әдістемелік және концепциялық негіздері қалыптасып дамуда. Әрине бұл процесс әр елде әртүрлі жүріп келеді. Жоғарыда көрсетілгендей аталған мәселенің пионерлері ретінде шетелдік мектептерді атауға болады. Біздің елімізде әлі де болса, келіссөз мәселесі кенже қалуда. Дегенмен, еліміз дамыған отыз елдің қатарына қосылу барысында және халықаралық қарым-қатынасты күшейту процесінде кішкене болса да жетістіктерге жетуде. Оған дәлел ретінде біздің елмен шетелдік мемлекеттердің арасындағы көптеген келісім шарттарды, ресми және ресми емес келіссөздерді және т.б. атауға болады. Сондықтан, елімізде келіссөзді ғылым және пән ретінде оқуға толықтай мүмкіндігіміз бар және сол мүмкіндікті жүзеге асыратын мамандар дайындау қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1 Лебедева М. М. Технология ведения переговоров: учеб. пособие для студентов вузов. – М.: Аспект Пресс, 2010. – 10 с.

2 Никольсон Г. Дипломатия. – М.: ОГИЗ, 1941. – С. 20.

3 Лебедева М. М. Технология ведения переговоров: учеб. пособие для студентов вузов. – М.: Аспект Пресс, 2010. – 13 с.

4 Қараңыз: Ikle' F. Ch. How Nations Negotiate. N.Y. a.o.: Harper & Row, 1976; Zartman I. W, Berman M. R. The Practical Negotiator. New Haven: Yale University Press, 1982.

5 McDonald J. Introduction // Conflict Resolution: Track Two Diplomacy / Ed. by J. W. McDonald, D. B. Bendahmane. Wash., D.C.: Foreign Service Institute US Department of State, 1987.

6 Montville J. V. The Arrow and the Olive Branch: A Case for Track Two Diploma* cy // The Psychodynamics of International Relationships. Vol. II: Unofficial Diplo* macy at Work / Ed. by V. Volkan, J. Montville, D. Julius. Lexington*Toronto: Lexing* ton Books, 1991. P. 161–175.

7 Цыганков П. А. Международные отношения. – М.: Новая школа, 1996. – С. 279.

8 Bennet P. R. Russian Negotiatiating Strategy: Analytic Case Studies from SALT and START. N.Y.: Nova Science Publishers, 1997.

9 Шеретов С.Г. Ведение международных переговоров: учебное пособие. – Алматы: Данекер, 2004. – 7 с.

10 Загорский Ан.В. Методологические и методические аспекты формирования переговорной концепции и оценки предложений партнера по переговорам /под ред. И.Г. Тюлина // Системный подход: анализ и прогнозирование международных отношений. – М.: МГИМО, 1991. – С. 59-77.

11 Лебедева М.М. Отечественные исследования процесса ведения переговоров: истории развития и перспективы // Вестник МГУ. Сер.18. Социология и политология. – 2000. – N 1. – С.154-165.

12 Ikle F.Ch. How Nations Negotiate. N.Y.a.o., Harper & Row, 1976.

13 Хрусталев М.А. Методология анализа международных переговоров // Международные процессы. – 2006. – Т. 4. – №13.

14 Шеретов С. Г. Ведение международных переговоров: учебное пособие. – Алматы: Данекер, 2004. – 19 с.

15 Линецкий А.Ф. Роль международного этикета и протокола в развитии внешнеэкономических контактов // Известия Уральского государственного университета. – 2009. – №1/2 (64).

16 Кузин Ф.А. Делайте бизнес красиво. Этические и социально-психологические основы бизнеса. – М., 1995.

17 Spector B. Negotiation Consulting: Applying Theory and Research to Practice // American Behavioral Scientist, Sage Publications, 2000. Vol.43. #10. August 2000. – P.1683.

References

1 Lebedeva M. M. Technology negotiation: Textbook. A manual for students. – M.: Aspect Press, 2010. –10 P.

2 Nicholson G. Diplomacy. M.: 1941. P. 20.

3 Lebedeva M. M. Technology negotiation: Textbook. A manual for students. – M.: Aspect Press, 2010. –13 P.

4 Look: Ikle' F. Ch. How Nations Negotiate. N.Y. a.o.: Harper & Row, 1976; Zartman I. W, Berman M. R. The Practical Negotiator. New Haven: Yale University Press, 1982.

5 McDonald J. Introduction // Conflict Resolution: Track Two Diplomacy / Ed. by J. W. McDonald, D. B. Bendahmane. Wash., D.C.: Foreign Service Institute US Department of State, 1987.

6 Montville J. V. The Arrow and the Olive Branch: A Case for Track Two Diploma* cy // The Psychodynamics of International Relationships. Vol. II: Unofficial Diplo* macy at Work / Ed. by V. Volkan, J. Montville, D. Julius. Lexington*Toronto: Lexing* ton Books, 1991. P. 161–175.

7 Tsygankov P. A. International relations. M: the New school, 1996. P. 279.

8 Bennet P. R. Russian Negotiatiating Strategy: Analytic Case Studies from SALT and START. N.Y.: Nova Science Publishers, 1997.

9 Sheretov C. G. The Conduct of international negotiations: a Training manual. – Almaty: Dancer, 2004. – 7 P.

10 Zagorski A. C. Methodological and methodical aspects of the negotiation of the concept and evaluation of proposals negotiating partner // systems approach: analysis and forecasting of international relations / Ed. by I. G. Tulin. – M.: MGIMO, 1991. – P. 59-77.

11 Lebedeva M. M. Domestic studies of the bargaining process: the history of development and prospects // Vestnik MGU. Ser.18. Sociology and political science. – 2000. – N 1. – P. 154-165.

12 Ikle F.Ch. How Nations Negotiate. N.Y.a.o., Harper & Row, 1976.

13 Khrustalev M. A. Methodology the analysis of international negotiations, International processes. 2006. So 4. No. 13.

14 Sheretov C. G. The Conduct of international negotiations: a Training manual. – Almaty: Dancer, 2004. – 19 P.

15 Linetsky A. F. The Role of international etiquette and Protocol in the development of foreign economic contacts// proceedings of the Ural state University. 2009. No. 1/2 (64).

16 Kuzin F. A. Do business nicely. Ethical and socio – psychological foundations of business. – M., 1995.

17 Spector B. Negotiation Consulting: Applying Theory and Research to Practice//American Behavioral Scientist, Sage Publications, 2000. Vol.43. #10. August 2000. C.1683.

Мұсатаев С., Балкеев А.

Орал облысы қазақтарының съезін өткізудегі Ж. Досмұхамедовтың рөлі

Мақалада тарихи деректер негізінде Жаһанша Досмұхамедовтың Орал облысы қазақтарының съезін өткізудегі рөлі, атқарған қоғамдық қызметтері сондай-ақ, саяси көзқарастары саясаттанулық тұрғыда талданады. Батыс Алашорда үкіметінің лидері ретінде танымал Ж. Досмұхамедов Орал облысы қазақтары съезін ұйымдастыру мен өткізудің басы-қасында жүргені, съезд төрағасы болғандығы саясаттанушылар тарапынан әлі толық бағасын алған жоқ, оның саяси қызметі жеткілікті зерттелген жоқ. Мақалада оның қайраткерлігі, ел болашағын ойлап, ұлттың сақталуы үшін мемлекеті болуы керектігі туралы идеялары, федерация құрамындағы автономды демократиялық республика болуы маңызды екендігін көрсеткендігі айтылады.

Түйін сөздер: Жаһанша Досмұхамедов, Орал облысы қазақтарының съезі, мемлекеттілік, ұлттық мүдде, алаш, автономия.

Musataev S., Balkeev A.

J. Dosmukhamedov role in the conduct of the Congress of Kazakhs region Oral

The article analyzes the political point of view with Zhahanshy Dosmukhamedov role in the conduct of the Congress of Kazakhs Oralskoy area, his public activities, as well as political views based on historical data. J. Dosmukhamedov known as the leader of Western Alashorda, but with political point of view political activity as J. Dosmukhamedov chairman of the Congress of Kazakhs Oral area is still not widely appreciated, its role in the congress and organizations insufficiently investigated. The article discusses his work, the idea of preserving the national identity, the future structure of the state, the importance of creating an autonomous democratic republic within the federation.

Key words: Zhahansha Dosmukhamedov, Congress of Kazakhs region Oral, state, national interest, Alash, autonomy.

Мұсатаев С., Балкеев А.

Роль Ж. Досмухамедова в проведении Съезда казахов Уральской области

В статье проанализированы с политологической точки зрения роль Жаханшы Досмухамедова в проведении Съезда казахов Уральской области, его общественная деятельность, а также политические взгляды на основе исторических данных. Ж. Досмухамедов известен как лидер Западной Алашорды, но с политологической точки зрения политическая деятельность Ж. Досмухамедова как председателя Съезда казахов Уральской области до сих пор не получила должной оценки, его роль в органиации и проведении съезда недостотачно исследованы. В статье рассматривается его деятельность, идеи о сохранении национального облика в будущей структуре государства, важности создания автономной демократической республики в составе федерации.

Ключевые слова: Жаханша Досмухамедов, Съезд казахов Уральской области, государственность, национальный интерес, алаш, автономия.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 94(574):32

*Мұсатаев С., Балкеев А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: mceka@ mail.ru

ОРАЛ ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СЪЕЗІН ӨТКІЗУДЕГІ Ж. ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ РӨЛІ

Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы ХХ ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің бет алыс бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялылары шықты. Алаш қайраткерлерінің алдына қойған басты саяси мақсат-мұраты қазақ халқының тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекет құру болды. Алаштанушы профессор М. Қойгелдиев «Алаш қозғалысын өмірге алып келген негізгі екі себеп – отарлық тәуелділік пен феодалдық мешеулік. Соған сай алаштық зиялылар өз қызметінде, негізінен, екі мақсатты, яғни, біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, екіншіден, қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығуды көздеді» деуі тегін емес [1]. Алаш зиялылары отарлық езгі жағдайында ұлтын азат ету, ұлттық мүддені қорғап, қазақ елінің әлем халықтарымен терезесі тең болып дамуының басты көрсеткіші – ұлттық мемлекеттің болуы деп есептеді. Сондай елім деп еңіреген Алаш арыстарының бірі Жаһанша Досмұхамедов болып табылады. Ол патша өкіметі тұсында «бұратанадан» шығып, Россия империясы Томск аймағы прокурорының орынбасары дәрежесіне дейін көтерілген дала қазағы.

Ж. Досмұхамедовтың қазақ халқы мен қазақ мемлекеттілігі пайда болуының тарихи тамырлары туралы айтқан идеялары онымен замандас Алаш қайраткерлерінің ой-пікірлерінен ерекше болды. Ж. Досмұхамедов «Уральский листок» газетінің 1911 жылғы 13 қаңтардағы № 9 санында жарияланған «Несколько слов о киргизском обычном праве и народном суде» атты мақаласында бірқатар тың идеялар тұжырымдаған. Ол алдымен «қазақ» деген атаудың шығу төркінін, яғни, этимологиясын түсіндіруде тың идея ұсынды: қазақ – «қаз» (құстың түрі) және «зақ» – қарға (көне түрік тілінде) деген мағына беретін қос сөзден құралған, мәні – біріншіден, қаз бен қарға құстары сияқты еркін, екіншіден қаз – ақ, қарға – қара құс, сол сияқты қазақ халқы да құрамы ала-құла халық.Үшіншіден, қазақта «Бәріміз де қарға тамырлы қазақпыз» деген сөз бар.«Қарға қарғаның

көзін шұқымайды», «Тозған қазды топтанған қарға алады» дейтін мақалдары бар. Төртіншіден қыстың ызғары кетіп, көктемнің келгенін паш етіп, бірінші болып ұшып келетін жыл басының жаршысы Ұс, Ұз демекші Ұсақ-Ұзақ, яғни, Ұзақ қарғаға балап, Ұзақпыз-Ғұзақпыз десіп өзімізді «қарға тамырлы қазақпыз», «қарға тамырлы ел едік» деп өскен «Құс» еліміз. Бесіншіден, бейбітшілік, сұлулық, адалдықтың ару құсы, құстың төресі, аққу, қазды киелі құс санап ару қыздарымыз бен асыл аналарымызды аққу, қазға балап «қазақ» атанып жүрген «Құс» еліміз. Ж. Досмұхамедовтың «қазақ» сөзінің этимологиясы туралы ойларын қай жағынан алып қарасақ та адамға ой салары анық. Осыған ұқсас пікірлерді өзге де қазақ тарихшыларының пікірлерінен байқауымызға болады. Мысалы, Самат Сыпатайұлы «Үш жүз һәм Қазақ» атты еңбегінде «...қазақтың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп ер балаларын қыранға, қыз балаларын аққуға теңеуі мен «Ұлым ұяда, қызым қияда», «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай», «қанатының астына алды», «атқа қонды», «үйге қон», «қонып кет», «қанаты қатайды», «топшысы бекіді», «бақ құсым», «балапаным», «қанатым», – деп қана қоймай, мектеп бітіріп үлкен өмірге аяқ басқалы тұрған ұл-қыздарын, еліміздің «жас түлектері» деп сөз саптауы да кездейсоқ айтыла салған сөз емес екен. «Қыран түлегіне қайтпас қайсар сыйлайды» – дейді дана халқымыз. Олай болса «түлек» деп бүркіттің, яғни тәңірі құсы, қыранның балапанын ғана айтатынын еске алсақ та жеткіліктіау деймін, тіпті келін түсіргенде «аққуыңды аяла», «құсың құтты болсын», деп қыздарына «құс етек» көйлек кидіретін де осы біздің қазақ. Ол ол ма, домбыра мен найзасына, тақия, бөрік, һәм тымақ пен сәукелеге үкі тағып, дулығасына қыран құстың қауырсынын тағып, құстың кеуде жүні мен балақ жүніне ұқсатып ұрыс-соғысқа ыңғайлы етіп сауыт киетін де біздің батыр бабаларымыз. Тіпті хан көтергенде де ханды ақ кигізге (ақ кигіз биік шың басындағы қардың бейнесі) отырғызып, ұлылап, Ұлы Ұс (Ұлұғ Ұс/ Ұлұ Құс), (Шыңғ Ұс/ Шың Құс) деп көктің құсы, биіктің құсы, тәңірі құсына балап «қыран аласаға қонбайды» – деген ниетпен биікке шығарып хан көтерген» деп ой толғайды [2].

Ж. Досмұхамедов кейбір зерттеушілер көрсеткендей, қазақ халқының қалыптасуына моңғолдардың ықпалы көп болды деген пікірлерге қарсы шықты. Қазақ тарихын айқындауда ресейлік зерттеушілердің ішінен А.И. Левшиннің «Свидание с ханом меньшой Киргиз-Кайсакской орды», «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты ғылыми еңбектерінің деректемелік маңызын ерекше атап өткен. Ол тарихи деректерге сүйене отырып, қазақтар Ресей империясының боданына айналғанға дейін хандық мемлекет құрғанын, ал жалпы түркі тайпалары болса, моңғолдарға дейінгі кезеңде өз алдына дербес мемлекет құрып, өзара тайпалық одақтар жасасқанын алға тартты. Сондай-ақ, моңғол тілі мен қазақ тілін салыстырып, бірбірінен айырмашылықтары көп екенін көрсетеді. Ал түркі халықтары болса, керісінше, тілдері бірбіріне өте ұқсас болып келеді. Осының негізінде, моңғол-татарлардың шапқыншылығынан кейін пайда болған Алтын Орда тұсында қазақ халқына ықпалын көп тигізген моңғолдар емес, татарлар болуы мүмкін деген долбар жасайды. Қазақ пен татар тілдері өте ұқсас. Қазақ-татар тілдеріне қарағанда великорус (орыс) және малорус (украин), белорус халықтарының тіл айырмашылықтары көп деп көрсетеді. Сол сияқты, қазақтардың «Қазақ-қырғыз бір туған», «Өзбек өз ағам», «Түбі бір түркі тілдестер» деп айтулары да тегін емес деген.

Ж. Досмұхамедов қазақтар әдет-ғұрып нормалары арқылы көшпенді өмірдегі тұрмыстіршілікті реттеп, далалық демократия үлгісін жүзеге асырумен қатар, қазақ жерінде азаматтық қоғам белгілері бұрын да болғанын көрсеткен. Қазіргі ғылыми түсінік бойынша, азаматтық қоғам жағдайында алдыңғы орынға бұқаралық көлбеу қатынастар шығады, сол арқылы сан түрлі әлеуметтік топтар мен мүдделес адамдар бірлестіктерге бірігіп, өздерінің мұңмұқтаждарын, талап тілектерін саяси жүйеге жинақтап білдіреді, мемлекеттің көмегенсізақ оларды шешуге талпынады. Ал ежелгі қазақ қоғамында мұндай бұқаралық мәселелер өте оңтайлы шешімін тауып отырған. Оны айғақтайтын дәлелдер көп, соның бірі – XVI-XVII ғасырлар аумағында қазақ мемлекетінің аса маңызды саяси органдарының бірі – халық жиналысы (құрылтай) болғанын ерекше айтқан жөн. Орыстың әйгілі тарихшысы А. Левшин қазақтардың халық құрылтайында жалпы халықтың өміріндегі немесе мемлекеттік істердің әр саласындағы маңызды міндеттер қаралатынын, оларды шешу үшін барлық сұлтандар, ақсақалдар мен ру басылары күзде шақырылатынын жазған [3]. Халық жиналысының жұмыс істеуінің ақыры Тәуке хан тұсына сәйкес келеді. Ол қайтыс болған соң қазақ қоғамында орын алған жікшілдіктің ықпалы дәстүрлі халық жиналыстарының әр

жүздегі хандықтар ауқымында өте бастады. 1863 жылға дейін мұндай құрылтайлар Сайрамдағы Мәртөбеде өтсе, 1683 жылы Сайрамды жоңғарлар талқандаған соң 1684-1709 және 1711-1722 жылдары Тәшкен маңындағы қасиетті Ордабасы деген атпен тарихта қалған Күлтөбеде өткен (1710 жылы жиын Бөген өзеніне таяу жердегі Қарақұмтөбеде өткен). «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз содан шыққан. Халық жиналыстары қазіргі заманғы демократиядағы саясатқа халықтың тікелей қатысу формасына, яғни плебисцитке, референдум өткізуге ұқсас. Ел мен жер үшін аса маңызды мәселелер осындай құрылтайда шешілген. Мысалы, Кіші жүздің Ресейге бодан болып қосылу ниетін іске асыру үшін Әбілхайыр хан он екі ата Әлім ұлы, Бай ұлы мен Жетірудан келген 25 ру өкілдерін Ырғызға жинап, Маңтөбе деген жерде жиын өткізіп ақылдасқан. Осының нәтижесінде Ресей елшісі Тевкелев алып келген келісім-шарттың жобасына қол қойылып, бекітілген.

Ежелгі қазақ қоғамындағы азаматтық қоғамның бірден-бір көрінісі – асар. Асар – көпшіліктің жәрдемін пайдалану дәстүрі. Үлкен бір жұмысты (шөп шабу, егін ору, үй соғу т.б.) тез бітіру үшін ұйымдастырылады. Асар жасаушы адам алдымен жұмыс түрін, орындалатын уақытын айтып, ағайын туғанға, жора-жолдасқа хабар беріп, молынан тамақ дайындап, асарға шақырады. Қолғабыс тигізуге келгендер еңбегіне ақы алмайды, қонақасымен қанағаттанады. Халық арасына кең таралған бұл салттың асар делінуі де содан болса керек [4].

Ж. Досмұхамедовтың ойынша, азаматтық қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі – қайырымдылық жасау да бұрыннан бері қазақ қоғамында болған. Мысалы, қазақ халқында жылу жинау дәстүрі бар. Жылу – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауыр тұрмыстық жағдайға душар болған адамға көрсетілетін жәрдемнің бір түрі. Мұндай жәрдем жұт болып, малы қырылғанда, үй-жайы өртеніп, баспанасыз, киім-кешексіз қалғанда, шектен тыс қаріздар болғанда жеке адамға туған туыстары, көрші-қолаңдары, ауылдастары тарапынан көрсетіледі. Жылу ақшалай, заттай, мал т.б. түрінде беріледі. Жылу ағайын ақсақалы немесе ауылдың беделді адамының айтуымен жиналады [5].

Қазақ халқы ислам дінін қабылдаған соң зекет, пітір, садақа беру дәстүрі өмірге енді. Бұлардың да негізінде қайырымдылық жасау жатыр, жетім-жесірлер, мүгедек-мүсәпірлерге қамқорлық жасау жүзеге асты. Мысалы, малы аз адамдарға қарайласу мақсатында сауынға немесе көлікке мал беру дәстүрі болған. Сауын – кісіден алған малдың сүтін сауып ішіп, бағып-қағып, кейін иесіне аман-есен қайтарып беруді білдіреді. Ал, көлік – көмекке берілген кісінің малын көлік ретінде мініп, шаруға пайдаланып, қоңы мен күйін түсірмей, кейін қожайынға қайтарып беру.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін төрт түліктің қадірі қаншалықты зор екені айтпаса да түсінікті жәйт. Қазақтың етсіз, сүтсіз күнелтуін көзге елестету қиын. Әсіресе күзгі, қысқы боран мен көктемгі өларадан соғымға ірі қара малды сою дәстүрге айналған. Алайда жазғы күннің ыстығында немесе қажеттен тыс, ойламаған жерден ірі қара мал пышаққа ілінген жағдайда еттің рәсуа болып бұзылмауы үшін қазақтар «қызыл көтеру» арқылы қиындықтан шығып отырған. Ірі мал он екі жілікке бөлшектеліп, бағасына келісе отырып бөліске түскен. Бұл зардап шегушіге де, қол үшін берушілерге де өзара тиімді болған. Мұндай игі дәстүрлерден қазақ халқының дүниетанымында обал мен сауап сияқты қасиетті түсініктердің алдыңғы орында тұрғанын байқаймыз. Ең бастысы – нағыз азаматтық қоғам ретінде биліктің қатысуынсыз-ақ, қазақ халқы өздерінің әлеуметтік проблемаларын өздері шешіп отырған. Ж. Досмұхамедовтың саяси ойларын қорыта келе, қазақ жерінде ежелден-ақ азаматтық қоғамның көріністері мен құндылықтары болған деген тұжырымды батыл жасауымызға болады.

Сонымен қатар, ол қазақ халқының қалыптасуына географиялық фактордың тигізген ықпалына тоқталады. Қазақ ұлтының негізі болған ру-тайпалардың тұрмыс-тіршілігі ғасырлар бойы Еуразияның кең-байтақ даласында өтті. Қазақ елінің жер ауқымы қандай кең байтақ болса, қазақ халқының жан-дүниесі де сондай кең. Қазақтардың жаны еркіндік пен кеңшілікке құмар болуы сондықтан. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қазақ сөз бостандығын ежелден қастерлей білген. Тіптен, «Дат, тақсыр» деп, кәдуілгі қараша да, өлім жазасына кесіліп бара жатқан айыпталушы да талап-тілегін немесе ақтық сөзін басқа емес, ханның өзіне де айтуына құқығы болған. Қазақ әділетті әрі ақылмен айтылған сөзге тоқтай білген халық. Еуропалық сот институты қазақ жеріне келмей жатып-ақ, «Есім ханның ескі жолын», «Қасым ханның қасқа жолын» ұстанған қазақтарда бұрыннан билер соты болған. Би атану үшін адамның бойында әділдікпен қатар ұшқыр ой, шешендік, батылдық, өткірлік, көрегендік, данышпандық

сияқты асыл қасиеттер кешенді түрде болуы тиіс. «Би» атағы ешқашан мұрагерлікпен берілмеген, халық бидің харизматикалық («құдай берген», яғни, тумысынан берілетін ерекше қасиет, дарын, қабілет) билігін өзі мойындап, легитимді түрде «Би» деген асқақ атау берген. Дау-дамайларды билер әділ шешкен, «Қара қылды қақ жарған» тура билердің жасаған бәтуасына жүгінуші тараптар әрқашан ризашылықпен мойынұсынған. Компенсацияны да қазақтар ертеден қолданып, Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» негізінде құн мен айып төлеуді, ер мен жер дауын, жесір дауын әділ әрі мәдениетті түрде шеше білген. Осындай тарихи фактілерге сүйене отырып, Ж. Досмұхамедов «...киргизы от природы очень умны, впечатлительны и отзывчивы» деп ой түйеді [6].

1917 жылы ақпан және қазан айларында екі бірдей төңкеріс болғаны белгілі. Ақпан төңкерісі Ресей империясын үш ғасыр билеген Романов әулетінің монархиялық патшалығын құлатып, Уақытша өкіметті билік басына шығарды. Ресей құрамындағы аймақтар мен елдерді бостандық елесі кезіп, егеменді елдік құру үміті оянды. Ақпан төңкерісі қазақ зиялыларының тізе қосып іс-қимыл жасуына игі ықпал етті. 1917 жылдың көктемінде қазақ даласындағы саяси белсенділік күшейді. Орынбор қаласында Торғай облысы, Омбы қаласында Ақмола облысы қазақтары, сондай-ақ, Орал, Семей қалаларында Орал және Семей облыстарының қазақтары бірінен кейін бірі қазақ съездерін өткізді. Ж. Досмұхамедов Орал облыстық қазақтарының съезін өткізген облыстық қазақ комитетінің белсендісі болды. Тарихшылардың деректері бойынша, Орал қазақтары комитетінің мүшелері: Ж. Досмұхамедов, Ы. Тоқберлиев, Х. Тасымов, Т. Сарыбөпиев, Е. Мұқанов, Д. Сәрсенбаев, Ғ. Әлібеков, Д. Күсепқалиев, Б. Жанқадамов, Р. Қаржаубаев, Д. Жұлдызов, Х. Досмұхамедов, Ы. Топаев, Е. Әбенов, Қ. Жәленов, Ғ. Есенғұлов, С. Қаратілеуов, Б. Жұмағалиев, С. Омаров, Б. Тілепин [7].

Орал облыстық қазақ комитеті – Жайық өзенінің сол жағалауын қоныстанған қазақ ауылдарын басқару мақсатында құрылған атқару органы. Комитетте 1-ші Орал облыстық қазақ съезінің Жайық сырты бөлігіндегі бұрынғы төрешіл-бюрократтық басқару жүйесін коллегиялық халықтық басқару жүйесіне ауыстыру жөніндегі шешімінен туындаған барлық қаулы-қарарды жүзеге асырумен шұғылданды. Орал қаласындағы, уездердегі қазақ қаржысына салынған жылжымайтын дүние-мүлікті есепке алып, қазақ пайдасына қызмет еткізу, елден ерікті жылу жинау, оқу орындарын ашу, жәрмеңкелер өткізу, азық-түлікпен қамтамасыз ету, басқа қоғамдық ұйым-мекемелермен байланыс жасау ісімен айналысты.

Орал облыстық 1-ші қазақ съезін шақырушылар оған мұқият дайындалды. Делегаттар арасында, Орал облысының уездерін айтпағанда, барлық болыстардың өкілдері болды. Съезді шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросы ол жұмысын бастаудан көп бұрын Ғұбайдолла Әлібеков төрағалық еткен Уақытша облыстық қазақ комитетін құрған болатын. Съезді кіріспе сөзбен ашып, оның төрағасы, екі орынбасарын және үш хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасаған Ғ. Әлібеков болатын. Төрағалыққа Ж. Досмұхамедов сайланды. Жаһанша Досмұхамедов, съездің хаттамасындағы мәліметтерге қарағанда, Томск округтік соты прокурорының қызметін атқарған. Ол съезд жұмыс істеген кезде Оралда демалыста жүрген болатын. Округтік сот орынбасары үлкен лауазым иесі болған. Оған Томск губерниясындағы саяси айдауда болғандар мен қамау орындарының үстінен қарау құқығы берілген болатын. Оның орынбасары болып Ғ.Әлібеков пен А.Қалменов, хатшылар болып Ғ.Жетпісбаев, Х.Ахметше және Н.Арғыншиев сайланды [8].

Осындай тыңғылықты дайындықтан соң, Орал қазақтарының бірінші съезі 1917 жылы сәуір айының 19-22 аралығында Орал қаласындағы цирк үйінде (қазір оның орнында Жұбан Молдағалиевтың ескертікші тұр) өтті. Алғашқы күні съездің күн тәртібіне үш мәселе қойылды: 1) мемлекетті басқару туралы; 2) Уақытша өкіметке қатысты ұстаным; 3) жүріп жатқан әлемдік соғысқа қатысты мәселелер. Торғай және Жетісу қазақтарының съездеріне қарағанда Орал қазақтарының съезінің күн тәртібіне қойған мәселелері саяси сауаттылығы жағынан да, маңыздылығы жағынан да ерекшеленді. Бұл туралы белгілі ғалым, ең алғаш алаштану негізін қалаған тарихшы, академик, Алаш қайраткерлерінің мұрасын зерттеуге ұйытқы болған ұлтымыздың ірі тұлғасы Кеңес Нұрпейісов: «Біздің пікірімізше, Орал облыстық съезінің күн тәртібі басқалардан айтарлықтай ерекшеленіп тұр. Онда көлем-деңгейі де, маңызы да әртүрлі, бір-бірімен тығыз байланысты үш мәселе жалпы мемлекеттік, ұлттық және аймақтық (жалпыресейлік, қазақстандық және оралдық) мәселе жеке-жеке жүйеленген. Мұның үстіне съезде талқыланған мәселелер оған қатысушыларға сол кезеңнің сан қилы оқиғаларын бағалауға ғана мүмкіндік беріп

қоймаған, сонымен қатар келешекті болжауға да түрткі болған. Съезде қаралған мәселелер саны 23-ке жетіп, басқа съездердің күн тәртібінен әлдеқайда асып жығылды» [9].

Бірінші мәселе бойынша съезд делегаттары демократиялық мемлекет құруды қолдады, бірақ, қазақтардың егеменді ел болуға халықтың білімі мен тәжірибесі жеткіліксіз, шаруашылығы, экономикасы әлсіз, сол үшін бастапқыда федерация құрамындағы автономия болу ұтымды болар деген пікір көпшіліктің қолдауына ие болды. Съезде сөз сөйлеген Ж. Досмұхамедов: «Біздің мақсатымыз – ел билеуді, халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Біздер тапқа жікке бөлінбейміз, біртұтас халық ретінде болашақ үшін күресеміз. Жайық өңірін мекендеген басқа ұлттармен достық одақ жасап, араздасуға жол бермеуіміз керек, өйткені, ғасырлар бойы осы тағдырмен тығыз байланысты. Қазір желбіреген бостандықтың жасыл туы бәрімізді бірлікке, туысқандыққа шақырады. Қазақ шаңырағы бәріне де пана бермек. Сондықтан, саяси авантюристерден жолды бөгейік, қантөгіске жол бермейік, жұрттың берекесі кетуге түптеп себеп болған нәрсе қазақта бірліктің жоқтығы. Соған байланысты қазақты тонаушыларды, момынды жылатушыларды серіктікке алмаймыз. Қазақты, басқа халықтарды аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Қазақты елдің тұрмысын, тілін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз» – деп атап көрсеткен [10].

Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов сынды батыс аймақтық қайраткерлер қазақ елінің Ресей құрамындағы автономия болуын қолдағанымен, түпкі армандары тәуелсіз елге айналу екені даусыз. Бұл туралы зерттеушілер былай дейді: «Одақтас республикалардың кез-келген уақытта дербес мемлекет ретінде КСРО-ның құрамынан бөлініп кетуіне құқы бар» деген бапты кімдер кеңестің конституциясына кіргізіп еді? Әрине, оның ішінде Украина мен Грузия өкілдері, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер бар. Егер Түркістан идеясын қолдаса, онда солтүстіктегі бес облыс – Ресейге, оңтүстіктегі бес облыс – Өзбекстанға қалар еді. «Алашордашылардың» мақсаты – біртұтас қазақ мемлекетін құру. Бұған Х.Досмұхамедовтің түрмедегі тергеушіге берген мына жауабы дәйек бола алады. Онда: «Қазақстан жағырапиялық жағынан біртұтас мемлекет ретінде басқарылуы тиіс. Барлық жоғарғы лауазымдар сайланып қойылуы керек. Егер де Кеңес өкіметі саяси еркіндік жариялап, еркін партия құруға мүмкіндік берсе, оларға да осы талапты қою керек дестік. Бұл бағдарламаға Тынышбаев екеуміз қандай үлес коссақ, Жаһанша Досмұхамедов те сондай дәрежеде белсене қатысты» [11].

Белгілі тарихшы Тұрсын Жұртбайдың көрсетуінше, Орал қазақтарының бірінші съезі өтіп жатқан кезде төрде «Құран» аяты жазылған жасыл Ту ілініп тұрған, қасиетті жасыл ту – азаттықтыңаянтуы,ТәуелсіздікТуы,АлашТуыеді дейді ғалым. Т.Жұртбай «Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов және...» атты ғылыми зерттеуінде осы құрылтайдың төрағасы болған Ж.Досмұхамедов 1938 жылы «халық жауы» ретінде ұсталып, істі болғанда тергеушіге берген жауабын келтіреді: «Құрылтайдың тапсырумен Орал қазақтарының басқару құрылымын жасадым, ол еш өзгеріссіз құрылтайда бекітілді. Кейінгі демократиялық өзерістердің барысында ол жеке кітапша боп басылып шықты. Құрылтай: монархияға – демократияның құлдығының символы, бір халықты екінші халыққа арандатудың ошағы ретінде баға берді. Егерде: барлық халықтардың өзі-өзі билеуіне ерік берілген жағдайда және барлық державалар қарусыздандырылса, онда құрылтай өкілдері ешқандай аннекциясыз, контрибуциясыз бейбіт келісім жасауды жақтайтынын мәлімдеді. Жалпыға ортақ ашық және жасырын дауыспен сайланған Құрылтай жиналысы – Россияның мелекеттік заңдық құрылымы ретінде танылды, өзінің санына байланысты әр ұлттың өкілі мемлекеттік мекемелерге қабылданатын болсын деп шешім шығарды» [12].

Съездің қатысушылары Ресей патшасын тақтан құлатқан Уақытша үкімет тартақан ресми мәліметін орындап, уәдесінде тұрып, демократиялық мемлекеттік құрылыс орнататын болса, Орал маңы қазақтары қолдайтыны туралы қарар қабылдайды.

Съездің екінші күні аймақтағы ауыл шаруашылық мәселелері, жер иемденудің өзекті сұрақтары талқыланады. Орал облысына Ресейдің ішкері аймақтарынан көшіп келіп жатқан орыс-казак шаруаларына жер үлестіруді тоқтату, бұрыннан бері қазақтардың иелігіндегі жерлерді орыс «переселендерге» (переселенцы, қоныс аударушылар) алуына тиым салу қажеттігі бірауыздан қолдауға ие болды. Жер және ауыл шаруашылық мәселелері бойынша съезд төмендегідей қарар қабылдайды:

1. Қазақ жеріне келімсектерді жіберуді тоқтатып, осы кезге дейін пайдаланбай келген монастырьлардың, шіркеулердің, дворяндардың жерлері қазақтарға себеп-сылтаусыз қайтарылсын;

2. Қазақтарға бұрынғы қазына меншігіндегі орман, дача, далалық аймақтардың шөптерін шабуға рұқсат беріледі, бірақ орманды шабуға, орман арасына мал жаюға тыйым салынады, малды орман арасындағы ашық жерлерде, далада жаюға рұқсат етіледі;

3. Қоныс аударушылар тұрып жатқан жерлер Құрылтай жиналысы жер мәселесін шешкенше оларға пайдалануға қалдырылады;

4. Шалқар мен Индер көлдерінің талас мәселелері, ондағы балық аулауға байланысты дауы жаңа заң қабылданғанға дейін қалдырыла тұрады;

5. Гурьев және Темір уездерінің көшпенділеріне отырықшы қазақтар территориясының үстінен көшіп-қонуға рұқсат етілді. Сонымен қатар, шаруашылықтарға еш зиян келтірмеу жағын ойластыру керек;

6. Қазақтар мен татарларға Ойыл жәрмеңкесі маңында құрылыс салу құқығы беріледі [13].

Съездің үшінші күні Халел Досмұхамедов және Жаһанша Досмұхамедовтердің облыстың қазақ аудандарын басқаруды қайта құру жөніндегі бағдарламасы мен «Орал облысының далалық бөлігін басқарудың Уақытша ережелері» талқыланды. Уақытша ереженің бір бабында ауылды, уезді және облысты басқаруға тиісті өкімет пен атқару органдары жүйесін құрудың және оны іске қосудың нақтылы нұсқаулары анықталған болатын. Жаңа өкімет өзінің мәні жөнінен азаматтық болуға тиіс еді, ескі мемлекеттік аппарат түгел жойылуы тиіс еді. Жаңа басқару жүйесі қоғамдық тәртіпті сақтау органдарынсыз толыққанды болмайтыны ескеріліп, Ереженің төртінші бөлімінде ауыл, село, болыс милициясының негізгі міндеттері анықталады. Уездік милиция бастығының қызмет атқару тәртібі белгіленіп, милиция органдарының басқа өкімет құрылымдары арасындағы қарым-қатынас жолдары айқындалған. Жергілікті өкімет пен басқару органдарының құрылымы мен міндеттерінің жан-жақты анықталуы Орал қазақтары съезіне қатысушылардың білімі мен біліктілігі жоғары болғанын көрсетеді. Осылайша, Орал облыстық қазақ съезі қабылдаған саяси шешімдер арқылы Жаһанша Досмұхамедов басқарған облыстық қазақ комитеті 1918-1919 жылдары мемлекеттік-саяси құрылым ретінде өмір сүрген «Ойыл уәлаятының» негізін қалады.

Дегенмен, қазақ әскерін құру, қазақ жастарын әскери іске баулу мәселесін Алаш қайраткерлері І-ші Дүниежүзілік соғыс басталған сәттен бері көтерген болатын. 1916 жылы 3 ақпанда Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Н. Бегімбетов Петроградқа барып, Мемлекеттік кеңес мүшесі, Әскери министр, Мемлекет қорғанысы жөніндегі айрықша кеңестің төрағасы, генерал А.А. Поливановқа жолығып, қазақтарды әскерге алу мәселесін жеткізеді. Ондағы басты мақсат – заманауи қару-жарақтың тілін білмей, тұрақты әскерге тартылмай ұлттық тәуелсіздік туралы қиялдауға да болмайтын. Мұны алаштықтар келешек ұрпақ алдындағы парызымыз деп түсінді. Заманның беталысы ұлттан соны талап етті. Айбынды армиясыз елдің жарқын болашағы жоқ.

Орал қазақтарының съезінен кейін Алаш әскерін құру идеясы 1917 жылғы І-ші жалпы қазақ съезінде де көтерілген, бірақ ондағы «... анархия болу қаупі бар, сол себепті осы күнгі әскер орнына халық милициясы құрылсын» деген сөздер сол күйінде қалды. Одан кейінгі ІІ-ші жалпы қазақ съезінде «мемлекет халі тайғақ кешуде, тар жолға душар болып тұрғанда жан-жақты қоршаған қалың бәледен сақтану үшін халық әскерін жасау керектігі қайта жаңғырып, милиция құрудың мақсаты анықталды, қазақ милициясын құру жоспары жасалып, бекітілді» [14]

Болашақ Алашорданың батыс бөлімінің жетекшілері Орал облыстық қазақ сьезіне «Орал казачествосымен одақтасу жөніндегі (кеңес өкіметіне қарсы) келісім шартты заңдық негізде даярлау; Орал казачествосына заттай және қаржылай көмек беру; Әсіресе, оның әскерін ат-көлікпен, жылқымен қамтамасыз ету; Қазақ офицерлерінің басшылығымен Уфадағы әскери үкіметке «Қырғыз милициясының» атын «Қырғыз халық армиясы» деп өзгерту мақсатында жіберілетін адамдарды белгілеу; Жымпитыдан 6 айлық юнкерлік қысқа курс ашу; Төменгі команданың құрамын даярлау үшін сауатты қырғыз жастарын (2 кластық білімі бар гимназистер мен реалистер, мектеп мұғалімдері) және оларды әскер ісіне үйретуге Орал казачествосынан әскери мамандарды шақыру» туралы ұсыныстарын білдірді [15]. Азамат соғысы жылдарында Антанта елдерінің қолдауына сүйенген үкіметтер құрылғаны белгілі. Солардың қатарында Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметі, 1918 жылы маусымда Самарада құрылған Құрылтай жиналысы мүшелерінің Комитеті (Комуч) және 1918 жылы қыркүйекте құрылған Уфа директориясы («Уақытша Бүкілресейлік үкімет»), сондай- ақ Башқұрт үкіметі мен Алашорда үкіметі де болғанын айта кеткен жөн.

Алашорда үкіметі азамат соғысы жылдарында аталған Уақытша үкіметтермен тіл табысып, Орал, Сібір, Жетісу, Орынбор атты казактарымен тығыз байланыс орнатты және оларға Алаш автономиясын ресми тану жөнінде өтініштер жасады. Сонымен қатар, мүмкіндіктеріне қарай көмек беруді сұрады. Осы тұста 1918 жылдың 11 қыркүйегінде Құрылтай мүшелерінің Комитеті Алаш автономиясын танығанын және Самара Комитеті Алашордаға қару-жарақ, киім-кешек жағынан көмек бере бастағанын» айта кеткен жөн [15, 149].

Ал, дін мәселесіне байланысты Орал қазақтарының съезі облыстық діни басқарманы Орынбор мұфтиатына бағындыруды жақтады. Орал қазақтарының съезінде көтерілген жасыл тудан рух алып, съезд делегаттарынан өкілеттікке ие болған Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ғ.Әлібеков, К.Жәленов, Ғұбайдолла және Дәулет ишандар, У.Танашев пен Ш.Бекмұхамедов 1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеу қаласында өткен І Бүкілресейлік мұсылмандар құрылтайына қатысты. Заңгер Ж. Досмұхамедов зор беделге ие болып, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі «Шора-и-Ислам» (исполком мусульманской организации – Икомус) төрағасының орынбасарлығына сайланды. Ол сонымен қатар, Бүкілресейлік демократиялық мәжілісте Ресей Республикасының Уақытша кеңесінің (предпарламентінің) құрамына енгізілді.

Б. Қойшыбаев зерттеуінде Ж. Досмұхамедовтың ОГПУ тергеушісіне берген жауаптарын көрсетеді: «...бұл съезде мен «Шура» бүкілресейлік мұсылман комитеті төрағасының орынбасары болып сайландым». Осынау бүкілресейлік лауазымға сайлану оның бұрынғы империя түркі халықтары арасындағы биік беделінің нәтижесі іспетті еді. Оның беделі «Икомуста» қызмет атқарған уақыттарында да төмендеген жоқ. Күлліресей мұсылмандарының Мәскеу съезінен соң «көп ұзамай мені құрылтайшы жиналысқа сайлау өткізу туралы заң жобасын жасау жөніндегі комиссияға енгізді, – деп көрсетті ол ОГПУ тергеушісіне. – Аталған жұмыстарды атқару үшін мен Петербургте 1917 жылғы қарашаның ортасына дейін болдым». Жаңа күнтізбемен – қарашаның аяғына дейін [16]. Сонымен қатар, 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда өткен алғашқы Жалпықазақ съезі Жаншаның Орал облысынан мұсылмандар құрылтайына делегаттығын қуаттап, оны Киевте өтетін федерацияшылдар съезіне де делегат етіп сайлады.

Қорытып айтар болсақ, Орал қазақтарының съезі Ж. Досмұхамедовтың саяси қайраткерлігінің бастауы ғана емес, Алаш қозғалысының қалыптасуы мен дамуындағы өзіндік орны бар, тарихи маңызы зор саяси іс-шара болды. Ж. Досмұхамедов ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі ұлттық жаңғыруды бастаған, дамуы тежеліп қалған қазақ халқын жаңа арнаға салушы Алаш қайраткерлері тобының бел ортасында жүрді. Олар бастаған қоғамдық қозғалыс тарихта «Алаш қозғалысы» деген атпен қалды. Алаш қозғалысы – біріншіден, ұлт-азаттық қозғалыс, екіншіден, ұлттық жаңғыру қозғалысы болды.

Әдебиеттер

1 Қойгелді М. Қазақ қоғамы АханДар көрсеткен табиғи арнаға түсіп, өз жолын табуы керек // Аңыз адам. – 2010. – №10. – 5 б.

2 Самат Сыпатайұлы. Үш жүз hәм Қазақ // http://old.abai.kz/content/samat-sypataiyly-sh-zh-z-em-kazak.

3 Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832. – Ч. 3. – С. 99-100.

4 Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 502 с.

5 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4 том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2002. – 124 с.

6 Досухамедов Д. Несколько слов о киргизском обычном праве и народном суде // Уральский листок. – 13 января 1911 года. – № 9.

7 Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 42-43 бб.

8 Сүлейменова Д. Зұлмат жылдар құрбаны болған Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры хақында // Ана тілі. 2011 жылғы 11 наурыз. – 3 б.

9 Нұрпейісов К. Алаш hәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

10 Ақбаев Ж. Жанша. – Орал, 1994. – 79-80 бб.

11 Жұртбай Т. Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы // Қазақ үні. 2011 жылғы 30 желтоқсан. –Б. 3.

12 Жұртбай Т. Халел Досмұхамедов, Жаhанша Досмұхамедов және... // http://old.abai.kz/node/14269.

13 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. – Т. 1. – 552 б.

14 Тащанова С. Архивные источники повествуют… // Алаш және Алаш Орда тарихы-мұрағат құжаттарында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (Астана қаласы, 2012 жылғы 21 қараша) Астана – 2013. – 150 б.

15 Ілиясова К. Алаш әскері: құрылуы мен қызметі // Алаш және Алаш Орда тарихы-мұрағат құжаттарында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (Астана қаласы, 2012 жылғы 21 қараша) Астана – 2013. – 148 б.

16 Қойшыбаев Б. Аймақтық Алаш үкіметін басқарған Жанша Досмұхамедов жайында не білеміз? // «Общественная позиция» (проект «DAT» № 10 (138) 2012 жылғы 29 ақпан. – 5 б.

References

1 Qojgeldi M. Qazaq qoğamy Ahaңdar kөrsetken tabiғi arnaғa tүsip, өz zholyn tabuy kerek // Aңyz adam. – 2010. – № 10. – 5 b.

2 Samat Sypatajұly. Ysh zhүz hәm Qazaq // http://old.abai.kz/content/samat-sypataiyly-sh-zh-z-em-kazak.

3 Levshin A. Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajsackih ord i stepej. – SPb., 1832. – Ch. 3. – S. 99-100.

4 Qazaq Sovet jenciklopedijasy. 1-tom. – Almaty, 1972. – 502 s.

5 Qazaqstan. Ұlttyq jenciklopedija. 4 tom. – Almaty: Qazaq jenciklopedijasynyң bas redakcijasy, 2002. – 124 s.

6 Dosuhamedov D. Neskol'ko slov o kirgizskom obychnom prave i narodnom sude // Ural'skij listok. – 13 janvarja 1911 goda. – № 9.

7 Sүlejmenova D. Alashordanyң Batys bөliminiң tarihy – өlke tarihynyң qұramdas bөligi. – Almaty: Arys, 2007. – 42-43 bb.

8 Cүlejmenova D. Zұlmat zhyldar qұrbany bolғan Alash qajratkeri Hasan Nұrmұhamedovtiң kүreske toly ғұmyry haqynda // Ana tili. 2011 zhylғy 11 nauryz. – 3 b.

9 Nұrpejisov K. Alash hәm Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.

10 Aqbaev Zh. Zhansha. – Oral, 1994. – 79-80 bb.

11 Zhұrtbaj T. Әlihan Bөkejhanov zhәne birtұtas Alash idejasy // Qazaq үni. 2011 zhylғy 30 zheltoqsan. –B. 3.

12 Zhұrtbaj T. Halel Dosmұhamedov, Zhahansha Dosmұhamedov zhәne... // http://old.abai.kz/node/14269.

13 Alash qozғalysy. Qұzhattar men materialdar zhinaғy. Sәuir 1901 zh. – zheltoqsan 1917 zh. Qұrastyrushylar: Q.S. Aldazhұmanov, A.S. Zұlqasheva, M.Q. Qojgeldiev, K. Nұrpejis, S.K. Rүstemov, E. Sajlaubaj, Sh.B. Tileubaev, E.V. Chilikova. -Almaty: «Alash», 2004. – T. 1. – 552 b.

14 Tashhanova S. Arhivnye istochniki povestvujut… // Alash zhәne Alash Orda tarihy-mұrағat qұzhattarynda Halyqaralyq ғylymi-tәzhiribelik konferencijasynyң materialdary (Astana qalasy, 2012 zhylғy 21 qarasha) Astana – 2013. – 150 b.

15 Ilijasova K. Alash әskeri: qұryluy men qyzmeti // Alash zhәne Alash Orda tarihy-mұrағat qұzhattarynda Halyqaralyq ғylymi-tәzhiribelik konferencijasynyң materialdary (Astana qalasy, 2012 zhylғy 21 qarasha) Astana – 2013. – 148 b.

16 Qojshybaev B. Ajmaqtyq Alash үkimetin basqarғan Zhansha Dosmұhamedov zhajynda ne bilemiz? // «Obshhestvennaja pozicija» (proekt «DAT» № 10 (138) 2012 zhylғy 29 aqpan. – 5 b.

сократить

Садибеков Е.Ө.

Трансшекаралық өзендер мәселесін шешудегі халықаралық келісімдер және Орталық Азия мемлекеттері үшін оның рөлі

Мақала көптеген халықаралық су жанжалдарындағы даулы сәттерді шешуге көмектескен конвенцияларды талдауға арналған. Сонымен қатар, мақала негізі «Халықаралық өзендер суын пайдаланудағы Хельсиндік ережелер», «Кеме жүзбейтін халықаралық суағарлар түрлерін пайдалану құқығы жайлы конвенция», «Трансшекаралық су ағындарын және халықаралық өзендерді пайдалану және қорғау жайлы конвенция» «Трансшекаралық мән мәтінде қоршаған ортаға әсерді бағалау жайлы конвенциясы» секілді негізгі халықаралық конвенциялардың даму тарихы шегінде баяндалады. Халықаралық су құқығын қазіргі таңдағы мемлекеттер арасындағы су қатынастарын реттеудегі негізгі рөлін анықтайды. Мақала шеңберінде ретроспективті талдау жасалып, халықаралық су құқығының дамуы және қалыптасқан су мәселесінде және жанжалды жағдайлардағы мемлекеттердің қандай саясат ұстанатыны жайлы көптеген факторлық және дискрептивті мысалдар келтірілген. Мақала мақсаты келесідей түсініктерге қатысты сұрақтарға жауаптар іздеу: саясат және су ресурстары, Халықаралық құқық және ұлттық мүдде, экологиялық апат және экологиялық мәселелерді халықаралық су құқығы арқылы шешу жолдары, су саласындағы мемлекет саясаты қандай болуы керек және тағы басқа.

Түйін сөздер: Халықаралық су құқығы, трансшекаралық өзендер, конвенция, Орталық Азия.

Sadibekov Ye.O.

International agreements in resolving problems of transboundary rivers and its role for the states of Central Asia

This article analyzes the International Water Convention, which solved many contentious issues in international water conflicts. Also, based on article outlines the history of the formation within the major international conventions, such as «Helsinki rules using waters of international rivers», «Convention on the law of the non-navigational uses of International watercourses», «Convention on the protection and use of transboundary watercourses and international lakes», «Convention on Environmental Impact Assessment in a Transboundary Context. «Determines the leading role of international water law as the main governing water relations between states at a given time. As part of the article the retrospective analysis, given the set of factor descriptives and examples on how to develop international water law, as well as what policies adhere to the country in resolving transboundary water problems and conflicts. The purpose of the article to find answers to questions related to the following concepts: policy and water resources, international law and national interests, environmental disaster and ways of solving environmental problems by means of international water law, what should be the policy of the government in the water sector, etc.

Key words: International water law, transboundary rivers, convention, Central Asia.

Садибеков Е.О.

Международные соглашения при разрешении проблем трансграничных рек и ее роль для государств Центральной Азии

Статья посвящена анализу международных водных конвенций, таких как «Хельсинкские правила пользования водами международных рек», «Конвенция о праве несудоходных видов использования международных водотоков», «Конвенция по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер», «Конвенция об оценке воздействия на окружающую среду в трансграничном контексте», которые решили многие спорные моменты в международных водных конфликтах. Автором определяется ведущая роль международного водного права как основного регулирующего водные отношения между государствами в данное время. В рамках статьи проводится ретроспективный анализ, приводятся множества факторных и дескриптивных примеров о том, как развивалось международное водное право, как и какой политики придерживаются страны при разрешении трансграничных водных проблем и конфликтов. Цель статьи искать ответы на вопросы, связанные со следующими понятиями: политика и водные ресурсы, международное право и национальные интересы, экологическая катастрофа и пути решения экологических проблем при помощи международного водного права, какой должна быть политика государства в водной сфере и т.д.

Ключевые слова: международное водное право, трансграничные реки, конвенция, Центральная Азия.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 341.24

Садибеков Е.Ө.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: sadybekov.ermek@mail.ru

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҮШІН ОНЫҢ РӨЛІ

Орталық Азия мемлекеттері үшін қазіргі таңда су тапшылығы мәселесі туындап отыр. Осы мәселені бірігіп шешпеген жағдайда, мәселе өршіп кетуі мүмкін. Егер де әрбір мемлекет эгоистік тұрғыдан осы мәселеге қарап, шешуге ұмтылмаса, онда жағдай арықарай ұшығады. Жалпы бұл проблемалар Кеңес Одағы ыдыраганнан кейін басталды. Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздік алғанға дейін, су бөліну мәселелерін Мәскеу шешіп отыратын. Мәскеу Орталық Азиядағы мемлекеттерінен билігін жоғалтқаннан кейін, әр мемлекет өз мәселесін өзі шешуді бастады. Осы кезеңнен бастап, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы алауыздық басталды. Өйткені, Орталық Азия мемлекеттерінің мүддесі әртүрлі, әр Орталық Азия мемлекеті өз мүддесіне суды пайдаланғысы келеді.

16 http://de.statista.com/statistik/daten/studie/
17 Куропятник А.И. Мультикультурализм: идеология и политика социальной стабильности полиэтнических обществ. – СПб., 2000.

References

1 Herbert U. History of immigration policy in Germany, 2001.
2 Federal Office for Migration and Refugees. 2012 Op. Cit. p. 6.
3 Heckmann F. The integration of Immigrants in European Societies. . Stuttgart: Lucius & Lucius Verlagsgesellschaft, 2003.
4 http: //focus-migration.hwwi
5 Radchenko T. and Maehler D. Even foreigners or even German? Factors influencing the self-assessment and perception of migrants. // University of Cologne, 2010.
6 Schneider J. Integration. Bonn: The Federal Agency for Civic Education, 2005.
7 http://www.bamf.de/EN/Service
8 Algan Y., Dustmann C., Glitz A. and Manning A. The Economic Situation of First and Second-Generation Immigrants in France, Germany and the United Kingdom // The Economic Journal, 2010. № 5.
9 http://www.moygorod.de/news/islam-v-gosudarstvennyh-shkolah-germanii.html
10 http://www.spiegel.de/politik/deutschland
11 Giant I. The IW Integration Monitor // Cologne Institute for Economic, 2012.
12 Kastoryano R. Negotiating Identities. States and Immigrants in France and Germany. Princeton: Princeton University Press. Princeton and Oxford, 2002.
13 Worbs S. Parallel societies of immigrants in Germany, 2007.
14 Wohrle C. Germany: Discussion on integration contract. Berlin: Network Migration in Europe, 2009.
15 Hlyscheva EV Astrahansky region as a model of a multicultural society. Astrakhan Astrakhan University, 2007.
16 http://de.statista.com/statistik/daten/studie/
17 Kuropyatnik AI Multiculturalism: the ideology and politics of social stability of multi-ethnic societies. SPb .: St. Petersburg State University, 2000.

Нусипжанова Б.Н.

Рефлексивные процессы в профессиональной деятельности музыканта-исполнителя

В статье предпринята попытка обозначить поступенчатое развитие категории рефлексии как одной из движущих факторов самоактуализации личности, раскрыть смысловые грани, значения и базовые направления её многоаспектного толкования. Профилирующий характер рефлексивных действий выступает как базовое психологическое основание профессиональной деятельности музыканта-исполнителя, так как умелое владение музыкальным материалом предполагает поиск, отбор смыслов. Интерес к данной проблематике следует рассматривать как стремление глубже раскрыть природу рефлексивных процессов активно мыслящего музыканта-исполнителя в профессиональной деятельности, проникнуть в область его рефлексивного сознания в опоре на интеллектуальные механизмы творческой натуры личности, посвятившей себя служению искусству. Обращение к рефлексивным процессам музыканта в сфере исполнительства продиктовано также потребностью обозначить их специфику, понять и осознать фундаментальные аспекты исследования рефлексивных свойств мышления специалиста в избранной профессии.

Ключевые слова: рефлексивные процессы, музыкант-исполнитель, музыкально-исполнительская деятельность, музыка.

Nussipzhanova B.N.

Reflexive processes in the musician performer's professional activities

The article attempts to identify the gradual development of the category of reflection as one of the driving factors of self-actualization, to reveal meaningful face value and basic directions of its multi-dimensional interpretation. Singer is a profiling nature of reflexive action acts as a basic psychological foundation in professional activities musician, as skilful possession musical material involves search, selection of meanings in finding an appropriate embodiment. Interest in this subject should be considered as an attempt to uncover the deeper nature of reflexive processes actively thinking musician – performer in professional work, to get to his reflexive consciousness in reliance on intelligent mechanisms of the creative nature of the person who devoted himself to art. Appeal to the reflexive process in performing musician as dictated by the need to identify their specificity, understand and grasp the fundamental aspects of the study of properties of reflexive thinking expert in their chosen profession.

Key words: reflective processes, a musician – singer, musical – performing activity, music.

Нүсіпжанова Б.Н.

Орындаушы – музыканттың кәсіби әрекетіндегі рефлексиялық үдерістер

Мақалада рефлексия категорияларының сатылы дамуындағы тұлғаның өзіндік белсендіруін белгілеуге, маңызы мен көп аспектілі пайымдау бағыттарының мәндік қырларын ашуға қадам жасалған. Мамандандырудағы рефлексиялық әрекеттер орындаушы музыкант әрекетіне психологиялық негіз болады. Өйткені, музыкалық материалды меңгеру біліктілігі ізденіс пен мәндерді таңдауды көздейді. Бұл мәселеге қызығушылық — белсенді орындаушы-музыканттың кәсіби әрекетіндегі рефлексиялық үдерістер табиғатын тереңірек қарастыруда. Рефлексиялық сананың зерделі тетіктеріне сүйене отырып өзін өнерге қызмет етуге арнаған тұлға аймағына ену. Орындаушылық саласында музыканттың рефлексивті үдерістеріне мән беру, сондай-ақ, оның ерекшеліктерін белгілеу, таңдалған кәсіпте маманның ойлау жүйесіндегі рефлексиялық қасиеттерін зерттеудің іргелі аспектілерін түсіну қажеттілігі анықталады.

Түйін сөздер: рефлексивті үдерістер, орындаушы музыкант, музыкалық-орындаушылық әрекет, музыка.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 378.6:784.79

Нусипжанова Б.Н.

Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: bibigul-08.08@mail.ru

РЕФЛЕКСИВНЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МУЗЫКАНТА-ИСПОЛНИТЕЛЯ

Постановка проблемы, её связь с важными научными и практическими задачами с развитием интегративных научно–аналитических подходов к осмыслению ведущих психологических закономерностей, лежащих в основе любой профессиональной, в том числе и образовательной деятельности, внимание к рефлексивным свойствам человеческого ума обретает все более интенсивную направленность. При этом исследовательский интерес, в первую очередь, нацелен на поступательный, системообразующий характер их сущностных проявлений, где феномен рефлексии уже выступает в качестве одного из движущих факторов самоактуализации личности. Так, согласно утверждения Г.А.Голицина, рассматривающего указанное явление на глобальном уровне стала сейчас предметом междисциплинарных исследований. Между тем различные аспекты проблемы рефлексии интегрируются в философии. Поэтому систематический философский анализ феномена рефлексии имеет важное значение не только для исследования этой проблемы в других областях знания, но и для понимания специфичности философии как формы теоретического освоения действительности. «В результате обобщения до общеэволюционного контекста рефлексия выглядит неким универсальным «приемом» живой природы, посредством которого она каждый раз поднималась на качественно новую ступень эволюции» (1, с. 55).

К одной из примечательных особенностей рефлексивно настроенного субъекта, его нацеленности на конкретный профессиональный результат является его внутренняя сосредоточенность на собственных мыслительных операциях, исходя из того, что ... любое представление о сознании, как полагает Д.А. Леонтьев, будет по меньшей мере неполным, если не учесть в нем уникальную человеческую способность произвольно манипулировать образами в поле сознания и направлять луч осознания на объекты и механизмы, обычно остающиеся вне этого поля» (2, с.144.). Так было во все времена, начиная с античного периода, когда в рассуждениях древних философов уже во весь голос звучали мотивы поисково-познавательного характера (Сократ, Платон, Аристотель и др.). Уже тогда истина в последней инстанции казалась недостижимой целью, несмотря на рефлексивно-действенные способы взаимоотношений активно

мыслящего субъекта с его непосредственным окружением – пытливого искателя и вдумчивого наблюдателя, размышлявшего не только над смыслами мироздания, но и внутренними «тайниками» своей собственной души.

Провозгласив девиз «Познай самого себя», Сократ, как и его последователи, прокладывают дорогу к возникновению первичных элементов научного знания, где с помощью рефлексивных оценок формируются важнейшие метафизические представления о сущностных сторонах человеческого бытия, повлекшие за собой «всплеск» мировоззренческих идей в последующие исторические эпохи. Торжество разума над невежеством, чванством и пассивным самолюбованием подтолкнуло ученых–философов задуматься над необходимостью методологических оснований для все более раскрепощающихся рефлексивных тенденций, порожденных стремлением как можно глубже проникнуть в недра саморазвивающегося сознания и сосредоточенных на духовной субстанции личностного «Я». Так, существует мнение, что впервые понятие рефлексии было введено в научный обиход усилиями Р.Декарта, фактически уравнявшего самопознание и мышление в своих философских рассуждениях о природе индивидуализированных проявлений. И, несмотря на то, что означенный термин (от лат. reflexio – обращение назад) обрел свой самостоятельный статус в теориях видных мыслителей ушедших веков – Б.Спинозы, Дж. Локка, Г.В. Лейбница и других, накопленный на всем протяжении социально-исторический опыт послужил веским обоснованием для дальнейших изысканий в данном направлении.

В частности, следуя постулатам Дж.Локка, пребывание субъекта в рефлексивном состоянии сопровождается особого рода манипулированием осознанных реакций, указывающим на его способность устанавливать «образ» свойственных ему сенсорно-логических представлений. Соответственно, полученное знание, возникшее в результате обобщающего самоанализа, по Г.В.Лейбницу, возводится в разряд категорий высшего порядка, что, в конечном счете ведёт к образованию так называемой формулы «идея идеи» (Б.Спиноза). Последняя, в свою очередь, будучи продуктом интенсивных наблюдений за ходом собственных умственных операций, становится залогом четко налаженной рефлексивной деятельности в различных формах самопознания.

Что же касается рационалистической линии в развитии рефлексивного подхода к обнаружению внутренних резервов самопознания (И.Кант, И.Г.Фихте, Г.В.Ф. Гегель и др.), то наличествующий в философских воззрениях её упомянутых представителей гносеологический оттенок позволяет как нельзя лучше разобраться в пользе «знающих знаний» и их преимуществе над чисто внешним восприятием единичных фактов и явлений. Последующее развитие рассматриваемого нами явления протекало под знаком неуклонного расширения входящих в него смыслов, обогащенное ведущими положениями трансцендентальной феноменологии, герменевтики и ведущими положениями трансцендентальной феноменологии, герменевтики и экзистенциализма, что, по сути вывело рефлексивное знание о потенциальных возможностях личностного самонаблюдения за пределы чисто философского понимания и приблизило его к основам гуманистической психологии. Вслед за Г.Гегелем, Э.Гуссерлем, Г.Гадамером и другими видными представителями новейших философских течений, ученые–теоретики продолжали вносить существенные дополнения к осмыслению рефлексии не только в качестве интеллектуально-преобразующей, но и эмоционально–ценностной категории (3, с.23).

Нередко отождествляемая с сознательно осуществляемым самосознанием «самоосмыслением в действии, категория рефлексии предстает в толкованиях нынешних ученых–философов, психологов, социологов как некое динамическое самообразование, попадающее в плоскость личностных и общественно – значимых интересов и, как следствие, выводящее на качественно иной уровень научного познания (А.Г.Спиркин, В.А. Лекторский, Э.В. Ильенков, А.З. Зак, Ю.Н Кулюткин, В.П. Филатов, Г.С.Сухобская и многие др.). По существу, в её обновленном содержании уже давно присутствуют приметы междисциплинарного единства родственных смысловых значений, направленных на многовариантные возможности человека стать самим собой, социально развитой, деятельностно-активной и гуманистические настроенной личностью.

Из вышесказанного следует, что вне зависимости от степени сформированности личностного отношения к рефлексивному сознанию и мышлению, диалогичность, коммуникабельность и смыслообразование становятся неотъемлемыми признаками рефлексивных исканий субъекта для полноценной творческой самореализации своей индивидуальности.

Анализ исследований и публикаций в которых рассматривались аспекты рассматри-

ваемый проблемы. Современная модель рефлексии всецело опирается на признание роли движущих механизмов самораскрытия личности в социальном контексте, где когнитивные действия находятся в нерасторжимых взаимосвязях со средствами коммуникации и межличностного общения. Благодаря этому открываются неограниченные возможности для самоактуализации личности в любой сфере жизнедеятельности, постепенно перерастаемой в персонифицированный и интериоризированный процесс переработки усваиваемого материала в новое, «открытое для самого себя» смысловое содержание. Последнее, являясь продуктом множества субординированных отношений, «питает» индивидуальный опыт обладателя рефлексии, а также вносит необходимые коррективы в его дальнейшее развитие и самосовершенствование в «образе» специалиста – профессионала своего дела.

Рефлексивные процессы стали предметом многостороннего научного анализа в психологии, среди базовых направлений которой определились следующие:

- деятельностное направление как компонента структуры деятельности (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев и др.);
- личностное направление, где рефлексивное знание выступает как результат осмысления своей жизнедеятельности (Ф.Е. Василюк, Б.В. Зейгарник, И.И. Чеснокова и др.);
- онтогенетическое направление, характеризуемое как рефлексивная способность субъекта представить свои мысли, эмоции, действия, отношения предметом специального рассмотрения и практического преобразования (В.И. Слободчиков и др.);
- педагогическое направление, представители которого понимают рефлексию в качестве инструментального средства организации учебной деятельности (О.С. Анисимов, А.З. Зак и др.).

Для профессиональной подготовки специалиста, включая музыканта – исполнителя, важна «личностная» рефлексия, поскольку именно она позволяет разумно и объективно анализировать свои суждения и поступки в соответствии с замыслом и условиями деятельности, ибо профессиональная деятельность может быть усвоена им при условии её осознания. «Можно ли обновить общую жизнь, не зная для себя самого, для чего ты вообще живешь и какой вечный, объективный смысл имеет жизнь в её целом?» – отмечает С.Л. Франк (4, 96 с.). Именно рефлексивная деятельность обеспечивает, по утверждению многих специалистов, тот уровень жизнедеятельности, на котором успешно реализуется диалектическое единство «общего» и «единичного», «объективного» и «субъективного».

Нечто подобное происходит и в профессионально-личностной рефлексии человека, посвятившего себя искусству, где, благодаря «герменевтическому выживанию» в духовную суть явлений, он познает радость «бесконечного творческого становления» (Ф.ницше). Обратимся в этой связи к одному из заветов философии экзистенциализма, указывающему на то, что лишь «возвышенное искусство достигает экзистенциального слоя личности и прорывается к миру трансцендентному, который может быть определен в категориях рассудка и разума...», а, значит, «через себя раскрывает само бытие, делает его видимым». (5, с.24). Еще более краткую формулировку предложил один из ярких представителей того же направления М.Хайдеггер: «Назначение искусства – открывать мир» (6).

Наше обращение к рефлексивным процессам профессиональной деятельности музыканта-исполнителя продиктовано тем, что они выступают как одно из базовых психологических оснований в подготовке специалиста. Умение артистично и профессионально действовать в сценическом искусстве требует высокого уровня самоорганизации, самоконтроля, умений адекватно оценивать, анализировать и прогнозировать результаты своего исполнительства. На сегодняшный день не только в отечественной, но и зарубежной литературе накоплен определенный массив информации, раскрывающий научные основы и опыт развития рефлексии, как сложного феномена исследования (7, 8, 9). Вместе с тем, проблемы рефлексивных процессов исполнителей-музыкантов и условия их развития в профессиональной деятельности не получили должного рассмотрения. Попутно заметим: музыкальное искусство являет собой необозримую панораму человеческих страстей и деяний, вмещает в себя всю вертикаль восхождения человека к высшим духовным ценностям, постоянно обогащается, отвечая потребностям времени. В частности Д.И. Бахтизина подчеркивает: «Музыка как никакая другая форма духовного бытия позволяет индивиду заглянуть в глубину своего «Я», понять и ощутить свою «самость», раскрепостить ее и устремиться к свободе» (10, с.150-151).

Выводы исследования и перспективы дальнейших изысканий данного направления. Как

любой деятель, творческий настроенный на то, чтобы обрести свое «лицо», свой артистический «образ» в избранном им виде искусства, музыкант–исполнитель на всех этапах профессионального становления не выходит из «зоны» культурного самоопределения, где он сталкивается с множеством ценностных и смысловых альтернатив. С этой точки зрения наличие рефлексивного опыта представителей музыкально-исполнительских специальностей является не просто насущной необходимостью, но и исключительно важной профессиональной значимостью, принимая во внимание индивидуальные тенденции самообновления собственного творческого потенциала личности. Следует иметь в виду, что любая исполнительская идея несет в себе момент развития, движения вперед. Но для того, чтобы стать внутренним регулятором профессионального поведения музыканта в исполнительском процессе, она должна быть лично принята и освоена в качестве убеждения. Рефлективное осмысление способствует «доведению» ведущих идей до уровня принятия, вырабатывая программу поиска, критерии оценок, анализируя, обобщая, абстрагируя профессионально – творческие устремления специалиста.

Рефлексивное отношение к знанию – осознанию музыкально – исполнительских задач сопровождается апробацией профессионально – личностной позиции, открывая познавательные смыслы в виде интереса, желания, эмоций при возникновении целенаправленных рефлексивных действий, связанных системой взаимопереходов и взаимодействий. В данном процессе сознание музыканта – исполнителя характеризуется такими качествами личности, как активность, самонаблюдение, самореализация, ориентирование, самоактуализация, волевая саморегуляция, которые как универсальные признаки вбирают в себя профессиональные смыслы, представления, ценности, порождая неоднозначность музыкально – исполнительских решений в работе с инструментальным или вокальным материалом.

Литература

1 Голицин Г.А. Рефлексия в науке и обучении // Сб. научн. статей. – Новосибирск, 1989. – 280 с.
2 Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. – Изд. 2-е, испр. – М.: Смысл, 2007. – 427 с.
3 Юрова Т.В. Условия развития педагогической рефлексии учителя музыки в процессе повышения квалификации: дис... канд. пед. наук. – Елита, 2005. – 220 с.
4 Франк С.Л. Смысл жизни // Вопросы философии. – 1990. – №6.
5 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М., 1991.
6 Хайдеггер М. Письмо о гуманизме // Хайдеггер М.: Время и бытие. – М., 1993. – 197 с.
7 Reflections of lifelong education at the School. Ed. by R.H. Dave Hamburg: Unesco lnst. for Educ., 1975. – 80 p.
8 Reflections on the future development of education. Paris: Unesco, 1985. – 291 p.
9 Swanwick K. Music, Mind, and Education. London – New York, Routledge, 1988. – 167 p.
10 Бахтизина Д.И. Истинность музыки (онтологический аспект): дис... канд. философ. наук. – Сибай, 2006. – 176 с.

References

1 Golitsin G.A. Refleksiya v nauke i obuchenii / Sb.nauchn.statey. – Novosibirsk , 1989. – 280 s.
2 Leontiyev D.A. Psikhologiya smysla: priroda , stroyeniye i dinamika smyslovoy real'nosti . Izd . 2 – ye , ispr . – M .: Smysl, 2007. – 427 s .
3 Yurova T.V. Usloviya razvitiya pedagogicheskoy refleksii uchitelya muzyki v protsesse povysheniya kvalifikatsii . Dis ... kand . ped . nauk . – Yelita , 2005. – 220 s .
4 Frank S.L. Smysl zhizni // Voprosy filosofii . – 1990. – №6 .
5 Yaspers K. Smysl i naznacheniye istorii . – M .: 1991 .
6 Khaydegger M. Pis'mo o gumanizme // Khaydegger M .: Vremya i bytiye . – M., 1993.
7 Reflections of lifelong education at the School. Ed. by R.H. Dave Hamburg: Unesco lnst. for Educ., 1975. – 80 p.
8 Reflections on the future development of education. Paris: Unesco, 1985. – 291 p.
9 Swanwick K. Music, Mind, and Education. London – New York, Routledge, 1988. – 167 p.
10 Bakhtizina D.I. Istinnost' muzyki (ontologicheskiy aspekt) . Dis ... kand . filosof . nauk . – Sibay , 2006. – 176 s .

Затов Қ.А., Қаңтарбаева Ж.У.

Қазіргі Қазақстан қоғамындағы мәдени сабақтастық және жасампаздық

Мақалада Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі туындаған көптеген мәселелер қарастырылған. Сол мәселердің бірі: әлеуметтік-рухани тәуелсіздік, сана туелсіздігі, өзін-өзі айқындау мәселелері. Құндылықтарды қайта қарау қоғамдық өмірдің барлық салаларында күрделі қайта құруларды жүзеге асыру қажеттілігін айқындады. Алға қадам басып, қарқынды дамуды қамтамасыз ету үшін қоғамдық санада өткен дәуірлер тәжірибесін қайтадан жаңғыртып, ой елегінен өткізу керек. Жаһандану жағдайында мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтау, қоғамдық және мемлекеттік тұтастықты сақтау ұлттың ішкі рухани әлеуетіне және шығармашылық қуатына байланысты. Ұлттың қалыптасуында ортақ тарихи жадымен бірге ортақ мақсат-мүдделер, идеялар да үлкен рөл атқарады. Мақалада осы мәдени сабақтастықтың, дәстүр мен жаңашылдықтың, төзімділік пен сыйластықтың маңыздылығы көрсетілген.

Түйін сөздер: дәстүр, жасампаздық, ұлттық сана-сезім, мәдениетаралық сұхбат, төзімділік.

Zatov K.A., Kantarbayeva Zh.

Cultural traditions and innovations in modern Kazakhstan society

This article discusses the problems associated with the independence of the Republic of Kazakhstan. After gaining social and political freedom the question of freedom of spirit and consciousness arises. Therefore, in connection with the changes in society and requires a reassessment of values, which is reflected in all spheres. To move forward in a new line of development, it is necessary to turn around and back into the past. To take advantage of past experience and not to repeat the same mistakes as in the past. In the context of globalization preservation of identity, maintaining the stability of the integrity of the nation depends on the spiritual state, and the creative energy of the whole nation. For the development of nations in the country's independence should be as solid past and common goals and objectives, the general ideas of the future. Article is devoted to issues of cultural identity, relationships, intercultural dialogue, the traditions and the ability to connect them with innovation, tolerance and mutual respect.

Key words: traditions, innovation, national morale, intercultural dialogue, tolerance.

Затов К.А., Кантарбаева Ж.У.

Культурные традиции и инновации в современном Казахстанском обществе

В данной статье рассматриваются проблемы, связанные с обретением независимости Республики Казахстан. Ведь обретая социально-политическую свободу, встает и вопрос свободы духа и сознания. Поэтому в связи с переменами в обществе требуется и переоценка ценностей, которая находит свое отражение во всех сферах жизнедеятельности. Чтобы идти вперед в новом русле развития, необходимо обернуться и назад в прошлое. Взять из прошлого опыты преимущества и не повторять прежних ошибок прошлого. В условиях глобализации сохранение самосознания, сохранение стабильности и целостности нации зависит и от духовного состояния, и от творческой энергии целой нации. Для развития нации в независимой стране должно быть как и твердое прошлое, так и общие цели-задачи, общие идеи будущего. Данная статья посвящена как раз проблемам культурной идентичности, взаимосвязи, межкультурному диалогу, традициям и умению связать их с инновациями, толерантностью и взаимоуважением.

Ключевые слова: традиции, инновации, национальное самосознание, межкультурный диалог, толерантность.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 168.522

Затов Қ.А., *Қаңтарбаева Ж.У.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: kantarbaevaz@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗДЫҚ

Қазақстан Республикасының егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы қоғамдық өмір саласында көптеген мәселелерді туындатты. Құндылықтарды қайта қарау қоғамдық өмірдің барлық салаларында күрделі қайта құруларды жүзеге асыру қажеттілігін айқындады. Алға қадам басып, қарқынды дамуды қамтамасыз ету үшін қоғамдық санада өткен дәуірлер тәжірибесін қайтадан жаңғыртып, ой елегінен өткізу керек. Сондықтан «тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму үлгілерін, өркениеттік дамудың Қазақстанға тән жолын қарастыру, қазақтардың дәстүрлі құқық философиясы мен дәстүрлі саяси философиясын зерттеуге итермелейді» [1].

Көшпенді қоғам өзіне тән күрделі саяси жүйе мен әлеуметтік құрылымды қалыптастырды. Кеңестік тарихи және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда көшпенді қоғамды «әскери демократия» ретінде түсіну басым болды және бұл марксизм классиктерінің еңбектерінен бастау алды. Соған сәйкес көшпенді қоғамның базистік, яғни шаруашылық-экономикалық қатынастары түбегейлі өзгерістерге ұшырамайды, ал бұл өз кезегінде әлеуметтік-саяси жүйенің өзгеріссіз қайталанып отыруының алғышарты болып табылады. Бұл ұстаным көшпенді қоғамның ішкі динамикасын жеткілікті ескере бермейді. Тәуелсіздіктен кейінгі және бұрынғы қатаң идеологиялық шектеулер алынып тасталған жылдары отандық ғылымда көшпенді қоғамның сапалық ерекшеліктері мен әлеуметтік-саяси құрылымының өзіндік сипатын түсінудегі олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған зерттеулер жарық көре бастады. Бұл зерттеулер қазақ өркениетінің жүйелік-құрылымдық сипаттарын ашуға бағытталды. Е. Омаров: «Қазақ өркениетінің жүйесіне оның құрамдас қабаттары құқында далалық, көшпенді, қалалық, өзендік, егіншілдік, әскери-демократиялық өркениеттер кіреді, ал ол өз бастауын ежелгі сақ (қасақ) өркениетінен алады», – деп жазады [2]. Әрине, аталған құрылымдық бірліктер протоқазақ өркениетінің маңызды элементтері, бірақ оларды жеке өркениеттер деп қарастыру тарихи шындыққа сай келмейтін тәрізді. Олай дейтініміз, жоғары да аталғандардың бәрі бір өркениеттік кеңістік аясында өрістейді, бір-бірімен синхронды ұштасып жатады және бір-бірін толықтырып отырады. Отырықшылық өркениеттерге тән орталық және шеткі аймақ

(центр-периферия) қатынасы көшпенді дала өркениетінде басқаша сипатта болады. Соңғы өркениет типінде белгілі бір дәрежеде шеткі аймақ өзінің мәдени-экономикалық дербестігін сақтап қалады. Ал көшпенді қоғамның әлеуметтік-саяси ұйымдасуына горизонтальды және вертикальды құрылым тән болды. Бұл құрылымдар А.И. Оразбаеваның зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Жүйе ішіндегі бұл құрылымдардарға өзіндік толымдылық сипат тән, сондықтан олар тез арада қалпына келуге бейім болды. Ең алдымен бұл «... Еуразиялық дала көшпенділері өркениетінің вертикальды әлеуметтік мобильділік институттарының міндеті басқару *(бағындыру З.Қ.)*, емес, көшпенді социумының мүдделерін қорғау мен бүкіл этностың тұтастығын сақтау болды» [3]. Көшпенді қоғамындағы әрбір индивидтің мүліктік-құқықтық тұрғыдан қорғалғандығын да атап өткен маңызды, өйткені кез-келген индивид белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі болып табылатын және ол осы топтың қолдауы мен қорғауына сүйенетін. Көшпенділердің әлеуметтік жүйесін бірін-бірі орап жатқан шеңберлер ретінде сипаттауға болады (индивид, қарапайым отбасы, кеңейтілген отбасы, ру, тайпа). Индивидтің үлкен және кіші социумның қолдауы мен қорғауына ие болуы оған үлкен жауапкершілік жүктейтін. Себебі, сүйекке таңба түсіретін әрекеті оны ру мен тайпа тарапынан қорғансыз қалдыратын. Кейде, тіпті, адамгершілік-моральдық айыптау ресми жазалаудан да ауыр болатын. Адамның әрекетін осындай реттеу механизмдері бала жастан бастап-ақ санаға сіңірілетін және индивидтің әлеуметтену процесінде маңызды рөл атқаратын. Мораль мен адамгершілік тұрғысынан бекітілмеген заң мен құқықтың тиімділігі шамалы. Дәстүрлі, соның ішінде көшпенді қоғамның құқықтық жүйесінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – құқық нормалары мен әлеуметтік қатынастарды реттеу принциптерінің адамгершілік-моральдық негізделуі болып табылады.

Көшпенділердің саяси жүйесі де демократиялық сипатта болды. Демократия «әскери демократия» концепциясының өкілдері айтқандай, жорық барысында түскен олжаны бөлуге келіп саймайды. Көшпенділерде басқа «өркениетті» халықтармен салыстырғанда қаған мен ханның билігі абсолютті шексіз болған емес. Маңызды мемлекеттік мәселелер тұрақты шақырылып тұратын халық жиыны – құрылтайларда шешілді. Құрылтай құрамына елге танымал батырлар мен билер, ақын-жыраулар кірді. Олар тұтас халықтың мүддесін қорғайтын шешімдер қабылдап отырды. Қаған мен ханның билігі легитимділік, билік ету құқын мойындау принципіне сүйенді. Алайда, егер оның қабылдаған заңдары мен шешімдері халықтың күткеніне сай келмей, оның заңды мүдделері мен құқықтарына қайшы келсе, ол биліктің легитимділігінен айырылатын және мұндай хандардың билігі дала тарихында ұзаққа бармайтын. Көшпенді қоғамдағы хандық билік пен билер билігін талдай отырып, профессор Д.С. Раев төмендегідей тұжырымға келеді: «Хан билігі мен шешендік билікті салыстыра салмақтайтын болсақ, әдетте, соңғысына басымдылық, беделділік берілген. Би – ханның ақыл-ой кеңесшісі, рухани тірегі әрі рухани ұстазы.

Бидің саяси сөздерінің мақсаты – мемлекет басшыларының істеген оң-терісін айтып, оң іске қолдау көрсетіп, терісіне мін айту, басшының сөзі мен ісінің үйлесімді-үйлесімсіздігін ажырату, мәселені халықтың ұпайына шешу, әлеуметті дұрысына қарай жүргізу, азаматтықтан тайдырмау. Мұндағы би-шешендердің көздегені – мемлекеттік билік қызметін халық мүддесіне бағындыру, қоғамдық-саяси іс-әрекеттердің ел игілігіне жұмсалуын қадағалау» [4]. Автордың бұл тұжырымы көшпенді өркениеттің маңызды белгісі болып табылатын билік жүйесінің өзіне тән ерекшелігінің бар екенін айғақтайды. Көшпенді қоғам билік тармақтарының осылайша ажыратылуын қалыптастыра отырып, еуропалық өркениеттен көп бұрын билік тармақтарының бір-бірін шектеп, биліктегі таразы бастарының тепе-теңдігін сақтап отырудың өзіндік тетіктерін дүниеге әкелгенін байқатады.

Көшпелі қоғамда ру-тайпа арасындағы туысқандық байланыстар өте маңызды болды. Басқалардан немесе ел ішіндегі қайшылықтардан қысым көрген отбасы мен ру өкілдері әрқашан жақын туыстарынан пана іздейтін. Ал ондай адамдарға қол ұшын беру (әрине, қылмыс жасап, ата жолдан аттамаса) парыз саналатын. Жұт, табиғи және тағы басқа да ауыртпалықтар кезінде көшпенділер ұжымдық көмекке сүйенетін. Қазақтар тарихында жерге қоныстандыру, малжан бөліп беру, үй-жабдықтарымен қамтамасыз ету фактілері жиі кездескен. Қазақтар арасында соңғы уақыттарға дейін жылу беру, сауын беру, көлік майын беру сияқты экономикалық қолдау көрсету тәсілдері орын алып келді. Өзара ынтымақтастық пен қолдаудың осындай әлеуметтік түрлері қазақ қоғамында жазылмаған заңдар арқылы реттеліп отырды. Көшпелі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзіндік ерекшеліктерін талдай келе, Қ. Омарханов: «Көшпенді елдің тұрмысында берік орын

алған құқықтық дәстүрдің ішінде сауын мен көлік майы әдет-ғұрпының алар орны ерекше болған. Кәсібі мал шаруашылығына бейімделген қазақтардың тұрмыс-тіршілігіндегі экономикалық әл-ауқатты жақсартуда бұл әдет-ғұрыптың қосар рөлі зор болып келді. Келісім-шарт бойынша сауын малынан алынатын сүт, май, құрт және жүні мал иесіне қайтарылмайтын. Мұның есесіне, сауын алушы шарттағы белгіленген мерзімге дейін алған малының басын аман сақтап, иесіне табыс етуге міндетті. … Қазақтар жылдың төрт маусымында жиі-жиі көшіп жүретін болғандықтан, маусым сайынғы көші-қонда көлік күші жетіспеген жағдайда ағайын-туыс, жекжат адамдар, көрші-қоландар тамыр-таныстарынан үнемі көлік майы көмегін алып отырған. «Көлік майын» алушы мен беруші оның өтем ақысын өзара келісіп шешеді. Яғни, бірінің мұқтажын бірі шешіп, әлеуметтік ауыртпалықтан ағайын-туыс, ауыл-аймақ болып құтыла білген»,-деп тұжырымдайды [5]. Осындай экономикалық өзара көмек қиын-қыстау замандарда ұлттың бірлігі мен тірлігін сақтап қалуға ықпал етті.

Алайда, мәселенің маңыздылығы мұнымен шектелмейді. Маңыздысы, көшпенді қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастардың өркениетті экономикалық-құқықтық негіздерін қалап, қамтамасыз ете білуінде. Отырықшы өркениеттерде экономикалық-құқықтық негіздер билеуші топтың бұқара халықты шектеусіз қанауын қамтамасыз етуге қызмет етсе, көшпенді қоғамда олар, қазіргі тілмен айтқанда, әлеуметтік серіктестікті және ұжымдық жауапкершілікті қамтамасыз етуге бағытталды.

Өркениеттің қалыптасуында өркениеттік идея немесе идеялар жиынтығы (яғни сол өркениеттің қалыптасуына себеп болатын және осы өркениетке бастама берген мәдени әлеуметтік бірлестік қойнауында пісіп жетілетін идея немесе идеялар кешені) маңызды рөл атқарады. Сондықтан табиғи ая (географиялық орта) мен шаруашылық-экономикалық тип өркениет қалыптасуының қажетті, бірақ жеткіліксіз алғышарты болып табылады.

Өркениеттік идея халықтық көмескі сананың терең қойнауларында пайда болғанымен, қоғам мен жеке адамның болмыстың мәнді сұрақтарына жауап беруінің барысында рухани мәдениет пен ізденістің жемісі ретінде пісіп жетіледі. Өркениеттік идея этностың өзінің шектелген кеңістігінен шығып әлемдік тарихи ағымға қосылуын қамтамасыз етеді. Осыған орай, өркениеттің қалыптасуында негізгі үш кезеңді бөліп қарастыруға болады. Бірінші, протоөркениеттік кезең. Бұл кезеңде жоғарыда айтылған екі фактордың, яғни географиялық орта мен шаруашылық-экономикалық типтің маңызы басым болады. Екіншісі, кемелденген немесе толысқан өркениеттілік кезең. Бұл кезеңде өркениеттік идея тарихи қалыптасқан өркениеттің барлық салаларын қамтып оған тұтастық, жүйелік сипат береді. Үшінші, дағдарыс немесе құлдырау кезеңі. Ол өркениеттік идеяның жұмылдырушылық (мобилизациялық) және ұйымдастырушылық қабілетінің сарқылуымен сипатталады. Бұл кезең өркениеттің ыдырауымен немесе басқа (жаңа болуы да мүмкін) өркениеттік ағымға қосылуымен сипатталады. Қазақ өркениетінде бұл зар заман атауына ие болады.

Өркениеттік идея мемлекеттілік ұғымымен тығыз байланысты. Мемлекеттілік өркениеттіліктің маңызды белгілерінің бірінен болып табылады. Көшпенділер туралы айтқанда, олардың өз мемлекетінің негізін қалаған халықтар ретінде тарихқа енгенін айта кетуіміз керек. Олардың дүниетанымында мемлекеттілік идеясы этностың тіршілік етуі мен дамуының маңызды алғышарты болып табылады.

Қазақ тарихы мен әдебиеті мемлекеттіліктің қарапайым адам өмірінде өте маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Тұғыры биік, тамыры терең мемлекет әрқашан көшпенді, бақташы мен сарбаздың құндылықтар жүйесінде қасиетті орын алған. Мемлекеттік билік көбінесе өзінің ерік-жігері, батырлығы мен ақылы ұштасқан тұлғалармен ассоциацияланған. Алайда, мемлекеттілік идеясы әрбір көшпенді ерінің тек әлеуметтік әрекетімен ғана емес, ішкі жан-дүниесімен де тығыз байланысты болған. Ұйымдасқан саяси өмір көшпендінің болмыс-бітіміне толықканды сипат береді. Көшпеліліктің ішкі мәнін түсінбеген сырт көзге ғана олардың өмірі тек табиғи алғышарттармен анықталатын жүйесіз, бей-берекетсіздік қимыл сияқты болып көрінеді. Бірақ, көшпелілік алғашқы тағылық өмірден әлеуметтік ұйымдасқан сипатымен ерекшеленеді. Кез-келген адамзат қауымдастығындағыдай, тіршілік етудің ұжымдық ұйымдасқан формасы көшпенділерге де тән. Яғни, мемлекеттілік адам болмысының қажеттілігінен туындаған әлеуметтік құбылыс. Сондықтан, «көшпелілерде мемлекет ішкі мәселелерді шешу үшін қажет болмады. Номадтардағы биліктің орталықтанған ұйымдасуы тек сыртқы міндеттерді шешу үшін, сыртқы қанаушылық әрекет арқылы егіншілік-қолөнер өнімдерін иемдену үшін немесе жер өңдеуші өркениеттердің қысымына қарсы тұру үшін пайда болды. Көшпенділердің саяси құрылымының

отырықшы-жер өңдеуші қоғамдардың мемлекеттілігінен принципиальды ерекшелігі осында» деген біржақты пікірлермен келісу қиын [6].

Мемлекеттің сипаты халықтардың өмір салтымен тығыз байланысты болғанымен, оның мәні мен қызметі әмбебапты. Мемлекеттің пайда болуы қоғам дамуының заңды сатысы және ол осы қоғамдағы әр түрлі қатынастарды реттеу мен басқаруға, оның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды. Агрессиялық сыртқы саясат жүргізу тарихта тек көшпенділерге ғана тән және көшпенділер мемлекеттерінің пайда болуы тек сыртқы экспансиялық қажеттіліктен туындады деп санауға болмайды. Бұл көшпенді социумындағы мемлекеттің рөлі мен орнын бұрмалаушылыққа алып келетіні күмән туғызбайды. Біздің пікірімізге сай, көшпелі қоғамдағы мемлекеттің рөлін С.Г. Кляшторный айқын аша алған, ол: «халық-мемлекет-заң» үштік бірлігін сезіну және оның ар жағында не тұрғанын түсіну қағанаттың саяси идеологиясын манифестациялайтын көне түркі жазба ескерткіштерінде болмыстың жаңа бітіміне айналды», – деп жазады [7].

Автордың пайымдауынша, мемлекеттің қалыптасуы түркі қоғамындағы үлкен өзгерістерге ие болды. Ең алдымен, түркі қоғамының әлеуметтік құрылымы өзгерді. Мемлекеттік және әскери билікті қолына шоғырландырған империялық аристократия қалыптасты. Екіншіден, қағанаттың құрылуы түркілердің мәдени жағдайына зор ықпал етті. Орталық Азия, Иран және Византия өркениеттерімен қарым-қатынас орната отырып, түркілер қысқа уақыт ішінде мәдениеттің жаңа типін қалыптастырды. Қарқынды мәдени дамудың нәтижесінде VI ғасырдың соңында түркі өркениеті қалыптаса бастады. Үшіншіден, Бірінші қағанаттан соң этногенетикалық процестер жаңа бағыттылыққа ие болды. Түркілердің генеологиялық аңыздары Жоғарғы Енесайды мекендеген қырғыздармен, Русьтегі қыпшақтармен және Батыстағы оғыздармен туысқандық байланыстарды ашты. Сөйтіп, VI ғасырдан бастап, көршілес жатқан парсы, араб, византия халықтары үшін түрік этнонимі тілі мен әдет-ғұрпында айырмашылығы жоқ біртұтас халықты білдірді.

Дүниені тану мен игерудің мифологиялық матрицасына сай көне түркілер өздерінің елдігінің қалыптасуын Тәңірлік сеніммен байланыстырған. Сондықтан, Тәңіршілдік пен түркі елі идеялары V-XII ғасырлардағы Еуразия даласындағы қуатты көшпенді империяның өркениеттік идеясына айналады. Түркілерді ел еткен Тәңір құдіреті, ал түркілер өздерін осы сенім-мұраттарын жүзеге асыруға қабілетті бірден- бір этнос деп қабылдады. Бір сөзбен айтқанда, Тәңіршілдік пен түркі елі идеялары түркі өркениетінің «прасимволы» болып табылды. Осы екі идеяның тұтастығы түркі мәдениеті мен өркениетінің барлық салаларын қамтып жатты және қоғамдық сана формаларында көрініс тапты.

Сондықтан, көшпелі өркениеттің өзіндік ерекшеліктері мен даму заңдылықтарын қарастырғанда «өркениеттік идея» ұғымын да жанжақты зерделеп, оның мән-мазмұны мен функциональдық мағынасын айқындап алу қажет. Онсыз өркениеттік талдау толымсыз болып қалмақ. Өркениеттік идеяда ұлттың өткені мен бүгінгі күніне, болашағына қатысты ой тұжырымдар жинақталады, оның дамуының перспективалары айқындалады. Өркениеттік идеяның мазмұны тарихи дәуірдің ұлт алдына қойып отырған талабына сай өзгеріп отырады, бірақ, өркениеттік идея ұлттың рухани өзектері мен қайнар бұлақтарынан алыстап кетпеуді қамтамасыз етеді.

Сонымен қорыта айтатын болсақ, көшпенді өркениетінің қалыптасуының бірнеше алғышарттары болды. Біріншіден, бұл табиғи географиялық орта мен климат. Екіншіден, шаруашылық-экономикалық тип. Үшіншіден, әлеуметтік-мәдени және рухани жүйе. Өркениет – интегралды құрылым. Аталған үш алғышарт бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, жеке-дара қарастырылған, бұлардың ешқайсысы өркениетті қалыптастыра алмайды. Өйткені, өркениет бұлардың қарапайым жиынтығы да, тұтастығы да емес. Өркениеттің қалыптасуы әлде бір бастаудың айқындалуымен тығыз байланысты. Көшпелілерде бұл бастау кеңістікті игерумен және ұйымдастыру ажырамас байланыста болады. Көшпенді бойындағы кеңістікті бағындыруға деген бейсаналық ұмтылыс қозғалыстағы өмірді болмыс мұратына айналдырады. Үздіксіз қозғалыстағы болмыс қана кеңістіктің шектілігінен (мұндағы шектілік көкжиекпен анықталады) шығуға жетелейді.

Сондықтан, кеңістікті бағындыруға деген талпыныс көшпенді бойында еркіндікті сезіну сезімімен ұштасады. Дала кеңістігі – көшпелі үшін бостандық пен еркіндік кеңістігі. Ал бостандық – болмыстың мәні. Сондықтан, өркениеттің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуын тек рационалдық өлшемдермен түсіндіру мүмкін емес. Өркениет – рационалдылық пен иррационалдылықтың, саналылық пен бейсаналықтың, табиғилық пен әлеуметтіліктің интегралдық бірлігі мен тұтастығы.

Жоғарыда айтылғандардан байқайтынымыз, мәдени-өркениеттік тұтастықтықтың әрбір құрамдас бөлігі үйлесімді қызмет етіп, өзін жасампаздықпен жүзеге асыра алуға қабілетті болғанда ғана өзінің тіршілігін сақтап қала алады. Керісінше, жағдайда қоғамдық жүйе тоқырауға ұшырап, өзінің өміршеңдігін жоғалтып, ыдырауға бейім болады.

Қазақстанның қазіргі дамуы көп жағдайда, жүргізіліп отырған реформалардың халық тарапынан қабылдануы мен олардың қажеттілігін сезінуіне байланысты болмақ. Бір сөзбен айтқанда, қоғамдық қайта құрулардың мәні неде, олар қандай нәтижелер береді және қоғамның қазіргі жағдайы мен болашағына қалай әсер етеді деген сұрақтарға жауап беру барысында қайта құрулардың құндылықты сипаты айқындалуы қажет. Осы тұрғыда академик Ә.Н. Нысанбаевтың мына ортаға салған мына бір пікірі өте орынды деп ойлаймыз: «Қарқынды өріс алып отырған жаһандану жағдайында, Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының конструктивті сұхбаты өте қажет. Өтпелі қоғамның мәдениет саласындағы күрделі қатынастарын реттейтін және халқымыздың мәдениетінің қайталанбастығы мен өзіндік сипатын қамтамасыз ететін заңдар қажет»[8]. Мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтау, қоғамдық және мемлекеттік тұтастықты сақтау ұлттың ішкі рухани әлеуетіне және шығармашылық қуатына байланысты. Ұлттың қалыптасуында ортақ тарихи жадымен бірге ортақ мақсат-мүдделер, идеялар да үлкен рөл атқарады. Сондықтан қазіргі Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің болашағы осындай мақсат-мүдделер мен идеялардың өміршеңдігіне және олардың интеграциялық әлеуетіне тығыз байланысты болары сөзсіз. Бұл ең алдымен, Қазақстан мемлекеті мен қоғамның тарихи-субстанционалдық негізін құрап отырған қазақ халқына қатысты. Қазіргі қазақ зиялы қауымы мен саяси элитасы осындай ортақ мақсат-мүдделер мен идеяларды өндіруге және іске асыруға қаншалықты қабілетті, көп мәселенің түйіні осыған келіп тіреледі. Қазіргі Қазақстан қоғамы алдында тұрған бұл міндетті Б. Сексенбаев төмендегідей тұжырымдайды: «Қазақстанның тарихи міндеті «туысқан халықтардың арасында өзінің лайықты орнын» алу ғана емес, немесе әртүрлі мемлекеттерді, халықтар мен мәдениеттерді «жалғастырушы көпір» болу емес, сонымен қатар адамзат табиғаты дамуының қазіргі заманғы деңгейіне толық жауап беретін өзінің принципті түрдегі жаңа өмірлік тәсілдерін жасауға күш салуы тиіс. Тек осындай қадам ғана біздің халқымыздың жетістігі болып табылады, әрбір қазақстандық өзінің ментальды-рухани дамуына, денсаулығының мықты болуына, материалдық жағынан жеткілікті өмір сүруге байланысты жаңа сапаларды еншілейді, осының нәтижесі *қазіргі қазақстандық мәдениет* деп аталатын тарихи феноменнің мазмұнын құрайды» [9].

Қазақстан Республикасы жүз отыздан аса ұлттар мен ұлыстардың ортақ үйі. Ғасырлар бойы қалыптасқан халық даналығы, саяси көрегенділігі елімізде әлеуметтік, діни-этникалық, ұлтаралық қақтығыстардың алдын алуға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні «қазақстан халқы» еліміздің саяси-әлеуметтік өмірінің ажырамас ұғымына айналды. Егер тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетіміздің болашағына күмәнмен қарағандар үлесі басым болса (сол жылдарғы деректер бойынша алыс-жақын елдерге қоныс аударғандар саны бір миллионан асқан), қазіргі уақытта қоныс аударушылар саны күрт азайып, қайтып оралушылар саны жылдан жылға артып отыр. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жеткен жетістіктері, мемлекеттік және қоғамдық басқару жүйесін қалыптастыруы, экономикалық-саяси қайта құруларды жүзеге асыра алуы Қазақстанның мәдени-өркениеттік әлеуетінің жоғары екендігін байқатады. Қазіргі таңда Қазақстанда өмір сапасын жақсартудың барлық алғышарттары қалыптасқан деп айтуға болады. Жаһандану үрдісінің қарқындауына қарамастан Қазақстан қоғамында оның келеңсіз тұстарын залалсыздандыруға қажетті әлеует әлі де болса жоғары екені қуантады. Республика тұрғындары арасында жүргізілген әлеуметтанулық сауалнамаға сәйкес қазақстандықтардың құндылықтар иерархиясында отбасылы болу – 48,9 %, жақсылық жасау – 42,2 %, денсаулық – 39,5 %, жақсы қызмет – 26,5 % жоғарғы позицияларды иеленсе, уақытты жақсы өткізу – 3,1 % ең төменде орналасқан [10].

Қазақстан Республикасының басты құндылықтарының бірі – азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қамтамасыз ету. Қазақстанның тәуелсіздігі әрбір азаматқа өз бойындағы шығармашылық қабілетін жүзеге асыруға мүмкіндік берді. «Темір тордың» ашылуы азаматтарымызға басқа елдердің өмірімен танысуға, ой еркіндігі мен сана ауқымының кеңеюіне ықпал етті.

Қазақстандықтар туындаған мәселелерді тек өркениетті жолмен, яғни қоғамдық келісім мен өзара түсіністік аясында шешу ғана олардың бәрінің прогрессивті дамуының кепілі екенін жете түсінді. Бұл этникалық, конфессиялық қақты-

ғыстар мен шиеленісулердің алдын алудың алғышарттарын қалыптастырды. Соған қарамастан этносаралық, конфессияаралық келісімді нығайту, толеранттылық пен диалогты дамыту Қазақстан Республикасының ішкі саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қақтығыстар мен кикілжіңдер қоғамның ішкі тұрақтылығы мен өзара түсіністігін қамтамасыз етпей тұрып, алға жылжудың мүмкін еместігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың әрбір азамат үшін аса зор құндылық екенін әрдайым айтып отырады. Транспаренттілік, дәстүр, толеранттылық және демократиялық үрдістерді жалғастыру еліміздің дамуының басты басымдылықтары болып табылатынына бүгін ешкім күмән келтірмейді. Қазақстан қоғамы прогрессивті идеялар мен ой-пікірлерге әрқашан ашық, алайда бұл идеялар қалыптасқан дәстүрмен, қазақстан халықтарының менталитетімен сабақтас болуы қажет. Сондықтан кез-келген инновациялық өзгерістер әлеуметтік-рухани құндылықтарымызбен сәйкестікте болғанда ғана оң нәтижелер береді. Яғни, инновациялардың қоғамның күтетін межелеріне сай болуы – негізгі алғышарттардың бірі.

Қазіргі әлемдегі мемлекеттердің басым бөлігі көпұлтты. Яғни, көптеген халықтар өздерінің ұлттық мемлекеттерінен тыс аймақтарда өмір сүреді. Бұл қазіргі заманның өзіндік ерекшелігі десек артық айтпаймыз. Сондықтан әртүрлі мәдениеттердің өкілі болып табылатын ұлттар мен ұлыстар арасында өзара түсіністік пен келісім мәдениетін дамыту мемлекеттің басты ұстанымдарының бірі екені де күмәнсіз. Ұзақ уақыт бойы бір географиялық аймақ пен мемлекет аясында тіршілік ету, ортақ мақсаттарға жету жолындағы қажырлы әрекет халықтар арасындағы комплиментарлықты қалыптастыратыны мәлім. Бүгінгі Қазақстан қоғамында осындай комплиментарлықтың терең тамыр жайғанына ешкім күмән келтірмейді. Бұл комплиментарлық қазақ халқының терең дүниетанымынан бастау алады және қазақ халқының ойшылы, хакім ақыны Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген ой-тұжырымында көрініс табады. Сонымен қатар, көне түркілер заманында қалыптасқан «Құдай бір, бірақ әркімнің оған барар жолы әртүрлі» деген ұстаным да халықтарды дініне қарап жіктеуге тосқауыл қойды. Қазақтар адамды ұлтына, нәсіліне, дініне қарап емес, оның бойындағы адамгершіліне қарай бағалайды. Бұл әртүрлі мәдениеттер мен діндер тоғысқан аймаққа тән құбылыс. Профессор Ә. Дербісәлі: «Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия тоғысқан Жібек жолындағы Қазақстан қалаларында әртүрлі діндердің өзара кірігіп, бір-бірін байытуына игі жағдай қалыптасты, біздің көп ғасырлық тарихымыз осыны айғақтайды» деп жазады [11]. Бұл Қазақстан жерінде ғасырлар бойы мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысып, қатар өмір сүргенін байқатады. Қазақстанның тарихы – ортақ мақсатқа жету жолындағы әртүрлі этностар мен ұлттардың өзара түсіністігі мен татулығының, өзге ұлттарды өз төңірегіне тұтастыра алған қазақ халқының бауырмалдылығы мен кеңпейілділігінің куәсі деп айта аламыз.

Әрине, Қазақстан қоғамында қалыптасқан тұрақтылық пен келісімге төнетін қауіптер де жоқ емес. Ұйымдасқан жемқорлық, халықаралық терроризм мен экстремизм, геосаяси және миграциялық үрдістерді осындай факторларға жатқызуға болады. Бұл қауіптер Қазақстанның ғана емес, бүгінгі күнгі халықаралық қауымдастықтың ортақ мәселелері. Алайда біз ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени сабақтастық пен қазіргі күнгі жасампаздықты ұштастыра білсек, аталған мәселелер оң шешімін табады деп сенеміз. Бұл мәселелерді шешу Қазақстан қоғамының ішкі тұтастығын, өзара түсіністік пен толеранттылықты, транспаренттілік пен демократиялық үрдістердің тоқтамауын талап етеді.

Әдебиеттер

1 Формирование толерантного сознания в современном казахстанском обществе. – Алматы, 2009. – 106 с.
2 Омаров Е. Краткая история казахской цивилизации. – Алматы: Арда, 2005. – 17 с.
3 Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 211 с.
4 Раев Д.С. Би-шешендердің саясат туралы көзқарастары // Саясат. – 2000. – № 12. – 88-89 бб.
5 Омарханов Қ. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. – Астана: Елорда, 2003. – 63-64 бб.
6 Крадин Н.Н. Кочевники Евразии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 117 с.
7 Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокуль-турная история Центральной Азии. – СПб.: Наука, 2006. – 438 с.

8 Нысанбаев А.Н. Сущность глобализации и ее влияние на Республику Казахстан // Казахстан в условиях глобализации: философско-политологический анализ. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Инс-та философии и политологии МОН РК, 2006. – 92 с.

9 Сексенбаев Б. Мәдени сабақтатықтағы тарих даналығы // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 10-том. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. – Алматы: Жазушы, 2006. – 344 б.

10 Телебаев Г.Т., Шайкенова А.Т., Омирсеитова А.К и др. Казахстанская культура сегодня: ценности, потребности, институты. – Астана: Елорда, 2002. – 11 с.

11 Дербисали Абсаттар Хаджи. Шелковый путь и история становления многоконфессиональности Казахстана // Евразия. Общественно-политический и литературно-художественный журнал. – №1. – 2008 (40). – 68 с.

References

1 Formirovanie tolerantnogo soznanija v sovremennom kazahstanskom obshhestve. – Almaty, 2009. – 106 s.

2 Omarov E. Kratkaja istorija kazahskoj civilizacii. – Almaty: Arda, 2005. – 17 s.

3 Orazbaeva A.I. Civilizacija kochevnikov evrazijskih stepej. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – 211 s.

4 Raev D.S. Bi-sheshenderdiң sajasat turaly kөzқarastary // Sajasat. – 2000. – № 12. – 88-89 bb.

5 Omarhanov Қ. Қazaқ elinің dөstүrli құқuғy. – Astana: Elorda, 2003. – 63-64 bb.

6 Kradin N.N. Kochevniki Evrazii. – Almaty: Dajk-Press, 2007. – 117 s.

7 Kljashtornyj S.G. Pamjatniki drevnetjurkskoj pis'mennosti i jetnokul'-turnaja istorija Central'noj Azii. – SPb.: Nauka, 2006. – 438 s.

8 Nysanbaev A.N. Sushhnost' globalizacii i ee vlijanie na Respubliku Kazahstan // Kazahstan v uslovijah globalizacii: filosofsko-politologicheskij analiz. – Almaty: Komp'juterno-izdatel'skij centr Ins-ta filosofii i politologii MON RK, 2006. – 92 s.

9 Seksenbaev B. Mədeni sabaқtatyқtaғy tarih danalyғy // Әlemdik mədeniettanu oj-sanasy. On tomdyқ. 10-tom. Қazaқstannyң қazirgi zamanғy mədeniettanu paradigmalary. – Almaty: Zhazushy, 2006. – 344 b.

10 Telebaev G.T., Shajkenova A.T., Omirseitova A.K i dr. Kazahstanskaja kul'tura segodnja: cennosti, potrebnosti, instituty. – Astana: Elorda, 2002. – 11 s.

11 Derbisali Absattar Hadzhi. Shelkovyj put' i istorija stanovlenija mnogokonfessional'nosti Kazahstana // Evrazija. Obshhestvenno-politicheskij i literaturno-hudozhestvennyj zhurnal. – №1. – 2008 (40). – 68 s.

Борбасова Қ.М.,
Мейірбаев Б.Б., Абжалов С.У.

Ага-Хан исмаилиттерінің діни сенімдері

Әлемде белсенді қызмет етіп отырған, кезінде орта ғасырда террорлық әрекеттерімен танымал болған исмаилиттік сектаның тарихи жалғасы болып келетін Ага-Хандар институты арнайы зерттеуді қажет ететін діни ұйымдардың бірі. Ага-Хан исмаилиттері шииттік исламның бір тармағы ретінде пайда болғанымен тарихи даму барысында қызмет ету ерекшеліктері мен діни сенімдері өзгерістерге ұшыраған, халықаралық ұйымдар тарапынан кең қолдауға ие діни ұйымдардың қатарына жатады. Бұл ағым өкілдері әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде артта қалған, таулы аймақтарда өмір сүретін халықтарға оқу-ағарту саласында және т.б. салаларда қайырымдылық іс-шаралар жасап әлемдік қауымдастық назарын өздеріне аудартып келеді. Орталығы Францияда орналасқан Ага-Хан исмаилиттері әртүрлі діни және қоғамдық қызметтермен айналысатын үлкен ұйым. Бұл ұйымды Ага-Хан деп аталатын имам басқарады. Ага-Хан исмаилиттері діни ұйым болумен қатар соңғы уақытта әлеуметтік, саяси, экономикалық бағыттарда да жұмыстар жүргізіп келеді.

Түйін сөздер: Шииттер, исмаилиттер, Ага-Хан, имамат, әһлибәйт.

Borbasova K.M., Mejirbaev B.B.,
Abzhalov S.U.

Aga Khan Ismaili religious beliefs

Aga Khan is active globally Institute, which is one of the historic receiver of Ismaili sect known since the Middle Ages for its terrorist activity, requires careful study. Formed as one of the areas of Shiite Islam, Ismaili Aga Khan in further has changed its altered form of ceremonial rituals and beliefs and have received the support of some international organizations. This organization has attracted the attention of the world community through charitable and educational outreach programs in many countries, mainly in developing countries and in mountainous regions. Having a central office in France Aga Khan Ismaili are engaged in large-scale organization of religious and social activities. The head of the organization is the imam who calls himself Aga Khan. Recently, apart from religious activities, there is activity in the social, political, economic directions.

Key words: Shiites, Ismailis, Aga-Khan, imamate, ahlul-bayt.

Борбасова К.М.,
Мейирбаев Б.Б., Абжалов С.У.

Религиозные верования исмаилитов Ага-Хана

Осуществляющий активную деятельность в мировом масштабе институт Ага-Хана, являясь историческим преемником одной из исмаилитских сект, известных со времен средневековья своей террористической деятельностью, требует тщательного исследования. Образовавшись как одно из направлений ислама шиитского толка, исмаилиты Ага-Хана в дальнейшем своем развитии видоизменили формы обрядовых ритуалов и вероучений, получив поддержку некоторых международных организаций. Данная организация привлекла к себе внимание мирового сообщества благодаря благотворительным образовательно-просветительским программам во многих государствах, преимущественно в развивающихся странах и горных регионах. Имеющие центральный офис во Франции исмаилиты Ага-Хана являются масштабной организацией, занимающейся религиозной и общественной деятельностью. Главой организации является имам, называющий себя Ага-Ханом. В последнее время, помимо религиозной деятельности, наблюдается активность в социальном, политическом, экономическом направлениях.

Ключевые слова: шииты, исмаилиты, Ага-Хан, имамат, ахли-байт.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 28-11

*Борбасова Қ.М., Мейірбаев Б.Б., Абжалов С.У.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: karlygash_bm@mail.ru

АГА-ХАН ИСМАИЛИТТЕРІНІҢ ДІНИ СЕНІМДЕРІ

Шииттер ислам ағымдар тарихында дүниетанымдық ерекшелігі мен өзіне тән сенімдері тұрғысынан маңызды орынға ие. Қалыптасқан уақытынан бастап әртүрлі себептерге байланысты өз ішінде бірнеше тармақтарға бөлініп кеткен шииттердің Имамия тармағынан кейінгі ең үлкен тармағы Исмаилиттер сектасы болып табылады. Ислам тарихында өзіндік орны бар Фатимиттер халифатының ресми идеологиясы саналған Исмаилиттік Фатимиттер кезеңінде имамат, яғни рухани билік мәселесінде пайда болған келіспеушіліктің салдарынан низариттер және Мусталиттер болып екіге жарылады. Осылардың ішінде низариттер тармағы Аламут Исмаилит мемлекетінің ресми идеологиясы қызметін атқарғанымен моңғолдардың Аламут мемлекетін құлатуынан соң ұзақ уақыт бойы тарихтағы ықпалдарынан айырылып қалды. Алайда 19 ғасырдың бастарында низариттер Иранда Ага-Хан исмаилиттері деген атаумен қайта тарих сахнасына шықты.

Ага-Хан исмаилиттері шииттік исламның бір тармағы ретінде пайда болғанымен тарихи даму барысында қызмет ету ерекшеліктері өзгерістерге ұшыраған, халықаралық ұйымдар тарапынан кең қолдауға ие бағыттардың бірі. Бұл ағым өкілдері әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде артта қалған, таулы аймақтарда өмір сүретін халықтарға оқу-ағарту саласында және т.б. салаларда қайырымдылық іс-шаралар жасап әлемдік қауымдастық назарын өздеріне аудартып келеді. Бұл ағым өкілдері біздің елімізде де Текелі елді мекенінде оқу орнын ашу туралы бастама көтеріп, ол көпшіліктің наразылығына ұшыраған жайттарға куә болдық.

Орталығы Францияда орналасқан Ага-Хан исмаилиттері әр түрлі діни және қоғамдық қызметтермен айналысатын үлкен ұйым. Бұл ұйымды Ага-Хан деп аталатын имам басқарады. Қазіргі таңда IY. Ага-Хан Кәрім Шах Хусейн басшылық етеді. Ага-Хан исмаилиттері діни бір ұйым болумен қатар соңғы уақытта әлеуметтік, саяси, экономикалық бағыттарда да жұмыстар жүргізіп келеді. Дүние жүзінің шамамен 25 мемлекетінде өмір сүретін 30 миллион шамасындағы Ага-Хан исмаилиттері бір орталықтан басқарылады және басқару жүйесі өздерінің арнайы жарғыларымен бекітілген. Мұны өздері «низамнама» (Заңнама) деп атайды. 1986 жылы низамнамада исмаилит мұ-

сылмандардың туы, әнұраны және имамның мөрі жайында арнайы заң бекітілді. Ол бойынша ешкім туды, мөрді және әнұранды коммерциялық мақсатта жарнамалауға, таныстыруға, әртүрлі жобаларда және осыған ұқсас шараларда қолдануына болмайды [1]. Тек қана имамның рұқсатымен қолдана алады. Ту барлық жамағатханада болады. Заңнамаға сәйкес ұйымды Имамнан кейін алдыңғы қатарлы, таңдаулы мүшелерден құралған Ұлтаралық Көсемдер Кеңесі басқарады. Бұл кеңес имамдық мәселесін және ұйым ішіндегі келелі мәселелерді қарастыру, шешу, талқылау мақсатында жиі жиналып отырады. Ұйымның ішіндегі барлық мүшелер және мүшелердің атқаратын жұмыстары, мақсаттары, ізбасарларының діни және әлеуметтік, саяси мәселелері осы кеңесте талқыланады. Кеңесте алынған шешімдер имамның алдына ұсынылады және оның қолдауымен бекітіледі. Имамнан кейінгі ең үлкен құзыретті ұйым Ұлтаралық Көсемдер Кеңесі Имамдық Ұйымының басқару мүшесі болып табылады [2].

1986 жылғы ережесінде Ага-Хан исмаилиттері өздерін бір ағым емес «Исмаилит тарықаты» деп атады. Яғни өздерін сопылық бағыттағы тарықат ретінде ұсынды. Тарықат мүшелеріне мурид деп айтылады. Осылайша ұйымның діни істерімен ендігі жерде Тарықат және Діни тәлім-тәрбие кеңесі жауапты болды. Діни Тәрбие ұйымының басқармасы, құрметті хатшы және басқа қызметкерлер үш жылдық мерзімге имам тарапынан тағайындалады. Қазіргі таңда тарықат және діни тәрбие кеңесінің өз сенімдерін насихаттау секілді әрекеттері байқалмайды. Аталған кеңес алдымен ұйым ішіндегі істердері үйлестірумен шұғылданады.

Әр ағымда болғандай Ага-Хан исмаилиттерінің де өздеріне тән белгілі бір ұстанымдары бар. Алайда алғашқы пайда болған кезінен қазіргі уақытқа дейін бірталай өзгерістерге ұшыраған. Қазіргі таңда да өмір сүріп отырған аймақтарына байланысты да айырмашылықтары бар. Шииттік сенімдегі тақийя принципі, яғни сенімінді жасырып жабу ұстанымына сәйкес өзге дін өкілдерінен ерекшеленбеу мақсатында құлшылық амалдарын соларға жақындатқан. Мысалы Үндістандағы қожалардың діни сенімдерінде үнді дінінен әсер алғаны анық байқалады. Осылайша түрлі жағрафияда өмір сүрген Ага-Хан исмаилиттері өздерінің өмір сүрген жерлеріне байланысты өздеріне тән діни сенімдерін, құлшылық жүйесін орнықтыра бастаған.

Ага-Хан исмаилиттерінің ілімдік ерекшеліктері туралы нақты деректер кейіннен жазылған зерттеулерде кездеседі. Бұлар өз кезегінде көне дереккөздердегі мәліметтерге қарама-қайшы келіп жатады. Ага-Хан исмаилиттерінің көбінесе «тақийяға» бүркенуі жергілікті халықтан өздерін тасалаудың бір амал шарғысына айналған. III. Ага-Хан 1910 жылдары артынан ерген жамағат өмір сүретін өлкелерге әр түрлі үкімдер жіберіп, діни мәселелерде өзгерістер енгізіп отырды. Мысал келтірер болсақ, орнына келген имам тірі болғандықтан өлген имамның артынан қайғырып аза тұтуға тиым салды. Осылайша мухаррам айындағы Хз. Хүсейінге аза тұтуды түбегейлі жойды [3]. 1951 жылы Ирандағы ізбасарларымен кездесуге барғанда сондағы әйелдердің мұсылмандық киімдері болып саналатын пәренжілерін тастағанын көріп қатты қуанғанын баяндады [4]. Соңынан ергендерден жалғыз қалауы өзінің рұқсат еткендерін немесе әмір еткендерін ғана орындауы еді. Айтып өткеніміздей қанша өзгеріске ұшыраса да өздерінің болмысын сақтап қалған. Діни сенімдері қатып қалмаған яғни заман талабына сай өзгере алады [3, 241 б.]. Бұл жағдай Ага-Хан исмаилиттерінің көзқарастарының әрқилы болып келетінін байқатады.

Жалпы Ага-Хан исмаилиттерінің діни сенімдеріндегі басты негіздерді пайғамбарлық, имамдық, құран, панжтаны-пак, гинандар, діннің жеті негізі деп жүйелеуге болады.

Пайғамбарлық туралы ұстанымдары. Пайғамбарлыққа сену Ага-Хан исмаилиттерінің иман негіздерінің бірі. Ага-Хан исмаилиттерінің классикалық әдебиеттеріне қарағанда пайғамбар Алла Тағаланың хабарын адамдарға жеткізумен міндеттелген адам. Алайда олар Алланың аянын (уахиді) өз дәуіріндегі адамдарға ғана жеткізуге міндетті және сол дәуірдегі адамдарға ғана тән. Сондықтанда ашық немесе жасырын баяндалған мәселелердің бәрін жеткізуге міндетті емес. Яғни пайғамбарлар келген уахидің тек заһири, сыртқы көріністегі қырын уағыздаумен ғана міндетті [5].

Алайда жоғарыда айтып өткеніміздей жағдайларға байланысты өзгеріп отырған. Мысалы Хожалардың (исмаилиттікті қабылдаған үнділерге берілген атау) түсінігінше Хз. Али үнді сенімі бойынша тәңір Вишнудің оныншы реинкарнациясы (бірлесуі). Хз. Мұхаммад болса оның пайғамбары [6]. Жалпылама хожалар жамағаты Хз.Мұса, Хз.Дәуід, Хз.Иса және Хз.Мұхаммедті (с.а.у.) пайғамбар ретінде қабылдаған. Бұлардан басқа пайғамбарларға да иман келтірген. Ага-Хан исмаилиттері қазіргі кезде пайғамбарлық сеніміне қатысты ислам канондарына қайшы және ақылға қонымсыз ұстанымдарынан бас тартып

исламның қағидаларына сәйкес ұстанымдарға бет бұрып, өз ілімдерін күшейте түсуде.

Имамдық мәселесі. Ага-Хан исмаилиттерінде имамдық ең маңызды сенім негізіне жатады. Әр бір адам Алланың пайғамбарын тануы және оған бағынуы қандай парыз болса, пайғамбардан кейін келген имамды да тануы және оған бас июі сондай парыз. Имамның қасиетті мәтіндермен бекітіліп, тағайындалғаны жөнінде барлық шииттік ағымдардың ұстанымы ортақ. Али ибн Әбу Талибтің пайғамбардың тағайындауымен үмметтің имамы болып бекітілгендігіне деген сенім исмаилиттердің имамдық туралы көзқарастарының негізін құрайды. Исмаилиттердің пікірінше Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) ең соңғы пайғамбар және Аллаһтың дінін әкелген әрі оны адамдарға таратқан. Дәл сол секілді пайғамбардың немере інісі Али ибн Абу Талиб және оның ұрпағынан келген имамдар да осы құдайлық үкімдердің астарлы мағыналарын білетін, заманның рухына сәйкес сол ақиқаттарды адамдарға жеткізіп отырады. Олардың ойынша Хазіреті Али және оның ұрпақтарынан келген имамдардың имамдығы жайында Құранда көптеген аяттар және хадистер бар.

Имамдықтың қияметке дейін Хз. Али және Хз. Фатиманың тегінен шыққан Исмаил ибн Жағфардан және оның тегінен жалғасатындығын айтқан исмаилиттер имамның қасиеттеріне өз ілімдерінде кеңінен баяндаған.

Ага-Хан исмаилиттерінің имамдық туралы ұстанымдары шамалы ерекшеленеді. Өзге исмаилиттік тармақтармен мына мәселелерде ортақ ұстанымда:

- Имамдық тек Жағфар ибн Исмаилдің және оның ұрпағына тиесілі. Ол орынға басқа ешкім ие бола алмайды.
- Имам, жер бетіндегі Алланың халифасы. Ол халифа Алланың нұрына бөленген жан. Сол себепті Алланың сол имамның бейнесінде бейнеленгендігіне сену діннің негізі болып саналады.
- Имам, пайғамбардың рухани күш жігерінің мұрагері.
- Имамның әр бір сөзі, бұйрықтары тәңірлік әмір есебінде жүреді.
- Имамдардың жасағандарының барлығы дұрыс. Олар қателеспейді, күнә істемейді.
- Дінге арқа сүйеу, имамға тәуелді болу қажеттілік.

Қысқасы имам муминдерді тура мәліметтерге, Аллаһтың бірлігіне, ақиқатқа жетелейтін кісі. Бұл мәлімет жолымен кісі кемелдікке жете алады. Осыған байланысты имамның артынан еру керек, ол өзгелерге үлгі болатын адам.

Ага-Хан исмаилиттерінде басқа шииттік ағымдарда орын алған ғайып имамға деген сенім жоқ. Олардың түсінігі бойынша имам әр ғасырда және әр дәуірде бар болады, олардың ғайып болуы ақылға сыймайды [7].

Құран. Алғашқы кезеңдерде және кейбір өзгерістермен кейінгі кезеңдерде негізі қалыптасқан исмаилиттік ілімнің ең маңызды ұстанымы заһири (сыртқы) және батыни (ішкі, астарлы) жіктемесі болып табылады. Алғашқы исмаилиттер қасиетті кітаптардың және шариғи үкімдердің заһири-батыни мағыналарының болатындығын алға тартты. Нәтижеде исмаилиттік сенім бойынша Құран және Ислам шариғатының заһири мағынасы мен батыни мағынасы бір-бірінен бөлек болып шықты. Жаңа шариғат әкелген әр пайғамбармен бірге жіберілген діннің заһири тарапы өзгергенімен шексіз мәңгілік ақиқаттарды қамтыған діннің батыни жағы өзгермейді. Діннің осы батыни, астарлы, ішкі мәнін тек исмаилиттік жолдағылар ғана түсініп, біле алатындығын алға тартты. Ал исмаилит еместер діннің тек сыртқы мағынасымен амал етіп, соны ғана түсінеді. Исмаилиттер діннің батыни және жасырын ақиқаттарына ерекше бір маңыздылықпен қарауларына байланысты батынилер немесе батыния деп те аталды [8]. Исмаилиттер батыни мағынаны шығару мақсатында жорамал жасауды өте шектен тыс қолданған. Діни уахиді (аянды) заһир және батын деп екіге бөлумен қатар исмаилиттер бұл екі бөліністі бір-бірін тек қана толықтырушы емес дәл сонымен бірге рух пен дене секілді бір-бірлерімен өте тығыз байланыста, әрі бірі болмаса екіншісі де болмайтындығын алға тартады. Осыған байланысты имамдар шынайы мәліметтің жетекшілері болып табылады. Адам өз бетінше илаһи үкімдерді қарағанымен рухани тұрғыда жетілмейді. Алғашқы исмаилиттердің имамдықпен байланысты көзқарастары негізінде имамия шииттерінің көзқарастарынан алынған.

Сунниттік ғалымдар мен Имамия шииттерінің Құран және оның түсіндірмесіне байланысты көптеген жұмыстар жасағаны мәлім бола тұра Ага-Хан исмаилиттері бұл жөнінде еш пікір білдірмейді. Ага-Хан исмаилиттерінің арасында жалпы Құран оқу үрдісі жоқ немесе кең тарамаған болып тұр [7, 75 б.].

Панжтани-Пак. Қасиетті бес адам деген мағынаға келетін Панжтани-Пак сеніміне келетін болсақ, бұл суннит және шииттердегі сияқты әһли-байтқа деген сүйіспеншілікке ұқсас. Осыған байланысты бес қасиетті адам бар, оларды ретретімен айтар болсақ Хз. Пайғамбар, Хз. Али,

Хз. Фатима, Хз. Хасан және Хусейін болып саналады.

Ага-Хан исмаилиттері бұл бес адамды сүйеді және оларға құрмет көрсетеді. Панжтани-Пак сенімін құран аяттарымен қуаттайды. «Жоқ олай емес. Негізінен ізгілердің дәптері әрине жоғарғы орында болады (мутаффифун 83/18)» аятындағы ізгілер деп отырғанымыз аты аталған бес қасиетті адамдарды меңзеп тұрғанын айтады [9].

Риуаяттарына қарағанда Алла Тағаланың Хз. Адам пайғамбарға берілген нұры одан кейін ретретімен барлық пайғамбарларға өткен және ең соңында қасиетті бес адаммен жалғасқан. Оларға сену және құрмет көрсету Ага-Хан исмаилиттері үшін маңызды рөл атқарады.

Діни әдебиеттері: Гинандар. Санскритше сөздік мағынасы шексіз бір түсінік немесе ойдан шығарылған білім мағынасына келетін және поэзия түрінде жазылған гинандар [7, 75 б.]. Үндістандағы исмаилиттер арасында кең тараған. Үндістан исмаилиттері өз сенімдерінің теологиялық құрылымына байланысты зерттеу жұмыстарын жасамаған, сонымен қатар арапша немесе парсыша жазбаларын да өз тілдеріне аудармаған.

Гинандарға Үндістан жағрафиясында исмаилиттік ілімді тарату жұмыстарымен айналысқан пірадар немесе жанкештілер назар аударған. Гужарат, Синди, Үнді, Пенжаб, Мултани т.б. түрлі үнді диалектілерінде жазылған гинандар, жалпылама әдеп, діни-мистиканы, поэзия және пірадарлардың аңыздарын қамтыған. Гинандарда тарихи шындықтар аңызға айналдырылған. Мысалы, Али ибн Әбу Талибтің бір Үнді тәңірі Вишнудың оныншы реинкарнациясы және Хз. Мұхаммедтің оның пайғамбары екендігі [10] немесе Хз. Мұхаммедтің Үндістанға бір пірадар ретінде келгендігі ойдан шығарылған мағлұмат.

Алғашқыда Үнді төменгі континентінде өмір сүрген исмаилит хожалар немесе олардың пірадарлары тарапынан жайылған гинандар ағым арасында үлкен беделге ие бола бастады. Ислами және Үнді дін мүшелерін бір жерге топтастыра алған гинандар жамағатханаларда әуендетіп оқылды.

Алғашқыда ауыз әдебиеті болып келген гинандар кейін уақыт өте келе жазба әдебиетке көшіріле бастады. Ага-Хандар гинандарды жойылып кетуден сақтау мақсатында жазбашаға ауысуына мән бере бастады. Сондай-ақ көптеген гинандар үнді диалектілерінен аударылып жарияланды. Ага-Хан исмаилиттері Гинандарды исмаилит пірадарлары тарапынан жазылған діни әдебиет ретінде бағалаған. Алайда жоғарыда айтып өткеніміздей кейбір гинандар пірадарлардың балалары тарапынан жазылған. Кейде кейбір поэзиялардың да гинан болып кеткендігін байқауға болады [11]. Қысқасы гинандар дегеніміз аңызға сүйенген баяндаулар немесе ойдан шығарылған пікірлер, яғни исмаилиттердің тарихы немесе діни сеніміне қатысы жоқ, шындыққа жанаспайтын шығармалар.

Діннің жеті негізі. Алғашқы дәуірлердегі исмаилиттердің сенімдеріне сүйене отырып шығарылған сандардың қасиеттілігіне деген сенім. Сол кездегі жеті санының қасиеттілігі қазіргі кездегі Ага-Хан исмаилиттерінің құлшылыққа байланысты доктриналарында әлі де кездеседі. Яғни, Ислам олардың түсінігі бойынша жеті негізден құралған.

Иман. Иман – Алладан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің оның құлы, елшісі және пайғамбарлардың соңғысы екендігіне куәлік ету; жәннат және тозаққа, өлгеннен кейін қайта тірілуге, Құранның Алла тарапынан адамдарға жіберілген соңғы кітап екендігіне, нәбилерге, пайғамбарларға және имамдарға сену, сол заманның имамын біліп тану, оның әмірлерін орындау. Осыған орай иман, имамға сену арқылы болмақ, яғни Хз. Мұхаммедтің тегінен жалғасқан имамға құрмет көрсету, оны сүю және оған тәуелді болу арқылы іске аспақ. III. Ага-Хан бір бұйрығында Ислам діні шииттік имам және иман негізінде құрылғандығын айтқан. Сондықтан да имам, иманның негізі, мүмин болса иманы бар адам деген сөз. Иманы жоқ адам немесе имамды танымайтын адам үмітсіз пенде. Иман құлшылықпен қол жеткізетін нәрсе, ал оған қол жеткізу үшін имамды тануы керек болады. Иманды болудың басқа жолы жоқ.

Тазалық. Аға Хан Исмаилиттері үшін тазалық бұл рухани кірден арылып ол күнәларды қайта жасамау, әдет және салттан өту, захиримен амал еткендерден өздерін қорғау. Ага-Хан Исмаилиттері намаздан бұрын дәрет алмайды. Өйткені дәрет ол сыртқы тазалық қана болады. Маңыздысы рухани немесе батыни тазалық болып есептеледі.

Намаз. Алғашқы кездерде Үндістан сыртындағы Ага-Хан шииттері намаздарын сунниттер немесе шииттер сияқты оқып жүрді. Алайда Үндістандағы хожалардың салт-дәстүрлері, тілдеріне діни дәстүрлеріне байланысты өзгешелеу намаз тәсілдері де кездесті. Ауғаныстанның кейбір өлкелерінде болса, Аламут дәуірінен қалған шииттердің ұнатқан арап-парсы тілдерінде оқылатын намаз тәсілі де кездесті. Бұлай намаз оқу тәсілі және дұғалары III. Аға Хан Сұлтан Мұхам-

медтің тарапынан 1898 жылы алты бөлім және күнде үш уақыт есебінде бекітіліп Ауғанистандағы соңынан ерген жамағаттарына жеткізілді. Имам 1898 жылы Африкаға жасаған сапарында да сол жердегі жамағаттарына солай намаз оқуын талап етті. Хожалардың намаз оқуының басқалардың намаз оқуынан жалғыз айырмашылығы үнді тілінде болғандығы ғана деп біл-дірген. 1950 жылы Сұлтан Мұхаммад Шах профессор Жавад Мустажиға намазды арап тілінде жазуын әмір етті. Дайындалған намаз дұғалары мен орындалу тәсілі 1954 жылы имамның қолдауымен басқа шииттерге табысталды. Жаңа өңдеуден шыққан намаз оқу тәртібі 1956 жылы Мадакаскарда Кәрім Шахтың оқуымен басталды. 1960 жылдан бастап арап тіліндегі намаз оқу іске асты. Жаңадан шыққан намаз тәсілінде құран аяттарынан дұғалар алынған болатын. Яғни, ниса сүресінің 59. Аятының басы және соңы, Ясин сүресінің 12 аятынан құралған. Құрандағы бұл аяттар түбегейлі мағыналары өзгеше болғандықтан имамдық мәселесінде де өзгешеліктер әкелді. Сондықтан да мағына былайша өзгерген болатын: «Уа иман еткендер! Аллаға итағат етіңіз. Пайғамбарға және өздерініңден шыққан басшыларға да итағат етіңіз. Және біз дайын имамға толық хақ бердік». Бұл жердегі дайын имам деп жатқаны Ага-Хан болатын. Яғни ол барлығын білетінін және барлық нәрселерге құзыреті бар екенін құран аяттарымен негіздеуде. Осылайша олар намаз дұғаларын өздерінше дамытқан болды. Ага-Хан шииттері барлығының намазы бірдей болсын деп қанша тырысса да, әр түрлі өлкелерде өмір сүріп жатқан ағымдар арасында өзгешеліктер қазірге дейін жалғасын тауып жүр. Ага-Хан шииттері суннит және шииттерден ерекшеленіп намаз сөзінің орнына дұға сөзін қолданған. Жоғарыда да айтып өткеніміздей олар жамағатханаларында күніне үш уақыт қана намаз оқиды. Субhожи дұға, яғни таң намазы таңдағы сағат 4 пен 5 арасында; Санжижи дұға, яғни ақшам намазы күннің батқанынан кейін; Сомнажи дұға, түнгі 8 бен 9 арасында оқылатын болған. Намаздары құран аяттарымен қоса имамдардың тізімінен және сол кезеңдегі имамдарының сөздерінен құралатын. Сондықтан да имамның белгілеген уақыттарында шииттердің жамағат халінде намаз оқулары тиіс болатын. Тек бір мәселелері шығып қалған жағдайда ғана басқа жерлерде намаз оқи алады. Намазда азан шақырылмайды. Өйткені шынайы бір мұсылман намаз уақыттарын ұмытпауы керек. Алла барлық жерде болғандығы үшін намазды Меккеге қарамай да оқуға болады. Алайда имамның қараған бағытына қарап оқулары тиіс болды. Намаздарында Ага-Ханнан құлшылықтарының қабыл болуын сұрап дұға жасайды.

Зекет. Дассондh деп аталатын зекет Ага-Хан шииттерінде маңызды құлшылық болып табылады. Сунниттерде зекет белгілі бір мөлшерге жеткен малдың қырықтан бірін кедейлерге беру керек болса, Аға Хан шииттерінде жылдық табыстарының оннан бір бөлігін имамдарға беруге тиіс. Зекетін имамға берген адам бұл дүниеде бақытқа ол дүниеде азаптан құтылады деп біледі. Имамға берілуі тиіс салықтардың көптігі халық наразылықтарын туғызған. Алайда зекет мөлшері имамның айтуымен азайтыла алады. Мысалы 1930 жылдарда Ирандық ізбасарларынан жиналған салықтардың жиырма пайызы алынып қалғанын білім алу мекемелеріне жұмсалған. Міндетті түрде берілуі керек болған жағдайдағы зекеттің мөлшерінің көптігі имам жайында түрлі пікірлердің шығуына себеп болған. Қазіргі таңда IV. Аға Хан Кәрім Шах дүниедегі ең бай адамдардың бірі.

Ораза. Ораза имамның істегендеріне үндемеу оны құптау, сырларын ашпау. Хожалар жамағаты ғана әр жылы рамазан айының 27-де ораза ұстайды. Рамазанның 27-түні басталған оразалары ертеңіне бесін уақытында бітеді. Сондай-ақ олардың кейбіреулері тарапынан рамазан айының 19 және 23-күндері құранның түсірілген қадір түнінің құрметіне күнәларынан арыламыз деп атап өтіледі. Сұлтан Мұхаммад Шах шынайы мұсылман тек рамазанда ғана ораза ұстап қоймай жыл бойы ұстауы керектігін және жыл бойы ешкімді ренжітпей күнәлі істер жасамай жүрсе ғана бұл шынайы ораза болады деп бұйрық шығарған. Алайда денсаулығы жарамай сыр берер болса, Ислам жүйесіне сай жылына тек бір ай ғана ораза ұстауына болатындығын және осылайша нәпсісін тәрбиелейтінін білдірген.

Қажылық. Ага-Хан шииттерінде қажылық имамды зиярат етуден тұрады. Ага-Хан шииттерінің хожалар тобы Меккеге де Мадинаға да еш бармайды. Олар қасиетті топырақ деп Хз. Хусейннің өлтірілген жері Кербала мен Нежефті зиярат етеді. Ал кейбіреулерінің Қағбаны зиярат етулері Хз. Алидің сонда туылғандығынан болып тұр. Исмаилиттердің гинандарына қарағанда Хз. Алидің анасы Қағбада құлшылық істеп жүріп толғағы келген екен. Сондай-ақ жақын арада үй болмай Қағба ішіне кірейін десе кіре алмай тұрғанда кенет дуалынан терезе ашылып сол жерден кірген. Оны іште екі жәннат қызметшілері босандырып алған деседі. Сондықтан да олар Қағбаны зиярат етеді.

Жиһад. Ага-Хан шииттері үшін жиһад дегеніміз адамның өз нәпсісімен күресуі және имамның айтқандарын орындауы болып табылады. Жиһадты осылай пайымдау мұсылмандардың Аллаға жақындауларына себеп болатын бір құлшылық. Олардың түсінігінде қару-жарақпен шайқасудың заманы өткен. Әркім өз нәпсісімен қалағанынша күресуі керек. Аламут дәуірінде террорист болып аты шыққан исмаилит шииттері қазіргі таңда жақсылықты үгіттейтін, қайырымдылық қорларын құратын бір жамағатқа айналғаны байқалады.

Қорыта келгенде Ага-Хан исмаилиттері өмір сүрген орталарына байланысты өзгеріп отырған. Олар өздерін тақийямен жасырғандықтан жергілікті халықтан айнымай қалған Сондықтан оларды сырт көзбен ажырату мүмкін емес.

Әдебиеттер

1 The Constitution of the Shia İmami İsmailî Muslims, (1986), Article Sixteen, Personal Standart and Crest of Mawlana Hazar Imam, The Ismaili Flag and The Nashid Al-Imamah, http://İsmailî.net/Source/extra1.html.

2 The Constitution of the Shia İmami Muslims, (1986), Article Four, leaders‟ international forum.

3 Sultan Muhammed Şah, Ekselansları Ağa Han, İmam, Politikaçı, Filozof, Dost, çev: Zeynep Özbek, Kanüs Yay.. – İstanbul, 2005 – S. 409.

4 Daftary, Farhad, Muhalif İslam‟ın 1400 Yılı, İsmailîler, Tarih ve Kuram, çev: Ercüment Özkaya, Baskı I, Ankara, 2001 – S. 540.

5 Eboo Jamal, Nadia, Surviving the Mongols, Nizarî Quhistani and the Cantinuity of Ismaili Tradition in Persia, I.B. Tauris Ltd. – London, 2002 – p. 37.

6 Makarem, Sami Nasib, The Doctrine of the İsmailîs, Arab Institute for Research and Publishing. – Beyrut, 1972. – p. 41.

7 Öz, Mustafa, Nizari İsmailîliğinde Ağa Hanlar Dönemi, basılmamış doktora tezi, Marmara Ünüversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. – İstanbul, 1986. – s.618.

8 Kutlu, Sönmez, «Zedilik, İsmailîyye, İmamiyye», İslam Düşünce Ekölleri Tarihi, II. baskı, Ankara Üniversitesi Basımevi. – Ankara, 2007 – S. 111-112.

9 Encyclopaedia of Ismailism, http://www.nizariİsmailî.com.

10 Davis, Jimmy R., The Shia Imami Muslims: A Short Introduction, Lulu Publ., Second Edition. – U.S.A, 2007 – p. 37.

11 Ходжсон Густав Эдмонд фон Грюнебаум, Классический Ислам: пер. – М.: издательство Наука, 1986. – С. 40.

References

1 The Constitution of the Shia İmami İsmailî Muslims, (1986), Article Sixteen, Personal Standart and Crest of Mawlana Hazar Imam, The Ismaili Flag and The Nashid Al-Imamah, http://İsmailî.net/Source/extra1.html.

2 The Constitution of the Shia İmami Muslims, (1986), Article Four, leaders‟ international forum.

3 Sultan Muhammed Şah, Ekselansları Ağa Han, İmam, Politikaçı, Filozof, Dost, çev: Zeynep Özbek, Kanüs Yay.. – İstanbul, 2005 – S. 409.

4 Daftary, Farhad, Muhalif İslam‟ın 1400 Yılı, İsmailîler, Tarih ve Kuram, çev: Ercüment Özkaya, Baskı I, Ankara, 2001 – S. 540.

5 Eboo Jamal, Nadia, Surviving the Mongols, Nizarî Quhistani and the Cantinuity of Ismaili Tradition in Persia, I.B. Tauris Ltd. – London, 2002 – r. 37.

6 Makarem, Sami Nasib, The Doctrine of the İsmailîs, Arab Institute for Research and Publishing. – Beyrut, 1972. – p. 41.

7 Öz, Mustafa, Nizari İsmailîliğinde Ağa Hanlar Dönemi, basılmamış doktora tezi, Marmara Ünüversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. – İstanbul, 1986. – s.618.

8 Kutlu, Sönmez, «Zedilik, İsmailîyye, İmamiyye», İslam Düşünce Ekölleri Tarihi, II. baskı, Ankara Üniversitesi Basımevi. – Ankara, 2007 – S. 111-112.

9 Encyclopaedia of Ismailism, http://www.nizariİsmailî.com.

10 Davis, Jimmy R., The Shia Imami Muslims: A Short Introduction, Lulu Publ., Second Edition. – U.S.A, 2007 – p. 37.

11 Hodzhson Gustav Jedmond fon Grjunebaum, Klassicheskij Islam: per. – M.: izdatel'stvo Nauka, 1986. – S. 40.

Халықов Қ.З.

Театр семиотикасы: қазақ драма театрында сценографиялық мән туғызу

Мақалада театрдағы және сценографиядағы мәтіннің пайымдалу мәселесі пластикалық және визуалдық өнердің мағына құраушы бастамасы ретінде қарастырылады. Осыны негіздеу үшін автор мәдениеттанушылардың өнерге қатынасында жасақтаған бейсаналықтың философиялық парадигмаларын пайдаланады. Автор театр тарихында өткен реформалары мен сапалы өзгерістерді қарастыра келе қазақ театрындағы бүгінгі көрінісіне семиотикалық талдау жасауға тырысады. Мақалада психолог әрі философ А. Менегеттидің «онто-инсе», француз мәдениеттанушылардың бейсаналылық теорияларын қазіргі заман театрын түсінудің негізгі бір мүмкіндігі ретінде ұсынады. Себебі, дәстүрлі емес театрдың көркем үдерістерін пайымдау әдіснамасы біздің қоғамда қалыптасқан ұғымдар мен түсініктер арқылы қабылдауда өзіндік қиындықтар туғызады. Сондықтан, өнердің жаһандық-эстетикалық мәндік белгілерін осы теориялар негізінде ажырату мен зерттеу өзекті.

Түйін сөздер: театр, семиотика, психоанализ, онтикалық болмыс, сценография, спектакль, мәдениеттану теориясы.

Khalykov K.Z.

Theatre semiotics: the creation of meaning in scenography in the Kazakh Drama Theatre

The problem of interpretation of the text in the theatre and stage design as semantic onset of plastic and visual arts. Provides a philosophical paradigm on the unconscious developed modern cultural reference to art. The author, considering the history of the theatre reform and qualitative changes, tries to semiotic analysis in Kazakh theatre. The article presents the «onto-Ince» psychologist and philosopher A.Manegetti, the theory of the unconscious French cultural studies as a possible understanding of contemporary theatre. In the methodology of understanding of artistic processes unconventional theater appear peculiar difficulties in perception established the essential concepts and categories in our society. Thus, there is a distinction between actuality and the study of these theories with global aesthetic features.

Key words: theater, semiotic, psychoanalysis, ontical being, set design, performance, cultural theories.

Халыков К.З.

Театральная семиотика: смыслообразование в сценографии в казахском драматическом театре

В статье рассматривается проблема интерпретации текста в театре и сценографии как смыслообразующее начало пластических и визуальных искусств. Приводятся философские парадигмы по проблемам бессознательного, разработанные современными культурологами применительно к искусству. Автор, рассматривая историю театральных реформ и качественные изменения, пытается провести семиотический анализ в казахском театре. В статье приведены «онто-инсе» психолога и философа А. Манегетти, теория бессознательного французских культурологов как одна из возможностей понимания современного театра. В методологии понимания художественных процессов нетрадиционного театра появляются своеобразные трудности в восприятии устоявшихся сущностных понятий и категорий нашего общества. Таким образом, возникает актуальность различения и изучения этих теорий с глобальными эстетическими признаками.

Ключевые слова: театр, семиотика, психоанализ, онтическое бытие, сценография, спектакль, культурологическая теория.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 130.2 : (73/76+2+572)

Халықов Қ.З.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail:

ТЕАТР СЕМИОТИКАСЫ: ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА СЦЕНОГРАФИЯЛЫҚ МӘН ТУҒЫЗУ

Театр өндірісінің көпқырлылығы мен оның көркемүдерістегі ұжымдық ерекшеліктері мамандармен өзіндік тұрғыдан зерттелуіне қарамастан, театр мәдениетінің вербалды емес семиотикасын зерттеу мәселесі өзекті. Театр семиотикасы әлемдік және Ресей мамандарымен ұзақ уақыттан бері зерттеліп келеді. Дегенмен, оның көп қырлары мән туғызу процесінің шексіздігіне байланысты әр кезеңде философия-мәдениет-өнер тізбегінде зерттеу әдіс-тәсілдерінің толықтырылуы, дамуы және қолданылуымен өзектеніп келеді деуге болады. «Бұл көптүрлі үдерістің сәйкес қабылдануы мен берілуі театрдағы вербалды емес белгілердің әлеуметтік шартталуында. Әрдайым оның ар жағында ерекше ойлау жүйесі мен ұлттық мәдениеттің тұратындығын» ғалым П.Н. Киев атап көрсеткен [1, 27 б.]. Театртану саласын алсақ, филология ғылымының бір саласы бола отырып осы пәннің әдістемесін, теориясы мен идеяларын бойына сіңіре дамыған. 1913 жылы Фердинанд Соссюр тілдің жүйелік белгілерін жариялағанда, ол лингвистика семиологиялық талдау принциптерін қабылдағандықтан ғылым деңгейіне көтеріледі [2, 99-100 бб.]. 1930-40 жылдары ең алғаш театр белгілік жүйе ретінде Праждық лингвистикалық үйірмеде жарияланып, осыдан семиология театртануда ғылыми әдіс болып қолданылады. 1987 жылы Патрис Павимен «Театр сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Семиология – бұл белгілер жайлы ғылым. Театрлық семиология – мәтінді талдау мен көріністің формалды құрылымын ашып беретін, спектакльді жасаушылар мен көрерменнің қатысуымен бірлесе жасалатын белгілердің даму мен қалыптасуындағы белсенділігін қарастыратын ғылым» [3, 376 б.].

Сахна шығармасының авторы мен көрермендер міндетті түрде әлеуметтік, мәдени және психологиялық кодпен байланыста болады. Бұл спектакль құрамындағы вербалды емес белгілерді ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, театр басқа өнер түрлері тәрізді қандай болмасын театрлық реформаларды бойынан өткізуде өзінің уақытпен қалыптасқан тұрақты және әмбебапты айқындылық құралдарын қалыптастыра білгендігімен маңызды. Егер театр мәдениетіндегі вербалды емес белгілердің пайымдалуына мән берсек, бұл үдеріс екі деңгейлік сипатқа ие: бұлар актер тұрғысынан пайымдау мен көрермен тұрғысынан пайымдау. Бұл екі түрлі айырмашылықты Ю.М.

Лотман «Сахна семиотикасы» атты еңбегінде «сахнадағы адамдар үшін оқиға болып жатса, ал залдағы көрермендер үшін оқиғаның өзі белгі болып табылады» қағидасын атауға болады [4, 380 б.].

Белгілеуші және білдіруші мәндерінің «белгі–барлық=ештеңе еместік», «театрлық белгі», «театр және кеңістік», «театр көрінісіндегі белгі ұғымы» А.Юберсфельд еңбектерінде зерттелгендігін айту керек. Поляк семиологы Тадеуш Ковзанмен театр белгісінің дамуы мен құралдарының синтагматикалық принциптері жақсы талданған. Театр саласында белгіні тікелей мағынасында режиссура, драматургия, сценография семиотикалық тұрғыдан ғылыми әдістеме ретінде толық қолданыста бар деп айту қиын. Дегенмен, эмпирикалық материалдардың көптігі оның салаларалық маңызын жоққа шығара алмайды. Біз мақаламызда семиология немесе семиотика ғылымы зерттеулерінің бүгінгі күнде тұрақты ұғымдық-категориялық аппараттарының жеткілікті деңгейде екенін ескере, оған көп тоқталмаймыз. Ал, жалпы бүгінгі театр көркем үдерісіндегі мәндерді қазақ драма театрының мәселелерімен, семиотикалық байланыста қарастырамыз.

Қазақ театры шығармашылықтық даму кезеңдерінде жаһандық жаңару тенденцияларын қабылдап, ұлттық мәдениеттің қазіргі заман талаптарына сәйкес бейімделу тенденцияларын бойынан өткізуде. Бұл салада жалпы адам болмысы қазіргі заманғы мәдени-философиялық теориялар тұрғысынан ұлт болмысы ретінде тану оның қарама-қайшылықты жақтарымен көрермендерін, зерттеушілерін алаңдатуы сөзсіз. Дегенмен, осы мәселелерде уақыт талабын ескерсек, қазақ театрының мәдениетіне, қазақ ұлтына тән өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан осы негіздердің көркем шығармашылықта болашақпен үйлесу, не үйлеспеудің мәндік қырларын ажырата зерттеу тарихи-мәдени-философиялық мәселе.

«Театр» әлемді көрерменнің алдында актер арқылы көркемдік драмалық әрекетпен таниды деген ұғым қалыптасқан. Бұл өз кезегінде әрқилы көркемдік тарихи-мәдени бетбұрыстармен, сондай-ақ жеке тұлғалардың көзқарастарымен өзгеріп отырғандығын көреміз. Мысалы, В.Мейерхольд оны: «Театр – тірі адамдар өнері», «дәуірдің ішкі синтезі» деп бағалаудың ар жағында театрдағы адамның жанды болмысы бар екені көрінеді [5, 49 б.]. Шындығында, театр – тұлға өнерін және драматург, режиссер, суретші, композитор, актер жігерін біріктіретін ұжымдық шығармашылықтың ерекше түрі деуге болады. Өз уақытында сахна өнеріне қатысты екі түрлі көзқарастың қалыптасқандығын атауға болады: «театр – «аралас өнер» (Р.Вагнер) және театр – сигнативті-экспрессивті «аласталған (отрешенный) болмыс» қызметі ретінде, ал екіншісі «белгілік-семиотикалық, эмоционалды-әрекетті» болмыс ретінде (Г.Шпет), театрда ойынның тікелей қатысуымен «жаңа шынайылықтың» пайда болуы (П.Флоренский) тәрізді ұстанымдар қалыптасқан [5, 55 б.]. Сондай-ақ, театр – «тұйықталған әлем, шоғырланған Ғалам» деген теңеулер де оның ұғымдық аясын кеңейтеді. Спектакль («орындаушылар – көрермен» жүйесі) – театр өнерінің көркемдік (жаһандық) шығармасы болып табылады. Ол шынайы әлемнен рампамен, порталмен бөлектеліп, тұйықталған. Рампа – көркемдік-шынайылық әлеміне ену белгісі.

Театр образын жасаушы – өмірден байқағанын, тәжірибені бойына жинақтаушы тірі адам, яғни актер «құрылыс материалы» іспетті. Осы актер арқылы спектакльдің ой-орамы жүзеге асады. Сахнада бар нәрсенің барлығын әрекетке қосушы, әрі театрлық рең беруші де актер. Декорациялар сахнада бөлме интерьерлерін, пейзажды, көше көрінісін бейнелегенмен, егер актер сахнадағы заттарға өз әрекетімен жан бітірмесе, олар өлі бутафорияға айналады. Немесе, керісінше, қоршаған ортаның ең бір шартты белгілері (Шекспир театрындағыдай ағаш тақтайшалардағы «бақша», «орман», «сарай» делінген жазуларға дейін), егер актер пьеса кейіпкері образына енсе және сахнада бақша немесе орманға қатысты адам болып әрекет етсе, көркем өмірмен өмір сүре бастайды. Актер шеберлігі ерекше дарындылықты – бақылай білуді, зейінділікті, өмірлік материалдарды талғай және талдай білуді, бай қиялдылықты, темпераментті, айқындылық құралдарының (дикция, интонациялық әртүрлілікті, мимика, пластика мен ишарат) болуын талап етеді.

Театрда шығармашылық акт (актердің образды жасауы) көрерменнің алдында өтеді және ол көременге рухани әсерді тереңдетеді. Кинода көрермен шығармашылық процесінің нәтижесін көретін болса, театрда – процестің өзін бақылайды. Спектакльдің ерекше бірегейлігі де осында. Актер әрбір келесі ролінің ойынын жаңаша өмірлік бақылауларымен, ой-толғамдарымен байытып, көрерменмен сұқбаттасу тәжірибесін ескере отырып, дамытады. Театр – киноға қарағанда тобырлық сипаты бәсеңдеу өнер түрі, өз спектакльдерін көркемдік сапаларының шығы-

нынсыз оларды үлкен таратылымға ұсына алмайды (себебі бейне таспаға спектакльді түсіру барысында актердің көрерменмен тірі сұқбатты әсерлесуі, көз алдындағы шығармашылықтық сапа жойылады).

Театрлылық – сахнаның арнайы қасиеті, арнайы мінез-құлықтылық жүйесі, көркем ойлаудың ерекше тәсілі. Театрлылық спектакльге мейрамдылық көңіл-күй береді, мейрамдылық – театр табиғатына тән нәрсе. Театрлылықтың өзінде нақты адамның (актер) көркем образға (кейіпкер) көркем құпия түрде ауысу ойынды әрекетін қамтиды. Шығармашылыққа жатпайтын құлықтық еліктеу еркін шығармашылықтағы өмірлік стратегия ретіндегі ойынға қарсы келеді. Ойын барлық өнердің түріне тән болғанмен, ол театрда көркемдік әлемге қатынас және шығарманы құру принципіне айналады. Театрда ойын сахна кеңістігінің шарттылығына сәйкес келеді. Сахналық ойынмен қатар, театрда көрермен мен сахна арасында ойындық диалог жүреді. Сахна кеңістігінде өтетін үдеріс ойын күйінде көрермен залына ағылып беріледі (сахна кеңістігінің кеңеюі). Сахна театр жүйелерінің бірінде – «терезе», бірінде «айна», келесісінде – «экран», «кинокөз» болып аталады.

«Менон құлы» атты еңбекте театрдың ұдайы өзгеріп отыратындығы және нақты зейінге алынбайтыны, тіпті кескіндеме, мүсін, әдебиет тәрізді бейнелерге тоқталмайтындығы атап көрсетілген [6, 15 б]. Демек, К.станиславскийдің драма театры табиғатын әрекет ретінде анықтауында мән бар. Осыған сәйкес «театр – бұл әрекет барысында көрінетін, сөз арқылы жүзеге асатын қуат көзі (энергия)» деген қағида өзекті [6, 19 б.]. Театр диалогті. Диалог – жанданған сөздер қатынасы. Театрлық образды өмірге шақыру үшін – актер оны өзінен жасауы қажет немесе оны ғарыш кеңістігінен алады.

Театр тануды онтопсихология тұрғысынан қазіргі заманғы философ, театр зерттеушісі Антонио Менегетти бейсаналылық тұрғысынан былай деп түсіндіреді: «Театр – бұл зерделі субъектідегі табиғи интенционалдылықтың ұйымдастырылып қойылған үдеріс көрінісі. Түс көру – режиссура, актерлер, декорация, бұл барлық адам өміріндегі спектакльдер сценариіне арқау болатынның бәрінен мүлде басқа нәрсе», – деп атап көрсеткен (құдай – онтикалық интенционалдылық ретінде түсінілген) [7, 8 б.].

Шындығында, «Театр – индивидтің биологиялық табиғаты туындатқан түс көру құрылымы негізінде пайда болған. Басқаша айтқанда, әр қайсысымызда ойналатын ең алғашқы театр, ол – түс көруден басталады» [7, 9 б.]. Театр әлемін сүйетіндігіміз адам болмысын белгілеудің әдістері мен мүмкіндіктерін береді. Грекияда пайда болып, кейіннен әлемге Рим өркениетімен таралған амфитеатрлар тек спектакльдерді өткізу үшін салынды. Театр әрекеті психологияны, мифологияны, ұлттың ұжданын көрсететін болған: театрда белгілі бір оқиғалар мен адамдар қылығы мотив ретінде ашылып баяндалған. Театр әрекетін ұйымдастыру мен орындауға қатысу мәдениеттің жоғары көрінісі ретінде қарастырылып, жоғары саналылық пен болашақты болжау мүмкіндігі деп түсінілді. «Театр» (грек тілінде *құдай* және *ағыс* деген сөздер) – «Құдай қалай ағылады және көрінеді», «Құдайдың халық алдында қандай болып көрінетіндігі» дейтін ұғымдармен төркіндес. Бұл сөздердің түбірінде құраушы және болжау, орнату түсінігінен – «орнатушы кім екендігі» шығады [8, 18 б.]. Сондай-ақ, «театр» сөзі – «құдай адамы», «құдайдың адамға әсер етуін» білдіреді. Бұл термин адам және құдай сөзі түбірлерімен астасып – барлық театр әрекетіне қатысушылар, құдайи психологияның көрінісіне араласушылар, яғни Құдайдың адам жүрегіне құйылуына қатынасушылар – неліктен мұндай көріністердің барлығы театр болып аталуында. Театрлы көріністер түйініне өмірлік адами жағдайлар қызмет жасап, кейін ол ескіре Құдайи сотқа шығарылуы – театрдың адамды катарсис пен жаңаруға үйреткендігін көрсетеді, яғни адам әрекет жасайды, Құдай осы әрекетті бағалауға араласады.

Театрда әлеуметтік әрекет әсемдікпен әртүрлі ауқымда көрсетілді. Эсхилдің күшті эмоцияларға толы пафостық ұлы трагедиялары адамның өзін-өзі мұқият оқуына шақырады. Өйткені индивидтің «мұнда» және «қазір» болуы Құдаймен беріліп қойған, өз табиғатының тереңдігін аңғармаған адамды Құдайдың өзі шеттетіп отырған. Шын мәнінде, ұлы трагедияны жасаушылар адамды театрдың көмегімен тәрбиелей білген. Ежелгі римдіктер театры да осындай керемет болса, дана Плавтың пьеасаларындағы мән бүгінде өзектілігімен табысты болар еді.

Театр адам бойындағы әрекет ететін динамикалық үдерістерді, оның өзінің қатысуынсыз-ақ ашады, ал көрініс анықталған (тіл, сахна, ишарат, актер қимылдары) код арқылы өрістейді. Сондықтан, әлде кімдер түсіне және оның астарын ұғына алатын болса, қойылымдағы үндеу интенционалдық жайында нақты ақпаратты әкеледі. Театр көрінісі ритуал, мистерия ретінде туындап, кейіннен трагедия, драма формасына қол жеткізеді. «Алғашында мистериялар

пластикалық түрде күнәні өтеу актісінде құдайдың көрінісін бейнеледі («жалбарыну» (итал. «esorcismo»сөзі латынның «ex coercere») – «мұқтаж болудан, зарығудан азат ету» дегенді білдіреді): ғұрыптарда адам жалбарынып, зұлымдықты қуып шығуға ұмтылды. Мистериалды ғұрыптар катарсистік қызмет атқарып, зұлымдық атаулыны жоя отырып, қатысушылардың өзін Құдайға жақындатуға тырысады» [8, 20 б.]. Ұлы Грекия трагедиясы бақытсыздық туралы әңгімелейді, бірақ бұл бақытсыздық адамның өзінің онто Ин-се іргелі мәніндегі жобаға сәйкес келмеушіліктен туындайтын мән деп түсіндіреді.

Катарсис, ең алдымен – тазару, күнәнің салдарынан пайда болғандардан тазарту дегенді білдіреді. Мұнда адам өзінің тотальды мүмкіндіктерінің таза деңгейіне жетуі қажет. Грек трагедиясы: «Құдай адамға әділ жаза – катарсис болып жүргенін қалайды» деп оқытады [8, 21 б.]. Антонио Манегетти театр бейсаналылығын түсіндірудегі Онто Артта әңгімені одан да жоғары өрбітеді, оның ойынша тек катарсис қана емес, сондай-ақ, атараксия жетістігі барлық заттар мен эмоциялардан жоғары мәнде, тәуелсіз «Меннің» еркін логикалық функционалдылығы онто-Ин-се қатынасында – индивид болмысында көрінеді. Ин-седан шабыт туындайды. Олай болмаған жағдайда барлық көркем шығарма деп аталатынның қандайы болмасын суретші ауруына, тұтасымен қоғамдағы комплекстер кескініне айналады. Шекспир, Расин, Алфьери, еуропалық театрдың негізін қалаушылардың барлығының мақсаты метафизикалық өлшемнен туындаған. Ұлы суретшілер шабытты адамдардан, саясат немесе мәдениеттен емес, онтокөруден, Құдайдың трансценденттілігінен, немесе, керісінше Құдайдың көрініс табуынан, көмектесуі немесе жойқындығынан алады. Шығыс театрларының шығу тегінде қасиеттілік адамилықтан жоғары қойылады. Сонымен, классикалық театр көбінесе ауытқу мониторымен құпталғанды және әлеуметтік «Жоғары-Менге» тиімдіні бейнелейді.

Бейсаналылықтың ішкі логикасына сай және комплекстердің дәйекті тақырыпты іріктеу әрекеті мен таптаурындарына байланысты барлық театр тақырыптары «Жоғары Мен» сценарийіне оралуға мәжбүр. Комплекстер мен психикалық патологиялар феноменологиясы өзгермейтіндей стандартталған, оны индивидтің өмір сүруінің әрбір кезеңінен табуға болады және оның болашақта қалай көрінетіндігі жөнінде айтуға болады. Театр тілімен айтқанда, коплекстер – бұл адамдар өмір сүретін сценарий. «Адамдар өзін оның авторымын деп есептейді, ал шындығында олар ешнәрсені көрмейтін актер-орындаушылар. Бұл өзгеріссіз адамның жеңілісімен аяқталатын трагикалық сценарийлер; сол сияқты барлық өмірлік сәтсіз сценарийлер театрда да көрініс тапқан» деп көрсетеді [8, 28 б.].

Театрымыздағы спектальдердің көпшілігі әлемдік театр-мәдени үрдістеріне қатынаста. Мысалы, «Көшкін» спектаклінің сценографиясында режиссермен табылған мизансценалар, ішкі форма сценографияда пластикалық шешім, материалдармен бірізді, өзара бірінбірі толықтырып, ойнатылып отырады. Басты қабылданатын ой иірімдері әртүрлі контекстерде сценографиямен тереңдетіліп, болмыстың басқа қабаттарынан ой сәулеленеді. Сценографияны зерттеуші ғалымдарымыз (Қаржаубаева С.К.) М.Әуезов театрының сценографиядағы беталысын былай суреттейді:

«Сценографияның толыққанды көркем-образды әсер етуі үшін сценографиялық шешімнің маңыздылығы ұлғаюда. Сценография ролін қабылдауды театрлық әрекетте тек қана фон деп қабылдау түсінігі әдеттегіден мүлде өзгерген. Сонымен қатар, қойылымның бөліп алуға болмайтын мәні – құрылымдық органикалық бөлігі, көркем-бейне түрінде қарастыруда күмән туғызбайды (бірақ, өкінішке орай көп жағдайда ол орындала бермейді). Сценография өзінің әдіс-тәсілдері, құралдары арқылы тек драматургиялық конфликт пен перипетияларды, нақты ортадағы кейіпкердің әрекет мотивтерін ғана түсіндіріп қоймайды, сондай-ақ, іргелі адам болмысы мәселелерін оның жүрек соғысына сай түсінуге, оны жаңа мәндер мен құндылықтармен байыта күнделікті күйкі тірліктен ажыратуға тырысады» [9, 76 б.]. Бұл тұрғыда күрделі көпқабатты спектакльдің жасау процесі оның бейнелік-көрнекілік аспектісінде екендігі «Сұлу мен суретші» спектакліне қатысты айтылған.

М.Әуезовтың «Қарагөз» шығармасы неше ондаған жылдар араға салып қайтадан режиссер Б.Атабаевпен (сценограф Ерлан Тұяқов) қойылып отыр. Спектакльдің басты желісі – адам сезімінің құдіретті күшіне қарсы келу мүмкін емес. Бұл Нарша, Қарагөз бен Сырым арасындағы махаббат дастаны болып көрініс табады. Сценография оқиға орнын киіз үйде, өзен жағасында, тағы сол сияқты оқиғаларға сәйкес өзгеріске түсіп отырады. Сән-салтанатты қазақ ауылы мен киіз үй қазақы өмірдегіге жақын суреттеледі. Бірақ режиссердің пайымдауында бұл қойылым, бұрынғы нұсқаға қарағанда қазіргі уақытта болмысы өзгерген адамдардың қаралы үйдің қайғысына да басқаша көзқарас та-

нытатындығымен байқалады. Бұл адамдардың дәстүрді орындаудағы формалдылықты, кейде сорақылықты байқалтады. Дегенмен, бұл терең режиссерлік астарға ие көзқарастан туындаған мән. Атап айтқанда, қайтыс болған кісінің жаназасы шығар-шықпастан өлікті аттап-пұттап өткен тобырдың бұл контексте көрерменге ой салуы ғана емес, провокация. Бұл тек режиссер тұрғысынан ғана батыл шешімдер. Ал, сценография осы құндылықтардың өзгертілген қақтығысын, немесе жаңа заманауи форма ретінде ішкі өзгертілген мазмұнды сыртқы формада көрсете алмайды. Ішкі ушыққан әрекет сырттай қолдау таппағандай көрінеді. Әрине, ол уақытта жас сценографтың бұл студенттік дипломдық жұмысы. Премьерадан соң неміс сценографы Э.Ральф Хаббен сахнада ұлттық киімдер декорацияның басым бөлігін костюмде жинап тұр. Демек декорация жеңілдеп, сахна декорациямен оранбауы керек. Осылардың арасында талас бар дейді. Спектакльде Нарша бейнесі үлкен орын алады. Қарагөз бен Сырым бейнелері сияқты, ол да трагедиялық бейне. Нарша, болмысында өте нәзік, адамгершілігі зор, түсінігі мол жан. Оның Қарагөзге деген сезімі басында өте күшті, өзімшіл болғанымен, Қарагөздің шынайы қайғысы бұл сезімді өзгертіп, тереңдете түседі.

Көрерменнің бір пікірінде: «Тендерге түскен келіншек» спектаклінің сценографиясы сахнадағы интерьері бос, керісінше хаос тақырыбының басымдығымен есте қалады. М.Әуезов театрының спектакльдерінің басым көп декорациялары ауыр, тым рабайсыз дейді. «Қас қағым» спектаклінде қатыгездік, «жестокость» көп дейді. Театрдың белді суретшісі Е.Тұяқов: «Көшкін» спектаклінде кейіпкерлер образы жұмбақ, тіпті басқа дүниедегі қайтыс болғандар өмірін елестетеді. Басқа бір көрермен: «Сұлу мен суретші» спектаклін 5 рет көрдім, спектакль пластикасы керемет романтикаға құрылған. Қазіргі эстетикалық талғамы жағынан ең жоғары спектакль деген. Бұл жеке пікірлерге қарамастан, жалпы М.Әуезов театры қойылымдарындағы сценографиялық дискурс мәселесі маңызды екеніне мән береміз.

«Таңсұлу» қойылымы өзінің ұлттық этносценографиялық элементтерімен, режиссерлік қойылым формасымен, актерлердің пластикалық ойынымен, Тәңірілік сарынды этномузыкамен қазақ театр сахнасында трансцендентті танымның үлгісін көрсете алды. Бұл, әрине, «Таңсұлу» тақырыбына ой-толғау, басты кейіпкер Таңсұлу бейнесінің батылдығы мен мәрттігі адам жанын тебірентерлік тарихи оқиға бұл қойылымдағы ұжым үшін шығармашылық қарқын, ышқыныс әкелді. Себебі қазақ халқының тарихынан алынған бұл сюжет көптеген қойылым құрамына сценографиясы үшін де, режиссура, музыкасы үшін де жаңаша кеңістік, стиль, пластика беріп қана қойған жоқ, оның трансцендентті болмыстық, танымдық қырлары «едәуір мағлұмат беретін бейнелерді» әкелді. Әрине бұл көрерменге жақсы әсер қалдырған этнографиялық үлгілер, иррационалды қабылданатын дәстүрлі мен авангардты стильдерінің тоғысындағы сазды музыка, кейіпкерлер костюмі екені анық. Дегенмен, бұл «Таңсұлу» қойылымының өзегін, құрылымын жасап отырған драматургиялық желінің тың, соны өрнектелуі. Автормен ұтымды табылған оқиға құрылымдарының байланысы өз алдына керемет композиция. Сондықтан қойылымда драматургиялық көркем-ойлауда, идеяда олқылық жоқ, керісінше, сахналық шығармашылыққа еркіндік пен шабыт берді.

«Таңсұлу» сценографиясы жайлы ақпарат құралдары «үш өлшемді голография, сахна техникасын қолдануы бұл театрдың басқа спектакльдеріне ұқсамайтын, жаңаша үрдіс» екенін жиі тілге тиек етеді [10,11]. Шындығында, бейне сюжеттердің, бейне анимациялары мен проекциялар, спектакльдің жарық партитурасы өте шебер сахна әрекеті мен атмосферасына сәйкес жасалған. Суретшінің жалпы шығармашылық ізденісі мен әлемдік театрларындағы сахна құбылыстарын, технологияларды зерттеуі заңды құбылыс. Актерлер ойынындағы органика, қоюшылардың өзара түсіністігі, ансамбль театрымыздың бүгінгі бір жетістігі. Өкінішке орай, театртанушылар, театр сыншылары тұрғысынан кәсіби терең қарастырылған рецензиялар жазылған жоқ. Спектакльде дәуір мәтіні мәдени мәтін ретінде қолданылып, онда ғылыми семиотикалық әдістер нәтижесі ұлттың генетикалық кодын іздеуде үлкен мәнге ие болады.

«Қас қағым» спектаклінің сценографиясы театрдың кіші сахна кеңістігін диагоналды құрылуымен ерекшеленеді және декорацияларын ақ пен қара графикалық тік төртбұрыштармен, темір тор шарбақтарымен осы диагоналда қара порталмен жинақтайды. Тік төрт бұрыш формалардың ішінен осыған ұқсас формалар шығып отырады. Мұның бәрі спектакльдің атмосферасына тотальды қақтығыс орнатумен қатар, сахналық әрекет те осыған сәйкес өрбитіндігінен үміттендіреді. Бірақ оқиға барысында спектакльдің ішкі мазмұны мен сценография арасында ажырау пайда болады. Кейіпкер қыздың нәзік әлеміне бұл құрсауланған төтрбұрыштарда орын жоқ. Үмітсіздік хаос, бәрі қара түнекпен аяқта-

латын оқиға іспетті бір сарында. Осы тұста біз драматургтың алғашқы нұсқасын еске түсіретін болсақ, режиссер таңдаған форма автор ұстанымынан өзге «режиссерлық ой өрбіту» қолданады. Мәтін дамып, басқаша контекстерге ауысады, шантаж, арандатушылық жағдайлары орын алады. Бірақ, бұдан спектакль ұтылмаған тәрізді. Себебі мұнда постмодерндік эстетика қарқынды деконструкция тәсілдеріне сүйенген. Бұл спектакльде авторда жоқ қолданылған эстетикалық категориялардың бірі – шизофрения бар. Ол өнер мен мәдениетте қазіргі заманғы өнер концепцияларын қалыптастырған авторлардың бір тобы француз мәдениеттанушылары еңбектерінде осындай мәнде қарастырылады (М.Фуко, Ж.Деррида, Ж.Делез, Ф.Гваттари) [12].

Ал, осы құбылыстар (шизофрения) қойылымда басты орында тұрғанымен оның декорациялары осыны көрсететіндей, ескеретіндей мәнде қадам жасаған ба? «Қас-қағым» сценографиясы бір қарағанда тек аурухананы ассоциациялайды. Адам санасы мен болмысына бұл жасалған түсініксіз, бірақ тағдыры зілді шаршы кубтың ауқымы кейіпкерлер Сәбит пен Жазираның бір-біріне деген нәзік сезімдерінің сағым екенін суретші мөлдір шыны арқылы жақсы көрсеткендей (олар кездеспек болғанда шыныны сипалайды). Бостандық мәселелері де арыстанды темір торда ұстағандай күрес пен оны бұзуға деген ұмтылысты білдіреді. Бұл, бірінші жағынан, ұтымды деп қарасақ, екінші жағынан келесі актіде сценографияның дамуында бірқатар нәрселер ойға алынбаған. Атап айтсақ, Жазираның өз-өзіне кеткен шағында бұл жалғыз еркіндік, оның қиял әлемі болса, ол сценографияда енді осыған сәйкес әлемді көрсетуі керек. Өкінішке орай, осы еркіндікті сезіну үшін сахнадағы декорациялар спектклькге қатаң стиль беріп тұрғанмен, «құрсаулы тор» көзден ғайып болмай, біздің ойымызша кедергі жасайтын тәрізді. Қыздың темір тордың үстінде билеуі аздап қолайсыздау. Оқиғаға қатысушы кейіпкер де дегбірсіз жүйке ауруына шалдыққан, ол музыка тыңдауда ғана жаны жай табады. Бұл тәрізді символдар мәні өзін-өзі көрсету тізбегіндегі әлі де мақсат ретінде көрінгенмен, көркем процесте шизопотенциалы айқындалмаған жай ғана символдар болып табылады.

Ж.Делез бен Ф.Гваттари ессіздік ретінде психоаналитикалық дәстүрдегі классикалық идеяны дамытуда әртүрлі өнер түрлерінің шизопотеницалын айқындай отырып, оған жаңа элементтер енгізуге ұмтылады. Бұл тұрғыдан салыстырғанда, театр өнерінің келешегін олар зор деп табады. «Таңсұлу» спектаклінде де бейсаналылық қарқыны оның тақырыптық, мазмұндық қатарына форма береді, оның болмыстық санасын кеңейтеді. «Қас қағым» спектаклімен салыстырғанда «Таңсұлу» қойылымында классикалық идеяны дамыту басымырақ. Ал, тылсым әлем, драманың тысқары алатын аумағын бақсы ойыны, санадағы бұлдыр елестер қатарында «Таңсұлу» Делез тұрғысынан алғанда өзіндік шизоптенциалға ие. Жалпы, шығармашылық көзін архитектоникалық пластика мәні (этнографиялық элементтер), әлем моделін қазақ халқының байырғы тарихынан іздеу – эстетика ғылымында «Топос заманына лайық мәдениеттер көзі» деген бірегей кезеңді аталған теория бар. Бұл мән адамның табиғатпен тұтасқан, әлемі үйлескен заман мәдениеті. Бұл теория тұрғысынан авангардтық ағымдар «ХроноТопос» дәуір мәдениетіне келеді. Лек-легімен туындаған –измдер адамзаттың «үмітінің үзіліп», жаттанған, адамды «бақытсыз» деп табатын теориялар [13]. Нақтырақ айтсақ, ХХ ғасыр мәдениетінің мәні осылай қалыптасты.

Ж.Делез, бұл шығармашылық үрдіс пен оның психологиялық қабылдануына ерекше мән бере отырып, театр әлемінен тұрақты бағыттарды көре және оны итальяндық драматург, режиссер әрі актер Кармело Бенемен байланыстырады. Тіпті олардың бірлесіп жазған «Қиылысу» (Переплетение) деп аталатын кітаптары қазіргі заманғы театр өнерінің шизоанализіне арналған. Жалпы, Бене шығармашылығының тұғыры – альтернативті дәстүрлі емес «спектакльсіз театр» атты айдармен анықталатын миноритарлы театр. Оның ерекшелігі, автормен классикалық пьесалар тақырыбына парафраздар жасалып, одан басты әрекет етуші кейіпкерлерін «алып тастайды» (мысалы, Гамлет), сөйтіп маңызды емес кейіпкерлерге (мысалға, Меркуционы Ромео есебінен) керісінше дамуына мүмкіндік береді. Бұл театрдың критикалық қызметін білдіреді. Бұл позицияны Делез баяндай отырып, оның артықшылығын театр қайраткерлерінің ролін қайта қарауда деп түсінеді. Сонымен, театр адамы оның ойынша драмтург те, актер де, режиссер де емес. Ол хирург, операция жасайтын оператор, ампутуатор.

Мәселе, аталған ұстанымдардың «Қас қағым» спектаклінде теориялық басшылыққа алынып, не алынбағандығында емес. Режиссердің қойылымды көркем формалды (тұрмыстық) мәселелерден азат етуінде, жалпы заманауи сарын беруінде. Ж.Делез «Әдебиет – ол мақсат, өндіріс, өзін көрсету емес, ол процесс, тіпті шизофре-

ния» деп көрсеткеніндей [14, 119 б.]. Шизоәдебиеттің көрінісі ретінде жазушы-шизофрениктің идеалды моделіне мысал А.Арто шығармашылығы шығады, «Арто-Шизо». Кескіндемеде осындай модельдің болғанын В.Ван-Гогте де көреміз. Осындай эксперименттер көрерменге әсер ететін мәтін мен дәстүрлі әрекеттен басқа – тек хиругиялық нақтылық, театрлық қалау машинасының тиімділігі, оператордың біліктілігі мән ретінде дәлел бола алады. Бұл мәдениеттанушылар пікірін келтірудегі мақсат қазіргі көркемшығармашылық психологиясы мен эстетикасының біздің театрдың бағыттарына, кейбір қойылымдар мәніне тікелей не жанама қатынастылығында. Себебі, біздің өмір сүріп отырған уақыттың өзіндік ерекшелік мәні, талғамдық бедері бар, ол міндетті түрде біздің қалауымыз не қаламауымыздан тыс дәуір мәтіні, мәнді үдерісі болуы мүмкін.

Бірақ осы құбылыстардың реті, жөні, қай қырымен сәйкес, қай кезде сәйкес емес? Осы тұрғыда тағы да аталған авторлардың пікірлерімен салыстырып көрейік. Жалпы өнердің жасалуы бар болғанда, оның мәндерінің құлдырауы бар. Бәріне емші уақыт өзімен оған сәйкес құралдарын, ережесін әкеледі. Әрбір кезеңнің өзіндік көркем тәжірибесі өнерде тұрақтылықтан таптаурынға, үкіметке, үстемдікке айналуы заңдылық. Ал, демистификация мақсаты – театрдағы үкімет пен театр үкіметін тәжсіздендіру, театрлық көрініс демистификациялау. Бұл ретте солшыл радикалдар рухындағы эстетикалық бағдарламаларды Делез «мәтін деспотиясынан, режиссура авторитаризмінен, актерлердің нарциссизмінен» бас тартуға шақырып, жаңа театрлық форма — көрерменнен эмоционалды, дыбыстық, семантикалық барьерден ада «көріністсіз театр», «бейнесіз театрды» ұсынады. Оның прообразы болып А.Арто, Б.Вилсон, Е.Гротовский, «Ливинг театрлары» көрсетіледі. Әдебиеттегі миноритарлық театр мысалына — Ф.Кафка шығармашылығы бола алатындығын атап айтамыз Еркін шығармашылықтың бір көрінісі бола алатын бұл театрымыздың кіші залында қойылған «Қас-қағым» спектакльдің өзіндік орны бар. Бірақ театрдағы бұл бастамалардың концептуалдық, теориялық негізде басшылыққа алатын әдіснамасы, түйіні жеткіліксіз. Себебі көркем ойлар мен өмір арасындағы қатынас мәні спектакльде өнердің бір формасы, бірегей пластикалық шешім – көрермен жадысында эстетикалық тағылым болып қалуы керек. Өнердегі «өмір шындығы» өмірдегідей мәнде болуы міндетті емес [15].

Жалпы, театр тарихын көз алдымыздан өткізетін болсақ, театр адамның драмалық әрекет арқылы әлемді игеруінің жаңа мәнді формаларын Қайта өркендеу заманынан бері елестетуге болады. Осында дәуірдің озық философиялық идеялары театрда белгілі бір бағытта жүзеге асқандығын көре аламыз. Қайта өркендеу заманында театр өнеріне халықтық өнер формаларының енгендігі белгілі (италиялық маскалар комедиясы), театр философиялық рең ала отырып, әлем күйін талдау құралына қол жеткізсе, Шекспир, Лопе де Вегада театр әлеуметтік күрес құралы ретінде көрінеді.

Классицизм театры (XVIIғ.) нормативті эстетика (Буаль) мен рационалистік философия (Декарт) негізіндегі мәнге құрылды. Оның негізіндегі Ұлы трагедия (Расин, Корнель) мен комедиялық (Мольер) драматургия – жалпыадамзаттық кемшіліктерді әжуалайды, идеалды қаһармандарын дәріптеп, оны көрсетуге тырысты. Актерлер кейіпкерлерде жалпы адамзаттық сипаттарды ашуда олардың нақты – тарихи және ұлттық ерекшеліктеріне сай қарастырды.

XVIIIғ. театрын ағартушылық идеялар (Дидро, Лессинг) қанаттандырды. Ол үшінші сословиенің феодализмге әлеуметтік қарсы тұру құралы мән деп танылады. Актерлер кейіпкерлерде әлеуметтік жағдайын көрсетуге ұмтылуы өнерге реалистік нақыштар қалыптастырды.

Ал XIX ғ. бірінші жартысында романтикалық театр белең алады. Мұндағы мәндердің ерекшелігі жоғары эмоционалдылық, лиризм, ереуілдік пафос, кейіпкерлер бейнесінің сипаттылығы. XIXғ. 30-жылдары театрдағы үстемдігі мол бағыт критикалық реализм – Гоголь, Островский, Чехов, Ибсен, Шоу драматургиясының негізінде дамиды. Театр терең тұрғыда ұлттық бола түседі. Театр демократияланып, оның бұқаралық, халықтық формалары дамыды, театрдың тек халыққа есептеліп, арналған «бульварлық» (Париж), кіші (Нью-Йорк), предместье театрлары (Вена) пайда болады. XIXғ. орыс сахна өнері – бұл реализм театры, өткір әлеуметтік проблематика оның сатиралық бейнесіне дейін жетеді, дүниеге критикалық көзқарас – бұл өмірдің типтенуі, тұлғаны психологиялық талдау.

XXғ. бірінші жартысында театрда Ұлы реформа жүреді. К.станиславский, Вс.Мейерхольд, М.Чехов, М.Рейнхардт, А.Аппиа, Г.Крэг, Л.Курбас сахна өнерінің жаңа ғылыми теориясын жасады. «Театр дамуының алғашқы кезеңдерінде драматург пен орындаушы бір адамның бойында тұғырланса, жаңаша заманда спектакльдің басты принципі болып – ансамбль саналады.

Ұжымның басында – спектакльді жасаушы – режиссер ерекшеленеді. Ол труппаға жетекшілік жасаумен қатар, драматургтың ойын қорыта отырып, пьесаны спектакльде мән туғыза отырып, оған бағыт беруші» [15, 38 б.].

Қорыта айтқанда, біздің театрдың жанрына сай репертуардың басым бөлігінде тарихи, әлеуметтік, адам проблемалары арқылы мәндерді пайымдауға арналғандықтан жоғарыда аталған барлық реформаларды қамти алады. Ал, сценография эстетикасы бұл жағдайда осыған лайықты мәндерді түрлендіруші, анықтаушы, кеңейтуші қызмет атқарады. Дегенмен, біз мақаламызға арқау еткен Ж.Делез, Ф.Гваттари және т.б. мәдениеттанушылар мен философтардың теориялары – «постмодернизм» эстетикасы ретінде әлі күнге дейін мәндерді пайымдауда заманауи ұстанымдар легінің басында. Ол сценографияда, перформанстарда, «актуалды» өнерде, дизайнда кең етек алғаны шындық [16, 88 б.]. Оның туғызған мәндерінің көркемдік практикадағы болашағының жарқын не қысқа болатындығы уақыттың еншісінде, бірақ бүгінгі күннің мәдени мәтіндерін жасаушы болып келеді.

Әдебиеттер

1 Киев П.Н. Невербальная семиотика в театральной культуре // КУЛьТУРА. КУЛьТУРОЛОГИЯ «Человек в мире культуры». Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. – № 14. – 2011. С. 22-28.

2 Соссюр, Ф. Труды по языкознанию. – М., 1977. – 210 с.

3 Пави П. Словарь театра. – М.: Прогресс, 1991. – С. 376-378.

4 Лотман Ю.М. Семиотика сцены // Статьи по семиотике культуры и искусства. – СПб.: Гуманитарное агентство «Академический проспект», 2002. – 415 с.

5 Поляков М. Теория театра // Российская академия театрального искусства. – М.: 1993.

6 Бобылева А.Л. Хозяин спектакля. Режиссерское искусство на рубеже XIX-XX веков.– М.: Эдиториал УРСС, 2000, 2003. – 166 с.

7 Менегетти Антонио. Кино, театр, бессознательное: пер. с итальянского ННБФ «Онтопсихология», Том 2. – М., 2003.

8 Давыдова М. Что такое современный театр? // Театральная жизнь. – №2. – 2006.

9 Каржаубаева С.К. Сценография казахского театра: критерии и проблемы аксиологизации // Materialy VII Mezinarodni Vedesko –practicka konference. – Praha, 2011. C 75-80.

10 Есали А. «Таңсұлу». 3D пошымында бейнеленген алғашқы қойылым // «Егемен Қазақстан» газеті. 23 ақпан 2014 ж.

11 Мустафина М. «Любовь. Весна. Тансулу» // Газета «Литер». – 31 января 2014 г.

12 Deleuze G. Proust et les signes. – P., 1970.

13 Борев, Ю.Б. Эстетика: учебник. – М.: Высш. шк., 2002. – 511с.

14 Халыков К.З. Антропологическая проблема в современном искусстве // Антропотопос: теоретический журнал в области философских наук. – Вып. 5-6. – Омск, 2009. – С. 5-16. http://sociokosmos.ru/anthropotopos/Article/5_6_June_Sept/Antropotopos%20full.pdf

15 Халыков К.З. Приемы освоения пространства сцены в композиции сценографии // BULLETIN d'EUROTALENT-FIDJIP 2013, Volume 1c Editions du JIPTO. – P., 2013. – 104 p. http://academie-concorde.blogspotcom.

16 Chalykov K. Aspecte des menschlichen Seines in der modernen Kasachstans/ «Forschung, Innovationen und gesellschaftliche Probleme im Rahmen der Modernisierung Kasachstans». –Berlin, 2013. – 197 p.

References

1 Kiev P.N. Neverbal'naja semiotika v teatral'noj kul'ture // KUL''TURA. KUL''TUROLOGIJa «Chelovek v mire kul'tury». Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta kul'tury i iskusstv. – № 14. – 2011. S. 22-28.

2 Sossjur, F. Trudy po jazykoznaniju. – M., 1977. – 210 c.

3 Pavi P. Slovar' teatra. – M.: Progress, 1991. – S. 376-378.

4 Lotman Ju.M. Semiotika sceny // Stat'i po semiotike kul'tury i iskusstva. ¬– SPb.: Gumanitarnoe agentstvo «Akademicheskij prospekt», 2002. – 415 s.

5 Poljakov M. Teorija teatra // Rossijskaja akademija teatral'nogo iskusstva. – M.: 1993.

6 Bobyleva A.L. Hozjain spektaklja. Rezhisserskoe iskusstvo na rubezhe XIX-XX vekov.– M.: Jeditorial URSS, 2000, 2003. – 166 s.

7 Menegetti Antonio. Kino, teatr, bessoznatel'noe: per. s ital'janskogo NNBF «Ontopsihologija», Tom 2. – M., 2003.

8 Davydova M. Chto takoe sovremennyj teatr? // Teatral'naja zhizn'. – №2. – 2006.

9 Karzhaubaeva S.K. Scenografija kazahskogo teatra: kriterii i problemy aksiologizacii // Materialy VII Mezinarodni Vedesko –practicka konference. – Praha, 2011. S 75-80.

10 Esali A. «Таңsұlu». 3D poshymynda bejnelengen alғashқy қojylym // «Egemen Қazaқstan» gazeti. 23 aқpan 2014 zh.

11 Mustafina M. «Ljubov'. Vesna. Tansulu» // Gazeta «Liter». – 31 janvarja 2014 g.

12 Deleuze G. Proust et les signes. – P., 1970.

13 Borev, Ju.B. Jestetika: uchebnik. – M.: Vyssh. shk., 2002. – 511s.

14 Halykov K.Z. Antropologicheskaja problema v sovremennom iskusstve // Antropotopos: teoreticheskij zhurnal v oblasti filosofskih nauk. – Vyp. 5-6. – Omsk, 2009. – S. 5-16. http://sociokosmos.ru/anthropotopos/Article/5_6_June_Sept/Antropotopos%20full.pdf

15 Halykov K.Z. Priemy osvoenija prostranstva sceny v kompozicii scenografii // BULLETIN d'EUROTALENT-FIDJIP 2013, Volume 1c Editions du JIPTO. – P., 2013. – 104 p. http://academie-concorde.blogspotcom.

16 Shalykov K. Aspecte des menschlichen Seines in der modernen Kasachstans/ «Forschung, Innovationen und gesellschaftliche Probleme im Rahmen der Modernisierung Kasachstans». –Berlin, 2013. – 197 p.

сократить

Мұхан Исахан

Ислам дінінің Мекке кезеңіндегі пұтқа сенушілер мен мұсылмандар арасында орын алған келіспеушіліктің саяси, әлеуметтік, діни себептері

Ислам дінінің пайда болуымен Араб жарты аралының Хижаз өлкесінде ескі пұтқа сенушілік нанымды ұстанушылар мен Мұхаммед (с.а.у)-ның соңынан ерген мұсылмандар арасында діни қарама-қайшылық орын алды. Екі тараптың бір-біріне қарсы келуінің негізгі себебі діни ұстанымдардың қайшылығы болғанымен, өзара қарым-қатынастың тым шиеленісіп кетуінің өзге де тарихи, мәдени, экономикалық себептері болды. Әдетте тек діни сенімге қатысты қайшылық келе-келе саяси мүдделердің теке-тіресіне айналды. Тіпті, Мекке қаласында саяси салмағы басым пұтқа табынушы құрайыштықтар мұсылмандарға экономикалық байкот жариялады. Мұсылман қауымының көпшілігі әл-ауқаты төмен әлжуаз топтан құралғандықтан, алғашқыда оларға араб қоғамындағы дәстүрлі трайбалистік түсінік қорған болды. Мұсылмандық қозғалыстың жетекшісі – пайғамбар Мұхаммед (с.а.у)-ды да өзінің мүшрік туыс ағасы, Дарун-Надуаның (Мекке парламенті) беделді ақсақалы Әбу Тәліп дұшпандардан қорғап бақты. Мұсылмандарды экономикалық байкоттан да құтқарған арабтардың туысшылдық қарым-қатынасы еді. Ислам қозғалысы біржола жаншылып тасталмас үшін Мұхаммед (с.а.у) өзінің соңынан ерген ізбасарларын Эфиопияға көшіруге мәжбүр болды. Әлі жоғары саяси құрылым құрмағанына қарамастан, Мұхаммед (с.ғ.а) Эфиопияға мұсылмандардың қоныс аударуымен өзге елдермен халықаралық қарым-қатынас әрі дінаралық сұхбаттастық жасауды іске асыра бастады.

Түйін сөздер: Хилфул фудул, Хилфул Силах, әл-Фиджар, Құрайыш, Хауазин, Кинан, Қайс, Уқаз, Қағба, Құдыс, Пұт, Лат, Ұза, Хижрат, байкот, Дарун-Надуа, шейх, зороастризм, христиан, Ақаба, диалог.

Mukhan Issakhan

Political, social and religious causes of discord between Muslims and polytheists in the Meccan period of Islamic history

The origin of Islamic religion on the Arabic peninsula became a reason of appearance of religious contradictions between supporters multidivine and by the followers of prophet of Muhammad (p.b.u.h.) In spite of the fact that primary cause of conflict is name opposition of religious persuasions, it is necessary to mark circumstance that intensifying of situation has the historical, cultural and economic hidden motive. This interconfessional conflict gradually outgrew in political opposition. History testifies that proponent in a political plan the tribe of kuraish-mushriks was applied by economic approvals in regard to the Muslims of Mecca. In rows Muslims there were many representatives of unprotected layers of society, therefore at first they forced to come running to the help of such traditional concepts of Arabic society as tribalism. By an example serves it circumstance that the leader of Muslim motion of Prophet Muhammad (p.b.u.h.) not once protected him the member of The Parliament of Mecca and his uncle-mushrik Abu Talib. For releasing from economic approvals Muslims were under an obligation to the family ties. Eventually, for the sake of maintenance of Muslim motion a prophet Muhammad (p.b.u.h.) sent part of the followers to Ethiopia. The move of Muslims to Ethiopia became beginning of establishment of international relations and interconfessional dialogue.

Key words: Muhammad, Mecca, Kuraish, sanctions, interreligious dialogue, Islamic state, Akaba, Christians, Zoroastrianism.

Мухан Исахан

Политические, социальные и религиозные причины раздора между многобожниками и мусульманами в истории Ислама Мекканского периода

Возникновение исламской религии на Арабском полуострове стало причиной появления религиозных противоречий между сторонниками многобожья и последователями пророка Мухаммеда (с.а.с). Несмотря на то, что первопричиной конфликта называют противостояние религиозных убеждений, необходимо отметить тот факт, что обострение ситуации имеет историческую, культурную и экономическую подоплеку. Межконфессиональный конфликт постепенно перерос в политическое противостояние. История свидетельствует о том, что более сильное в политическом плане племя курайшитов-многобожников применяло экономические санкции в отношении мусульман г. Мекка. В рядах мусульман было много представителей незащищенных слоев общества, поэтому в первое время они вынуждены были прибегать к помощи такого традиционного понятия арабского общества, как трайбализм. Примером этому служит тот факт, что предводителя мусульманского движения пророка Мухаммеда (с.а.с) не раз защищал его дядя-мушрик, член Дарун-Надуа (Мекканский парламент) Абу Талип. За избавление от экономических санкций мусульмане были обязаны своим родственным узам. В конце концов, ради сохранения мусульманского движения пророк Мухаммед (с.а.с) отправил часть своих последователей в Эфиопию. Переезд мусульман в Эфиопию стал началом установления международных отношений и межрелигиозного диалога.

Ключевые слова: Хилфул фудул, Хилфул Силах, Аль-Фиджар, Курайшиты, Хауазин, Кинан, Кайс, Указ, Кааба, Кудс, Хиджра, Лат, Байкот, Дарун-Надуа, Шейх, зороастризм, христианство, Акаба, диалог.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ

Мұхан Исахан

Нұр-Мүбарак Египет Ислам университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail:

ИСЛАМ ДІНІНІҢ МЕККЕ КЕЗЕҢІНДЕГІ ПҰТҚА СЕНУШІЛЕР МЕН МҰСЫЛМАНДАР АРАСЫНДА ОРЫН АЛҒАН КЕЛІСПЕУШІЛІКТІҢ САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК, ДІНИ СЕБЕПТЕРІ

Ислам дінінің тарих сахнасына шығуы бұл діннің пайғамбары Мұхаммед с.ғ.а-ның өмірімен тікелей байланысты. Мұхаммед с.ғ.а 570 жылы Мекке қаласында Құрайыш тайпасы Хашым руының ақсақалы Әбдімүталіптің ұлы Абдолла мен Әминаның шаңырағында дүниеге келді [1, 18-б]. Мұхаммед с.ғ.а алғашқыда атасы Әбдімүталіптің қамқорлығында, кейін, әкесінің інісі Әбу Тәліптің қамқорлығында болып, оның тәрбиесінде өсті [2, 120-б]. Деректерде Мұхаммед с.ғ.а пайғамбар болмастан бұрын араб қоғамында дәстүрлі түрде өтетін пұттарға табыну мерекелеріне қатыспағандығы айтылады. Мұхаммед с.ғ.а 12 жасқа толғанда немере ағасы Әбу Тәліппен еріп сауда керуенімен Сирияға сапар шегіп барғанда кезіккен Бахира атты монах Мұхаммед с.ғ.а-нан Лат пен Ұза пұттарына көзқарасы туралы сұрағанда, Мұхаммед с.ғ.а пұтқа табынуды жек көретінін айтқан. Яғни, тарихи деректер оның жастық шағында ислам дініне қарсы ешқандай белгілердің жоқ екендігін алға тартады.

Сияр еңбектеріне қараған болсақ, Алладан уаһи алмай тұрып та Мұхаммед с.ғ.а-ның араб қоғамына қатысты дербес саяси, әлеуметтік, құқықтық көзқарастары болғанын аңғарамыз. Мысалы, Ибн Хишам Мұхаммед с.ғ.а 20 жасқа толғанда Меккеде Хилфул-фудул және Хилфул-силах қоғамдық ұйымдары құрылып, Мұхаммед с.ғ.а жастығына қарамай бұл қоғамдық ұйымдарды құрылуына ат салысқанын, сонымен бірге, Мекке қоғамында әділетсіздік орын алмауы үшін Хилфул-фудул ұйымының қабылдаған құқықтық ережелерінің жүзеге асуына барынша күш салғандығын жеткізеді [3, 43-46-бб].

Хилфул-фудул қоғамдық ұйымы Меккедегі Құрайыш тайпасының өзге араб тайпаларынан анағұрлым өресі жоғары екенін паш ете алды. Әйтсе де Хилфул-фудул қоғамдық ұйымының құқықтық ережелеріне кейде Құрайыш тайпасының аристократтары мойынсұнғысы келмейтін. Мұхаммед с.ғ.а Хилфул-фудул құқықтық ережелерінің қатаң сақталуы үшін өз тайпаластарының алпауыттарымен ымырасыз күресті. М.Хамидуллах: «Мұхаммед с.ғ.а мен Құрайыш алпауыты Әбужахилдің арасындағы дүшпандық ислам діні пайда болмастан бұрын Хилфул-фудул құқықтық ережелеріне Әбужаһилдің мойынсұнғысы келмегендігінен туындады» [4, 52-55-бб] деген пікір білдіреді. Мұхаммед с.ғ.а Меккеге сырттан келген әлсіз жандарға күш көрсетуші

өз тайпаласы болса да әділдік үшін өз туысымен дауласуға барып отырған. Хилфул-фудул құқықтық ережелері тікелей Мұхаммед с.ғ.а-ның көзқарасы болмағанмен, Хилфул-фудул ұйымының құрылуы және ұйымның құқықтық ережелерін түзуге, сондай-ақ, бұл ережелерді қоғам игілігіне пайдалануда, Мұхаммед с.ғ.а ерекше белсенді болғандықтан, Хилфул-фудулдың араб қоғамындағы атқарған рөлін Мұхаммед с.ғ.а-ның қоғамдық, саяси, құқықтық көзқарастары ретінде қабылдай аламыз.

Мұхаммед с.ғ.а ислам діні пайда болмастан бұрынғы араб қоғамындағы дәстүрлі тайпалық үрдістерден шет қала алмады. Ислам діні келместен бұрын араб тайпалары жылдың төрт айын қасиетті деп танып бұл айларда тайпалар көш-керуенді тонауға, барымта, шапқыншылық жасамауға уағдаласты. Алайда, бірін-бірі тонап кектесіп қалған араб тайпалары тыйым салынған төрт айда да бір-біріне шабуылдайтын. «Тиым салған айдамыз ғой дегендерге», «тиым салған айдың күшін жойдық немесе тыйым салған айды басқа айға ауыстырдық» деп сылтау айтып тонауын тоқтатпайтын [5, 430-431-бб]. Осындай тиым салған айларда Указ жәрмеңкесінде Құрайыш тайпасының одақтасы Кинан тайпасымен Қайс тайпасының арасында керуен тоналып, кісі өлімі болады. Кек алуға аттанған Қайс тайпасының жасақшылары Мекке түбінде Кинан тайпасына шабуыл жасайды. Құрайыш тайпасы өз одақтасы кинандықтарға болысып, Кайс жасақшылары мен соғысуға мәжбүр болған. Тарихта «Әл-Фиджар» деген атпен белгілі бұл шайқасқа Мұхаммед с.ғ.а да өз тайпасының мүддесі үшін қатысқан. «Әл-Фиджар» соғысы төрт рет болып, осының екеуіне Мұхаммед с.ғ.а-ның қатысқандығын М.Хамидуллаһ өз шығармасында баяндайды. «Әл-Фиджар» соғысында Мұхаммед с.ғ.а қарсы тайпаның бір адамын қаруымен жаралаған [4, 51-52-бб]. Түркиялық зерттеуші Рашит Хайламаздың дерегінде Мұхаммед с.ғ.а-ның ағаларына оқ жеткізіп оларды қалқан мен қорғағандығы айтылады [6, 126-127-бб]. Белгілі шығыстанушы В.С.Соловьевтің айтуына қарағанда «Әл-Фиджар» соғысында Құрайыш тайпасы Кинан емес, Хауазин тайпасымен соғысқан [7, 15-б].

Исламға дейінгі дәуірдегі қалыптасқан дәстүрлі тайпалық таным бойынша еркек адам қандай жағдай болмасын өз тайпасы үшін соғысуға міндетті болатын. Ш.Севержанның пікірінше, Мұхаммед с.ғ.а-ның «Әл-Фиджар» соғысында өз тайпасының жасағында болуы, оның с.ғ.а-ның араб қоғамының дәстүрлі танымынан шет қалмағандығын көрсетеді, сондай-ақ, ол дәуірде арабтардың түсінігінде «тайпа» ұғымы «отан» ұғымына сай болып табылған [8, 40-44-бб]. Сондықтан, Мұхаммед с.ғ.а-ның «Әл-Фиджар» соғысына қатысуын өз тайпасы, яғни, өз отаны үшін күресті деп қабылдауға болады.

Мұхаммед с.ғ.а жасы 25 келгенде Меккенің бай саудагер әйелі Хадишаның жалшысы болып Сирияға сауда жасады. Кейін Хадишамен отбасын құрады [7, 13-б]. Мұхаммед с.ғ.а меккеліктер арасында аса шыншыл, адалдығымен, жомарттығымен, аманатқа қиянат жасамайтын турашылдығымен «Мұхаммед Әмин», яғни, сенімді Мұхаммед деген атпен танылды. [2, 122-б]. Зерттеуші Махмуд Шәкирдің айтуынша Мекке қаласының тұрғындары әрдайым Мұхаммед с.ғ.а-ның әділдігіне мойынсұнған. Даулы мәселелердің көпшілігі Мұхаммед с.ғ.а-ның төрелегімен шешіліп отырған [9, 51-52-бб]. Мұхаммед с.ғ.а Хилфул-фудул құқықтық ережелерін негізге алып Меккеде орын алған әділетсіздікпен ұдайы күресіп, әлсіздердің жанашыры бола білген. Жалпы, Мұхаммед с.ғ.а-ның пайғамбар болғанға дейінгі өмірінен, оның кейінгі өмірлік ұстанымы, яғни, исламға қайшы келетін өрескелдікті көре алмаймыз.

610 жылы Мұхаммед с.ғ.а 40 жасқа толғанда өзіне Алладан пайғамбарлықтың берілгендігін паш етті [7, 20-б].

Мұхаммед с.ғ.а-ның өмірі және ислам тарихы туралы шығармаларда бірауыздан 610 жылы Мұхаммед с.ғ.а-ға Алладан уахитүскеннен кейін Мекке қаласында мұсылмандық қозғалыстың басталғаны баяндалады. Алғашқыда оның пайғамбарлығын жұбайы Хадиша, өзінің қамқорлығындағы Зайт пен туыс інісі Али және досы Әбу Бәкір ғана мойындады. Алладан өзіне келген жаңа діннің басты ерекшелігі сансыз қолдан жасалған ешқандай құдірет күшке ие емес пұттарды тәрк етіп, бір ғана Аллаға мойынсұну керек еді [10, 18-б]. Пұттардың ешқандай құдірет күш иесі емес екендігін сезінген Мұхаммед с.ғ.а-ның кейбір жақын туыстары екіленбестен жаңа дін исламды қабыл ете бастады [11, 58-66-бб]. В.С.Соловьевтің айтуынша, Мұхаммед с.ғ.а соңынан ерген алғашқы мұсылмандардың көпшілігі кедей және құл адамдар болған [7, 35-б]. В. Ирвингтің айтуына қарағанда алғашқы үш жылда Мұхаммед с.ғ.а-ның соңынан 40 адам ғана ерген [1, 45-б]. Үш жылдан кейін исламды жария түрде дәріптеу туралы Алладан Мұхаммед с.ғ.а-ға үкім түсті (Шұғара, 214-216). Мұхаммед с.ғ.а Әбдімүтәліптен тарайтын өз әулетін және Мекке халқын бірнеше қайтара исламға шақыр-

ғанмен, халықтың көпшілігі теріске шығарған. Р.Хайламаздың пікірінше туыстарының Мұхаммед с.ғ.а-ның соңынан ермеуінің себебі, олар алғашқыда ата-баба жолынан ауытқысы келмеген [6, 233-236-бб]. Мұхаммед с.ғ.а Мекке халқына исламды ашық түрде жария еткеннен кейін, пұтқа табынушы Құрайыш тайпасының аристократтары мұсылмандарды жаңа діннен бет бұруға мәжбүрлеуді қолға алды [12, 134-135-бб].

Али Химет Берки мен Осман Кескиоғлунің көзқарасынша, Құрайыш тайпасы аристократтарының исламға жауығуына мынадай себептер түрткі болған:

1. Пұтқа табынушылар: «Егер ислам араб әлеміне қанат жайған жағдайда біз атақ абыройымыздан айырыламыз» деп, түсінді. Өйткені ислам тап айырмашылығын жойып, адамзат баласына теңдік әперетінін жариялады. Ислам діні бойынша Алла алдында алпауыт пен құл тең болды. Құрайыштық арабтар исламды қабылдап кедей-кепшік, құл-құтанмен теңескісі келмеді.

2. Құрайыштық арабтар негізінен саудасаттық пен күн-көретін. Мекке қаласы тек Хизаж аймағының ғана емес қағбаға 360 пұт орналасқандықтан бүкіл Араб түбегіндегі пұтқа табынушылар келетін орталық болатын. Қағбаға тәуап етушілерді баспанамен, ішіп-жеммен қамтамасыз етумен құрайыштықтар күн көретін. Құрайыштықтардың егер ислам пұттарды жойса, Мекке қасиетінен айырылып мұнда ешкім келмей қояды, бұдан біздің саудамыз тоқырап, күн-көрісіміз төмендейді деген қорқынышы болды.

3. Араб түбегінде пұтқа табынушылық бірнеше ғасырлардан бері тамыр жайған сенім еді. Хз. Ибрахим тұрғызған деген қасиетті қағбаны 360 пұтпен толтырып, арабтар бұл пұттарға табынатын. Көзін ашқаннан пұттарды тәңір деп сезінген арабтарға бір Аллаға сенуді дәріптейтін исламға кіру насихатталғанда алғашқы сенімдерінен айырылу қиынға соқты. Олар: «ата-бабаларымыз бұларға көнеден табынатын, біз қалай пұттарды тәрк етеміз» десті. Өйткені пұтқа табынушылық арабтарға ата-баба жолы болып қабылданып, қасаң дәстүр болып бекіген-ді.

4. Исламға дейінгі арабтардағы тайпалық дәстүр бойынша басшы болу үшін екі шарт талап етілетін. Бірінші шарт бойынша басшы болатын адам бай болуы тиіс. Екінші шарт бойынша басшы болатын адамның бала-шағасы көп болуы тиіс еді. Бұл шарттарға сай емес адамның басшы болуы екіталай еді. Арабтар әділ, ұйымдастыру қабілеті жоғары, мінез-құлқы көркем, басқаруға лайықты адам бар болса да байлығы зор, ұрпағы көп адамды басшы етіп сайлайтын. Меккеліктер басшы болуға әрі бай, әрі ұрпағы үбірлі-шүбірлі Уәлид б. Мұғира, Халаф немесе Әбумасут Сакафиді лайық көретін. Ал, ислам жетекшісі Мұхаммед с.ғ.а- ның әл-әуқаты аса зор емес-ті. Хадиша анамыздан туған Қасым, Абдуллаh, атты ұлдары, Зейнеп, Рухия, Үммі Гүлсім, Фатима атты қыздары болды. Алайда Мұхаммед с.ғ.а-ның ұлдары сәби кезінде шетінеп кетті. Бұны көрген Ас б. Уәли мен Әбужаhил: «Мұхаммедтен ұрпақ қалмады. Оның ізін басар тұяғы жоқ. Өзі өлсе, онымен бірге аты да затыда өшеді» деп қуанатын.

5. Меккедегі Құрайыш тайпасының ішіндегі Хашым руы мен Әмауи руы арасына бағзыдан келе жатқан бақталастық бар еді. Мұхаммед с.ғ.а-ның атасы Әбдімүтәліп Хашимилердің басшысы болып тұрғанда, Хашимилерге өзге рулар қысым көрсете алмайтын. Әбдімүтәліптен кейін Хашимилердің басшысы болған Әбутәліптің кезінде де Хашимилер Меккеде беделді саналды. Әбутәліптен кейін Хашим руына Әбулаhаб басшылық жасайды. Мұхаммедке с.ғ.а өз туыстарының ішінде айрықша қарсы тұрған осы мүшрік Әбулаhаб болатын. Әбулаhабтың исламға қарсы әрекеттері сол кездегі араб қоғамында қанат жайған трайбалистік түсінікке жат еді. Мұхаммед с.ғ.а-ның өзге туыстары пұтқа табынғанмен, Құрайыш мүшіріктерінен Мұхаммед с.ғ.а-ды қызғыштай қорғайтын. Ал, Мұхаммед с.ғ.а немере інісі болса да Әбулаhаб оның әкелген жаңа дініне қарсы тұрып, пұтқа табынушылықты айнымас ата-баба жолы деп, танитын. Әбулаhабтың бұл әрекеті Құрайыш ішінде Әмауи руының мәртебесінің өсуіне негіз болды. Сонымен бірге, Құрайыш тішіндегі Мағзұм руы да Хашимилермен бақталас еді. Исламның қас дұшпаны болып саналған Уәлид б. Мұғира мен Әбужаhил Мағзұм руының басшылары болатын. Құрайыш мықтыларының исламды қабылдамауының бір себебі, егер Мұхаммеддің дініне кірсек Құрайыш билігі Хашимилерге өтеді деп, қауіптенді.

6. Алғаш рет ислам насихатталғанда Құрайыштықтар ислам мен христиан дінін бір деп білді. Құрайыштықтар христиандарды ұнатпайтын. Пұтқа табынушылардың христиандарды жеккөруі 570 жылы Меккедегі Қағбаны жойып, Араб түбегінде христиан дінін ұлық дін етемін деп, құрайыштықтарға шабуылдаған эфиопиялық Әбрахаттың агрессиясынан туындады. 614 жылы зорастаризм діниндегі Сасанидтер Сирияны христиан діниндегі византиялықтардан тартып алғанда, Құрайыштықтар қатты қуанды. Сондай-ақ, мұсылмандар алғашқы кезде христиан-

дарға да қасиетті саналатын Мешіт Ақсаға қарап намаз оқитын. Құрайыштықтар: «Егер ислам қанатын жаятын болса, Меккедегі Қағба емес, Құдыс қасиетті саналып, біздің күніміз қараң болады» – деп түсінді [11, 77-79-бб]. Құрайыш пұтқа табынушыларының ислам мен христиан дінін бір деп білуінің себебі, әсілі христиан діні де пұтқа табынушылыққа қарсы монетеистік дін болатын [13. 466 s.]

7. М.Хамидуллаһтың пікірінше Құрайыш аристократтарының кейбірі мен Мұхаммед с.ғ.а-ның арасында ескіден келе жатқан араздық, Құрайыш аристократтарының исламға қарсы шығуына себеп болған. Мұхаммед с.ғ.а Хилфул-фудул қоғамдық ұйымына мүше кезінде Меккеге сырттан келген әлсіз жандарға Әбужаһил сынды алпауыттардың жасаған зорлығына қарсы тұрып, әрдайым олармен жанжалдасуға баратын. Мұхаммед с.ғ.а-ның әрдайым әлсіздердің жағында болуы Құрайыш алпауыттарына ұнай қоймайтын. Мұхаммед с.ғ.а жаңа ислам дінін паш етті дегенде, кейбір Құрайыш алпауыттарының ойланбастан қарсы келуінің бір себебі осында еді [4, 53-54-бб].

Ислам дінінің құқықтық үкімдерінің басым көпшілігі Мәдина дәуірінде қабылданғанмен, Мекке кезеңінде де кейбір адамгершілікке жат зина, өсімқорлық, бұзақылық, кісіге қиянат жасау, өтірік айту, өлексе малдың етін жеу, қан ішу секілді жаман әдеттерге тыйым салынды. Али Химет Берки мен Осман Кескиоғлунің көзқарасынша мұндай тұрпайы әдеттер Құрайыштықтардың қанына сіңіп кеткендіктен, исламның бұл тыйымдары мүшіріктерге ауыр тиген [11, 80-81-бб].

Али Химет Берки мен Осман Кескиоғлунің пайымдауынша алғашқыда Құрайыш алпауыттары мұсылмандардың бетін күшпен қайтаруды ойлаған. Мүшріктер жалғыз жарым, жоқ-жітік, құл мен күң мұсылмандарды мүшіріктер аяусыз жазалап, олардың бірнешеуі ауыр жазаны көтере алмай қайтыс болды [11, 69-73-бб]. Ал, «Мұхаммед с.ғ.а-ның көзін жойсақ Хашимилермен бітпес дауға қаламыз» – деп қорыққан құрайыштықтар Дарун-Надуада (Мекке қаласының парламенті үйі) мұсылмандық қозғалысты дипломатиялық жолмен тоқтатқысы келгенімен, олардың бұл әрекетінен ештеңе өнбеді [14, 64-65-бб].

Құрайыш аристократтырының мұсылмандық қозғалысты күшпен басып тастай алмауының себебі, Мұхаммед с.ғ.а-ның қамқоршысы Әбу Тәліп Меккедегі қасиетті қағбаға қызмет ететін және Мекке парламентінде аса жоғары беделге ие еді. Құрайыштықтар мұсылмандық қозғалысты басып-жаншу үшін әуелі Әбу Тәліптің келісімін алуы шарт болатын. Ал, Әбу Тәліп туыс інісін қызғыштай қорғағандықтан, пұтқа табынушылар мұсылмандарды жаңа діннен баз кештіре алмады [15. 197-198-бб].

Құрайыш пұтқа табынушыларының ауыр азабынан мұсылмандарды сол кездегі араб қоғамындағы тайпалық дәстүрдің берік болуы аман сақтап қалды. Хашимилердің басым көпшілігі әлі исламды қабылдамаса да өз туысқаны Мұхаммед с.ғ.а- ға қорған бола білді. Арабтар ол дәуірде пұтқа табынудан көрі туысқандықты жоғары қоятын. Мәдинаға көшкенге дейінгі Меккедегі 13 жыл ішінде Мұхаммед с.ғ.а-ның да жеке басының амандығына кепіл болған негізінен арабтардағы дәстүрлі тайпалық таным болды. Ш.Севержанның көзқарасынша Мұхаммед с.ғ.а исламдық миссияны атқаруда арабтардың дәстүрлі тайпалық танымын шебер пайдалана білген [8, 40-44-бб]. Әбу Тәліп пен хашимилердің Мұхаммед с.ғ.а-ға қорған болуы, Әбужаһилдің Мұхаммед с.ғ.а-ға зорлық көрсеткен кезде хз. Хамзаның: «Менде мұсылманмын» деп оны жазалауы, [16, 524-525-бб] хз. Омардың Дарун-Надуаның бұйрығымен Мұхаммед с.ғ.а-ды өлтіремін деп келіп, бірақ онымен бетпе-бет келгенде исламды қабыл етуі [16, 526-529-бб], әлі мұсылман болмаған хз. Аббастың Ақаба келісімінде Мұхаммед с.ғ.а-ның жеке басының амандығына Мәдина мұсылмандарынан уәде алуы [17,99-100-бб] секілді оқиғалар Ш.Севержанның жоғарыдағы көзқарасының таихи шындыққа жанасатынын әйгілейді.

615 жылы Мұхаммед с.ғ.а Құрайыштық пұтқа табынушылардан зорлық-зомбылық көрген қорғаушысы жоқ мұсылмандарды Эфиопияға көшірді. Сириялық М. Сайд Рамазан әл-Бутидің пікірінше, 5 әйел, 10 еркектен тұратын тұңғыш Меккеден көшуші мұсылмандарға Эфиопияны таңдауының себебі, Эфиопияның билеушісі христиан дініндегі әділдігімен аты шыққан Нажаси патша болатын. Жалпы, Меккеліктер бұрыннан Эфиопиямен етене жақын араласатын. Эфиопиялық христиандар пұтқа табынушылық сенімді жек көретін. Осындай тиімді себептерді негізге алған Мұхаммед с.ғ.а Меккеде ұдайы пұтқа табынушылардан жәбір көрген мұсылмандарды Эфиопияға көшіруге шешім қабылдады [18, 130-132-бб]. 617 жылы Мұхаммед с.ғ.а екінші рет Эфиопияға Құрайыштықтардан жәбір көрген 83 еркек пен 18 әйел мұсылманды көшірді [7, 38-бб]. Эфиопиялықтардың Меккеден көшкен мұсылмандарды қанатының астына алуы,

Құрайыш оппозициясын бей-жай қалдырмады. Құрайыштықтар Эфиопия патшасы Нажасиге елші жіберіп, мұсылмандарға пана болмауын өтінгенмен, Нажаси патша Құранда Мәриям ана мен Иса пайғамбарды мақтаған аяттардың бар екенін біліп мұсылмандарға қорған болды [18, 130-134-бб].

Мұхаммед с.ғ.а-ның мұсылмандарды Эфиопияға көшірудегі мақсаты, ислам дініне сенген қозғалыс өкілдерін аман сақтап қалу еді. Меккедегі өзге бай-қуатты мұсылмандардың Эфиопияға көшпеген себебі, олардың амандығына жоғарыда айтып өткен дәстүрлі тайпалық туысқаншылдық салттар кепіл болды. Эфиопияның христиан мемлекеті бола-тұра, Нажаси патшаның мұсылмандардың өз сенімнанымдарының негізінде өмір сүруге рұқсат беруі, кейінгі ғұламалардың ислам діні бойынша жоғары саяси ұйымдарды сыныптауда «дарус-сулх» тұрпатын жасауына негіз болды. Дарус-сулх дегеніміз – бір жоғары саяси ұйымның өзге діннің негізінде құрылғанымен ислам дініне оң көзқараста болып, мұсылмандардың өз нанымы бойынша өмір сүруіне рұқсат беретін мемлекетті айтамыз. Яғни, дарус сулх мемлекеті ислам дініне қысым көрсететін мдарул-hарб (кәпірстан) мемлекеті саналмайды. Меккедегі алғашқы мұсылман қозғалысы өкілдерінің осылайша христиан Эфиопия мемлекетімен жақсы мәміле орнатуы, бүгінгі уақыттағы зайырлы мемлекеттерді дарус-сулх саяси жүйесімен теңестіруге негіз болды.

Мұсылмандар 622 жылы Мәдинада тәуелсіз мемлекет құрғанға дейін, Меккедегі саяси ахуал екі тараптың текетіресі жағдайында өрбіді. Құрайыштықтар Мұхаммед с.ғ.а-ды дипломатиялық жолмен райынан қайтарғысы келіп, Меккенің билігін ұсынып көрді. Құрайыш аристократтары Мұхаммед с.ғ.а-ға: «Қаласаң Меккенің тізгінін қолыңа ал, бірақ исламды насихаттауыңды доғар» деп бірнеше рет ұсыныс жасады. Бірақ, Мұхаммед с.ғ.а-ның мақсаты Меккеге билік ету болмағандықтан, ол бұл ұсыныстан бас тартты [19, 101-б]. Құрайыштықтар Мұхаммед с.ғ.а-ды алған бетінен қайтара алмады. Меккенің беделдісі Утба ибн Рабиа да Мұхаммед с.ғ.а келіп пұтқа табынушылықты асыра дәріптеп, райынан қайтарғысы келгенмен, еш нәтиже шығара алмады [20, 80-б]. Керісінше, Иемендегі кейбір Нажран христиандары мен эфиопиялық христиандар Меккеге келіп, ислам дінінің жөнжосығын танып, исламды қабыл етті [7, 156-158-бб]. Ислам тек Меккеде емес, бірте-бірте Араб түбегіне қанат жайып, Сәлама араб тайпасының адамдары ислам өз еріктерімен қабылдады [11, 102-103-бб].

Исламның бұлай дами бастауынан Құрайыш пұтқа табынушылары қауіптеніп, 617 жылы Дарун-Надуада (Мекке қаласының парламенті үйі) мұсылмандарға соққы беру мақсатымен мынадай шешім (байкот) қабылдады:

1. Хашим, Мүталіп руынан қыз алуға тыйым салынады;

2. Хашим, Мүталіп руына қыз беруге тыйым салынады;

3. Хашим, Мүталіп руына ештеңе сатылмайды және олардан ештеңе сатып алынбайды [1, 74-б].

Құрайыш оппозициясының мұсылмандарға жасаған саяси, экономикалық байкоты ұзын-ырғасы үш жылдай уақытқа созылды [15, 243-б]. Меккенің билігі пұтқа табынушыларда болғандықтан, мұсылмандар байкотқа қарсы ешқандай бір шара жасай алмады. Оның бір себебі, бұл кезеңде Құранда және Мұхаммед с.ғ.а-ның сүннетінде мұсылмандық қозғалысты саясиландыратын үкімдер әлі айтылмаған болатын.

Сол кездегі Меккедегі Құрайыш тайпасы руларын діни-саяси ұстанымына қарай үш топқа бөлуге болатын еді:

1. Мұхаммед с.ғ.а мен мұсылмандар және оларға қорған болғандар;

2. Мұхаммед с.ғ.а-ға қарсы болып, исламды терістегендер (оппозиция);

3. Мұхаммед с.ғ.а-ның діни миссиясын қабылдамағанмен, оппозицияға еріп мұсылмандарға дұшпандық жасамаған бейтарап топ.

Тарихшы Жабири саяси ұстанымы әр түрлі Құрайыш руларын былайша жіктейді:

1. Мұсылмандар және оларға қорған болғандар – Хашим ұлдары, Мүталіп ұлдары, Таймия ұлдары, Зухра ұлдары, Адий ұлдары, Харис бин Фиhр ұлдары;

2. Оппозиция тобына- Абдишемс ұлдары, Нәуфал ұлдары, Әсад ұлдары, Амир ұлдары;

3. Бейтарап топқа – Мағзум ұлдары, Шамс ұлдары, Жұмақ ұлдары, Абдуддар ұлдары [21, 164-б].

Ибн Хишамның айтуына қарағанда Құрайыш тайпасының бейтарап тобының өкілдері мұсылмандар өз туыстары болған соң, оларға жасырын көмектесіп тұрған. Туыстарының қиын жағдайына төзбеген Құрайыш тайпасының бейтарап тобы өкілдері және оппозицияның кейбір өкілдері 620 жылы байкот шешімінің күшін жою туралы Дарун-Надуада мәселе көтеріп Әбужаhил бастаған оппозицияны жеңіп шығып, мұсылмандарға жасалған саяси, экономикалық қысымның күші жойылды [3, 136-137-бб].

Қорытынды

Мекке кезеңінде мұсылмандар үшін дәстүрлі тайпалық танымның тиімді де, тиімсіз де тұстары болды. Азаматтық және қылмыстық жауапкершілікте қасаң түрде тайпалық дәстүрдің сақталуы, сондай-ақ, зина жасау, қыздарды тірідей жерге көму, кісіге қиянат жасау, керуен-көш тонау, өлексе мал етін жеу секілді жабайы әдеттер исламдық танымға мүлде жат еді. Керісінше, Мекке кезеңінде мұсылмандардың жойылып кетпеуіне, дәстүрлі тайпалық танымдағы туысқаншылдық ұғым мұрындық болды. Сонымен бірге, христиан дінін ұстанатын Хабашстан мемлекетінің үдере көшіп келген мұсылмандарға өз наным-сенімдерінің негізінде өмір сүруіне рұқсат беруі, кейін жоғары саяси ұйымдардың дінге қатынасына байланысты дарус-сулх, яғни, исламмен бейбіт ұстанымда қатынас жасаушы мемлекет деген жоғары саяси ұйым тұрпатының ортаға шығуына негіз болды. Жалпы, Мекке кезеңінде мұсылмандар мен пұтқа табынушылардың күресі текетірес жағдайда өрбігендігіне байланысты, бұл кездегі діни-саяси жағдайды өліара кезең деп қорытуға болады.

Әдебиеттер

1 Ирвинг. В. Жизнь Магомета. – М.: Амрита-Русь, 2004. – 288 с.
2 Гусейнов А.А. Великие Моралисты. – М.: Издательство «Республика», 1995. – 157 с.
3 Ибн Хишам. Мұхаммед Пайғамбардың Өмірбаяны. ТОО «ҚАБЛАН». – Алматы, 2004.
4 Muhammed Hamıdullah. Islam Peygamberı. Çevıren Prof. Dr. Salıh Tug. I. Cilt. – Istambul, 1991. – 655 s.
5 Муртаза Бұлұтай Жүнісұлы. Ата-баба діні. – Алматы: Білім баспасы, 2000. – 504 б.
6 Рашит Хайламаз. Гонултахтымызынешшиз султаны ефендимиз саллалахуалейхуассалам. I том. – Ыстамбұл, 2006. – 664 б.
7 Соловьев В.С. Магомет, его жизнь и религиозное учение. www. Библиотека Вехи. – 2004. – 22 с.
8 Шифаеддин Севержан. Ислам дінінінің алғашқы дәуірлерінде дін мен саясат арасындағы байланыстардың негізгі бағыттары // Ж. Естаевты еске алуға арналған «Бүгінгі дінтану мәселелері» атты ғылыми конференция материалдары. – Түркістан, 2004. – 200 б.
9 Махмуд Шакир. Пайғамбарымыздың хаяты. Кахрамани айынлары /аударған Ферит Айдын. – Ыстамбұл, 1994. – 476 б.
10 Шейх Хафиз ибн Ахмад әл-Хаками. Ислам Ақидасы бойынша 200 сұрақ / аударған Үсен Шойбеков. – Алматы: Әл-баракат баспасы, 2005. – 262 б.
11 Али Химет Берки, Осман Кескиоғлу. Соңғы пайғамбар Хз.Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірбаяны / Қазақшаға аударған Сәуле Дағайқызы. – Анкара, 1998. – 447 б.
12 Мухаммед Рыза. Пайғамбарымыз бе Исламын догушу. Темел нешраят. – Ыстамбұл, 1979. – 705 б.
13 Доц. Доктр. Али Осман Атеш. Ислама горе жаhилеиет бе еhли Китаб орф бу адетлер. – Ыстамбұл, 1996. – 544 б.
14 Шемшиддин. Иешил. Хз. Мухаммед алейхуссалату бе салла. Иайлажык Матбажылык. – Ыстамбұл, 1998. – 676 б.
15 Дамира Өмірзаққызы «Адамзаттың асыл тәжі». – Алматы, 2003, 1 том. – 248 б.
16 Ибнул Емин Махмуд Есад Шейдишехри. Ислам тарихы. 1 том. Иайлажын матбасы. – Ыстамбұл, 1983. – 592 б.
17 Ибнул Есир. Ислам тарихы. Баhар иайынлары / аударған М. Вешин Ериарсой. II том. – Ыстамбұл, 1991. – 520 б.
18 Др. М. Сайд Рамазан ал-Бути. Фикhус-Сирие Жонжа / аударған Али Нар. – Ыстамбул, 1984. 502 б.
19 Мұхиддин Исаұлы. Құран кімнің сөзі. – Алматы: Алтын қалам баспасы, 2004. – 252 б.
20 Ибн Кесир. Ал-Бидая бен-нихая Шағры иайынлары / аударған Мехмет Кескин. – Ыстамбул, 1994. – 496 б.
21 Жабири Мухаммед Абид. Исламда сиясал акыл. Китабеби иайынлары / аударған Вежди Акиюз. – Ыстамбул, 1997. – 746 б.

References

1 Irving. V. Zhizn' Magometa. – M.: Amrita-Rus', 2004. – 288 s.
2 Gusejnov A.A. Velikie Moralisty. – M.: Izdatel'stvo «Respublika», 1995. – 157 s.
3 Ibn Hisham. Mұhammed Pajғambardyң Өmirbajany. TOO «ҚABLAN». – Almaty, 2004.
4 Muhammed Hamıdullah. Islam Peygamberı. Çevıren Prof. Dr. Salıh Tug. I. Cilt. – Istambul, 1991. – 655 s.
5 Murtaza Bұlұtaj Zhүnisұly. Ata-baba dini. – Almaty: Bilim baspasy, 2000. – 504 b.
6 Rashit Hajlamaz. Gonultahtymyzyneshshiz sultany efendimiz sallalahualejhuassalam. I tom. – Ystambұl, 2006. – 664 b.
7 Solov'ev V.S. Magomet, ego zhizn' i religioznoe uchenie. www. Biblioteka Vehi. – 2004. – 22 c.
8 Shifaeddin Severzhan. Islam dinininiң alғashқy dәuirlerinde din men sajasat arasyndaғy bajlanystardyң negizgi baғyttary // Zh. Estaevty eske aluғa arnalғan «Bүgingi dintanu mәseleleri» atty ғylymi konferencija materialdary. – Tүrkistan, 2004. – 200 b.
9 Mahmud Shakir. Pajғambarymyzdyң hajaty. Kahramani ajynlary /audarғan Ferit Ajdyn. – Ystambұl, 1994. – 476 b.

10 Shejh Hafiz ibn Ahmad əl-Hakami. Islam Ақidasy bojynsha 200 sұrақ / audarғan Ysen Shojbekov. – Almaty: Әlbarakat baspasy, 2005. – 262 b.
11 Ali Himet Berki, Osman Keskioғlu. Soңғy pajғambar Hz.Mұhammedtiң (s.a.u.) өmirbajany / Қazақshaғa audarғan Sәule Daғajқyzy. – Ankara, 1998. – 447 b.
12 Muhammed Ryza. Pajғambarymyz be Islamyn dogushu. Temel neshrajat. – Ystambұl, 1979. – 705 b.
13 Doc. Doktr. Ali Osman Atesh. Islama gore zhahileiet be ehli Kitab orf bu adetler. – Ystambұl, 1996. – 544 b.
14 Shemshiddin. Ieshil. Hz. Muhammed alejhussalatu be salla. Iajlazhyk Matbazhylyk. – Ystambұl, 1998. – 676 b.
15 Damira Өmirzaққyzy «Adamzattyң asyl tәzhi». – Almaty, 2003, 1 tom. – 248 b.
16 Ibnul Emin Mahmud Esad Shejdishehri. Islam tarihy. 1 tom. Iajlazhyn matbasy. – Ystambұl, 1983. – 592 b.
17 Ibnul Esir. Islam tarihy. Bahar iajynlary / audarғan M. Veshin Eriarsoj. II tom. – Ystambұl, 1991. – 520 b.
18 Dr. M. Sajd Ramazan al-Buti. Fikhus-Sirie Zhonzha / audarғan Ali Nar. – Ystambul, 1984. 502 b.
19 Mұhiddin Isaұly. Құran kimniң sөzi. – Almaty: Altyn қalam baspasy, 2004. – 252 b.
20 Ibn Kesir. Al-Bidaja ben-Nihaja Shaғry iajynlary / audarғan Mehmet Keskin. – Ystambul, 1994. – 496 b.
21 Zhabiri Muhammed Abid. Islamda sijasal akyl. Kitabebi iajynlary / audarғan Vezhdi Akijuz. – Ystambul, 1997. – 746 b.

Рысымбетов Е.К.

Метафизикалық үрейдің бейнелеу өнерінде көрінісі

Мақалада Қазақстан бейнелеу өнерінің бүгіні мен өткені және еуропалық көркем мектептердің әсері салыстырмалы қарастырылады. XX ғасырда еуропадағы модернистік даму өнерден жаңаша формаларды және оларды интерпретациялауды талап етті. Модернистік өнердегі түсініктілік мәселесі өз актуалдылығын жоғалтып, фактурамен, материалмен жұмыс жасау мен шеберлікті шыңдау кейбір суретшілердің ғана еншісінде қалса, постмодернизм – эклектика, әртүрлі стильдерді араластыру, әрқайсысынан жақсысын таңдап алып, жаңа нәрсе жасап шығаруға болады деген. Заманауи Қазақстан өнерінде суретшілердің қоғамға өнер арқылы жауап беруі – экспрессивті көріністер.

Түйін сөздер: модернизм, постмодернизм, экспрессионизм, интерпретация, пішін, деформация, эмоция, үрей.

Ryssymbetov E.K.

View of metaphysical fear in the Fine Arts

The article comparatively considers the past and today's Kazakhstan Fine Arts and impact of the european schools of art. In the 20th century the modernistic development in Europe required new forms and its interpretation from the arts. Issue of understandability of the modernistic arts has lost its applicability and some of painters has worked with pattern and material and sharpened skills. Postmodernism-eclektics meant mixing various styles, selecting the best from each thing and inventing new things. The Modern Kazakhstan Arts painters' reply to the society through the Arts is expressive pictures.

Key words: modernism, postmodernism, expressionism, interpretation, figure, deformation, emotion, fear.

Рысымбетов Е.К.

Метафизический страх в изобразительном искусстве

В статье сравнительно рассматривается изобразительное искусство Казахстана настоящего и прошедшего времени, влияние европейских художественных школ. В XX веке модерническое развитие в Европе потребовало от искусства новые формы и их интерпретацию. Проблема понятности модернического искусства потеряла свою актуальность, лишь некоторые художники работали с фактурами, материалами и оттачивали мастерство. Постмодернизм-эклетика означало смешивание разных стилей, отбирание лучшего с каждой вещи и изобретение новой вещи. В современном искусстве Казахстана ответом художников на общество через искусство являются экспрессивные картины.

Ключевые слова: модернизм, постмодернизм, экспрессионизм, интерпретация, форма, деформация, эмоция, страх.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 7.0

Рысымбетов Е.К.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: erjan_01.01@bk.ru

МЕТАФИЗИКАЛЫҚ ҮРЕЙДІҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ КӨРІНІСІ

XXI ғасырда қазақ өнері өзіне тән ерекше ұлттық көркем мектептердің қалыптасуы мен даму кезеңдерін бастан өткерді. Бүгінгі заманауи қазақ өнері ұлттық діліне тең тілінде сөйлейтін, идеялары мен өзіндік көркемөнер тәжірибесі қалыптасқан, суретшілердің есімдерімен байланысты дамыды. Бүгінгі бейнелеу өнеріндегі құбылыстар, қазақ өнері әлемдік өнердің даму тенденцияларымен тығыз араласта өрбуде.

Кәсіби бейнелеу өнерінің іргесі XIX ғасырдың басында қаланған қазақ бейнелеу өнері, әлемдік өнерге өзінің ұлттық ерекше нақышымен үн қосып, жаһандық өнерден қалыспай дамып келеді. Қазақ бейнелеу өнері бүгінде түрлі жанрлар мен бағыттарда дамуда. Сондықтан заманауи өнердің бағыты мен бағасын беруде өнертанушылық ізденістер мен зерттеулер қажет.

Қазақстан өнерінің заманауи көркем тәжірибелерінде көркемөнердің өзіне тән үдерісі айқын көрініс тапқан. Бүгінгі қазақ бейнелеу өнері ұлттық құндылықтарға, ұлттық архетиптерге және заманауи жаңа еуропалық көркем тілді меңгеруге бағытталған.

Заманауи көркем өнердің әртүрлілігі мен көптүрлілігі – әлем көркемөнерлерінің әсері мен осылардың барлығының қандай да бір қосқан үлесінен туындап отырғаны рас. Заманауи бүгінгі Қазақстан көркем мектептерінің қалыптасуына дейін бірнеше тарихи кезеңдерді, яғни XX ғасырдың басында ресейден келген суретшілердің қазақ кәсіби мектептерін қалыптасуына әсерін, қазақ суретшілері қалыптастырған ұлттық мектептің дамыған кезеңдерін, жаңа кезең өнерін, егемендіктен кейінгі кезеңдерді бастан өткерді. Осы кезеңдердің барлығында қазақ кескіндеме өнерінің ұстанған бағыты – ұлттық бірегейлік.

XXI ғасырда Қазақстан егемендігінің көрінісі кескіндемеден айқын сезініп, шығармашылық ізденістерден байқала бастады. Ғасырдың басында қоғамда болып жатқан жаһандану мәселелері әлемдік мәдениеттермен араласуға жол ашты. Әлемдік мәдениеттермен араласу, олармен жақын танысу мен олардың өнерден көрініс табуы заңды еді.

Заманауи кескіндеме өнерінде кеңестік өнер мен ұлттық өнердің қайнар көзінен нәр алған ұлттық мектептің және әлемдік өнердің әсері бар түрлі измдерді де кездестіруге болатын. Ғасыр басындағы өнер өткен мен бүгіннің, дәстүр мен зама-

науидың тоғысында тұр. Көп жылдар бойы капиталистік және социалистік мәдениеттерді бөліп тұрған шекара ашылып, өнердің өрісі де кеңейе түсті. XXI ғасырда бұрынғы құндылықтардың орнын жаңаша құндылықтар алмастырып, адамзат баласы рухани-материалдық дағдарысты басынан өткерді. Еліміз егемендік алғаннан кейін тапсырысты бейнелеуге үйренген кескіндемешілердің де дағдарып қалғаны белгілі. Дегенмен, қазақ суретшілерінің қадамы адымдап дамып, нарықтық заманға да бейімделген, кескіндеме өнерінде динамика байқала бастады. Дәстүрге қайта оралу, осыған дейінгі мектептер мен ұлттық өнер сабақтастықтығын жалғастыру көркемөнердің ішкі заңдылығы екенін өнердің даму, құлдырау кезеңдерін талдау барысында көз жеткізуге болады.

Қазақстан кәсіби бейнелеу өнері XX ғасырда өзіне тән, өзінің даму кезеңдері мен заңдылықтары бар, рухани өлшемдері мен ұлттық көркем тілі мен өзінің өнер майталмандары бар ұлттық мектепті қалыптастырды. Бүгінгі қазақ көркемөнерінде жүріп жатқан құбылыстар қазақ кескіндеме өнерінің пісіп жетілгені мен оның әлемдік көркемөнер үдеріске үлес қосуы.

XX ғасырда Еуропадағы модернистік даму өнерден жаңаша формаларды және оларды интерпретациялауды талап етіп жатты. Түсінікті өнер өз актуалдылығын жоғалтып, фактурамен, материалмен жұмыс жасау мен шеберлікті шыңдай түсу кейбір суретшілердің ғана еншісінде қалды. Егер де XX ғасырдың басындағы авангард суретшілер дәстүрден бас тартса, ал модернизм авангардты өнердің қайнар көзі ретінде, жаңа классиканы, жаңа жүйені қалыптастырушы ретінде қабылдады.

XX ғасырдың басында еуропалық көркем мектептерде Матисс, Кандинский, Клее, Модильяне, Пикассо сынды суретшілер жаңаша пластикалық тілді қалыптастырды. Үнемі жаңаша шешімдегі ізденістер мен сананың түбіне үңілу бұл кезеңнің суретшілеріне тән ерекшелік еді. Кез келген өнердің шыңы мен құлдырауы, жаңалықтары мен жаңаша қолтаңбасы бар, сонымен қатар осы кезге дейін қалыптасқан кейбір дәстүрді жоғалтары да бар. XIX ғасырды XX ғасыр алмастырды, ал оны XXI ғасырдың постмодернизмі мен жаһандануы алмастыруда. «Қай заманда да өнер өзінің шынайы дүние мен адам санасының арасындағы эмоционалды және интеллектуалды тепе-теңдікті сақтаушы қызметін орындайды» [1, 11 б.]. Жалпы өнердің түбі бір болғанымен әр елде, халықта өнердің даму заңдылығы мен қарқыны, көркем тілі әр түрлі бағытта дамитыны анық. Өнер – тұрған жеріне, дүниетанымы мен салтына, діліне қарай өзгеше көркем бағыт алады. «Өнер, – деп жазады О. Валери, – түбінде бір ғана нәрседен тұрады, оны біз өзіміздің ішкі жан дүниемізбен сезінеміз, яғни алған әсерден оған қандай да бір жауап қатамыз және сол бір ерекше сәт жадымыздың қазынасына айналады...»[2].

XX ғасырда «тіл» модернистік бағыттағы кескіндеменің негізгі мәселесінің бірі болды. Түс, фактура, пішін, сызықтар модернизм өнерінде ең жоғарғы құндылықтарды білдіретіндіктен бейне мен заттың арасындағы қатынасты міндетті деп қарастырмады. Жаңаша тіл жасампаз суретшілер дүниені түрлі әдіспен бейнелеп көрсетті (сандыраққа дейін жетті). Инварианттылық бұл кезеңнің кескіндемесінің негізгі идеясы болып қалыптасты. Шын мәнісінде, модернистік өнер көз алдымызда көретін шынайы дүниеге қызығуды қойды. Олар пішінді немесе түстерді, ойды, идеяны, сезімді, естеліктерді немесе басқа да нәрселерді бейнелеп беру үшін пайдаланды. Модернистік өнер интерпретациялауды қажет етті. Шынайы бейнелеуден бас тартқан модернистік өнер, осы кезге дейін кең тараған өнердің түсінікті тілінен бас тартты, сондықтан да басқаша, жаңаша бейнелеу тілін ойлап табуы керек болды. Жаңаша ойлап тапқан тілде бейнеленген модернистік шығармалардың түсініксіздігінен, модернист суретшілер бейнелеу өнерінің жаңа тілі арқылы автордың жолдауын жеткізді. Модернизмге дейінгі көркем туындылардың мазмұны түсінікті болса, енді ол түсіндіруді қажет етті.

З. Фрейдтің психоанализі адамның жан дүниесі турасындағы тұжырымға төңкеріс жасады. Ол бейсаналықтың – адамзат жанының ажырамас бөлігі екендігін өзінің ашқан жаңалығымен дәлелдеп берді. Адамның жан дүниесінде ойлар мен эмоциялар тығулы жасырын жатыр, олар адамның қатысуынсыз адам санасына әсер ететіндіктен, ол, адамның өмір суру әдісіне, қалауына, мотивациясына бағыт береді. Адам жан дүниесінің жаңа аймақтарының ашылуы модернистік өнердің мүмкіндіктерін де кеңейтті. Енді кейбір көркем бағыттар адамның бейсанасындағыларды образға аударды. Бұндай жолды қалаған сюрреалистер болатын. Бейсаналыққа қызығушылық экспрессионистер мен абстракционистерді де өзіне тартты.

1905 жылы Германияда пайда болған экспрессионизм түрлі елдер мен өнердің түрлерінде көрініс тауып, дамыды. Астарында эмоционалдылық жасырынған экспрессионизм руханилық

жағынан да, пішіні жағынан да тұрақтылықты, тепе-теңдікті бұзуға бейім болды. Абстрактілі экспрессионизм (XX ғасырдың 40 ж. соңы – 50 жж.) абстрактылы өнердің соғыстан кейінгі кезеңі. Терминді енгізген неміс өнертанушысы Э.фон Зюдов. Американдық өнертанушы Барр 1929 жылы Василий Кандинскийдің ертеректегі жұмыстарына мінездеме беруде пайдаланған. 1947 жылы «абстрактылы-экспрессионстер» деп Виллем де Кунингтің, Джексен Поллоктың жұмыстарын атады. Абстрактылы экспрессионистердің бастауында ертеректегі Кандинский, экспрессионистер, орфистер, дадаистердің бір бөлігі және сюрреалистер тұрды. Абстрактылы экспрессионистердің философиялық эстетикалық негізі – соғыстан кейінгі ең кең тараған экзистенциялы философия.

Абстрактылы экспрессионизм Кандинский мен сюрреалистер бастаған өнерді сананың бақылауынан, логикалық заңдылықтардан сонымен қатар – дәстүрлі түстер заңдылығының қатынасынан «босатады». Абстрактылы экспрессионизнің девизінің формуласы: «ережелерден, формализмнен, линейка мен циркульден және ең алдымен – төгіле аққан түстер мен пішіннің докриналық заңдылықтарынан босану». Абстрактылы экспрессионистердің ең негізгі шығармашылық принципі кенеттен, автоматты түрде көңіл күйдің субъективті әсерімен бояуларды кенеп бетіне жағу. Қуаныш пен қорқыныш, күйзелу абстрактылы экспрессионистердің бояуды кенеп бетіне шашып жағуы. Жазу мәнері әртүрлі – қылқаламмен дәстүрлі жазудан, тек шпательмен жағу, банкадан құю, тюбиктен сығу, пулверизатормен шашу және т.б. Осыған сәйкес түстік фактуралардың пішіні мен түсіне қарай әртүрлі болып келуі. Абстрактылы экспрессионистердің жұмыстарының әсері түрлі – Пьер Сулаждың қара символды иероглифті, Марк Ротконың үлкен монохромды медитациялық (сәл ғана байқалатын тондық флюктуация (колебания) кенептерінен ашық «жабайы» түстерімен көрерменнің көзі мен психикасын таңқалдырарлықтай Карель Аппель кенептері.

Абстракционизмнің орталығы соғыстан кейін АҚШ-тан және жан жақтан жиналған Париж қаласы болды.

Экспрессионизм «айқындау» – модернизм кезеңіндегі еуропалық өнер, Германия мен Австрияда басымырақ, XX ғасырдың басы неғұрлым дамыған кезеңі. Экспрессионизм шындықты бейнелеуде, автордың эмоционалды күйіне бағынышты болды.

Экспрессионизм капиталистік өркениеттің жауыздығына қарсы реакция ретінде пайда болды. Соғыстың қан жоса қырғынынан жаны жарақаттанған ұрпақ, қоршаған ортаны субъективті қорқынышпен, үреймен қабылдады. Алдыңғы ұрпақтың эстетикасы мен натурализміне публикаға эмоционалды әсер ету идеясын алға тартты. Экспрессионистерге шығармашылық актінің субъективтілігін жоғары қойды. «Айқындау» принципі бейнелеуден басымдылық танытты. Айқай мен жан ауруы кең тараған мотив. «Импрессионизмнен экспрессионизмге қарай жылжу», – деп жазады Зюдов, – соңғының индивидуалдылыққа ұласуының логикалық байланысы бар. Оларды жақындата түсіп, Зюдов бұл жаңа индивидуалдылықтың екі жақтылығын алға тартады; егер де ол бір жағынан эмоционалды субъективтіліктің шегіне жеткен болса, келесі жағынан – экспрессионизм өзінің кереғарлығына тап болады, ...ұжымдыққа. индивидуализм мен ұжымдық, логикалы contradictioinadjecto, өмір шынайы фактіге айналған.

Экпрессионисті өнерді уақытқа қатыссыз айтуға болады. Мысалы, «көне шеберлер», Грюневальд пен Эль Греколардың шығармалары да осы бағытта жазылған.

«Экспрессионизм» деген терминді 1910 жылы «импрессионизм» терминіне қарама-қарсы чех өнертанушысы Антонин Матейчек енгізген.

1910 жылы Василий Кандинскийдің идеологиясымен «Синий всадник» тобы қалыптасты. Бұл кездің суретшілері кризиспен басын қатыра қоймады. Олардың шығармалары неғұрлым эмоционалды бола түсті. Лирикалы және абстрактілі ноталар, осы кезде дисгармониялы өнер саналған олардың жұмыстарына жаңаша гармония тудырды.

Гитлердің келуімен экспрессионизм өзін «дегенеративті өнер» деп жариялады. Олардың мүшелері өздерінің жұмыстарын көрмеге қою, жариялау мүмкіндіктерінен айрылды. Дегенмен олардың өкілдері бірнеше онжылдықтар бойы өздерінің жұмыстарымен айналысуды жалғастырды. Қою пастозды, оқыс, ашушаң мінезді жағыстар мен дисгармониялы, үзік сызықтар австриялық күрделі суретшілерді басқалардан өзгешелендіреді – О. Кокошки мен Э. Шилле. Жаңаша қолтаңба іздестерумен айналысқан Жорж Руо мен Хаим Сутин бейнеленетін фигураларды деформациялайды.

Неоэкспрессионизм 1970 жылдары қалыптасқан жаңа бағыт. Неоклассицизм Еуропада 1970 жылы концептуалды және минималистік өнерге реакция ретінде туды. Неоэкспрессио-

низм образға, фигураларға, жанды және эмоционалды манераға, айқын қаныққан түстерге қайта оралды.

Импрессионизм шындықтың иллюзиясын берді. Экспрессионизм шындықты қайта жасайды, көріп сезінетін дүниені бұзады. Экспрессионист суретшілерге, оларға біз көретін дүниемізді іске асыратын, кескіндеменің мәнін жоғалттыңдар деген болса, олар нені көрсе соны саламыз деп, жауап қайтарар еді. Олардың көру дегені – әдеттегісінен басқаша мәнге ие болса керек. Кескіндеме тарихы дегеніміз, шын мәнісінде біздің көру тарихымыз. Кескіндеменің жазу тәсілі, біздің көзіміздің көруі өзгергенде ғана өзгереді. Бақылау барысында адам керемет дүниелерді байқайды және соған сәйкес әрекет етеді. Адамның көзі тек бақылап қана қоймайды сонымен қатар, оны сараптайды. Бұл жайында Платон да, Гете де айтқан. Бақылау екі күштің жемісі екенін саналы түрде түсінген, адам, дүниеге деген қатынастың үшеунің бірін таңдауы керек – сыртқы және ішкі немесе екі шекараның ортасын ұстану.

Иван Пуни бір мақаласында былай деген ойды айтады: «Еуропалықтар қоршаған ортасын ішкі жақтан сыртқа қарай бағыттала қабылдайды. Олардың көздері неғұрлым қабылдағыш болып, неғұрлым жасампаздыққа бейімделеді. Ал Шығыстық қабылдау керісінше сырттан ішке қарай бағытталған. Сондықтан сырттай бақылау рухани кемелденуге әкеледі. Екі бақылауды импрессионистер мен экспрессионистерге қатысты балай айтуға болады: импрессионистер – адамның өзінің ішкі күшімен, дүниені өзгертуге бағытталған; ал, экспрессионистер руханилықтан шығарады – сезімдік көруден басқа, дүниені таң қалдырған басқа заңдылықпен, шығармашылық күш».

Экспрессионизм шынайы дүниені бейнелеуде, автордың эмоционалдылық күйіне бағыныштылық танытты. Экспрессионистердің шығармашылық актісі субъективтікті жоғары қойды және бірінші планға жан айқайы мотивін, болмыстың шарасыздығын, яғни Э. Мунктің «Айқай» атты шығармасында алғаш жол салған бастауларды біржақты гипертрафирлеу бастауларын алға тартады. Мунктің «Айқай» картинасында қан қызыл аспанды мен жалпылай сұлбаланған пейзажды фонда шарасыздықтан, таусылғандықтан айқай салған адам фигурасы бейнеленген. Пейзаждың толқынданған сызықтары арқылы адам өзінің жан айқаймен қоршаған дүниеге космостық, ғаламдық өлшеммен құлаш жая қол сермеп, өзінің төбесіне көтергендей. Осындай агрессивті, тым жоғары көркем әдістермен экспрессионист шеберлер өздерінің дәуірін, санадағы шындықпен қиялдың тең келмейтінін, бір пәлені жүрегімен сезетіндігін бейнелеген.

Сонымен қатар дүниені сезімнің эсхатологизмі; ғаламдық катастрофаларды сезу, хаос пен дисгармонияның күрмеуінен үйлесімділік жолына шығу да экспрессионизмге тән. Суретшілер осындай әрекеттер бар өмірді көркем шығармада құрастырушы және сананы осыларды неғұрлым белсенді қабылдай алатын әсер етуші күш ретінде қарастырады. Сондықтан олар көрерменнен неғұрлым белсенді жауапты күтеді және жалғастырушы ретіндегі қатынасты талап етеді.

Экспрессионист суретші бейнені астарлап, өзінше миф ойлап тауып, тақырып пен алға қойған мақсаттың ауқымдылығына көңіл бөледі. Сондықтан да, оның әдісінде өте көнелік пен заманауилық бір-бірімен өріліп жатады. Жалпы экспрессионист суретші үшін әрбір элементтің атқаратын қызметі – айқындау – экспрессия. Сондықтан да бұл идеялық өнер болып табылады және ондағы әрбір бояу жағысы, түс, сызық, композиция барлығы ақпаратты білдіреді. Айқындауды шиеленістің шегіне дейін жеткізген, экспрессионистердің пайда болуы, пішін мен бейне туралы және сұлулықты көпірте айтуда қиындық тудырды. Сұлулық көркем өнердің критерийі болудан қалды. Дегенмен соңғы шиеленіске дейін жеткізген экспрессивті бейнелер, адамға жиіркенішті әсер қалдырмайды. XX ғасырдың басында өнерге эстетикалық ләззат алу критерийінің әлсіреуі көркемөнердегі құндылықтардың өзгерумен де байланысты. Қоршаған ортаның сұлулығын бейнелейтін өнер, оны бейнелеп қана қоймастан суретші өзін айқындауға, яғни ол өз-өзіне бұрылды. Гадамер заманауи өнер сұлулықтан бөлініп бара жатқаны туралы ескертен болатын. Олай болса, бұл мәселенің арғы жағын анықтайтын басқа фактор тұр – ол айқындау. Эстетикалық сұлулықты айқындаумен алмастыру көркем шығарманы өнердің шекарасынан алшақтата түсті. Өйткені өнерге ешқандай қатысы да, байланысы да жоқ кез-келген зат айқындалуы мүмкін болып шыға келді. Сұлулық – өнерге тән. Оның көрінісі – табиғат. Эстетикалыққа жатпайтын заттардың онымен байланысы жоқ. Дегенмен бұл тығырықтан шығатын да жол бар. Өнерде «көркем ұсқынсыздық» деген де бар, мысалы келемеж, карикатура және т.б. Барлық жағдайда эстетикалыққа жатпайтын факторлардың барлығы да көркем өңдеуден өтулері, яғни пластикалық пішін арқылы

өнерге икемделуі керек. Көркем өнердің өлшемі болып келген эстетикалық сұлулық дадайстер мен экспрессионистерде қала бастағаннан, көркем ойлау көркем шығармашылықтың өзегі ретінде басқаға бұрыла бастады. Дәлірек айтсақ – жоғарғы рух тудырмаған, адамның қолынан шыққан, өнеркәсіптік дүниеге. Шығармашыл санадан туған заттарда өнердің міндеті неғұрлым кеңірек, ал сұлулық сол заттың қосымша пластикалық бөлшегі болып қалды. Авангард суретшілерде көркемөнер рәміз, эмблематика, белгі деген сияқты түсініктермен бөлшектене бастады. Гадамер былай деп жазады: «.. ұлы өнер өзіне таң қалдырумен танылады»[3, **297б**.]. Виталий Манин: «өнерде таң қалдыру оның спецификасына қатысты емес. Өнер де таң қалдырады, өнер болып табылатын өлім де, кедейшілік пен аштық та таң қалдырады. Өнерде көркемдеусіз таң қалдыру мүмкін емес, ал ол болса, пластикамен байланысты, онсыз көркем мағына да, көркем түсінік те болмайды»[4, **212**]. Экспрессионистердегі қорқыныш та осы көркем пластикамен айқындалған.

Бұндағы бейнелеу әдістерінің жаңашылдығы импрессионистердегідей, біз көріп отырған құбылмалы табиғаттың әсемдігін сезім арқылы бейнелеу емес, бұл пішіннің құрылымын жаланаштау да емес, таза геометрия да емес, бұл фовистер айналысқан түстердің табиғатына еркіндік беріп, суретшінің тазарған палитрасымен бейнелерді қарапайымдау мен примитивтендіру де емес.

Пішін, түс, сызық, фактура әртүрлі суретшілерде түрлі әдісте қолданылған және олар үнемі бір нәрсені айқындап білдіріп тұрады. Шынайы дүниенің көрінісін деформациялау, ұмыт болған дәстүрлерді қайта жаңғыру, пішінсіз бейнелердің туылуы – бұлардың барлығы деформация үшін емес, абстракциялау, бұл әдістермен бейнелеу дегеніміз автордың жан дүниесі мен көрерменнің арасындағы байланысты жалғастырушы. Экспрессионистер жан дүниенің ішкі жағындағы, көзге көрінбейтін құбылыстарды сезімдердің көмегімен көрсете алады. Осы тұста суретшілер кеңістіктен орын алатын шынайы нұсқаның пішінінің көшірмесінен гөрі, экспрессивтілікті неғұрлым бере алатын бейнелеудің айқындаушы тіліне ойысты – сызық, түс, дақ және т.б.

Көзге таныс көріністердің пішінін сақтай отырып, деформациялау нағыз экспрессионистерге тән. Іштегі жасырын көрінбейтіндерді бейнелеуде, оның пішініне, сыртқы келбетіне із қалдыра немесе айқындай түсетін ерекше көріністермен бейнелейді. Бұлай бейнелеуде түстердің, сызықтардың және пропорциялардың бұзылуы мен фактура – экспрессивті бейнелеуде оның материалы болып табылады және сыртқы бейненің келбетін құруда негізгі салмақ осыларға түседі.

1891-1967 жылдаға дейін ресейлік, содан кейінгі жылдары Қазақстандық суретшісі атанған Сергей Иванович Калмыков алпысыншы жылдарға дейін қалған ресейлік күміс кезеңнің жалғыз шебері. Москвада болған 1909-1910 жылдары К.Ф.Юонның Москвалық кескіндеме студиясының курсына қатысты. 1910 жылдан бастап М.В. Добужинский мен К.С.Петров-Водкиннің шәкірті болады. Калмыковтың ертеректе жазған қызыл жылқыларын жазуға Петров-Водкиннің «Қызыл жылқыларды шомылдыру» атты атақты картинасының әсері болған дейді. Петров-Водкин мен К.Малевичтің «қара шаршы» атты картиналары орыс авангардының дамуын айқындады. Октябрь революциясынан кейін Оренбург қаласында 1935 жылға дейін жұмыс жасайды. Ал 1935 жылы Алматыға келіп Абай атындағы Қазақ академиялық опера және балет театрының суретші болып жұмыс жасайды. Рәсімдеуші, сценограф жұмысымен қатар, кескіндемемен және графикамен де айналысады. Ол абстрактылы, фигуралы композицияларын жасап, өзінің экспрессивтілік, ашық түстер мен дәл сызықты сұлбалы суреттеріне тән сюрреализм бағытына жақын көркем бағытты қалыптастырады.

Көзге көрінбейтін, зерттелмеген үдерістерді бейнелеуге әдіс ойлап тапқан, өзінің ішкі аналитикалық интуициясына сенім білдірген, Қазақстан суретшісі – Викторова Натальяның «Үнсіз өзеннің жағасындағы әрекетсіз рух» (1992 ж., кенеп майлы бояу) картинасында экспрессионизм бағытымен жақындығы байқалады. Н. Викторовнаның картиналары таң қалдырарлық, оның мазмұны да ерекше. Оларды түрліше талдауға болады. Дегенмен оның жұмыстарынан мифологияға, адамзаттық бейсаналық тереңдікке үңілетіні байқалады. Оның картиналарындағы персонаждар жеке тұлға емес, бізге таныс бейнелер де емес, бірақ оларды интуитивті тани аламыз. Олар өзіне бізді баурап алып, мұқият қарауды талап етеді және осылай біз өзіміздің ішкі жағымыздан тани бастаймыз. Монохромды, кеңістіксіз, уақытқа қатыссыз картиналары өзіне осы ерекшелігімен де тартады. Егер де экспрессионистердің картиналарындағы бір белгі – аластатылу болса, суретшінің пейзаждарының өзінде оқшаулану көрінеді. Викторова Натальяның картиналары трансцендентельды экспрессиялы. Су-

ретші барша адамзаттық құндылықтарды неміс экспрессионистерінше қорқынышты үреймен емес, бірде шарасыз меланхолиялы мінезде, енді бірде магиялық күшке ие рух иесінде, енді бірде шарасыздық танытқан қалыпта бейнелейді. Картиналарынан көрінетін діни, мифологиялық қабаттардан алған интроспективті мистицизм экспрессионизмнің айғағы. Экспрессионизм – жан дүиенің мазмұнын шығару – оның соңына саналы түрде түскендіктен, оған жету де мүмкін болмағандықтан, ол деформацияланып, пішінін өзгертеді. Егер деэкспрессионистік стильде жазылған Мунктің «Айқайын» қарастыратын болсақ, онда адамның бейнесі жан айқайынан пішіннің қатты бұзылғанын көреміз, ал Викторова Натальяның картинасындағы адамның рухани бейнесі керісінше үнсіздікте. Үлкен тастың үстінде жайғасқан адам пішінінен шарасыздықтан басы салбырап, енжар күйдегі адам сұлбасын көреміз. Айнала қоршаған тас қараңғылық еңсесін көтертпей, тұңғиыққа батырған. Қараңғы түстер мен пішіні бұзылған бейнеден жан түршіктірерлік қорқыныш сезіледі. Қоршаған орта керең және жауап қатпайды.

«Метафизикада барлықтың мәнін ұғыну жүреді және де метафизикада ақиқаттың мәнін шешу өзінен өзі түсіп қалады»[5, 260 б.]. «Метафизикалық үрей – адамның ең басты күйі» [6, 217 б.]. Н. А. Красавский, «үрей – бұл біздің жадымызда генетикалық «жазылған» тұрақты эмоционалды-ой құрылым, қандай да бір эмоционалды образ», деген. Аданың ол туралы психологиялық және витальды күйзелуі қажет; ол қорғану формасы және адамзаттың популяциясын сақтау әдісі». [7, с. 339]. «Үрейдің экзистенционалды мағынасы – физикалық емес, метафизикалық – адамды таң қалдырарлық көрегендік. Бұнда үрей феноменінің психологиялық мазмұнынан гөрі, адам күнделікті өмірінде жай өткізіп алған, бұрын білмеген, үңірейген болмыстың тұңғиығы ашылатын, оның онтологиялық мәні маңызды. Үрейдің экзистенциялы философиялық түсінігін енгізген Кьеркегор, метафизикалық үрейді (Angst) «ар тұңғиығы» («пропастью совести»), «шексіз үрейден күнәнің пайда болу мүмкіндігі», оның жанында кез келген эмпирикалық үрей (Furcht) жай болып қалады. Метафизикалық үрей – индивидке ешқандай ортақ қатыстылығы жоқ, Бейболмыстың алдындағы белгісіз бір қорқыныш. Оны түсінуге де, тоқтатуға да болмайды, сондықтан бұндай үрейге қарсы тұру да мүмкін емес. Метафизикалық үрей тек қана адамға тән, өйткені оның өмірінің соңы бар және өзінің өлімін саналы сезінеді. Кьеркегор бойынша, өлімді саналы түсіну, үмітті жоғалтады. Үрей адамнан ажырамайды, осы терең күйзелістерсіз өмір сүру де мүмкін емес [8]. Иероним Босхтың картиналар қарағандағы қорқыныштың себебі, христиандық, исламдық, буддалық дүниелерде адамды сендіретін күнә, жауапқа тарту, жұмақ пен тозақ, қарғыс пен одан құтылу сияқты діни түсініктерден туатын үрей.

Үрей бізбен бірге. Ол тек ұйқыда. Оның демі біздің болмысымызда есіп тұр. Үрей біздің дүниемізде кез-келген уақытта оянуы мүмкін. Оны ояту үшін экстравагантты оқиғаның қажеті жоқ. Ол үнемі бізге шыға келуге дайын тұрады. Біздің Бейболмысқа сұрануымыз бізге метафизиканы көрсетеді. «Метафизика» грек тілінен шыққан. Бұл барлықтың α χ ι σ υ ϕ α τ α τ ε μ – trans – «арғы жағында» дегенді білдіреді. Метафизика – барлықтың арғы жағына сұрану. «Бейболмыс» туралы барлықтың шекарасынан шығып кетудің өзі «метафизикалы». Бұл бейболмыс, яғни материалмен рәсімделмеген, өзіне-өзі барлықпен рәмізделген бейне бере алмайды. Барлық – өзінен жасалатын бейне, ол біздің көзімізге көрінеді. Бейболмыс өзін-өзі жоққа шығару. Бар болмыс туралы метафизикалы мәселе қозғалғанда, бейболмыс болмысқа қарсы, осымен ол өзінің болмысқа қатыстылығын шығарады. Метафизика бүткіл дәуірді негіздейді. Немесе дәуірге келбет, негіз береді, оны талқылау арқылы оның ақиқатына жетуге ұмтылады.

М. Хайдеггер: «Заманауи кезеңнің шынайы құбылысы ғылымға тиесілі. Маңызды құбылыс – машиналы техника. Машиналы техника заманауи метафизикаға тура келеді» – деп, ал көркем шығарма күйзелуді білдіретін болды, осының салдарынан өнер адам өмірін айқындайды деп түсініле бастады. Заманауи заманға тән, келесі заманауи құбылыс – адамның кез-келген әрекеті мәдениет ретінде іске асырылады. Келесі құбылыс – құдайсыздану», – деп заманауи метафизиканы саралайды [5, 259б.].

Машиналы техника заманға келесі үрейді әкелді – адамның алдында белгісіздікпен бірге, өзінің қоғамдағы, дүниедегі рөлін, орнын жоғалта бастады. Ол суретшілердің туындыларында «адам-машина» бейнесінде кездеседі. 1980 жылы Ридли Скоттың «Чужой» фильмінде спецэффектілер жасағаны үшін «Оскар» сыйлығын алған ХР Гигердің кенептерінде тұңғиық шыңырау салтанат құрады. Суретші рухты еркіндікке босатып, өзі мен көрермендерге басқа белгісіз дүниенің есігін ашады. Ол бейсаналықтың дүниесін өнер сферасына алып келеді. Гигердің танымал болған «Биомеханикалық Мия» картина-

сы көрерменге әдемі әсер бере қоймайтыны рас. «Египеттік стиль, суретшіге бар өнердің жиынтығын беретіндей, картинада бейнеленген арықша келген әйел бейнесі, оның барлық мүшелері тоқ өткізгіштер мен түтіктер арқылы аппаратқа, яғни машинаға қосылған. Тәнді өмір тастап кеткендей. Ол жасанды вентиляциямен демалып жатыр, механикалық әдіспен оған қажетті сұйықтықтар келіп тұр. Адам мәнінің қайталабас ерекшеліктерін білдіретін, индивидуальдылығын жоғалтқан. Ол механизмнің бір бөлігіне айналған. Гигердің өмірді жасанды ұстап тұрған персонаждарында, адамға орын жоқ, суық идеалды технология мен механизмдер дүниесі» [9, 84 б.]. Гигердің жұмыстарынан бізге жақын да алыс, таныс та, таныс емес дүниені көреміз. Олар үнемі үрейге толы, онда психологиялық та, эстетикалық та бар. Дегенмен кескіндемешінің қиялы мен жоғары шеберлігінен, оның жұмыстары бізді қорқытпайды, таң қалдырады.

Итальяндық ештеме жоқ бос алаңдарды бейнелеген Джорджо де Кириконың картиналары – XX ғасырдың кескіндемесіндегі феномен. Де Кирико Мюнхенде көркемөнер Академиясында білім алады. Өзінің көркем қияли қала көрінісі пейзаждарында жаңа, көзге көрінбейтін перспективаларды ашады, көзбен көріп қабылдау ерекшелігін біріншіден психологиялық әсер беретін кеңістікпен «жетелейді». Кирико картиналарында адамның түсіне, қиялына және ұғынылмаған аңсары көрініс табады. Ашық боялған театралды декарацияларға ұқсас, жансыз ғимараттардың қас беттері, бұнда адам өз идеяларын көшіреді, біріншіден бұл жай шынайы дүниенің көшірмесі емес, ол біздің қиялымызға арналған кеңістік. Картинада қандай да бір әрекет, оқиға бейнеленбеген, дәлірек айтсақ, онда психологиялық күй бейнеленген: үрей, меланхолия, депрессиялы күй, жалғыздық, өзін-өзі жоғалтқандық, оқшаулық. Солай дегенмен, бір қарағанда оның ішкі кеңістігі тым қорқынышты емес, керісінше барлығы таза түстермен жарқырап тұр, кетіп бара жатқан поезд бен көк аспан, барлық элементтері қарапайым жинақы композиция құрған. Дегенмен, суретші, картинаны аясында психологиялық драма ойнайтын, ерекше және қайталанбайтын бейнеде декорацияға айналдырған. Бірінші болып, мұнда көңіл аударатын мәселе – бейнелегені таңғы ма, кешкі ма беймәлім, құбылмалы түс. Композицияның құрылымын құратын көлеңке, картинаның кеңістігінде болар болмас қозғалысты білдіреді. Мұндағы бос кеңістік, тіптен адам баласының, немесе басқа да тірі жан иесінің жоқтығымен көрсетілген. Тек қана шынайы емес кіп-кішкентай ғана адам пішіні, кеңістікте бізге сырт қарап тұр. Тек артқы жақтағы локомотивтен шыққан бу ғана осы ортаға тіршілік пен қозғалыстың нышанынан хабар береді.

Бұнда өмір тоқтап қалғандай. Мүк басқандай барлығы бұлыңғыр. Бір қарағанда барлығы да не көріп тұрған болсақ, соны бейнелегендей, дегенмен ол – ол емес. Ғимарат перспективалық заңдылықта тұрғызылған, анықтап қарасақ оның фокусы сәл ғана өзгертілген. Тіпті сол жақтағы ғимараттың қабырғасынан алғашқы сызатты көруге де болады.

Де Кирико жұмыстарын «метафизикалы» деп атады. Мұндағы шынайы дүниенің арғы жағынан неғұрлым маңыздырақ «бейсаналық территориясы» басталады. Де Кирико философияға қызыққан, оның қызығушылығы оның картиналарында көрініс тапты. Оның жұмыстарының ішкі кеңістігі – иллюзиялар мен трасформациялардың қиял әлемі. Ол көркем қиялды кескіндемеге терең психологизм берді және көрерменге өз-өзіне, өзінің терең мәніне жақындауға мүмкіндік берді.

Көркем шығармашылықтағы «қорқыныш немесе үрей архетипі» бүгінде қалыптасқан дәстүр: заманауи философияда үрей адамның дүниеге қатынасының бір тәсілі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, сыртқы ортаның әсерінен пайда болған үрейден ішкі үрей ерекшеленеді – нысаны анықталмаған, метафизикалық үрей. Метафизикалық үрей – «Ештеме» бейболмыстың алдындағы қорқыныш, адамның өзінің өлетінін мойындауы. Бұндай жағдайда белгісіздік қорқыныш тудырады. Бұл дүние мен о дүниенің арасындағы шекараның арасы жойылады.

Адамзаттың саналы ғұмыры қалыптасқаннан бері толғандырып жүрген негізгі мәселелердің бірі – адам мәселесі ғылыми және көркемдік танымның объектісі болудан танған емес. Осыған сәйкес, негізгі антропологиялық проблема – өлім мен өмір мәселесі де ғасырлар бойғы жалғасқан эмоционалды-рационалды ой-толғамның объектісі болудан тыс қалған жоқ. Өлім, әсіресе, рационалдылықтан гөрі, сезімдік байыптаудың пәні ретінде танымал. Дүниетанымның мифтік, діни және философиялық типтерінің барлығынан үздіксіз көрініс тапқан өлім мәселесі, сәйкесінше, бейнелеу өнерінен де өздігінше айшықты нақышталып отырды. Бұны да батыстық және ұлттық параметрлерде салыстырып байыптап қарайтын болсақ, дүниетаным парадигмасына сәйкес спецификалық айырмашылықтарды аңғарамыз.

Ал еуропалық көркем шығармашылықта кездесетін «өлім» бейнесі әртүрлі сипатта, дегенмен, белгілі бір үлгісі оларда жиі байқалады, мәселен, адамның скелеті түрінде, кейде үшкір қалпақты жабын шапан киген қалпында, сондай-ақ қылышымен бірге бейнеленеді. Көптеген суретшілердің «өлім салтанатында» үрей мен пессимизм үстемдік етеді: Франческо Траини (Кампо Санто, Пизадағы) фрескасында эпидемиядан кейінгі пайда болған тып-типыл кезді, денесі ыдырап кеткен, жан түршігерліктей әсер ететін, ашық жатқан үш мәйітті көргеннен есеңгіреп қалған үш бай киінген атақты адамды бейнелеген. Ондағы өлімді (оның символы) композицияға қосып, барлық адамға қатысты қырын ашып, тіпті ол – адамның хронологиялық жасын да қоғамдағы алатын әлеуметтік статусын да, талғамайтынын ескертіп тұрғандай образ жасайды. Адамның өлімнен құтыла алмайтынын «memento mori» (өлімнің бар екенін ұмытпа) деп ескертсе, скелетті бейіт астында немесе табыттың жанында бейнелеп көрсетуі арқылы «үрейлі сананы» қалыптастыруға маңыз берген. Ондағы интерпретациялық фраза, әдетте латынша жазылып, эмоционалды әсерді күшейте түседі: «Сен қазір қандай болсаң, мен де кезінде сондай болғанмын; енді мен қазір қандай болсам, сен де осындай боласың». Өлім –еуропалық түсінікте барлығын жайпап, түбіне жететін нәрсе, сондықтан оған адамдар жиіркенішпен үрейлене қарайды. Демек, философиядағы өлім мәселесін зерделеудің рационалды, эмоционалды, мистикалық-діни қырларының ішінде эмоционалды сипатына басымдылық беріледі: «сондықтан Ганс Гольбейн және осы уақыттың басқа суретшілері кез келген жастағы адамның тұрақты жолсерігі ретінде адам қаңқасын бейнелегенде, мұнда жай ғана копуциданадан маңыздырақ әлдене жатыр; бұл мынаны білдіреді: өлім бізбен өміріміздің соңында болатын уақиға емес, біз, шынын айтсақ, оны өміріміздің ұзына бойында өзімізде тұтамыз – сүйек жүйесінің қозғалмалылығын көрсең, өлімнің келуін сезіну үшін сол жеткілікті» [10, 60 б.].

Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы анимизмде өлім тіршіліктің аяқталуынан гөрі, адам жанының келесі бір әлемге, басқа дүниеге ауысуының трансценденциясын жасайды. Осыған байланысты «бұ дүние» мен «о дүние» деп дихотомияланған жарыспалы екі әлем біріншісінен екіншісіне өтпелі қайтымсыз үдерісті өткізуді атқаратын сатыларды құрайды, бұ дүниеден қайтқандардың жанын аруаққа теңеп, олар ата-бабалар рухына айналған. О дүниедегі тіршілік басқа дүние деп қабылданып, ондағы ата–бабалар рухы кейінгі ұрпақтың «жебеушісі», «қорғаушысы» болады деп ұғынады. Дәстүрлі қоғамдық сана дүниенің бітетін және таусылатыны туралы оймен келісе алмайды. Өлім толық жойылуды білдірмейді, ол тек басқа күйге ауысуды ғана білдіреді. Яғни «аруақ» дегеніміз – уақыт пен кеңістік өлшемдерінен тыс, өлім процесінен кейінгі тәннен ажыраған адам рухының асқақтаған, сакральды мәңгілік феноменінің кейінгі ұрпақтарға «дем беруші» ғарыштық-онтологиялық-әлеуметтік ықпалды энергиясының мәңгі жасампаздығы деп түсініктеме беруімізге болады. Ал ата-баба рухы – осы энергияның тұтастанған көрінісі.

Қазақ суретшілерінің туындыларында өлімді адам мәйіті арқылы емес, оларды көбіне мазарлар мен балбал тастар арқылы бейнелеп көрсеткен. Қазақ дәстүрлі түсінігінде кейбір қайғылы хабарды тура айтпастан жанамалап, тұспалдап жеткізетін табу дәстүрлері бар. Осындай түсініктер қалыпты нормаларға айналып, ұлттық мәдениетіміздің өзіндік ерекшелігінің бірі ретінде қалыптасып, көркем шығармашылықтың негізгі бейнесіне айналды. Олар музыка, әдебиет және бейнелеу өнері салаларындағы мәңгі жалғаса беретін тақырыптардың бірі деп айтуымызға да болады. Сондықтан, жоғарыда атап өткеніміздей, тарихи тұлға немесе эпостық батырларды бейнелеудегі адам кейпінен рухтанғандықты, аруақпен байланысқан трансцендентальдылықты, өлім мен өмірді талғауға шығарған шекаралық жағдайды, мақсатты міндетке айналдырған қайтымсыз жігерді т.б. байқауға болады.

Г.В. Драч дайындаған «Мәдениеттану» оқулығында: «Архетиптер тұлғаның жалпы құрылымын және шығармашылық белсенділік оянған кезде немесе адамның жеңіп шыға алмайтын өмірлік кедергілер әсерінен ішкі конфликтілік жағдайына тап болғанда санада қалқып шығатын образдардың бірізділігін анықтайды» [11, 435 б.], – деп атап көрсетіп, мазмұны жағынан – архетип архаикалық образдар және күйзелістер, ал функционалды жағынан – адамның коршаған дүние ортасына бейімделуінің алғашқы формасы екенін тұжырымдайды. Демек, жеке адам күйзелісінің архаикалық күйзелістер мен ұжымдық бейсаналылықтың тоғысу процесі жүріп отырады.

Экспрессионизм – үрейді әдейілеп көрсетеді және бұлар фовизм, сюрреализм сияқты ағымдарда да айқын көрініс тапқан. Экспрессионизм сыртқы бақылаудан ішке, жан дүниедегі болып жатқан үдерістерге үңілуге бағытталады жә-

не соңғысы бейнелеу өнеріне неғұрлым жақын. Экспрессионизм өмірдің тәжірибелерін деформациялайды, әдеттегі таныс пішіндерді бұзады. Бұл – шынайылыққа деген сенбеушілік: құбылыс пен мән арасындағы байланысқа күмән келтерді, мән мән болудан қалып, ол өзін жалаң деформацияланған пішінде ұсынады [12, 575 б.]. Кескіндемешінің шығармашылығы бейсаналықтың күшті қоймасына еніп, онда жеке және адамзаттық құндылықтардың синтезді үдерісінен шешімін табады. Бұнда З.Фрейдтің өнерде тек жеке бейсаналық қана емес, сонымен қатар К.Г. Юнгтің адамзаттық мәдениеттің архаикалы дәуірлеріне терең тамыр жайған, ұжымдық бейсаналық та бар дегеніне саяды. Өнер арқылы субъект құндылықтарды қайта қалпына келтіреді, жаңғыртады, осыдан, өнер эмоциялардан туындайды деген дәстүрлі түсінік тауады. Экспрессионистер тән мен жанның күрделі органикалық бірлігін пішін арқылы витализациялауды алға тартады.

Өнерді танып білетін гармониялы, тепе-теңдікке бағытталған сұлулық критерииі экспрессионистерде деформацияланды және ол жан күйзелісін бейнелейтін қысымның шегіне жетті. Сол себептен, пішін мен бейнедегі сұлулық жайында айту қиынға соқты. Экспрессионистердің көркем тілі «айқындауға» құрылды.

Кескіндемеде жарықпен, түспен, пішінмен эмоционалдылыққа жетеді, ал бұл бүгін көкейкесті мәселенің бірі. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі өнер кескіндемеден алыстап, инсталяция, перформанс сияқты постмодернистік бағытты ұстанып жүргендері де бар. Нормалар өзгереді. Өнердің шекарасы тұрақсыз. Дегенмен, «өнер қоғамдағы бар мәселелермен өмір сүреді. Өнер оларға назар аударады, ал, тоқтаған жағдайда өнерде құлдырау жүреді» [13, 62 б.].

Еуропада туылған модернизм Ресей, содан Қазақстан суретшілерінің шығармаларында көрініс тапты. Бұл заңды құбылыс. Кескіндеменің тілі қоғамдағы болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға жауап беретін қызметі болғандықтан, уақыттың мәселелерімен өзгеріп тұруы да қажет. Бүгін біз постмодернизмнің қақпанындамыз. Постмодернизмге дейін кескіндемеде түрлі бағыттар болды. Ол еуропалық өнердегі модернизм, Ресей мен Қазақстан бейнелер өнеріне әсері мен ұлттық мектептердің бағыты. Ал бүгінгі стильсіз кезең ұзақ сақталуы да мүмкін емес. Бұл кезең өнердегі жаңаша ізденістер кезеңі. Суретші Валерий Лукка: «Ресей – стиль жасау үдерісі жүретін орын емес. Орыс менталитеті әдеби орталықтанған. Ресейдің кескіндемесі бір нәрсеге бағынышты, үлкен нәрсенің қызметі, ол кенепте идеологиялық, кең мағынасында мәселені жеткізуші. Онда кескіндеме кескіндеме үшін деген жетістік жоқ. Осылардың бәрінен бөтен пішіндермен сусындау сезіледі. Орыс кескіндемесінің трагедиясы осында» [13, 63 б.], – деп орыс бейнелеу өнеріне тән пішіннің жоқтығын айтады.

Қазақстан өнеріне ресейлік өнердегі сияқты түрлі еуропалық измдердің әсері қатты бола қойған жоқ. Сондықтан Қазақстан кескіндеме өнері постмодернизм кезеңінде де өзінің ұлттық нақышы мен пішінін сақтап отыр.

Әдебиеттер

1 Герман М. Модернизм. Искусство первой половины XX века. – 2-е изд., испр. – СПб.: Издательский дом «Азбука-классика», 2008. – 408 с.

2 Валери П. Об искусстве. – М.: Издательство «Искусство», 1976.

3 Гадамер Х.Г. Актуальность прекрасного. Часть1. Гадамер Г.-Г. Актуальность прекрасного. – М.: Искусство, 1991. – С. 266-323.

4 Манин В. Не искусство как искусство. – СПб.: Издательство «Аврора», 2006. – 269 с.

5 Хайдегер М. Исток художественного творения / пер. с нем. А.М. Михайлова. – М.: академический поект, 2008. – 528 с.

6 Греберт Р.. Краткая история современной живописи. – М.: Искусство XXI век, 2006. – 320 с.

7 Красавский Н.А. Эмоциональные концепты в русской и немецкой лингвокультурах. – Волгоград: «Перемена», 2001.

8 http://www.moluch.ru/archive/43/5248/.

9 Шуриан В. Фантастическое искусство. Серии «стили, течения и направления в искусстве». – TASCHN, 2006. – 94 с.

10 Хуземан Ф. Об образе и смысле смерти: пер. с нем. – М.: Энигма, 1997. – 144 с.

11 Культурология: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / под. ред. Г.В. Драча. – Ростов н/Д: Феникс, 2003. – 576 с.

12 Борев. Ю. Эстетика. – М.: Русь-Олимп: АСТ: Астрель, 2005. – 829 с.

13 Лукка, Валерий. Валерий Лукка: постмодернист и экспрессионизм [Текст] / подгот. Дмитрий Новик // Искусство. – 2010. – N 2/3. – С. 60-63.

References

1 German M. Modernizm. Iskusstvo pervoj poloviny HH veka. – 2-e izd., ispr. – SPb.: Izdatel'skij dom «Azbuka-klassika», 2008. – 408 s.
2 Valeri P. Ob iskusstve. – M.: Izdatel'stvo «Iskusstvo», 1976.
3 Gadamer H.G. Aktual'nost' prekrasnogo. Chast'1. Gadamer G.-G. Aktual'nost' prekrasnogo. – M.: Iskusstvo, 1991. – S. 266-323.
4 Manin V. Ne iskusstvo kak iskusstvo. – SPb.: Izdatel'stvo «Avrora», 2006. – 269 s.
5 Hajdeger M. Istok hudozhestvennogo tvorenija / per. s nem. A.M. Mihajlova. – M.: akademicheskij poekt, 2008. – 528 s.
6 Grebert R.. Kratkaja istorija sovremennoj zhivopisi. – M.: Iskusstvo HHI vek, 2006. – 320 s.
7 Krasavskij N.A. Jemocional'nye koncepty v russkoj i nemeckoj lingvokul'turah. – Volgograd: «Peremena», 2001.
8 http://www.moluch.ru/archive/43/5248/.
9 Shurian V. Fantasticheskoe iskusstvo. Serii «stili, techenija i napravlenija v iskusstve». – TASCHN, 2006. – 94 s.
10 Huzeman F. Ob obraze i smysle smerti: per. s nem. – M.: Jenigma, 1997. – 144 s.
11 Kul'turologija: uchebnoe posobie dlja studentov vysshih uchebnyh zavedenij / pod. red. G.V. Dracha. – Rostov n/D: Feniks, 2003. – 576 s.
12 Borev. Ju. Jestetika. – M.: Rus'-Olimp: AST: Astrel', 2005. – 829 s.
13 Lukka, Valerij. Valerij Lukka: postmodernist i jekspressionizm [Tekst] / podgot. Dmitrij Novik // Iskusstvo. – 2010. – N 2/3. – S. 60-63.

Молдағалиев Б.Е.

Өркениеттер тоғысындағы қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары және инновация

Құндылықтарды зерттеудің өзі олардың танымммен және ғылыммен, әсіресе әлеуметтік-гуманитарлық ғылыммен арақатынасы мәселесін қояды. Әлеуметтік таным құндылықтармен, дүниетанымдық компоненттермен үнемі ажырамас тығыз байланыста болады. Сол теориялық тұжырымдардың эмпирикалық мысалын қазақ халқының мәдениетінен көруге болады. XX ғасыр ақпарлар мен хабарлардың (информация), деректер мен байланыстардың барынша кең қанат жайған заманы. Жер шарының барлық түпкіріне жаңалық бір тәуліктің (тіпті одан да тезірек) ішінде тарайды. Сөйтіп, ең қымбат дүние (нағыз капитал) ақпарат, яғни информация болып тұр. Шығыс «батыстануда», Батыс «шығыстануда»! Бүгінгі күні жаңа әлемдік тәртіп қалыптастырудың жолдары іздестірілуде. Ол үшін жалпылама мәдени-философиялық деңгейде тиімді сұхбат жүргізудің және Батыс пен Шығыстың, Азия мен Еуропаның өзара өркениеттік ықпалдастығының тиімді үлгісін жасау қажет. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанда қалыптасқан гуманизм, төзімділік (толеранттық), ынтымақтастық, этносаралық және рухани келісім, тұрақтылық, сенім, халықтың демократиялық әдет-ғұрпы, сөз бостандығы сияқты құндылықтар өркениеттер сұхбатында болашақта іске асатын іс-шаралардың негізі болмақ.

Түйін сөздер: Шығыс пен Батыс, мәдениет, құндылық, салт-дәстүр, бірегейлілік, өркениет.

Moldagaliyev B.E.

The traditional values of the Kazakh people and innovation at the junction of civilization

In this article, social cognition is always in inseparable connection with the values, cognition components myrrh. Empirical examples of theoretical formulations can be seen in the culture of the Kazakh people. “The twentieth century – a century of reports and information, extensive dissemination and communication. News spread to all corners of the planet for the day (and faster). The author emphasizes the most valuable (real capital) – information. East under the influence of “Westernization” and Europe – “Orientalism”!

Today humanity is to find ways of forming a new world order. For this purpose on the cultural and philosophical level required to create an effective sample of civilizational dialogue and interaction between the West and the East, Asia and Europe.From ancient times to the present day values such as humanism, tolerance, cooperation, inter-ethnic and spiritual harmony, stability, faith and democratic traditions of the people, freedom of expression rooted in Kazakhstan, and are the basis for future activities civilizational dialogue.

Key words: values, East-West, tradition, identity, culture and civilization.

Молдагалиев Б.Е.

Традиционные ценности казахского народа и инновация на стыке цивилизации

В данной статье рассматривается социальное познание, которое постоянно находится в неразрывной связи с ценностями, компонентами миропознания. Эмпирические примеры теоретических формулировок можно увидеть в культуре казахского народа. «XX век – век сводок и информации, обширного распространения данных и связей. Новости распространяются во все уголки планеты за сутки (и еще быстрее)». Автор подчеркивает, самое ценное (настоящий капитал) – информация. Восток под влиянием «вестернизации», а Европа – «ориентализма»!

Сегодня человечество в поиске путей формирования нового мирового порядка. Для этого на культурно-философском уровне требуется создать эффективный образец диалога и цивилизационного взаимодействия Запада и Востока, Азии и Европы. С древних времен и до сегодняшнего дня такие ценности, как гуманизм, терпимость (толерантность), сотрудничество, межэтническое и духовное согласие, стабильность, вера, демократические традиции народа, свобода слова, укоренились в Казахстане и являются основой будущих мероприятий цивилизационного диалога.

Ключевые слова: ценности, Восток – Запад, традиции, идентичность, культура и цивилизация.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 1(574)

Молдағалиев Б.Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Baurkz_8888@mail.ru

ӨРКЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Батыс пен Шығыс – жер шарының екі жартысынан тұратын тұтас бір әлем. Күн мен ай астындағы әлемнің екі жартысын бөліп тұрған өркениет құндылықтары бүгінгі күні тұтастанып, жаһандануда. Өркениеттер сұхбаты – бір Адам ата мен Хауа анадан тараған адамзат атты нәсілдің ортақ рухани құндылықтарының бесігі. Тұтастанған жаһандану көшінде әр ұлт пен этностың, әр ел мен жердің, әр халық пен мемлекеттің даралығын, келбетін, ерекшелік сипатын айқындауға ұмтылған саясаттың сахнада өз рөлін ойнауы заңдылық. Алып жаһандасу көшінде ұлттық келбеті мен кемелін сақтауға, әспеттеуге, аманат етуге ұмтылған өркениеттер өрісінің жаңа екпіні әлеуеттенуде. Ақпарлардың нағыз адами құндылыққа айналуы олардың рухани дүниені дамытуына, қоғамда игілік үшін қызмет етуінде болып отыр [1].

Қазіргі әлемдік өркениеттің тарихи дамуы трансформациялық кезеңдерді бастан кешіруде. Бұл даму үдресінде тепе-теңдіктен гөрі, не басым, не кем түсіп жатқан бағыттардың алмағайып түсуі заманының шындығына айналуда. Бұл бағыттардың бір сарасы Шығыстың Батысқа, ал келесі сарасы Батыстың Шығысқа иегін бұруымен сипатталуда. Бұл заңды құбылыс. Бірақ бұл үдеріс біржақты емес. Оның екіжақты да қайтарымы бар және болатын үдеріс. Әрине, шығыстық және батыстық, керісінше батыстық және шығыстық өркениет өзара ықпалдасып, бірін-бірі өркендетуінің өзі осы жаһандық ғаламды ортақтандыра түссе керек. Өйткені бұлай деуімізге, зерттеушілердің пайымдауынша, «Адамзаттың тұрақтылығы екі түрлі бастаулардың – Шығыс пен Батыстың бірін бірі толықтырылуына негізделеді», – деуі себеп [2, 56 б.].

Еуропалық Батыс адамы Шығыс адамының қолынан келмейтін өнерге (машина жасау, техникалық табыстар т.б.) баулыдым деп санап келді. Ал қазіргі жағдай мүлдем басқаша. Дегенмен қалыптасып қалған қағидатты Шығыс өркениетінің жаңа келбеті мүлдем өзгертті деуге болады. Мәселен, Жапония. Күн Шығыс елі тұрақты экономикасы мен саяси құрылымен әлемнің ең жетекші елдерінің біріне айналды. Және де ғылым, техника, электроника, тіпті басқа мәдени құндылықтарға негізделмеген өзіндік рухани дамуы ең прогрессивті елдер санатына қосты. Ал аспан асты елі – Қытай бүгінде әлемдік нарықта ең

байсалды ұстанымға, орасан әлеуетке ие болып отырғанын ең қуатты держава саналып келген Американың өзі мойындап отыр. Қытай XXI ғасырда тек экономикалық дамуымен ғана емес, сондай-ақ саяси дамуымен де ерекшеленуде. Ғасырлар бойғы қатталып, сақталып, бүгінгі ұрпаққа жақсы мен жаманның бастауы іспеттес ин мен яннің мәңгілік философиясынан үйлесімдік іздеген рухани құндылықтардың өркендеуімен ерекшеленуде [3, 29 б.].

Шығыс өркениеті өмірге қабілетті келді. Ол көптеген шапқыншылықтар мен отарлау саясатын бастан өткерді. Шығыс өркениеті икемділігі мен өміршендігін арқасында осынау өзгерістерден өз жолын таба білді. Дегенмен өзіне ұқсас келмеген дүниелерді өңдеген жаңа бағдарлама жолындағы, техника жағынан дамыған Еуропа өркениетінен Шығыс та қалыса қоймаған болатын.

Қазіргі жаһандану үдерісінде адамзаттың тағдыр болашағы туралы мәселелер маңызды. Батыста адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктері алдыңғы орынға қойылды. Либерализмнің немесе ырқымен жіберудің үстемдігі жүгенсіздікті туғызды. Нәтижесінде біржынысты адамдардың некесін заңдастыру, суррогат ана, эвтаназия және т.б. адам табиғаты мен болмысына қайшы құбылыстардан адамгершілік азғындық аңғарылып, қоғамдық өмірдің әр қырынан рухани тоқырау орын алуда. Кейбір зерттеушілер Батыс мәдениеті мен өнеріне негіз боларлық қағидаларды қайта қарастыру қажеттігін алға тартуда. Сонымен қатар қазіргі заманғы Батыс өнерін қазіргі заманғы Шығыстың рухани мұрасымен салыстыру қажеттігі де туындауда.

Мысалы, қазіргі тарих биігінен қарағанда ұлт жайындағы тұжырымдамалардың Еуропа өркениетінің әлеуметтік шындығынан туындағанын көруге болады. Ұлттық мәдениеттердің тек конструкция болып саналуы, адамдардың ұлтын айырбастағаны үшін моральдық жауапкершілік көтермеуі, ұлттылықтың ар-ождан, сенім, айнымас адалдық деген сияқты моральдық категорияларымен өлшенбеуі, рухани құбылудың, мәдениет айырбастаудың «сатқындық» категориясына жатпауы Батыс өркениетіндегі бейбітшілікке себін тигізгенімен, бүгінгі ұлттық ыдырау, бұқаралық мәдениетке бет бұру процесіне ықпал етіп отыр. Бүгінгі Еуропа XX ғасырда екі дүние соғысын туғызған ұлтшылдық санадан айығып, космополиттік қоғамға аяқ басты. Постмодерн ізденістері ұлттық дүниетаным шеңберінен шығып, мүлде жаңа интеллектуалды позициялар мен конструкцияларға көшті. Бірақ, секуляризацияның кесірінен болар, Еуропа жастарының көкірегінде әлеуметтік парыздар, қоғамдық борыштар тізімі қысқарып барады. Қоғамдағы әлеуметтік ынтымақтастық талаптарына енжар қарайтын адамдарға нашақорлар мен отбасын құрмаған, түрлі субмәдениет өкілдерін, яғни хиппи, рокер, рэпер, сайтанға ергендер (сатанистер) т.б. антиәлеуметтік дүниетаным өкілдерін қоссақ, отбасы институтының мәні мен қажеттігінің Батыс елдерінде әлсіреп бара жатқанын көруге болады. Яғни, кейінгі жастар үшін отбасын құру, бала-шағаны жеткізу сияқты адамдардың ежелден келе жатқан әлеуметтік тілек-мақсаттары қоғамды дамытатын ынталандырушы фактор болудан қалды [4, 127 б.]. Жалпы индустриалдық қоғамға өту үшін негізгі алғышарттары толыспағанмен Шығыс елдерінің әзірге әлеуметтік ұйымдасу потенциалы жойылған жоқ. Бұған ықпал еткен ұлттың примордиалистік тұжырымдамасы немесе ұлтты бабалардың рухани тәжірибесіне құрмет, рухани сабақтастық, айнымас адалдық деп түсіну, яғни ұлтқа қызмет ардың ісі деген ұғым деп болжауға негіз бар. Бірақ, Шығыстағы ұлтшылдық діни фанатизммен ұштасып, шектен шыққан радикалды қимылдармен өз мемлекеттеріндегі саяси тұрақтылыққа, экономикалық дамуға зиянын тигізіп отырғанын да ескеруіміз керек.

Шығыс адамдары өз елдерінде секуляризацияға ұшыраған ортақ білім жүйесі, индустрия мен ортақ заңдар жүйесі ежелден қалыптаспағандықтан ұлттық ортадағы этникалық дәстүрлі қарым-қатынастар мемлекеттік тұтастықтың кепілі деп түсінді. Шығыста заң кодекстері мен билік институттарын, білім жүйесін Еуропалық тәжірибеге ұқсатып құрғанда әдет-ғұрыптарды, мистикалық түсініктерді де араластырып, кірістіріп отырды. Ислам елдеріндегі, Қытайдағы құқықтық қатынастарды реттеу тәжірибесінен осыны көреміз. Бұл этникалық ұлттардың мемлекеттерінде стандартты кодекстер мен институттар болмайды деген сөз емес, тек олар Шығыс халықтарының идеологиялық ұлттық бірлігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқармайды. Шығыс елдерінде стандартты құқық кодекстері мен мемлекеттік институттардан гөрі этнографиялық дәстүрлер мен діни түсініктер, дәстүрлі институттар (ақсақалдар соты, шариғат, мешіт, ұлттық аңыздар т.б.) ұлттық тұтастыққа пайдалы әсер етеді. «Бірақ, – дейді Э.Д. Смит, – Шығыс елдерінің көбіне этнос пен мемлекеттің тұтастығы бірдей болмаған. Мысалы, Түркия көпұлттылық әсерінен этникалық пантүркизм идеясынан бас тартуға мәжбүр болды. Шағын территорияға, азаматтық құқықтарға, бірыңғай

азаматтық кодекске, зайырлы саяси мәдениетке және азаматтардың сенім бостандығына сүйеніп қазір қуатты мемлекет құрды. Бірақ, ұлттың территориялық және этникалық тұжырымдарының дуализмі әлі шешілген жоқ» [5, 90-99 бб.]. Түркия қоғамында да қақтығыс қаупі жоғары.

Батыс елдерінде бір тілде жүретін капиталистік қатынастарға, индустрияның ортақ стандарттарына, кәсіп игеру үшін сол елдің білім жүйесіне адамның сіңіп, жұтылып кетуі мүмкін. Еуропада қалыптасып қалған индустриалдық мәдениетке енді этникалық мәдениетті енгізу, таңу мүмкін емес. Бірақ, ұлтты басқаша түсінетін Шығыс адамы стандартты кодекстер мен зайырлы әкімшілік тәртіпке, белгілі бір ұлттық тілге негізделген индустриалды мәдениетке өзін жатқыза алмайды. Бәрібір оның этникалық идентификациясы индустриалды мәдениетке деген құрметінен жоғары тұрады. Сондықтан, Шығыс елдеріндегі ұлт тұжырымдамасы мемлекет халқының егемендігі, яғни территориялық тұтастығы принципімен санаспайды. Шығыста халық егемендігі емес, этникалық мемлекет деген түсінік орныққан. Азиядағы мемлекеттердің ішінде жүріп жатқан ұлттық қақтығыстардың өршіп кетуі осыдан.

Қазір әлемдік экономиканың талаптарына өз экономикасын сәйкестендіру үшін Шығыс Еуропа елдері мен ТМД мемлекеттері, кейбір ислам елдері саяси жағынан өзара жақындасып, өзара тиімді келісімдерге отырып жатыр. Өзара тиімді деген есеппен бір келісімге біріккен мемлекеттер мойындарына экономикалық, саяси міндеттер алып отыр. Және жаһандану дәуіріндегі мемлекетаралық қатынастар халықаралық терроризм, есірткі саудасы, босқындар проблемасы, жасырын қару сату т.б. мәселелермен шиеленісе түсті. Бұл қауіптермен күресуде де мемлекеттер бір-біріне тәуелді. Осы жағдайда мемлекеттердің өзара деген сенім талаптары, бірігіп қимылдауға деген мұқтаждықтары артты. Өзара сенім шараларын өңдеп шығаруға, ендігі заман өзара қарым-қатынаста осы сенім шараларына сүйенуге ынталы мемлекеттер күн санап көбейіп келеді. Осы қажеттілікті аңдап, Азия мемлекеттері арасындағы сенім шараларын нығайту бастамасын (СВМДА) Қазақстан көтерді. Ал дәл қазіргі геосаяси ахуалда Батыс пен Шығыстың дүниетанымдық дискурс айырмашылығынан туындаған қайшылықты қақтығыстың мысалын Украинадағы жағдайдан көруге болады. Батыстың Ресейге санкцияларының нәтижесінде қаржы саласында девальвация құбылысы орын алды. Алайда бай шикізат көздеріне ие мемлекеттер үшін бұл уақытша дағдарыс болуы мүмкін. Сондықтан Ресей, Беларус және Қазақстан мемлекеттері қазақтардың елбасы Н. Назарбаевтың 1994-жылдан бері айтып келе жатқан Еуразиялық Одағына интеграциялануға мүдделі болып отыр.

Бұған еңбек бөлінісінен туатын еларалық экономикалық кооперация талаптары мен тауарларын өткізу үшін ортақ рыноктік кеңістіктерге бірігуді қосамыз. Осының барлығы жиылғанда мемлекеттік биліктің ядросы – ұлттық егемендік толық жойылып кетпесе де, біршама дәрежеде әлсірейді. Ұлттық биік рухтың орнына ғаламдық экономикалық институттардың көңілін аулау, соларға жағыну дәуірі келе жатыр. Ал, егемендік ұғымы мемлекет билігін белгілі бір территориядағы бөлінбес, мызғымас билік деп қарастырады. Жаһандану жағдайында ұлттың егемендігі мемлекеттің кейбір міндеттерін дұрыс атқара алмағандығынан; мысалға қауіпсіздікті дербес қамтамасыз ете алмағандықтан, өндірісті дамытуда, сауда-саттықта жеке дара саясат ұстана алмағандықтан халықаралық, аймақтық, ұлттық ұйымдардың арасында бөліске түседі. Яғни, кейбір мәселелерде (қорғаныс, қауіпсіздік саласында, халықты жарықпен, газбен қамтамасыз ету т.б.) ұлттық биліктің өкілеттігі Үкіметтің құзырынан алынып, халықаралық ұйымдарға, ұжымдық келісімдерге тапсырылады. Мемлекеттің кейбір реттеуші қызметтерін әлемдік рынок, трансұлттық корпорациялар атқара бастайды. Сондықтан, ендігі жаһандану заманында мемлекеттік егемендік деген ұғымның мағынасы біршама өзгереді. Яғни, егемендік болған күннің өзінде ол шектеулі, әр түрлі халықаралық ұйымдар арасында мемлекет билігі бөлінгендіктен жартыкеш немесе формальді егемендік болады. Бұл жағдайға әрине ұлтты конструктивистік тұжырым тұрғысында түсінетін халықтар дайын да, ал примордиалистік менталитеттегі ұлттар әзірге дайын емес. Бейбітшілік философиясы мен ымырашылдық мәдениетін игермеген ұлттардың жаһандық капитализмнің ықпалында отырып ішкі тұрақтылығын сақтауы қиын мәселеге айналмақ.

Шығыс елдерінің көпшілігінің экологиялық һәм экономикалық сауатсыздығы, өз ішінде тұрақтылықты сақтауға қабілетсіздігі, әсіре ұлтшылдықпен аймақтық қауіпсіздікке қатер төндіруі адамзат тағдырына алаңдап отырған ірі елдерді ақыл-кеңес айтуға, тіпті болмаса дамушы елдердің ішкі ісіне араласуға, сауда-саттық арқылы, саяси-экономикалық тетіктер арқылы ықпал етуге мәжбүрлейді. Экологиялық сауаттылықты көтеріп, діни фанатизмнен арылу, іш-

кі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін дамушы елдердің халқының менталитеті, дүниетанымы, рухани ахуалы өзгеруі керек. Дамушы елдердегі демократияның орнауын Батыс Еуропа мен АҚШ-тың қадағалауы үш түрлі мемлекет моделін туғызды. Бірінші, нақты-саяси модельдегі мемлекет. Бұлар Шығыстың теократиялық елдері. Бірақ, бұлардың жабық мемлекеттілікті сақтап қалу мүмкіндігі жаһандану процесі тереңдеген азая түсетін сияқты. Ерекшеліктері: егемендікті негізгі фактор деп түсінеді. Адам құқы бұл елдерде мемлекеттік сот жүйесінің шаруасы. Халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар кеңес берушінің қызметін ғана атқара алады. Екінші, мемлекеттің интернационалдық моделі. Мұнда адам құқын қорғауда мемлекет басты роль атқарады. Дегенмен, мемлекет басшылыққа адам құқының халықаралық стандарттарын алады. Мысалға, БҰҰ адам құқын қорғау комиссиясының Қытайға қарағанда Канадаға ықпалы көп. Үшінші модель – космополиттік мемлекет. Космополиттік модельді жақтайтындар барлық мемлекеттерде БҰҰ-ның адам құқын қорғайтын институттары орналасуы қажет деп санайды. Қазір, саяси режимі демократиялық принциптерге сәйкес келмейтін елдерге дүниежүзілік қауымдастық тарапынан, болмаса АҚШ пен Еуропа комиссиясы тарапынан ескертулер айтылып, саяси қысым жасалады. Тіпті экономикалық блокада тәсіліне дейін қолданылады. Бір жағынан бұған теократиялық ислам елдеріндегі халық ділі де кінәлі. Бәлкім бұл елдердің азаматтары өздерінің құқықтары бұзылып жатыр деп ойламайтын да шығар. Бәлкім, діни фундаментализм ықпалына түскен көпшілікке керегінің өзі сол теократиялық жүйе болуы ықтимал. Яғни, бұл жерде экономикалық немесе жалпы адамзаттық мүдделермен қатар өркениеттердің мәдени қайшылығы да бар. Сондықтан, жаһандану процесі капиталистік индустриалды қоғамның, Еуропа өркениетінің, қала берді ұлттың азаматтық тұжырымының жер бетіне таралуының көрінісі сияқты. Қазір, Шығыс елдеріне трансұлттық корпорациялардың, әлемдік қаржы рыногінің, түрлі саяси комиссиялардың қысымының, халықтың рухани-интеллектуалды потенциялының әлсіреуінің кесірінен Батыстың оларға қойған талаптарының бірқатары орындалмай келеді. Дамушы елдердің түгелге жуығы қазір өздерінің халқын баспанамен, азық-түлікпен, кәсіби біліммен қамтамасыз ете алмайды, жұрттың денсаулығын жақсартуға мүмкіндіктері аз. Кенже қалған елдердің барлығының да қарыздарын қайтарып, бюджет тапшылығын жоюға жағдайлары жоқ. Дамушы елдердің түгелге жуығы өз экономикасының инфрақұрылымын жаңартуға шамасы келмейді. Көптеген Азия, Африка, Күнгей Америка елдері өз іштеріндегі билікке күш, қару қолдану арқылы ықпал етуге тырысатын топтарды ауыздықтауға құзырлары жетпей жатыр. Қазір әлемдегі барлық мемлекеттер ақшаның, жұмыс күшінің, материалды және рухани құндылықтардың ел аралық қозғалысын қадағалай алмайды. Осындай әлеуметтік қиыншылықтардан бұл елдер әлемдік нарықтың кез-келген түкпірін қадағалап отырған Батыс өркениетінің ықпалымен, өзара тиімді жағдайда ынтымақтаса отырып қана шыға алады. Егер дамушы елдер Батыс корпорацияларына және мамандарына есікті айқара ашпаса әлемдік нарық постиндустриалды мемлекеттерге ғана қызмет етуі мүмкін.

Дамушы елдерде халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлап, рухани-интеллектуалдық тұрғыда құлдырауы мәдени-этникалық жікшілдікке ұласып, қарулы қақтығыстарға шиеленісуде. Осы жағдайда кенже қалған елдердің алдында жаһанданудың саяси-экономикалық талаптарына (демократия, ашық қоғам ұстындарын қабылдау) бейімделумен қатар, оның антиәлеуметтік мәдени ықпалымен күресу, бейбітшілік құндылықтарын анықтау, сол символдар мен құндылықтарды жұрт санасына сіңіру, яғни өз халықтарының мәдени бірлігін нығайту міндеті тұр. Ендігі заманда бұл мемлекеттердің толыққанды егеменді елге айналуы олардың осы міндеттерді шешуіне байланысты болып тұр. Егер дамушы мемлекеттер аталған міндеттерді дұрыс атқара алмаса, саяси еркі, экономикалық дербестігі жоқ, егемендігі күмәнді құрылымдарға айналады. Және бұл процестің тамыры тереңге кететін түрі бар. Біз дамушы елдердің өзінің саяси тұрақтылығы мен егемендігін сақтау үшін жаһанданудың талаптарына бейімделе отырып, қандай қимылдарға баруы керектігі жөніндегі стратегиялық сұрақтарға жауап іздейміз. Бұл өз кезегінде қазақ халқының Шығыс пен Батыс менталиттеріне қатысы, ұлттық құндылықтарының сақталуы, дәстүр мен жаңашылдықтың арасалмағын айқындау мәселелерін алға тартады.

Қазақ халқының этномәдениеті Еуразия төскейіндегі Ұлы Далада қалыптасып, қазірге дейін өз бойына Шығыстың да, Батыстың да белгілерін сіңірді. Көшпенділік құбылысы ұжымдық және дарашылдық бастауларды да, этатистік және либералдық бастауларды да шеберлікпен жымдастыра білді. Номадтардың саяси мәдениетінде корпоративизмнің немесе индивидуализмнің де толық үстемдігі болмайды. Нәтижесінде көш-

пенді өзінің бастауын номадизмнің өркениеттік ментальдығының өзегін құрайтын оған имплицитті түрде тән болып келетін тұлғалық-рулық өзіндік санадан алатын индивидуализм мен корпоративизмнің тамаша қоспасына – «кентаврға» айналады.

Шығыс пен Батыстың әрқилы бағытты әсері Далада өндірістің номадтық тәсіліне негізделген өзіндік көшпелі демократияның қалыптасуына әкелді.

Қазақтардың еркіндік сүйгіштігі деспоттық әдеттерден аулақ болуынан, әйелдердің салыстырмалы еркіндігі мен теңдігінен, тұлғаға деген құрметтен және билік алдында құлдық ұрудың болмауынан көрінеді. Көшпенділердің еркіндікке дағдыланған өмір тәртібі дәстүрлі қазақ қоғамының саяси жүйесі құрылымының институционалдануына күшті ықпалын тигізді.

Қазақ қоғамындағы биліктің қызмет ету ұстындарының бірі саяси тепе-теңдік пен мәмілеге бағдарлану болып табылады. Басқаша айтқанда, жоғарғы мемлекеттік билік басындағы лауазымды орындар үшін әртүрлі саяси топ-тардың бәсекелестігі мен әрекеті, әдетте, билік субъектілерінің өздерінің бейім ойлауының салдарынан толық құпиялылық жағдайында өтеді, ал бұл, өз кезегінде, әрбір «ойыншының» әрекетінің ережесін дәл анықтай отырып, саяси үдеріске қатысушыларды мәмілеге келуге немесе қандай да бір «мәрттік келісімге» келуге итермелейді. Сондықтан, Қазақстандағы биліктің сипатын терең ұғыну үшін, алдымен қазақтардың дәстүрлі саяси мәдениетінің, құндылықтарының сатысын, саяси дәстүрлерін және олардың қазіргі Қазақстан өміріндегі рөлін зерттеу қажет.

Ресейлік шығыстанушы Леонид Васильевтің пікірінше, «дәстүрлі Шығыстың құрылымына тән құрамдас элемент нарық пен тауар-ақша қатынастарының бәсең, тәуелді рөлі барысындағы орталықтың редустурбациясы басым билік-меншік институты болып табылады». Демек, классикалық марксстік формула шығыс қоғамдарындағы билік қатынастарының сипатын зерттеу үдерісінде әмбебап зерттеушілік құрал қызметін атқара алмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамы да әдетте шығыс қоғамдарының санатына жатқызылады, дегенмен көптеген зерттеушілер қазақтардың этноәлеуметтік құрылымының шығыстық-дәстүрлі мәдениеттің көптеген өлшемдеріне сәйкес келмейтінін дәлелдеуге тырысып жүр.

Биліктің құдіреттілігі, корпоративтілік, патрон-клиенттік қатынастардағы кландық байланыстар – міне, барлық шығыстық қоғамдарға тән белгілер осы. Этносаяси құрылымның осындай ерекшелігі қазақ қоғамындағы да қатынастар мәдениетінің жалпы ортақ элементі болып табылады. Алайда әлеуметтік желінің азиаттық формасы қазақтарда негізінен саяси салада қолданыс тапқанын айта кету керек. Академик Ә. Нысанбаевтың пікірінше «Қазақ қоғамындағы Шығысқа тән саяси дәстүрлердің әлсіздігі төмендегі факторлармен түсіндіріледі:

1. Қазақ қоғамының өмірінде мемлекеттің ерекше рөлі бола қойған жоқ, өйткені батыстық (маркстік деп айтса да болады) түсініктегі мемлекеттің өзі де болған жоқ. Тапсыз қазақ қоғамы негізінен азаматтық қоғам сияқты қызмет етті, өйткені қоғамның рулық мүшесінің әрекеті билік қатынастарының мазмұны мен сипаты мемлекеттік басқарудың классикалық шығыстық дәстүрлерімен анықталғанымен, ол «дала демократиясының» белгілі бір ережелерімен реттеліп отырды. Қазақ қоғамын өне бойын тіке және көлденең байланыстар көктей өтіп жатқан жүйе ретінде, қандай да бір әлеуметтік ағза ретінде қарастыруға болады.

2. Қазақтар ұзақ уақыт бойы Ресейдің отаршылдық үстемдігін бастан өткізді, соның салдарынан көшпенділердің тұрмыстық өміріне еуропалық (батыстық) өмір тәртібінің үлгілері енді. Егер Л.И. Рейснердің және Н.А. Симонийдің модерндеу теориясына сүйенер болсақ, онда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы мен ортасындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің табысын дәстүрлі құндылықтардың қазіргі заманғы құндылықтармен үйлесімді синтезі арқылы түсіндіруге болады. Бұл ақыры аяғында қазіргі Қазақстандағы демократиялық үдерістерді жүзеге асырудың жемісті жолын да анықтайды» [6, 79 б.].

XX ғасырда адамзат басына түскен аласапыраннан кейін бүгінгі күні жаңа әлемдік тәртіп қалыптастырудың жолдары іздестірілуде. Ол үшін жалпылама мәдени-философиялық деңгейде тиімді сұхбат жүргізудің және Батыс пен Шығыстың, Азия мен Еуропаның өзара өркениеттік ықпалдастығының тиімді үлгісін жасау қажет.

Мәселенің қойылу кеңдігі мен қарастырылу шеңбері төмендегі жағдайлармен де анықталады: егер осы сұхбатқа қатысушы позицияның маңызды бір жағы назардан тыс қалса, онда өзара түсіністік туралы айту да мүмкін емес. Бұл процесте қарым-қатынас жасаушы мәдениеттердің дамуына қажетті құндылықтардың өзара алмасуы жүріп жатады, сондықтан осының негізінде рухы бірліктегі адамзат қауымы, шынайы тең құқықты адами бауырмалдық қалыптасады. Осындай мақсатқа жету үшін сұх-

баттың өзі талапқа сай түсіністік пен келісімге, сенімге алып келетін кезеңдерден өтуді қажет етеді. Сұхбаттың осы деңгейдегі алғашқы фазасы, немесе оның жағдайы – сұхбатқа қатысушы жақтардың өзара түсінісуі мен сенімі болғаны жөн. Бұл жолдағы күдіктер алға жылжуды баяулатуы, тіптен басқаға карсы шығуға бөгет жасауы мүмкін. Мәдениеттердің бір-бірін тануы тек сенім мен ашықтық арқылы жүзеге асады, соның нәтижесінде өзара мүдделілік және өзара сыйласушылық туындайды, өйткені кез келген мәдениет құрамында басқаларды қызықтыратын құндылықтар бар. Сонда ғана сұхбат бірте-бірте жалпы мақсатқа жетуді көздеген тығыз және өзара тиімді ынтымақтастыққа айнала бастайды.

Өркениеттер сұхбаты, өзара түсіністікке жету қажеттілігі туралы, бірлік пен келісім, ынтымақтастық пен сенім туралы айтқанда, біз шынайы сұхбатты меңзейміз, яғни әр түрлі жақтар бір-бірін ести алатындай, тыңдауға тырысатындай сұхбатты айтамыз. Түсіну басқа мәдениеттің деректерін тек теориялық, рациональды түрде ұғыну ғана емес, сонымен қатар шынайы жүрекпен қабылдау. Біз үшін келісім — бірін-бірі амалдың жоғынан «шыдап қана» қабылдайтын формалды шарт емес, ол мақсаттар мен міндеттердің шынайы ортақтығын көрсететін құбылыс. Қорыта айтқанда, біз бірлікті бірыңғайлану немесе бір мәдениеттің екінші мәдениетке сіңіп кетуі, немесе олардың бір-бірін өзара жұтып жіберуі, тіптен мәдени көптүрлілікті жасанды түрде сақтау деп түсінбейміз. Бірлік ұғымын формалды түрде емес, мазмұнды-диалектикалық мағынада алсақ, ол — барлық өзара ықпалдасушы жақтардың жасампаздық байланысы (мәселен, адам мен құдайдың, адам мен адамның, мәдениет пен басқа мәдениеттің шынайы бірлігі және т.б.) Басқаша айтқанда, біз бірлікті көптүрліліктің ішкі үйлесімді байланысы, бірліктегі көптүрлілік деп түсінеміз. Сондықтан оны көптүрліліктің дамуы ретінде түсінуге болады. Дамудың өзі өзара шығармашылық баюдың, тұтастықтың көп түрлі жақтарының өзара әсері арқасында жүзеге асады, ал басқа жағдайда көптүрлілік дамымайды, ыдырайды [7, 49 б.].

Соңғы жылдардың қайғылы оқиғалары көрсеткеніндей, оқшаулану тұрғылары, жабық және қозғалыссыз мономәдениеттің талаптарымен «қалайда бірегейлікке жетеміз» деген шектен шыққан халықаралық ауқымдағы радикализм мен экстремизмге, терроризм мен фанатизмге итермелейді. Бұл шынайы адамдықтың, кісіліктің, ашықтықтың, төзімділіктің, сенімнің, танымның және бірігей шығармашылықтың бал шырындарынан ада қалған қарым-қатынас.

Бүгінгі күні Шығыс пен Батыстың жақындасуы Еуразия құрлығы мемлекеттерінің интеграциясы аса қажеттілікке айналуда. Адам мен табиғат, техника мен адамгершілік, ислам мен христиандық, ұлттық пен жалпыадамзаттық арасындағы теңсіздік болашақта аса зор күйреуге, бүкіл планетамыздың жойылуына апарып соқтыруы мүмкін. Еуразиялық идеяны дүниеге арнаулы қатынас түріндегі мәдени-философиялық доктрина ретінде жүзеге асыру осы теңсіздікті жеңудің басты жолы, адам тіршілігінің әр түрлі тараптарын үйлестірудің бірден-бір тәсілі болар еді. Қазіргі кезде еуразиялық мұраттың кең де терең мәнге ие болуы да сондықтан.

Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанда қалыптасқан гуманизм, төзімділік (толеранттық), ынтымақтастық, этносаралық және рухани келісім, тұрақтылық, сенім, халықтың демократиялық әдет-ғұрпы, сөз бостандығы сияқты құндылықтар болашақта іске асатын ісшаралардың негізі болмақ.

Қазақстан Республикасы – еуразиялық ел, ендеше, оған еуразиялық идеясы өте жақын. Еуразиялық идея Еуропа мен Азияны біріктіреді, бірақ олар өзінің философиялық мәні тұрғысында Батыс пен Шығыс деген терең ұғымды білдіреді.

Біздің жас, тәуелсіз мемлекетіміз географиялық тұрғыдан ғана емес, демографиялық және мәдени тұрғыдан да Еуропа мен Азия, христиандық пен исламның тарихи әлемі аралығында жатыр. Еуразия кеңістігі бойынша біздің елімізде ғана славяндар мен түркілердің іс жүзіндегі үйлесімді қатынасы, достығы, ислам мен христиандық арасындағы рухани келісім іске асып отыр. Осының арқасында Кедендік Одақ, Еуразиялық Одақ сияқты аймақтық ұйымдар құрылып, жаһандану процесінің зиянды салдарларына тосқауыл қойылуда.

Еуразиялық мәдениеттің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың ішінен Л. Гумилевтің, Н. Бердяевтің, В. Соловьевтің есімдерін атап өткен жөн. Соңғы жылдары қазақстандық ғалымдар да еуразиялық ділді зерттеуде айтарлықтай табыстарға жетті (М. Хасанов, А. Хамидов, Н. Құрманбаева, М. Орынбеков, Ғ. Есім, Ғ. Ақмамбетов, Қ.Ш. Нұрланова, Н. Масанов, Д. Кішібеков, Т. Бурбаев).

Мәдениеттанушы ғалым Т. Ғабитов «еуразиялық мәдени типтің менталитетін айқындау үшін шығыстық, батыстық және қазақи дүниетанымдар мен дүниелік қатынастардың ерекшеліктерін кестелік тәсілмен береді:

Шығыстық тип	Батыстық тип	Қазақы тип
Микрокосм	Макрокосм	Жарық дүние
Виртуалдық	Рационалдық	Адамгершілік
Интросубъект	Субъект-объект	Субъект-объект
Біртұтас дүние	Өзгермелік дүние	Адамдандырылатын
Психология	Технология	Экология
Мистика	Ғылым	Этика
Тұйық қоғам	Ашық қоғам	Сұхбаттастық қоғам
Өзін тану	Табиғатты тану	Адам болу
Дін	Философия	Дәстүр
Тағдыр	Белсенділік	Қарым-қатынас
Идеализм	Материализм	Синкретизм
Поэзия	Проза	Эпос
Егіншілік	Урбанистік	Қауымдық [8, 79 б.].

Әрине, бұл типтік белгілерді сол күйінде эмпирикадан іздеу қателік болар. Идеалды тип белгілі бір нәрселік саланың идеалдық көрінісін жалпылау жолында емес, ал сол саладағы мәнді ой тұрғысынан мұрат дәрежесіне көтеру арқылы қалыптастырылады [9, 10 б.]. Тағы бір ескеретін нәрсе: бұл кестені еуразиялық мәдени типтің болашақ потенциалын көрсету мақсатында келтірдік, ал мүмкіндіктің шындыққа айналуы диалектикалық процесс.

Еуразиялық мәдени типтің сипаттамасын осы мәселе туралы жоғары теориялық деңгейде жазылған Н. Құрманбаеваның «Шығыс пен Батыстың мәдениеті: интеграция мәселелері» атты кітабының қорытындысымен жалғастырайық. «Біріншіден, еуразиялық қозғалыстың тарихи кезеңі болу ықтимал... Екіншіден, ол екіжақты экспанцияны тоқтатып тұрған су айрығы, кедергі болуы да мүмкін... Үшіншіден, еуразиялық тип Батыс пен Шығыстық мәдениеттердің кездесу бітімі және осы сипатта адамзаттың жалпыпланеталық болашақта тұтастандырылатын мәдениетінің прототипі, үлгісі бола алады» [10, 201 б.].

Тұжырымдап айтар болсақ, қазақтар арасында шешуші демографиялық фактор – тілдік ортаның тікелей ықпалымен өз ана тілін жоғалту енді ғана тоқталып, өз ана тіліне оралу үрдісі жаңа ғана күш ала бастады. Демографиялық ахуалымыздың жақсаруы оған тегеурінді ықпал көрсеткенімен, бұл үрдісті тағы да жылдамдату үшін өмірдің өз саласында (мысалы, бала туды өсіруден бастап, оларды үйде тәрбиелеуден, мектепте оқытудан, еңбекке баулудан еліміздің мемлекеттік тілін әр салада ресми түрде қолдануға дейін) оған пәрменді жәрдем көрсету қажет.

Өз тарихын, рухани мұраларын, құндылықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін келесі ұрпаққа таныту – ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті. Әсіресе, тарихи сананы қалыптастырудың орны ерекше. Өйткені, өткенімізді білмей келешекке қадам басуға болмайды. Ұлттық мүдені ұғынуда зиялы қауымның атқарар рөлі аса зор. Нақ солар бұқара, көпшілік санасына ұлттық мүддені жеткізуі, көрсетуі тиіс. Ұлттың өз мүддесін қорғай алуы – оның күштілігінің, өміршендігінің көрсеткіші. Оның адамзат тарихынан іс-түссіз жоғалып кетпеуінің кепілі. Мәселен, бұл жағынан бізге жапондардан, еврейлерден көп үлгі алуымызға болады. Қазіргі өзекті мәселенің бірі – ұлттық өзіндік болмысымызды, төлтума мәдениетімізді қалай сақтап қалу жайлы. Бізге азаматтық қоғам ба, әлде ұлттық қоғам құру керек пе? Қай жағы басым, приоритетті болуы керек. Қазақтар еуропалық және азиялық мәдениеттің күшті ықпалына ұшырап отыр. Осындай мәдени ағынның, тасқынның астында ұлттық белгімізді қалай сақтаймыз? Мәдени антропологтар әр индивидті нақ өзінің этникалық тобығындағы басқа да индивидтерімен біріктіретін ортақ белгілерді, ерекшеліктерді айырықша атап көрсету үшін «негізгі тұлға» ұғымын кіргізеді. Өзімізді қазақпыз деп санау үшін бізде қандай белгі, ерекшелік болу керек? Этникалық қасиеттің иесін «этнофор» терминімен білдіреді. Бізде олар кімдер? Тоталитарлық жүйеден жойылуға аз-ақ қалып, әрең аман шыққан ұлттық мәдениетімізді қалпына келтіріп алмай, ғарыштық деңгейге ұмытыламыз деу тым асығыстық пікір емес пе екен? Өзіміздің қазақ екенімізді көрсетіп тұратын ұлттық мәдениеттің негізі құламау керек. Бәрібір объективті түрде мәдени ағынға тосқауыл қою мүмкін емес. Оның үстіне ашық қоғам құрамыз деп отырсақ. Мынандай бір ой туады: ұлттық негізді сақтау үшін қандай да болсын бір «этнофильтр» қажет емес пе екен? Ұлт тамыры ауылда әрі шет елдік диаспораларда (қазақтар көп сақталған елдердің бірі – көрші Қытайдағы бауырларымыз) ұлттық белгімізді, дәстүрімізді жаңғыртуда өзіндік бір үлестерін қосатыны анық. Империялық бұғаудан босап жаңа шыққан, ассимиляцияға ұшырауға аз қалған қазақтар үшін өз ұлтының болашағына қауіптенуі заңды құбылыс. Әр ұлт тарих субъектісі ретінде өзіне тән этномәдениет тудырады.

Қазақстандағы батыстық мәдениеттің ықпалының артуы болашақ даму стратегиясын таңдау мәселесін жаңа қырымен қояды. Зерттеушілер осы мәселе бойынша қазір тек Ресей мен Қытайдың арасында тұрған Қазақстан емес, ал біздің еліміз үшін мұсылмандық және батыс христиандық өркениеттік үлгілердің арасалма-

ғын айқындаудың маңызды екендігі жөнінде өз пікірлерін білдіреді.

Қазақстан исламдық елдер қатарына жатады ма және вестернизацияға қарсы ислам туын көтеруге болады ма? Әрине, ел халқының 70 пайызы мұсылмандар құрастырғандықтан және төлтумалық мәдени ерекшеліктерден Қазақстанды ислам өркениеті аралығына жатқызуға негіз бар. Алайда, бұл жерде бірнеше нақтылы жағдайларды ескеру керек. Исламдық түсінік бойынша, мұсылман ұлты дегеніміз «умма» болып табылады және діни ортақ сезімді ұлттық төлтумалықтан жоғары қоюға болады. Осымен бүкіл қазақстандықтар келісе қоя ма екен? Оның үстіне Қазақстан Республикасы діни емес, зайырлы мемлекет болып табылады.

Қазақ мәдениетінің ғасырлар бойы ашық, төзімді, үйлесімді болғаны белгілі. «Қазақ мәдениеті, – деп жазады Г.К. Шалабаева өзінде түрлі этностардың, әлеуметтік және діни топтардың бірге өмір сүре алатындығын паш етеді, ол мәдени синтезге бейімді. Ол тарихи тәжірибені (соның ішінде бөтен халықтардікі де бар) жалпылауға, табиғи-әлеуметтік өзгерген жайларға бейімделу тесіктерін шыңдауға бағытталған мәдени кодтарды қалыптарстыра білді» [11, 53-63 бб.].

Кейде мәдени төзімділік пен ашықтық ұлттық түп-тамырларға қауіп төндіреді деп айтатындар да кездеседі. Бір жағынан, бұл дұрыс. Бірақ адамзаттық үлгіде қалыптасқан, жоғары құндылықтар жүйесі бар мәдениет басқа этномәдениеттермен сұхбатқа түскенде төмендемей, қайта жаңғыра отырып, үйлесімді бола бастайды. Осы мәселе жөнінде зерттеуші С. Аязбекова мынадай ойларын алға тартады: «Егер кез келген мәдениетті өзіне өзі жеткілікті жүйе деп алсақ, онда оның ішіндегі қос-мәдениеттілік тепе-теңдік жағдайында болуға тиіс. Алайда қазақ мәдениетіндегі еуропалық бөлік париттеті емес, сырттан ішкі төлтума мәдениет арқылы қабылданды» [12, 76 б.].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұлттық мәдениеттің даму үрдісінде бір-біріне қарамақарсы екі тенденция белең алған еді. Олардың біріншісіне мәдениеттің жаңа қарқын алып, импульспен, қарышты қадаммен, мүлдем жаңа бағытта өрлей бастауы, екіншісі –мәдениеттің даму үрдісінде бұрын болып көрмеген экономикалық кедергілер мен халық бұқарасының санасындағы психологиялық өзгерістердің салдары болып табылатын іркілістер жатады.

Қазақстан қысқа мерзім ішінде елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды сәтті жүзеге асырған, өзіндік қазақстандық даму жолын таңдаған мемлекетке айналды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде рухани өмірдің дамуына қатысты жағдайлар мүлдемге өзгерді. Монополистік идеология үстемдігі келмеске кеткен, демократия біршама қарқын ала бастаған кезде мәдени-рухани салалардағы жасалып жатқан шаралардың ауқымдық жағынан да, мазмұндық жағынан да үлкен өзгерістерге бет бұрып отырғанын айқын көруге болады.

«Қазақстан-2050 Стратегиясы» жаңа Жолдауы Қазақстанның посткоммунистік транзитіндегі үлкен үдерістің аяқталуын көрсетті, бұл транзит негізінен үш бағыт бойынша жүрді: нарық қатынастарын енгізу, жаңа саяси институттарды құру, қоғамдық сананың өзгеруі.

Қоғамдық сананың түбегейлі өзгеріске түсуі бірінші кезеңде қоғамның бейнелеп айтқанда, «мәдени зақым алуынан» (П.Штомпка) оның сауығуымен байланысты болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңдеріндегі мемлекеттік институттардың әлсіздігі қоғамның өзін өзі реттеу күштерінің пайда болуына, ал олар өз кезегінде, формальді емес қозғалыстарға, ұйымдасқан қылмыстың өсуіне алып келді. Халықта идеологиялар мен партияларды орнықты қабылдамау сезімі қалыптасты. Жаппай аман қалу кезеңі келіп, анағұрлым берік әлеуметтік топтардың қоғамдық іріктелуінің өзіндік тетіктері пайда болды. Жаңа ұлттық мемлекеттің элементтерін көтере алмаған титулды емес этностар үшін аман қалу әдісі миграция болды.

Ендігі кезде, мемлекет тәуелсіздігін алғалы бері ширек ғасырға жуық өткен соң, негізгі үдерістер нақты көрініс бере бастады. Мәселен, экономикалық өсім үдерісі, партиялар қызметтері, Парламент, үкіметтік емес ұйымдар. Осылардың аясында «орныққандар» – Қазақстанның жаңа азаматтары, жаңа қауымдастық болып табылады. Бұл туралы 2013 жылдың сәуірінде өткен медиа-форумда Тұңғыш Президент – Ұлт көшбасшысы нақты баяндаған болатын.

Н.Ә. Назарбаев орталық-азиялық мемлекеттердің дамуы жөнінде «бұл тек қайта жанданған мемлекеттер ғана емес» деп атап өткен болатын. «Бұл халқы түбегейлі ерекшеленген жаңа сапалы халқы бар, экономиканың динамикалық үлгісі бар, қайта жаңғырған мәдениеті бар, жаңа ұлттық рухы мен мүмкіндіктері бар жаңа мемлекеттер. Олар ғаламдық әлемнің ажырамас бір бөлігі болды және солай бола бермек. Түркілік

пассионарлықтың, славяндық кең пейілділік пен еуропалық ұқыптылықтың үйлесімді бірігуі әлемге дамудың ең жоғарғы үлгілерін беретініне сенімдімін».

Осылайша, қазіргі таңдағы біздің қоғамымыз, әлеуметтік және партиялық ұйымды мұра қылған ескі қоғамның қалдығы емес. Тәжірибе, әдеттер, құндылықтар, ойлар, тіпті бағыттар да өзгерді. Адамдар арасында жақындастықтың орнауы, сенімсіздіктің жойылуы мен қашықтықтың азаюы орын алды. Бұған ішкі салиқалы саясат, этносаралық және конфессияаралық келісім, экономикалық өсім, ақырында адамдардың өмір сүру деңгейінің артуы үлестерін қосты.

Осыған орай, азаматтарының мүдделеріне сай болғандықтан, мемлекет тартымды бола бастады. Сол себепті де республика тұрғындарының бірегейленуі де түбегейлі өзгеріске ұшырады. Егер, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңдерінде қазақстандықтардың 86% пайызы ескі жүйеден тыс өмірді елестете алмай, абдыраған күйде болса, қазіргі таңда олардың 84% сенімді түрде Қазақстан Республикасының азаматтығы бірегейліктің негізгі өлшемі болып табылады деп есептейді.

Әдебиеттер

1 Нұрмұратов С.Е. Адамның рухани құндылықтарының қалыптасуына әлеуметтік-философиялық талдау. Филос.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2000.

2 Тойнби А.Д. Современный момент истории // Цивилизация перед судом истории. – М., 1995. – С. 30-39.

3 Григорьева Т. П. Дао и логос: встреча культур. – М.: Наука, 1992. – 229 с.

4 Вебер А.Б. Глобализация и устойчивое развитие: проблемное поле // Диллемы глобализации. Социумы и цивилизации: иллюзии и риски. – М.: Вариант, 2002. – С. 283-301.

5 Энтони Д. Смит. Образование наций // Этнос и политика. Хрестоматия. – М.: Изд-во «УРАО», 2000. – С. 90-99.

6 Нысанбаев Ә.Н. Өркениет. Дәстүр. Діл // Жаһандану және сұхбаты мәселелері. – Алматы, 2004. – 274 б.

7 Нысанбаев Ә.Н. Жаһандану және өркениеттер сұхбаты // Жаһандану және сұхбаты мәселелері. – Алматы, 2004. – 274 б.

8 Ғабитов Т.Х., Затов Қ.Ә. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 285 б.

9 Хамидов А.А. Шығыс пен Батыс // Шаһар. – 1993. – №1. – 10-16 бб.

10 Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы: Бастау, 2000. – 247 с.

11 Шалабаева Г.К. Глобализация и проблемы культурной идентичности // Мультикультурное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы. – Алматы: ИФиП КН МОН РК, 2002. – С. 53-63.

12 Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов. – Алматы: Принт, 1999. – 285 с.

References

1 Nұrmұratov S.E. Adamnyң ruhani құndylықtarynyң қalyptasuyna әleumettik-filosofijalық taldau. Filos.ғ.d. ғylymi dәrezhesin alu үshin dajynd. diss. avtoreferaty. – Almaty, 2000.

2 Tojnbi A.D. Sovremennyj moment istorii // Civilizacija pered sudom istorii. – M., 1995. – S. 30-39.

3 Grigor'eva T. P. Dao i logos: vstrecha kul'tur. – M.: Nauka, 1992. – 229 s.

4 Veber A.B. Globalizacija i ustojchivoe razvitie: problemnoe pole // Dillemy globalizacii. Sociumy i civilizacii: illjuzii i riski. – M.: Variant, 2002. – S. 283-301.

5 Jentoni D. Smit. Obrazovanie nacij // Jetnos i politika. Hrestomatija. – M.: Izd-vo «URAO», 2000. – S. 90-99.

6 Nysanbaev Ә.N. Өrkeniet. Dәstүr. Dil // Zhahandanu zhәne sұhbaty mәseleleri. – Almaty, 2004. – 274 b.

7 Nysanbaev Ә.N. Zhahandanu zhәne өrkenietter sұhbaty // Zhahandanu zhәne sұhbaty mәseleleri. – Almaty, 2004. – 274 b.

8 Ғabitov T.H., Zatov Қ.Ә. Қazaқ mәdenietinің ruhani keңistigi. – Almaty: Қazaқ universiteti, 2013. – 285 b.

9 Hamidov A.A. Shyғys pen Batys // Shahar. – 1993. – №1. – 10-16 bb.

10 Құrmanbaeva N.M. Kul'tura Vostoka i Zapada: problemy integracii. – Almaty: Bastau, 2000. – 247 s.

11 Shalabaeva G.K. Globalizacija i problemy kul'turnoj identichnosti // Mul'tikul'turnoe obshhestvo v Kazahstane: modeli, problemy, perspektivy. – Almaty: IFiP KN MON RK, 2002. – S. 53-63.

12 Ajazbekova S.Sh. Kartina mira jetnosa: Korkut-ata i filosofija muzyki kazahov. – Almaty: Print, 1999. – 285 s.

Цхай А.С., Саитова Г.Ю.

Памятники художественной культуры: росписи и настенная живопись Когурёских гробниц – ценнейшие источники корейского танцевального искусства

Предлагаемая статья рассматривает страницы истории формирования и развития памятников художественной культуры Кореи: архитектурные памятники Пхеньяна и Кэсона, буддийские монастыри-храмы в горах Кымгансан; росписи Когурёских гробниц и их настенная живопись в районах Пхеньяна и Тунгоу (Северо-Восточный Китай), исторические дворцы Сеула, комплекс памятников районе Кёнджу; пещерные храмы, исполненные в восточном стиле Соккурам и храм Пуль-гукса. Данные артефакты включены нами в научный аппарат исследования для изучения проблемы функции хореографии в мифологии, быту.

Наибольший интерес в нашей статье представляет изображение танцора, исполняющего определенные танцевальные элементы.

Вышеприведенные факты, археологические находки убедительно свидетельствуют о том, что в доисторические времена в Древней Корее существовала традиция танцевального искусства. Первоначально возникнув, судя всему, с ритуальной целью, они со временем превратились в народные танцы.

Ключевые слова: памятники культуры, Древняя Корея, история, народные танцы, живопись.

Tskhay A.S., Saitova G.Yu.

Artistic Culture Monuments:The Goguryeo Tomb Murals And Wall Paintings – The Most Valuable Sources Of Korean Dance Art

This article deals with the formation and development history of the Korean artistic culture monuments: architectural monuments of Pyongyang and Kaesong, Buddhist monasteries/temples in the Kymgang mountains; the Goguryeo tomb murals and wall paintings in Pyongyang and Tungo (the North-East China), historical palaces in Seoul, monuments complex in Gyeongju; cave temples filled with the oriental style of Seokguram, and Bulguksa. These artifacts are covered by our research scholarly apparatus to study the problem regarding the choreography function in mythology, and everyday life.

In the article, the image of dancer performing certain dance elements is of the greatest interest.

The above facts, and archaeological finds provide strong evidence of the existence of the dance art tradition in the depths of unrecorded time in ancient Korea. Having appeared, apparently, with a ritual purpose, they eventually turned to folk dances.

Key words: Cultural monuments, ancient Korea, history, folk dances, painting.

Цхай А.С., Саитова Г.Ю.

Көркем мәдениет ескерткіштері: Когурё мазарларындағы өрнектер мен қабырғаға салынған суреттер – корей би өнерінің ең бағалы дереккөзі

Ұсынылып отырған мақала Корей көркем мәдениеті ескерткіштерінің қалыптасу және даму тарихының кезеңдерін қарастырады: Пхеньян және Кэсон сәулет ескерткіштері, Кымгансан тауларындағы будда монастырь-ғибадатханалары; сонымен бірге Когурё мазарларындағы өрнектер және олардың Пхеньян және Тунгоут (Солтүстік Шығыс Қытай) аудандарындағы қабырғаға салынған суреттері, Сеулдің тарихи сарайлары, Кёнджу ауданындағы ескерткіштер кешені; Соккурам шығыс үлгісінде орындалған үңгір ғибадатханалары және Пуль-гукс ғибадатханасы. Осы артефактілерді мифологияда, тұрмыста хореография функциясының мәселелерін зерттеуге арналған ғылыми аппаратқа кіргіздік.

Мақаламызда белгілі бір би элементтерін орындаушы бишінің көрінісі аса үлкен қызығушылық тудырады.

Жоғарыда келтірілген фактілер, археологиялық олжалар Ежелгі Корейде тарихтан бұрынғы замандарда би өнерінің дәстүрі болғанын растайды. Олар алғашқы кездері салттық мақсатта пайда болып, уақыт өте келе халық билеріне айналды.

Түйін сөздер: мәдениет мұралары, Ежелгі Корей, тарих, халық билері, сурет өнері.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 792

***Цхай А.С., Саитова Г.Ю.**

Казахская Национальная Академия искусств им. Т. Жургенова,
Республика Казахстан, г. Алматы
*E-mail: AlexandraTskhay11@mail.ru

ПАМЯТНИКИ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ: РОСПИСИ И НАСТЕННАЯ ЖИВОПИСЬ КОГУРЁСКИХ ГРОБНИЦ – ЦЕННЕЙШИЕ ИСТОЧНИКИ КОРЕЙСКОГО ТАНЦЕВАЛЬНОГО ИСКУССТВА

